«Бекітемін»
«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің
«Балдырған» балабақша
басшысы: Г. И. Искакова

«Гүлдер - ай» ересек тобы
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі
2023-2024 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі	**Апта күндері**
Дене шынықтыру	Дүйсенбі (таза ауада) Сейсенбі Бейсенбі күн сайын
Сөйлеуді дамыту	күн сайын
Көркем әдебиет	күн сайын
Қазақ тілі	Сейсенбі күн сайын
Математика негіздері	күн сайын
Қоршаған ортамен танысу	күн сайын
Сурет салу **Мүсіндеу** **Жапсыру** **Құрастыру**	күн сайын
Музыка	Дүйсенбі Сәрсенбі күн сайын

«Бекітемін»
«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің
«Балдырған» балабақша
басшысы: Г.И.Искакова

«Гүлдер – ай» ересек тобы
2023 – 2024 оқу жылы

Күн тәртібі

Балаларды қабылдау,ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру,балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар),ертеңгілік жаттығу	8.00-8.35
Таңғы ас	8.35-8.50
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	8.50-9.00
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	9.00-10.30
Серуенге дайындық	10.30-10.40
Серуен	10.40-12.10
Серуеннен оралу	12.10-12.30
Түскі ас	12.30-13.00
Күндізгі ұйқы	13.00-15.00
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	15.00-15.30
Бесін ас	15.30-15.50
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	15.50-16.30
Балалармен жеке жұмыс	16.30-17.00
Серуенге дайындық. Серуен	17.00-17.40
Серуеннен оралу	17.40-17.50
Балалардың үйге қайтуы	17.50-18.30

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым «Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы
Топ «Гүлдер-ай» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 01 қыркүйек 2023 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 28.08.2023	Сейсенбі 29.08.2023	Сәрсенбі 30.08.2023	Бейсенбі 31.08.2023	Жұма 01.09.2023
Балаларды қабылдау					Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу,әңгімелесу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. **Сөйлеуді дамыту**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу					Жаңа оқу жылында ата-аналарды балабақшаішілік шараларға белсенді болуға,тығыз қарым-қатынасқа шақыру. (Байланыс орнату)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)					Үстел –үсті ойыны: «Менің балабақшам» Мақсаты: Түрлі-түсті таяқшалардың көмегімен балабақшаны құрастыру. **Құрастыру**
Ертеңгілік жаттығу	№1 жаттығулар кешені				
Таңғы ас	«Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме **Сөйлеуді дамыту**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық					Саусақ ойыны: Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш. Міндеті: Санамақтар айту арқылы баланың ойлау қабілетін дамыту,ой-өрісін кеңейту,санамақты жаттап айтуға баулу.. **Математика негіздері**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет					**Тақырыбы: «Бір және көп. Үлкен және кіші. Шеңбер»** **Міндеттері:** Әңгімеге қатысуға баулу, қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға,ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру,геометриялық пішіндерді (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білу дағдыларын дамыту. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет

					көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу.Шығармашылық әрекеттерін жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Жұмбақтар және олардың жауабы» ойыны. Тікен-тікен, тік пісте, Қысы-жазы бір түсте. Көк жиекті шай табақта, Алтын алма тербелер. Кейде бүркер алма жүзін, Ұлпа, мақта, перделер. Қалпағы бар, басы жоқ, Қолы да жоқ, шашы жоқ. Сыңар аяқ «көкеңнің», Ойлан, тап, не екенін. **(сөйлеуді дамыту)** Суретпен жұмыс. – Суретте ең көп бейнеленген қандай зат? –Қандай заттар бір-бірден салынған? –Бір-бірден салынған заттарды бояңдар. Педагог балаларға тақтадағы заттарды көлеміне қарай (үлкен–кіші) салыстыруды ұсынады. «Сызық жүргіз» ойыны. Шарты: Үлкен шәйнектен үлкен кесеге дейін, ал кішкентай шәйнектен кішкентай кесеге дейін жол салу. Педагог балалардан «Жолды қалай салдыңдар?» – деп сұрайды. Сергіту сәті: «Біз шыныққан баламыз» **(дене шынықтыру,музыка)** Педагог суретті көрсету арқылы балаларға сұрақ қояды. – Сол жақтағы карточкада неше киіз үй, оң жақта неше киіз үй бар? – Оң жақтағы карточкада неше тақия, сол жақта неше тақия бар? – Тақия көп пе, әлде киіз үй көп пе? Педагог балаларға заттарының саны бірдей карточкаларды сызық арқылы қосуды ұсынады. Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Бұл орамның пішіні, Бауырсақтың да мүсіні. Кішірейтсек біз мұны, Шығады тоқаш наны боп. Ол не?

					–Барлық шеңберлерді бояңдар. –Неше шеңбер боядыңдар? – Сендер бояған шеңберлердің көлемі қандай? **(математика негіздері,қазақ тілі)** Тақияны кім киеді? Кім атасын жақсы көреді? Отбасында қанша адам тұрасыңдар? Отбасындағы сыйластық жөніндеәңгімелесу. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Ғажайып сәт «Тазша бала» қонаққа келеді. Балаларға әртүрлі сыйлықтар алып келгенін айтады. Әр түрлі кітаптар қаламдар, түрлі түсті қағаздар, желім және ермексазды береді. Балалардың қалауы бойынша кітап қарауға **(сөйлеуді дамыту),** әр бала таңдауы бойынша кітаптың суретін салуға **(сурет салу)**, жапсыруға, мүсін жасауға бөлу. **(жапсыру, мүсіндеу)**
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу,топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. **Қоршаған ортамен танысу**				
Серуен					**№ 7** **Бұлтты бақылау** **Мақсаты:** Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұл аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақтар шешу** Ақ мақта, Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар) Көзі жасты –жылжып, келе жатыр бір алып, Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Кең қадам»** **Мақсаты:** Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Гүлзардағы жерді қопсыту** **Мақсаты:** Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу.

					Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**
Серуеннен оралу	Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді, киімдерін шешіп шкафтарына ұқыпты орналастыруын үйрету.				
Түскі ас	«Ас – адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. **Көркем әдебиет**				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау «Түлкі мен тырна» ертегі **Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары					Тыныс алу жаттығуларын жасау. (жел уілдейді у-у-у,маса ызыңдайды з-з-з,әтеш шақырады ку-ка-ре-ку.) (4-5 рет) Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. «Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)					Ойын: «Бұл қандай ертегі?» Шарты: Бөліктерді құрастыру арқылы қандай ертегі кейіпкері екенін табу, Мысалы «Тазша бала» шықса сол ертегіні тыңдау,кейіпкердің рөлін сомдау. **(құрастыру,көркем әдебиет)**
Балалармен жеке жұмыс					Алибекқызы Мединамен жеке жұмыс. Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. **Коммуникативтік дағдыларын дамыту**
Серуенге дайындық	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.				
Серуен					№ 2
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы, киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				
Балалардың үйге қайтуы					Ата-аналардан балаларды ертеңгілік жаттығудан кешіктірмей әкелуін талап ету.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым «Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы
Топ «Гүлдер-ай» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 04 - 08 қыркүйек 2023 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.09.2023	Сейсенбі 05.09.2023	Сәрсенбі 06.09.2023	Бейсенбі 07.09.2023	Жұма 08.09.2023
Балаларды қабылдау	Әнұран айту. Еліміздің рәміздері жайлы кітаптар қарастыру,әңгіме жүргізу. **Сөйлеуді дамыту**	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Мамандықтар туралы сұрақтар қою. **Қоршаған ортамен танысу**	Бақша ауласындағы көкөністермен таныстыру. Жақсы көңіл - күй сыйлау. **Қоршаған ортамен танысу**	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу,әңгімелесу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. **Сөйлеуді дамыту**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **Сөйлеуді дамыту**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Балаларға әуеде ұшатын заттарды ажырата алуға үйрету. **Дене шынықтыру**	«Мен дәрігер боламын» Мақсаты: Балалар бір - бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады. **Көркем әдебиет**	Үстел-үсті ойын «Әдемі үйшік» Мақсаты:Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады. **Құрастыру**	«Шаштараз» Мақсаты:Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді. **Қоршаған ортамен танысу**	Ойын «Сандар тізбегі» Мақсаты: Сандарды тура және кері санай білуге үйрету. **Математика негіздері**
Ертеңгілік жаттығу	Сапқа тұру, басшыға қарап түзелу баяу жүру, адымды үлкейтіп баяу жүру. Музыка ырғағымен сәйкес жеңіл жүруге жаттықтыру. «Сағаттың тілі» БҚ. Аяқты айқастыра отыру, қол белде 1- оңға еңкейіп «тин» деу. БҚ. 2 келіп «таң» деу. 3- солға еңкеиіп «тик» деу. БҚ. 4 Келип «таң» деу. Тыңыс алу жаттығулары: Аяқты сәл алшақ қойып, алға қарап еңкейіп фу-фу-фу деп 3-4 рет қайталау, қолды сермеп, дем алу. Сапқа тұру, басшыға қарап түзелу баяу жүру, адымды үлкейтіп баяу жүру. Музыка ырғағымен сәйкес жеңіл жүруге жаттықтыру. Музыка ырғағымен сәйкес жеңіл жүруге жаттықтыру. Сапқа тұру жетекшіге қарап түзелу. БҚ. Аяқты айқастыра отыру, қол белде 1- оңға еңкейіп «тин» деу. БҚ. 2 келіп «таң» деу. 3- солға еңкеиіп «тик» деу. БҚ. 4 Келип «таң» деу. Тыңыс алу жаттығулары: Аяқты сәл алшақ қойып, алға қарап еңкейіп фу-фу-фу деп 3-4 рет қайталау, қолды сермеп, дем алу. **Жаттығулар кешені №1**				

Таңғы ас	Ойын-жаттығу «Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Не артық» Шарты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, оның не үшін артық екенін әңгімелеп береді. **Сөйлеуді дамыту**	«Тәрбиеші апайлар» тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады. **Көркем әдебиет**	«Теңін тап» Шарты:Балалар екі бірдей заттарды тауып, түсі,көлемі,пішіні туралы әңгімелейді. **Математика негіздері**	Жаңылтпаштар қайталау. 1.Кітап – алтын қазына. 2.Кітап - білім бұлағы, Білім - өнер шырағы. 3.Күш – білімде, Білім – кітапта. **Қазақ тілі**	«Кім шапшаң» Мақсаты: Балалар топтасып ойнай алады **Дене шынықтыру**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Біз ойнағанды жақсы көреміз»** **Міндеттері:** Организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға ықпал ету. Арқанның астымен еңбектеген кезде басын тигізбей өту кезінде топтасу қабілетін,ептілік пен икемділігін дамыту. Допты екпінмен итеріп, оның бағытын сақтап қалу, көзбен өлшеу қабілетін нығайту. Кеңістікте бағдарлау, зейін қою қабілетін дамыту. Ұжымшылдыққа, бірге ойнауға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Футбол добын көретеді. Футбол добының мақсаты туралы әңгімелеуді ұсынады. Футбол – спорттық ойын деген ұғыммен таныстырады. **Негізгі кезең** Алаңда баяу жүгіру 1 мин, оның барысында тәрбиешінің нұсқауы бойынша балалар жүгіреді және жан-жаққа жүгіреді, жаңа нұсқауы бойынша тізбектегі орындарын табады. Жүру. Шеңберге қайта тұру.	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Біз азырақ сергідік»** **Міндеттері:** Сапта жүріп бара жатқанда педагогтің белгісі бойынша бағытын өзгертуге үйрету, өз қимылын өзге балалардың қимылымен сәйкестендіру қабілетін дамыту. Бір-бірден тізбекке тұруға жаттықтыру, өз бетінше әрекет ету қабілетін және сапқа тұрған кезде кеңістікте бағдар табу қабілетін дамыту. Бір орында қос аяқтап секіруге жаттықтыру, еденнен бір уақытта екі аяғымен серпіліп секіру қабілетін нығайту. Педагогтің айтқандарын тыңдау, оның көрсеткендерін мұқият ден қоюға үйрету, ұйымшылдық қабілетін, зейінін дамыту. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, бірге ойнауға деген қызығушылығын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**	**Тақырыбы: «Заттар тобын салыстыру.Оң жақ – сол жақ»** **Міндеттері:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес жауап беруге үйрету. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Педагог үстелдің үстіндегі 2, 3, 4-тен топтастырылған заттарды санатады. Заттарды санмен сәйкестендіріп айта білуін қадағалайды. Сандар туралы өлең оқып беріңдер. **Негізгі кезең** Тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма. Педагог балаларға мынадай тапсырмалар береді:	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Біз – епті балалармыз»** **Міндеттері:** Бір орында қос аяқтап және бір аяқтап секіру, қол мен аяқтың қозғалысын үйлестіру қабілетін дамыту. Ырғақпен адымдау және сапта жүріп бара жатқанда педагогтің белгісі бойынша бағытын өзгерту қабілетін дамыту. Алақаны мен тізесіне сүйеніп түрлі бағытта еңбектеуге жаттықтыру, бір-бірімен соқтығыспай айналып кету қабілетін нығайту. Ептілікке баулу, қимылдарын үйлестіруге және спортзал ішінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Жинақылық пен дербестікке тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Спорттық атрибуттың жаңа түрі – кегельмен танысу. Шеңбер құрау. Бір-бірден сапта жүру; сапта бір-бірден кегельдерді айналып жүру (айналып жүгірген кезде кегельдерді құлатуға болмайтынын балалардың есіне салады). Сапта бағытын өзгертіп жүру.	**Тақырыбы: «Кітапша»** **Міндеттері:** Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту.Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді танып, атай білуге үйрету.Сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бірнеше суретті кітапшаларды қарау, әңгімелеу.Үлгі суретті көрсетіп, кітапшаны қалай жасауға болатынын түсіндіру. Балалар кітапшаны қарап көреді. **(сөйлеуді дамыту)** Тақпақ оқу бірге қайталау. Кітап сенің қазынан, Кітап сенің жан досың. Біліміңді асырар , Кітап сенің бақ құсың. Балалар тақпақ не туралы айтылған? **(қазақ тілі)** **Сергіту сәті: «Көңіл күй» (музыка)**

	Затсыз жалпы дамытатын жаттығуларды жасау **Негізгі қимыл-қозғалыстарды жасайды:** Спорттық ойындардың элементтері – футбол. Допты 2 метр қашықтықтан аяқпен қақпаға домалату (4 рет). Жаттығуды үш адамнан жасайды: қозғалыс басталатын сызыққа келеді, допты аяқпен соғады, педагогтің белгісі бойынша оның артынан жүгіреді және тізбектің соңына барып тұрады. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Сабалақ ит»** **Ойын түріндегі массаж «Бояушы»** 1.Бояушы қоршауды бояйды, демалғанды ұнатпайды. Біз де бояу жағатын қылқаламды қолға алып, оған көмектсейік! 2. Аула сыпырушы ағай демалғанды ұнатпайды. Үнемі сыпырады да жатады. Кәне, балалар, біз де сыпырғышты алып көмектесейік. 3. Тігінші инемен киім тігіп, бір тыным таппайды. Ол да демалғанды жақсы көрмейді. Тезірек инемізді алып, тігіншіге көмектесейік. **(көркем әдебиет)** 4. Міне, мына аспаз сорпа пісіріп жатыр. Ол да демалғанды ұнатпайды. Біз де қасығымызды алып, сорпаны араластыруға көмектесейік. 5. Мынау – ұста. Тақтай кесіп жатыр. Ол да бір демалмайды. Біз де арамызды қолымызға алып, ұстаға көмектесейік, балалар.	Бір-бірден сапқа тұру. **Ойын «Өз орныңды тап!» Шарты:** Саптағы арақашықтыққа назар аудартады. Тізбекте бір-бірден жүру, жүгіру. Екі сапқа тұру. **Заттардың көмегінсіз жалпы дамыту жаттығуы Ойын түріндегі негізгі қимылдарды орындау:** 1. Бір орында тұрып жоғары секіру. 2. Бағытын өзгертпей сапта жүру (саптан шығып кетпеу, бағытты өзгерткен кезде бірбірімен соқтығыспауға тырысу). **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар». Шарты:** Тордан жүргізуші қасына келген кезде ғана шығу керектігін балалардың есіне салады. **Қазақ тілі** **Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға,зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету. Дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты	–Жоғарғы қоршаудың ішіндегі шарларды санап шығыңдар және төменде көрсетілген орынға сонша шарды ермексаз арқылы толықтырыңдар. **(мүсіндеу)** –Доптарды санаңдар және сендер де бос орынға сонша доптың суретін салыңдар. –Кәне, неше шар (екі), неше доп (үш) салдыңдар? –Доп көп пе, әлде шар көп пе? Суреттерді салыстырады. **(сурет салу)** Бала біткен соғады, Жеңіл шарды домалақ. Ұрсаң ұшып жоғары, Жерге түсер домалап. (Доп) Табыңдаршы, бұл не? 2-тапсырма: суреттен велосипед пен самокатты тауып,алдарындағы бөліктерден дәл сондай суретті құрастыру.**(құрастыру)** Велосипедтің дөңгелегі көп пе, әлде самокаттікі ме? **«Екі шапалақ» ойыны** Сергіту сәті. Жоғары екі шапалақ, Алға екі шапалақ. Енді қолды артқа ұстап, Қос аяқтап секіреді. **(дене шынықтыру)** 3-тапсырма. Күз мезгіліне тән белгілерді естеріне түсіргеннен кейін,суреттердің арасынан күз көрінісін тауып, жапсыру. Күз көрінісін жапсыру үшін қандай түстерді пайдаланатынын айтады. **(жапсыру)** – Суретте бұдан басқа тағы қандай жыл мезгілдері суреттелген?Балалардан оң	Жүру бағытын тек педагогтің белгісіне қарай өзгертеді. **Кегельдермен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау**. Жаттығуларды орындап көрсету. Шеңберде арақашықтықты сақтау. **Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындайды:** 1. Секіру – қос аяқтап және бір аяқтап секіру. Қалай секіру керектігін түсіндіру және көрсету. Барлық қимылдар екпінмен орындалады. Демді іште ұстамау қажет. 2. Әртүрлі бағытта төрт аяқтап еңбектеу. Мысықтар жайлы жұмбақ жасыру. Балаларды марғауға айналдырады. Мысықтарын іздеп жүрген үй иесінің рөлін орындайды. **Ойын ұйымдастырады: «Сыйлықтар»** Шеңбер құрап тұру. Ойын ережесін түсіндіру. Ойынды жүргізетін әрбір жаңа жетекші басқа сыйлықтың атын айтады. «Менің алғашқы кітабым» тақырыбында балалармен әңгімелесу. Сурет кітаптарын бояу. Жазушымен кездесу. **(сөйлеуді дамыту,сурет салу)** Топтағы кітап орталығын шарлармен әр түрлі суреттермен сәндеу. **(жапсыру)**	Кітаптың пішіні,көлемі туралы салыстыру. **(математика негіздері)** Педагог жұмыс ретін балаларға түсіндіреді: -тіктөртбұрыш қағазды қос бүктеуді көрсету; – екінші қағазды алып оны қосбүктеу, бір-біріне қабаттау; – кітаптың парақтары дайын болған соң оның сыртқы бетін безендіру; – жолақ қағаздарды қиып алып, оны кітапшаның шетіне жапсыру; – кітапшаның сыртына әртүрлі қиылған құстарды, аңдарды, өсімдіктерді т.б. балалар қалауы бойынша қиып алып безендіру; – кітаптың сыртқы бетін «мұқаба» деп атайтынын түсіндіру; –безендіруде және қайшымен жұмыс жасауда көмектесу. Тіктөртбұрыш қағаздарды қос бүктейді; екі парақты бір-біріне қабаттайды; кітапшаның сыртына қалаулары бойынша сурет салып әсемдеу. **(құрастыру,жапсыру,сурет салу)** Кітапқа қамқор боламыз. Кітаптарды қалай күтіп ұстау керектігі туралы әңгімелесу. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойын: «Кітапханашы» Шарты: Бірлесіп ойнау. **(көркем әдебиет)**

	6. Ал мына кісі тыным таппай пианинода ойнайды. Біз де пианинода ойнайық. Мимикалық гимнастика «Көтеріңкі көңіл күй» – балалар іс-қимылдың көмегімен өздерінің көтеріңкі көңіл күйін көрсетеді.**(қазақ тілі)** Балалар қалаулары бойынша іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. Бірінші орталықта біздің топта қандай кітаптар бар? Кітаптарды қалай ажыратуға болатынын анықтау. Кітап неден жасалған? **(Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру)** Өзіміз кітап жасаймыз. Балаларға қағаздарды қағаз бетіне орналастырып,желімдеу арқылы кітап жасату. **(құрастыру,жапсыру)** Өз қалаулары бойынша кітап мұқабасын сәндеп сурет салу. **(сурет салу)** **Музыка** –пән жетекшісінің жоспары бойынша.	болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.Ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** - Балалар мына суретке назар салыңыздаршы! Мына суреттерді бір сөзбен айтқанда қалай деп атай аласыңдар: (отбасының суреті) - Қанеки балалар біз саусақ жаттығуларын жасап көрейікші! Бас бармағым – әкем, балаң үйрек апам, Ортан терек – ағам, шылдыр шүмек мен. Титтей бөбек сен Бір үйде нешеуміз? Бір үйде бесеуміз. - Балалар санамақ кімдер туралы айтылған? Кім айтады? **(математика негіздері)** Отбасында аталған адамдардан басқа кімдер айтылмай қалды?	жақтағы суретті мұқият қарап, ондағы заттардың қалай орналасқанын айтып беруді сұрайды. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Содан соң педагог балаларға мынадай тапсырма береді: – Енді екінші суретте күнді киіз үйдің сол жақ жоғарғы бұрышына, шыршаны оң жақ төменгі бұрышына салыңдар. –Екі суретті салыстырыңдар. Олардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? **(математика негіздері)** «Менің сүйікті кейіпкерім» әңгімелесу, кітаптардан суреттерін қарау. Өз ойымен бөлісу. Ойыншығы арқылы іс әрекетін көрсету. Сахналау, «р». «л» дыбыстарын анық айту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,қазақ тілі)** **Музыка** –пән жетекшісінің жоспары бойынша.	«Кітап сөреге қалай келеді» тақырыбында әңгімелесу. Қандай мамандар кітап шығару жолында қызмет ететінін фильм арқылы тамашалау. **(қоршаған ортамен таныстыру)** – Ал енді сөреге қойылған кітаптарға қарайық. – Сендерге қандай кітаптар ұнайды? Кітаптарды салыстыру. **(математика негіздері)** Рөлдерге еніп ойнау. **(Көркем әдебиет)**	

		Балалар, қазір бізге Мөлдір жұмбақ жасырады. Жұмбақтардың жауабын суреттен көрсету. 1.Кітапты көп оқитын, немерелерін жақсы көреді, ақ сақалды, кісіні кім дейміз? Бала шығып атаны көрсетеді. Ата туралы тақпақ. Айтады ертек жан атам, Ақ сақалы салалап, Құмарымды тарқатам, Жермен көкті аралап. 2.Өзі салмақты, байсалды, бос уақытын балалармен өткізгенді жақсы көреді, циркке, саябаққа апарады, отбасын қорғаушы, сақтаушы ол кім? Әке туралы тақпақ Атам айтса «Ұлым» деп, Әжем айтар «Күнім» деп, Екеуінен қаймығып, Айтады әкем «Інім»деп. 3.Ол өте мейірімді, ақ шашты, тәтті бауырсақ пісіреді, бізге жылы қолғап, шұлық тоқиды. Бұл кім? (Әже) Әже туралы тақпақ. Әжемдей данадан, Ертекке қанамын. Шақырса даладан, Жүгіріп барамын. 4.Балалар, сендерді жақсы көретін, сүйікті адам кім? (Ана) Ана,әже,ата,әке сөздерін жекекше-көпше түрде айту.		

		(сөйлеуді дамыту) «Кім жоқ?» дидактикалық ойыны. Шарты: Тақтада отбасы мүшелерінің суреті ілулі тұрады. Балалар көздерін жұмады. Тәрбиеші тақтадағы бір отбасы мүшесінің суретін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, мұқият қарап шығып, кімнің суреті жоқ екенін айтады. Сергіту сәті: (музыка әуенімен қимылдар жасау арқылы орындалады) «Мамам гүлдің бағбаны» **(музыка)** Ойын: «Неге теңеймін». Шарты: Балаларға күннің, айдың, бұлттың, алманың, гүлдің суреттері таратылып беріледі. Балаларға «анаңды кімге теңейсің» деп сұрағанда қолдарындағы суреттің біреуін көтереді. Сол сияқты атасын, әкесін, ағасын т. б. айтылады. Балалар, кім бізге өзінің отбасы туралы айтқысы келеді? Балалардың пікірін тыңдау. .**(көркем әдебиет)** - Қазір бәріміз мынадай тапсырма орындайық. Мына қима суреттерді құрастырайық. Нені құрастырдық? Кім бар? **(құрастыру)** Жүректен – жүрекке: Балалар бір - бірінің			

		қолдарынан ұстап, шеңбер құрып тұрады. - Аяулы анам мейірімді! - Қадірлі әкем мейірімді! - Әлпештеген әжем мейірімді! - Еркелеткен атам мейірімді! Қорытындылау: 1. Отбасы мүшелерін ата. 2. Өз үйіңдегі отбасы мүшелерінің міндеттері туралы айтып бер? 3. Отбасыңа қандай көмек көрсетесің? 4. Ата – анаң қайда жұмыс істейді? **(қоршаған ортамен таныстыру)** Отбасы - ол ең жақын адамдардың ошағы. Әрқашан отбасы мүшелерін сыйлап, құрметтеу керек екені айтылады.			
Серуенге дайындық	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.				
Серуен	**№ 3** **Желдің соғуын бақылау** **Мақсаты:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	**№ 2** **Күннің көзін бақылау** **Мақсаты:** Ауа райын ажырата білуге үйрету (бұлтты, не ашық). Себеп – салдар жағдайларын да бақылауға және болжауға үйрету: күн сәулесінің қызуы шамалы – өсімдіктер құрап, адамдар жылы киім киеді. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс**	**№ 5** **Аспанды бақылау** **Мақсаты**: Табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау жұмысын жалғастыру. Бұлттар сұр түсті болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғаттардың арасындағы өзгерістерді байқату: күннің суытуы, құстардың ұшып кетуі. Табиғат туралы түсініктерін әрі қарай дамыту. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Ұшақтар»** **Мақсаты**: Дабыл бойынша қимыл жасау, алаң ішінде іс-	**№ 1** **Ауа райын бақылау** **Мақсаты:** Бірінші күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан,бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	**№ 3** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақ** Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** **Желдің соғуын бақылау** **Мақсаты:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел

	Тәжірибе: Желге қарсы жүгіру. **Қорытынды:** Желге қарсы жүгіру қиын. **Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру»** **Мақсаты:** Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болатынын түсіндіру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс Жұмбақ** Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** **Еңбек: Тәрбиешіге көмек** **Мақсаты:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** ***Өз бетімен ойындар:* «Желбезекпен ойын»** Ыңғайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі, көңіл күйде болу.	**Жұмбақ** Ақ мақта, Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар) **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** ***Қимылды ойын:* «Күн шуағы мен жаңбыр»** **Мақсаты:** Дабыл соғылғанша өз орындарын табу: «Жаңбыр жауып тұр», «Күн нұрын шашып тұр»; алаң бойынша қозғалыс, бір – біріне кедергі жасамау, ойын ережесін сақтау. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: «Гүлдердің тұқымдарын жинау»** **Мақсаты:** Гүлдердің тұқымдарын жинастыру. Еңбекке жағымды, әсерлі болуға тәрбиелеу және өсімдіктерге деген қамқорлықты жасауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Өз бетімен ойындар: «Түрлі түсті шыныдар»** Ойын жағдайларын жасау, тату қарым-қатынысты болу, шығармашылыққа және жеке іске баулу.	қимылдарды бекіту. Көтеріңкі, көңіл күйде болуға баулу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:* Құрғақ жапырақтарды жинау, гүлзардағы гүлдердің тұқымын жинастыру** **Мақсаты:** Үлкен адамдардың тапсырмаларын орындауға үйрету. Оларға көмектесу. Бастаған істі аяқтауға талпындыру. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** ***Өз бетімен ойындар:* «Ұшақтар»** Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру.	**Балалармен жеке жұмыс Жұмбақ** Көзі жасты –жылжып, келе жатыр бір алып, Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт) **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** **Қимылды ойын: «Соқыр теке» (Қазақтың ұлттық ойыны)** **Мақсаты:** Балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:* Гүл шоқтарынан букет жасау.** **Мақсаты:** Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Өз бетімен ойындар: «Сүйікті ойыншықтармен ойнау»** Қуанышты жағдайларға қол жеткізуге жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына жағдай жасау.	бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру»** **Мақсаты:** Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болатынын түсіндіру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмек** **Мақсаты:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** ***Өз бетімен ойындар:* «Желбезекпен ойын»** Ыңғайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі, көңіл күйде болу.
Серуеннен оралу	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса –ештене деп аталмайды ол бала. «Табиғатта қандай өзгерістер болды?» Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдерін қайталату. Жанды және жансыз табиғат туралы түсіндіру. **Қоршаған ортамен танысу** Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.				

Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. Тағамды асықпай жеу керек. Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау.				
Түскі ұйқы	«Әлди –әлди ұйықтай ғой» **Музыка**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз (2- 4 рет) Өзімізді уқалау. Күзде күн суыды , молдас құрып отырып алақанымызды уқалап жылытамыз, жылы алақанымызбен бетімізді уқалаймыз. (3-4рет) Майтабанның алдын алу. (2 минут) Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру. Отырып екі аяғымызды алдыға созып башпайларымызды бүгу, босату 4-5 р Отырып екі аяғымызды алдыға созып, өзімізге қарай тарту (4-5 рет) Отырып екі аяғымызды жерге қойып башпайымызды жоғары көтеру (4-5 рет) Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут) Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық. Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз. Тыныс алу жаттығуларын жасау. (жел уілдейді у-у-у,маса ызыңдайды з-з-з,әтеш шақырады ку-ка-ре-ку.) (4-5 рет)				
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. Балалардың назарын тағамға аудару. Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. «Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Балалардың назарын ойыншық пирамидаға аудару. Сурет бойынша жұмыс: Балалар, маған пирамидалардың төменнен жоғары,содан кейін жоғарыдан төмен қарай орналасқан түстерін айтып беріңдерші? – Аю пирамидасында неше түс бар? – Қоян пирамидасында неше түс бар? – Қайсысында түс көп? Сол түстер бойынша қане өзіміз осы пирамиданы бірге жасайық.	Композиция құрастыру: «Менің жанұям» Үйдің суретін салып,отбасы мүшелерін жапсыру,үйдің айналасында өсіп тұрған ағашқа жемістерін ермексаздан жасау. **Сурет салу,жапсыру,мүсіндеу**	**Вариативтік компонент: «Таза болса табиғат,аман болар адамзат»** **Тақырыбы: «Табиғат дегеніміз не?»** **Міндеті:** Экология сөзінің мағынасын беру.Адамдардың айналадағы ортаға беретін әсері туралы түсінік беру.Тірі-өлі табиғаттың айырмашылығын түсіндіру.Табиғатымызды аялай білуге тәрбиелеу. **Барысы:** «Ғажайып табиғат» бейнежазбасын тамашалау. Табиғатты қорғау, оның	Екі топқа бөлініп.жұмысты орындау. 1 ші топ: Тіктөртбұрыш қағазды қос бүктеу арқылы кітапша жасау.**Құрастыру** 2 ші топ: Ермексазды пайдалану арқылы кітапша жасау.**Мүсіндеу** Сөздік жаттығу: «Жауап бер» Шарты: Сұрақтарға тез жауап беру. **Қазақ тілі**	Ойын: «Әдемі кітап» Енді біз сендермен түрлі-түсті кітаптарды ермексаздан жасайтын боламыз. Кітапты істеу үшін ермексазды алып, алақанымызбен жайпақтаймыз. Сосын ермексазды шаршы пішінге ұқсатып, пішінге келтіреміз. Мүсіндеу кезінде керек жерінде жеке бөліктерін созып,саусақтардың ұшымен пішініне келтіреміз. Сұрақтар: 1. Үйімізде кітаптар бар ма? 2. Кітаптар неден жасалады?

	Математика негіздері,мүсіндеу		адамдарға маңызы мен қатысы туралы әңгімелесу. **«Ненің дыбысы?» ойыны. Міндеті:** әртүрлі табиғат құбылыстарының дыбысын естей отырып, ынтасының артуына, зейінділікке баулу. Тақырыпты бекітетін сұрақ-жауап. Қорытындылап, мадақтау.		3. Қандай пішінге ұқсайды? 4. Үйде кім сендерге кітап оқып береді? **(мүсіндеу)**
Балалармен жеке жұмыс	**Базарбеков Нұрасылмен жеке жұмыс** Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуды үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Базарбеков Нұрасылмен жеке жұмыс** Екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстыруды үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Базарбеков Нұрасылмен жеке жұмыс** Топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Базарбеков Нұрасылмен жеке жұмыс** Сызықтарды, штрихтарды, бояуларды ретімен қолдануды, мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдалануды үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Базарбеков Нұрасылмен жеке жұмыс** Көрген суреттері бойынша өз ойын анық айтуға талпындыру. **(Коммуникативтік дағды)**
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау. Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. Балалармен жеке әңгімелесу. Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Балаларды табиғатпен таныстыру.				
Серуен	№ 3	№ 2	№ 5	№ 1	№ 3
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз»	Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу.	Психологтің кеңесі: Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру.	Ата-аналардан балаларды ертеңгілік жаттығудан кешіктірмей әкелуін талап ету.	Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым «Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы
Топ «Гүлдер-ай» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 11 - 15 қыркүйек 2023 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.09.2023	Сейсенбі 12.09.2023	Сәрсенбі 13.09.2023	Бейсенбі 14.09.2023	Жұма 15.09.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балабақша туралы сұрақтар қою. **Сөйлеуді дамыту**	Көліктер туралы әңгіме жүргізу, мульттоптама тамашалау. **Қоршаған ортамен таныстыру**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **Сөйлеуді дамыту**	Балалармен әңгімелесу Күз мезгілінде қандай құбылыстар болатынын балалардан сұрау. **Көркем әдебиет**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **Сөйлеуді дамыту**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. Ата – аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға керекті құрал –жабдықтарды әкелуін өтіну.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	«Жұбын тап» ойыны Міндеті: Балалардың алдына екі бөлікке бөлінген жұмыртқаларды беріп, түстерін тауып сәйкестендіруге үйрету. **Математика негіздер**	«Көңілді көліктер» Көліктің дөңгелегін орналастыру. (ұсақ қол моторикасына арналған ойындар) Қимылды ойын: «Жемістерді тер» **Қоршаған ортамен таныстыру**	«Өз үйін тап» ойыны Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру. **Математика негіздері**	«Бауырсақ» ертегісі Міндеті: Балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту. Атрибутпен ертегіні айтып беру. **Көркем әдебиет**	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (ұсақ қол моторикасына арналған ойындар).
Ертеңгілік жаттығу	№2 жаттығулар кешені				
Таңғы ас	Ойын-жаттығу «Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын» «Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме. **Көркем әдебиет**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Менің балабақшам» Суреттер әлеміне саяхат **Қоршаған ортамен таныстыру**	«Пішіндерді орналастыр және суретін сал» ойыны Мақсаты: пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады. **Математика негіздері**	1.Бір қоянда неше құлағы бар? 2. Екі ауда неше бас бар? 3.Төрт бұрышы, төрт қабырғасы бар. 4.Ол қай пішін балалар? (төртбұрыш). **Математика негіздері**	**Шаттық шеңбері:** Көңілденіп күлемін, Бақытты болып жүремін. Бәрін біліп алатын, Мен ақылды баламын. **Сөйлеуді дамыту**	Үстел -үсті ойыны пазл: «Үйшік құрастыр» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту. **Құрастыру**

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Ойна көңіл көтер»** **Міндеттері:** Организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға ықпал ету. Ойынның шарттарына қарай шеңберге және сапқа тұру қабілетін нығайтуды жалғастыру. Спорт алаңының бір жағынан қарама-қарсы жағына қарай жүгіріп өту қабілетін жетілдіру. Статикалық тепе-теңдікті сақтау қабілетін қалыптастыру. Ептілік, шапшаң әрекет ету қабілеті мен зейінін дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Шеңберге тұруға шақыру** «1, 2, 3 – аяғыңның ұшына қара! 4, 5 – басыңды жоғары көтер! 1, 2, 3 – досыңа қарай бұрыл, 4 – қолдарыңды екі жаққа созыңдар, 5 – досыңның арқасынан қақ!» **Негізгі кезең** Көздің көру қабілетінің бұзылуының алдын алуға және көз бұлшық еттерінің жұмысын жандандыруға арналған жаттығулар. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орманға барғанда»** **Шарты:** Залдың бір шетіне аюдың апанының суреті салынады. Екінші жағына балалар тұратын үйдің сұлбасы салынады. Санамақтың көмегімен апанда отыратын аюды сайлап алады. Сөздер айтылып болғаннан кейін аю «ақырады» және үйге қарай шашырай қашқан балаларды қуалайды. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар»** **Шарты:** Алдымен қасқырдың	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Түрлі түсті кегелдер»** **Міндеттері:** Өкшемен отырып, бір-біріне допты домалату, көзбен өлшеу, доптың бағытын сақтау қабілетін дамыту. Бір орында қос аяқтап және бір аяқтап секіруді жалғастыру, секірген кезде тізесін аздап бүгіп, аяқтарын бірге және бөлек қою қабілетін нығайту. Залда әртүрлі бағытта жүріп жаттығу, оң және сол жақтағы заттарды айналып өту қабілетін жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қозғалатын орта қалыптастыру – екі қатарға кегельдер қойып шығу (кегельдер жай емес, сиқырлы болғандықтан балалардың епті әрі шапшаң болуына көмектеседі). **Негізгі кезең** Тізбекте бір-бірден жүру; сапта бір-бірден жүгіру. **Жалпы дамыту жаттығулары кегельдермен** **Негізгі іс-қимылдарды ойын түрінде орындау:** 1.Секіру – «аяқтарды қосып, аяқтардың арасын ашып » секіру. **Ойын: «Бермеймін!»** **Шарты:** Ойыншыларға кезекпен жақындайды, кегельді тартып алуға тырысады. Ептілер мен шапшаңдарды ынтыландырады. Заттардың	**Тақырыбы: «Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршы»** **Міндеттері:** Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу; Заттарды санау қабілетін күшейту; Заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыруды жалғастырамыз, осы сөздерді сөйлеу барысында қолданамыз; Заттардың ұқсас белгілерін (көлемі) тауып, оларды сол белгілеріне қарай топтастыруды үйретеміз; Геометриялық пішін – шаршы туралы түсінікті нығайту; зейіндерін дамыту; **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, үстелдің үстінде геометриялық пішіндер жатыр. Олардың арасынан шаршыны тауып, маған сол туралы айтып беріңдерші? **Негізгі кезең** **Тапсырмаларды орындау** 1-тапсырма. Педагог балаларға суретті мұқият қарап шығып, төмендегі сұрақтарға жауап беруді сұрайды: –Сәбіз қанша? –Шие нешеу? –Шалқан нешеу? –Алмұрт нешеу? Мынадай тапсырма беріледі: Дөңгелегі бар карточкалар мен заттар бейнеленген карточкаларды саны бірдей болатындай сызық арқылы қосыңдар.	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Көгалда»** **Міндеттері:** Өкшемен отырып, допты бір-біріне домалату қабілетін жетілдіру (қашықтық – 2 метр), допты қашықтыққа қарай итеру қабілетін дамыту. 6 метр қашықтықта алақаны мен тізесіне сүйеніп түрлі бағытта еңбектеуге жаттықтыру, бір-бірімен соқтығыспай айналып кету қабілетін нығайту. Организмнің жалпы шыдамдылық қабілетін, ептілік пен үйлестіру қабілетін дамыту. Экологиялық мәдениетке тәрбиелеу, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балаларды серуендеп, көгалда демалу үшін орманға шақырады. Слайдтарды көрсету (орман). **Негізгі кезең** **Ойын түріндегі жаттығу: «Жапырақты тап»** Билингвалды компонент: жапырақты тап – найди листок Күзгі жапырақтардан гүлшоғын жасау. **Жаттығу: «Күз»** Дене сымбатын қадағалау. **Негізгі іс-қимылдарды орындау:** 1.«Өкшеге отырып» бір-біріне допты домалату,	**Тақырыбы: «Менің ойыншығым»** **Міндеттері:** Педагогтің үлгісі бойынша балалардың ойыншықтарды сипаттай білу біліктерін жетілдіру.Өз ойын еркін жеткізуге, жаңа сөздерді меңгертуге баулу; еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Күтпеген сәт:** Ұлттық көйлек киген қуыршақ келеді. Балалар қонақпен сәлемдесіп, қызығушылық білдіреді. **Негізгі кезең** Педагог балалардан қуыршаққа бірлесіп, есімін қоюға ұсыныс тастайды. Мысалы: Сұлушаш, Камшат т.б. Қонаққа келген Сұлушаш қуыршақты дәстүр бойынша жоғары төрге шығару. Сұлушаштың киген көйлегі ұзын, ақ түсті, бүрмелі, әдемі, шашы қос бұрымды, ұзын, көздері дөңгелек, қарақаттай, басына киген бөркі туралы балалармен бірге әңгімелеу. Бөріктің төбесінде үлпілдеп тұрған үкісіне тоқталу. Оны үкі құсының қауырсынынан алынғанын және оның ерекшелігін айту. **Дидактикалық ойын: «Өз орнына орналастыр»** **Мақсаты:** Балаларды суретке қарап, әңгімелей білуге үйрету. Ойын шарты: үкі туралы әңгімелейді және үкі

	рөлін сомдайтын ойыншыны таңдап алады. Қалған балалар лақтардың рөлін атқарады. **Тақырыбы: «Ойыншықтар»** **Міндеті:** Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту. Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Топтағы сүйікті ойыншықтарын атау, алып келу. Ойыншықтары не үшін сүйікті екенін айту, суретін салу немесе мүсінін жасауды ұсыну. **(сөйлеуді дамыту, сурет салу, мүсіндеу)** Кітаптарда ойыншығының суреті барма қарау. Ертегіде ойыншығы туралы айтыла ма анықтау. **(көркем әдебиет)** Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» көздерін жұмып, қолдарымен қоржындағы ойыншықты тауып, атау. Ретімен, кері қарай санау. **(математика негіздері)** **Музыка** –пән жетекшісінің жоспары бойынша.	(кегельдердің) арасымен кез келген бағытта ерсілі-қарсылы жүру (ығақпен адымдау қабілетіне және кегельдердің арасымен жүргенде бағытын өздігінен өзгерту қабілетіне назар аудару қажет**)** 2. 2 метр қашықтықтан «өкшеге отыру» әдісімен допты бір-біріне домалату. Қозғалыстың орындалуын түсіндіру және көрсету (доп бағытының сақталуына назар аудару қажет). **«Орныңды тап!» ойынын ұйымдастыру.** Айналдыратын шеңберлерді қойып шығу. Ойынның тәртібін түсіндіру. **Қазақ тілі** Дыбыстардың көмегімен орындалатын тыныс алу жаттығулары. «Ашулы кірпі» (пф-фр деген дыбыстар шығарады) Жаттығулар бұлшық еттердің босауына, жүйке жүйесінің тұрақтануына ықпал етеді. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Қимыл-қозғалыс жаттығуы: «Күндіз бен түн»** **Шарты:** Санамақтың көмегімен «Күндіз» бен «Түннің» рөлін атқаратын екі ойыншы таңдап алынады. Олар залға кезекпен жүгіріп шығады. «Күндіз» қыдырып жүргенде – балалар ойнайды, секіреді, жүгіреді.	2-тапсырма. Педагог балалармен бірге суретпен танысады және сұрақ қояды: –Тәрелкелердің көлемі қандай? –Алмалардың көлемі қандай? Тапсырма: әр алманы өзінің тәрелкесіне сал, ол үшін көлемі жағынан бірдей алмалар мен тәрелкелерді бір-біріне сызық арқылы қосыңдар. **Сергіту сәті. «Күшік»** Мен – күшік, саққұлақ, Ойнаймын шапқылап. Серікпін қашан да Малшыға, шопанға. 3-тапсырма бойынша геометриялық пішіндерді зерттеу. Педагог балаларға тақпақ оқып береді: Ал, балақай, қарашы, Мынау – біздің шаршы. Теңестірген төрт қабырғасын. Бар оның төрт бұрышы. – Шаршының қанша бұрышы, қанша қабырғасы бар екенін тексерейік. – Балалар, тақпақта қандай геометриялық пішін туралы айтылған? Оның басқа пішіндерден қандай ерекшелігі бар? –Суретте қандай пішіндер берілген. Олардың ішінде неше шаршы бар? –Шаршылардың көлемі қандай? 4-тапсырма. Педагог балалардың жоғарыдағы орындық пен төменгі орындықта отырған аңдарды	қашықтығы – 2 метр. Қозғалысты естеріне салу (допты екпінмен итеру қажеттігіне назар аудартады). 2.Төрт аяқтап еңбектеу (қашықтық – 6 метр). Тіке бағытта қозғалады, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіру қажет. **Ойын ұйымдастыру: «Қасқыр мен қояндар»** **Шарты:** рөлдерге бөлініп ойнау. Музыканың ырғағымен жапырақтың сыбдырын салу. **(дене шынықтыру,сурет салу)** **Дидакатикалық ойын «Ойыншық неден жасалған»** Ойыншықтарды биіктігіне қарай топтастыру санау,жұптастыру «Бестемше» ойын құралы негізінде ұлттық ойыншығымен таныстыру. Қосу азайту амалдарын үйрету. **(математика негіздері)** «Асық» ойыны **(дене белсенділігі,математика)** Орамалдан бөпе жасау. **(құрастыру)**	қауырсынын керекті затқа орналастырады. Мысалы. Үкі – орман құсы. Оның жүні үлпілдек. т.б. Үнтаспадан үкі дыбысын тыңдатып, үкі дыбысын қайталап салуды ұсынады (кук-кук-кук) **Сергіту жаттығуы** «Қуыршақ» өлеңі Сөйлемейсің сен неге, Тілің жоқ па, қуыршақ? Жуынбайсың сен неге, Кірің жоқ па, қуыршақ? Аяғың бар ма, сен неге, Жүре алмайсың, қуыршақ? Жұмсағанда сен неге, Тіл алмайсың, қуыршақ? Біз күлгенде күлмейсің, Аңқаусың ба, қуыршақ? Бізбен бірге жүрмейсің, Жалқаусың ба, қуыршақ? (Р. Тышқанбаев) Даусын айнытпай сал: Құлыншақтан қуыршақ, Шауып жүріп құлады. Салшы даусын, қуыршақ, Сонда қалай жылады? (Жылаған дыбысты келтіреді). Олар қандай ойыншықпен және қалай ойнағаны туралы сұрау. Балалардың ойын тыңдау. **(сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қоршаған ортамен таныстыру)** Сол ойыншықтардың суретін салу,жапсыру **(сурет салу,жапсыру)**

		Ал, оның орнын «Түн» басқан кезде – бәрі тынышталып, ұйықтап қалады. Қозғалып кеткендер ойыннан шығады. Жүргізуші ұйықтамай, қозғалып тұрған балаларды ұстап алады. **(математика негіздері)** «Ғажайып ойыншық жасау шеберханасымен» балаларды таныстыру. Балалар қалаған табиғи заттарды алып өз ойыншығын жасайды. **(құрастыру)** Ойыншық жасау үшін қажетті заттар тізімін дайындау. **(қоршаған ортамен танысу)** Ол ойыншықпен қалай ойнауға болатынын әңгімелеу. **(сөйлеуді дамыту)** Ойыншық туңралы тақпақ жаттау. **(қазақ тілі)** Ол ойыншықтың қандай болып шығатынын ойланып суретін салу. **(сурет салу)**	мұқият қарап шығуын өтінеді. –Жоғарыдағы орындықта неше аң отыр? –Оларды атап беріңдерші? – Ал енді, балалар, жоғарыдағы орындық пен төмендегі орындықта отырған аңдарды сан жағынан салыстырыңдар. Қайсы аң кетіп қалды? –Қанша аң кетіп қалған болса, сонша дөңгелекті бояңдар. **Жұмбақ шешу** Бейқам жатқан ел іздейді, Малдан күдер үзбейді. Қорадағы қойға шабады, Кәне, жауабын кім табады? (Қасқыр) Жаңғақ толы орманда, Күндіз тамақ айырып. Жатады кеш болғанда, Өз құйрығын жамылып. Бұл не? (Тиін) Ұ. Есдәулетовтың «Тәй-тәй қуыршақ» өлеңін жаттау. **(дене шынықтыру,көркем әдебиет)** Ойыншықтар жәрмеңкесі. Балалардың жасаған ойыншықтарын басқа топтың балаларына тамашалату. Қонақтарға музыкалық ойыншықтарды пайдаланып концерт ұйымдастыру. **(музыка)** Дидактикалық ойын: «Өз орнына орналастыр» Мақсаты: Балаларды суретке қарап, әңгімелей білуге үйрету.**(сөйлеуді дамыту)** **Музыка** –пән жетекшісінің жоспары бойынша.		

Серуенге дайындық	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты).Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. **(Қоршаған ортамен танысу)**				
Серуен	**№ 1** **Ауа райын бақылау** **Мақсаты:** Бірінші күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан,бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақ оқу. **«Алтын күз»** Ғ.Қайырбеков Алтын, алтын, сары алтын, Алтын күзе нұр жатыр Біз мектепке баратын, Алақай – ау, күн жақын. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Соқыр теке» (Қазақтың ұлттық ойыны)**	**№ 2** **Күннің көзін бақылау** **Мақсаты:** Ауа райын ажырата білуге үйрету (бұлтты, не ашық). Себеп – салдар жағдайларын да бақылауға және болжауға үйрету: күн сәулесінің қызуы шамалы – өсімдіктер қурап, адамдар жылы киім киеді. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақтар жасыру. Ақ сандығым ашылды, Жұрттың бәрі соны сүйеді, Ішінен жібек шашылды. Бірақ қарағысы келмейді. (Күннің көзі) (Күн) **Коммуникативтік дағды** ***Қимылды ойын:* «Күн шуағы мен жаңбыр»** **Мақсаты:** Дабыл соғылғанша өз орындарын табу: «Жаңбыр жауып тұр», «Күн нұрын шашып тұр»; алаң бойынша қозғалыс, бір – біріне кедергі жасамау, ойын ережесін сақтау.	**№ 3** **Желдің соғуын бақылау** **Мақсаты:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Тәжірибе: Желге қарсы жүгіру.** **Қорытынды:** Желге қарсы жүгіру қиын. **Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру»** **Мақсаты:** Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болатынын түсіндіру.	**№ 23** **Шөптін солуын бақылау** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ шешу. Дала кілемі. Ол не? (Шөп, өсімдіктер) Мақсаты: Балаларды шөптің кескін-келбеті өзгеруі туралы түсініктерін көңейту. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** Қимылды ойын**: «Көгершін»** ойын (шешен-ингуш ұлттық ойыны) Мақсаты: Алаңда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып, айқастырып ұстау (қабылдаған қалыпты сақтап, орын ауыстыру, бір-бірін	**№10** **Ағаштарды бақылау** **Мақсаты*:*** Күз мезгілі туралы жалпы білімдері қалыптасады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақ Көкөністі көп ектік, Өссін, піссін деп ектік, Көктемде еккен көкөніс, Күзде берді көп өнім. **Коммуникативтік дағды Қ/О:«Өз жұбыңды ізде!»** **Мақсаты:** Қимыл ептілігі дамиды, есте сақтау қабілеті артады. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу** **Мақсаты:** еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге баулу. **(тілдік қарым-қатынас,танымдық зерттеу әрекеттері)**

	Мақсаты: Балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** **Гүл шоқтарынан букет жасау.** **Мақсаты:** Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: «Гүлдердің тұқымдарын жинау»** **Мақсаты:** Гүлдердің тұқымдарын жинастыру. Еңбекке жағымды, әсерлі болуға тәрбиелеу және өсімдіктерге деген қамқорлықты жасауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмек** **Мақсаты:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақ** Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағды**	итермеу). Ойын ережесін сақтау. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Қурап қалған шөпті тырнауышпен жинау.** *Мақсаты:* Тырнауыштар мен жұмыс істеуді бекіту, нақтылы орынға шөпті жинау. Еңбексүйгіштікке баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса – батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса – ештене деп аталмайды ол бала.	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.	Достарымен ішке кіру. «Менің досым» Мақсаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету. **Сөйлеуді дамыту**
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**	Ас ішер алдында қолыңды жуу керек.	Мақал-мәтел: Тату үйдің тамағы-тәтті.	Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау.
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі	«Әлди –әлди ұйықтай ғой» **Сөйлеуді дамыту**	«Бесік жырын» тыңдату	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру **Көркем әдебиет**	«Жақсы жатып, жайлы тұр!»
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтын ұшын өзімізге қарай тартамыз (2- 4 рет)	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтын ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру.	Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут) Қолымызды жоғары көтеріп оңға қарай , солға қарай жоғары созыламыз еденге тигіземіз (3- 4 рет)	Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз.	Демалу жаттығулары Жіпке байланған күзгі жапырақтарды үрлеу (4-5 рет)

	Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру (2- 4 рет) Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз (3- 4 рет)				
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. (Көркем әдебиет)	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жапырақтардан, гүлдерден дестелер жасап, аналарына сыйлауға дайындау. Кітаптар қарау, балалардың еркін іс әрекеті **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)**	Балаларға ұннан тұзды қамыр жасауды үйрету. Әр балаға әр түрлі түсті бояу қосып, қамырдың түсін өзгертіп қамыр жасату. Жасалған қамырдан нан, бауырсақ, торт т.б балалардың қалауы бойынша мүсіндер жасату. **(мүсіндеу)**	**Вариативтік компонент: «Таза болса табиғат,аман болар адамзат»** **Тақырыбы:** «Өлі және тірі табиғат» Мақсаты: Балаларға өлі және тірі табиғат туралы түсінік беру. Табиғаттағы құбылыстардың өзара қатынасы, бір-бірімен байланыстылығы жөніндегі білімін кеңейту. Табиғат құбылысын қабылдай білуге, сезінуге тәрбиелеу. **Барысы:** «Мына ғажап әлемде» шаттық шеңбері. «Табиғат» бейнежазбасын тамашалау. Бейнежазбаны әңгімелеп, талқылау. Тәжірибе: құм мен тасты әйнек арқылы бақылау. Ауыр немесе жеңіл қасиеттерін бақылау. «Құм, тас, су» ойыны. Мақсаты: зейінділікке, шапшаңдыққа баулу. Сұрақ-жауап арқылы білімдерін бекіту.	Жануарлардың күзгі тіршілігіне қандай жағдайлар жасау керектігі туралы әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу)** Құмнан қоралар жасау. **(құрастыру)** Ойындар ойнату.	Күз бейнесін салу, ағаштарды жасау, күзгі жапырақтардан жапсыру арқылы композиция жасау. **(жапсыру)**
Балалармен жеке жұмыс	Алибекқызы Мединамен жеке жұмыс:	Базарбеков Нұрасылмен жеке жұмыс:	Болатұлы Санатпен жеке жұмыс	Базарбеков Нұрасылмен жеке жұмыс:	Вальтер Данамен жеке жұмыс

	Отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін дұрыс атауды үйрету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	Қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап бере білуге талпындыру. **Коммуникативтік дағдыларын дамыту**	Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерту. Мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдалануды меңгерту. Ұжымдық жұмыстарға қатысып және оларды қызығып жасауға қызығушылығын арттыру. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	Әдептілік танытуды: амандасуды, қоштасуды, көмектескені үшін алғыс айтуды меңгерту. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	Естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтып беруге талпындыру. **(Коммуникативтік дағды)**
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.	Балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.	Балаларды табиғатпен таныстыру.
Серуен	№ 1	№ 2	№ 3	№ 23	№ 10
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата анасының қандай ойыншықпен ойнағынын баласына айтып беруін сұрау.	Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу.	Ата-аналарга балалардьщ тазалығы, денсаулықтары жайлы кунделікті айту,	Кеңес: «Бала мен қоғам» Ата-аналармен балалардын коршаған ортамен, достарымен карым- катынасы жайлы әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы «Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы
Тобы «Гүлдер-ай» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 02-06 қазан 2023 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.10.2023	Сейсенбі 03.10.2023	Сәрсенбі 04.10.2023	Бейсенбі 05.10.2023	Жұма 06.10.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды арнайы жасалған жүрекшелермен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. **(сөйлеуді дамыту)**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. **(сөйлеуді дамыту)**	Саусақ жаттығулары «Бұл атаның саусағы…» - ұсақ моториканы дамыту **(математика негіздері,дене шынықтыру)**	Бала денсаулығы туралы сөйлесіп, ауа-райының салқындауына байланысты «тұмау» ауруының алдын-алу жөнінде кеңес беру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Балалармен бүгінгі ауа-райы жөнінде әңгімелесу. Міндеті: Өз ойларын анық айтуға үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау.	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау.	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу.	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	№13 «Қай мезгілде киеміз» Міндеті: Балаларға киім түрлері қысқы киімдер,жазғы киімдер,аяқ киімдер туралы түсінік беру,әр жыл мезгіліне сәйкес киімдерді ажырата білуге үйрету. **(көркем әдебиет)**	Үстел үсті ойыны: «Ұшады, жүзеді, жүреді» Міндеті: Суреттерге қарап,ұшатын-ұшпайтын заттарды анықтап айтуға үйрету. **(қоршаған ортамен танысу,дене шынықтыру)**	№5 «Заттың санын цифрмен сәйкестендіру» Міндеті: Заттың санына қарай,цифрды дұрыс орналастыра білуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту,математика негіздері)**	Табиғат бұрышындағы еңбек. Мақсаты: Гүлдерді суарып, қопсытуға үйрету. **(қоршаған ортамен танысу)**	№12 «Бұл қандай ертегі?» Міндеті: Ертегілерді атауға,әр түрлі суретпен берілген ертігілердің бөлігін тауып,құрастыруға үйрету. **(көркем әдебиет,құрастыру,қазақ тілі,математика негіздері)**
Таңертеңгі жаттығу	Сапқа тұру, басшыға қарай бағынып қатардан шықпай жүру. Баяу жүру одан сәл қаттырақ жүру.	Баяу қарқынмен аяқтын ұшымен өкшеге қарай ауысу, қарқынды өзгерте отырып белгі бойынша тоқтай жүгіру.	Сәл адым алып және адымдап шашырап жүгіру.	Қолды белге қойып басымызды оңға, солға 4-рет айналдыру. Қолды иыққа қойып, алдыға артқа 2-рет айналдыру 3-4 рет қайталау. Қолымызды алдыға созып, бір орныннан отырып тұру 5-6 рет қайталау.	«Шапалақ» жаттығуы. БҚ. Аяқ сәл алшақ 1-2 рет қолды шетке созу 3-4 қолды төмен түсіріп, санды екі рет соғып «шарт-шарт» деу 5-6 рет.
Жаттығулар кешені №3					
Таңғы ас	«Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме **Көркем әдебиет**	**«Ас адамның арқауы»** Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап	Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. **Сөйлеуді дамыту**	Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру. Ойын: «Көңілді трактор»	«Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме **Көркем әдебиет**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері: «Бас,иық,тізе,аяқ» Міндеті: Балаларды әңгімеге тарту,бірлесіп жасауға үйрету.**(сөйлеуді дамыту,дене белсенділігі)**	Табиғат бұрышындағы гүлдерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру. **(қоршаған ортамен танысу)**	Конструкторлармен ойнау,әртүрлі түстер мен пішіндердің бөлшектерінен қарапайым құрылыстардың дағдыларын қалыптастыру. **(құрастыру)**	Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту**(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)**	Жан-жануарлар туралы әңгімелесу. Білетін тақпақтарын,мақал-мәтелдерін еске түсіру. **(қорш ортамен таныстыру,қазақ тілі,көркем әдебиет)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Біз азырақ сергідік...»**	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Әдемі болайық»**	**Тақырыбы: «1 цифры. Жылдам – баяу. Үшбұрыш»**	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Жіппен ойнаймыз»**	**Тақырыбы: «Көжекпен ойналық»** (Дидактикалық ойын)

	Міндеттері: Бір-бірден тізбекке тұруға жаттықтыру, өз бетінше әрекет ету және сапқа тұрған кезде кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Бір орында қос аяқтап секіруге жаттығуды жалғастыру. Бір уақытта екі аяқпен бірдей еденнен серпіліп секіру қабілетін қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Дидактикалық ойын:** «Атауын ата және көрсет» Шарты: беттегі ауыз, мұрын, құлақ, көз сынды мүшелерді атап беру. **Негізгі кезең** Ойын түрінде бір-бірден тізбекке тұру, «Өз орныңды тап!» ойыны. Тізбектегі қашықтыққа назар аудару. Бағытын ауыстыру арқылы бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру. Екі тізбекке тұру. **Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау** Жаттығулардың орындалуын көрсету. **Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау:** «Шыршалар, шырша бүрі, қояндар». Организмді шынықтырамыз. **Спорттық жаттығулар – самокат тебу.** Педагог тәрбиеленушілерге самокатпен жеке-жеке сырғануды ұсынады. «Мұрныңды тауып көрсет».	**Міндеттері:** Шеңбер түрінде дөңгелентіп тасталған жіпті бойлай жүруге, тепе-теңдік сақтауға үйрету, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Төрт аяқтап еңбектеген кезде қол мен аяқтың үйлесімділігін дамытуды жалғастыру, топпен бірге жұмыс істеу және жіпке денесін тигізбеу қабілетін дамыту. Спортпен айналысуға, сұлу да шымыр болуға деген қызығушылығын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Ойын: «Не жасырылғанын тап!»** **Шарты:** Таспа жіп ұстаған гимнаст қыздың суретін көрсету. Оның дене сымбатына, қозғалыс сұлулығына балалардың назарын аударады. **Негізгі кезең** Ойын түріндегі жаттығу: «Тез ал, тез көтер» – таспа жіптің төңірегінде жүру, жүгіру. **Екі ұшы бір-біріне байланған таспа жіппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.** **Негізгі іс-қимылдарды ойын түрінде орындау:** Тепе-теңдік – шеңбер формасында тасталған таспа жіп бойымен жүру – гимнасттар сияқты әдемі жүру. Жаттығуды дұрыс орындау жолдарын	**Міндеттері:** Балалардың 1 цифры туралы білімін нығайту.Цифрды заттың санымен сәйкестендіру,жұмбақты көрген мәліметтерге сүйене отырып шешу,таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыру, заттарды сол белгілері бойынша біріктіру,үшбұрыш туралы білімін нығайту, оны өзге пішіндердің арасынан табу, көру арқылы есте сақтау дағдыларын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Жұмбақ жасыру:** 1.Таңғажайып кірпішті, Бір-біріне қаладым. Ұнамаса құлатып, Қайта-қайта қаладым. (Текшелер) 2.Кезікті кербез сұлу, бір жануар. Үстінде екі тауы бар. (Түйе) **Негізгі кезең** **Тапсырмаларды орындау** Педагог: «Неше текше, неше түйе, неше доп бар?» – деп сұрайды. 1 цифры бір затты білдіретінін түсіндіреді. Балаларға 1 цифрын бояуды ұсынады. 2-тапсырма. Педагог сол жақта тек 1 цифры жазылғанын көрсетеді. Балаларға 1 цифрына	**Міндеттері:** Сапты бұзбай жүгіру және жүру қабілетін дамыту, өз қимылын өзге балалармен келісіп отыруға үйрету. Жіпті бойлай жүрген кезде тепе-теңдік сақтау, жалпақтабанның алдын алу. Допты бір-біріне домалатуға жаттықтыру, көзбен мөлшерлеу, доптың қозғалыс бағытын сақтау қабілетін дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалардың назарын шеңбер пішінінде тасталған жіпке аударады. Жіпті пайдаланып орындаған жаттығуларды, жіпті пайдалану жолдарын еске түсіру **Негізгі кезең.** **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез шеңберге кір»** **Шарты:** Музыканың ырғағымен өкшені жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, денесін тік ұстау. Бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру – арақашықтықтарын сақтау, мұрын арқылы демалу, қимылдарды үйлесімді орындауға тырысу. **Шеңбер формасындағы жіппен жалпы дамытатын жаттығуларды**	**Міндеттері:** Сөйлемді толық құрау, етістік сөздерді қолдана білу, дыбысты анық айтуға дағдыландыру. Ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізу дағдысын қалыптастыру. Жануарларға деген сүйіспеншілігін ояту, жануарлар жайында мақал-мәтелдерді білу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ғажайып сәт: ойыншық сұр қоянды қонақ ретінде таныстыру. Балалар қызығушылық танытады. **Сұрақ-жауап:** – Балалар бұл не? (Бірге қайталату: қоян). **Қ дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату арқылы жаттығуды орындату.** Қо-қо-қо – қоян. Құ-құ-құ – құлақ. Қа-қа-қа – қалам. Қы-қы-қы – қылыш. Қу-қу-қу – қулық. («Қ» дыбысының дауыссыз дыбыс екендігін, ауыз қуысынан еркін шықпай, қысылып шығатындығын балаларды айтқызу арқылы ажырату). **Қоянға сипаттама беру:** – Қоянның түсі қандай? – Қоянның түсі сұр. – Оның жүні қандай? – Оның жүні жұмсақ, мамық, үлпілдек. – Қоянның құлағы қандай? Ұзын ба әлде қысқа ма? – Неше құлағы бар?

	Мұрынмен жасалатын ойындық жаттығулар «Мұрныңа серуенге дайындалуға көмектес». «Мұрын қыдырып жүреді». Педагог мұрынға қыдыруға кедергі келтірмес үшін ауызды мықтап жабуды ұсынады. «Мұрын еркелейді». «Мұрын жұпар иіс иіскейді». «Мұрын өлең айтады». «Мұрнымызды жылытамыз». «Мұрын үйге қайтады». **«Көбелек» тыныс алу жаттығуы**. Әр баланың алдында жіпке «көбелек» орнатылған. «Көбелек» ұшуы үшін оған үрлеп «жан бітіруге» шақырады. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бос орын» Күзгі бақта не өседі? Балалардың ойларын тыңдау.Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** Құрастыру құралдарымен күзгі бақ тақырыбында еркін ойындар **(құрастыру)** **Музыка** (пән жетекшісінің жоспары бойынша)	түсіндіру: қолды қапталға созып, басты тік ұстайды, табандарымен таспа жіпті басады; шеңбердің сыртына шықпау керек. **Ойын түріндегі жаттығу «Қоңырауға жанаспа»** **Шарты:** Төрт аяқтап еңбектеу, таспаның астымен төмен еңкейіп өтеді және қоңырауға жанаспауға тырысады. **Ойындар ұйымдастыру: «Көбелектер мен құрбақалар».** **Шарты:** Белгі бойынша қимылдайды. **«Қатып қал!». Бір-бірден тізбекте жүру, тапсырмаларды орындау.** Балалардан ұйымдастырылған іс-әрекеттен кейін әдемі болғандарын, әдемі жүруді үйренгендерін көрсетіп берулерін сұрайды. Үйде айнаның алдында тұрып жаттығу қажеттігін айтады. **Қазақ тілі** «Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға үйрету **(көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту)** Түлкі мен қоян ойыншықтарын салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. **(математика негіздері)**	сәйкес заттарды бояу туралы тапсырма беріледі. –Неше шәйнекті боядыңдар (бір), неше тақия (бір), неше Күнді (бір) боядыңдар? **Сергіту сәті: «Кәне, қанат жазайық...»** **Жұмбақ жасырады:** Үш бұрышы, Үш қабырғасы бар Бұл қандай пішін? **Үшбұрышты жан-жақты қарап зерттеу.** – Кәне, үшбұрыштың қанша төбесі, қанша қабырғасы бар екенін тексерейік. – Үшбұрыштың қандай қабырғалары ұқсас? Балаларға мынадай сұрақ қояды: – Суреттердің арасынан неше үшбұрышты таптыңдар? – Үшбұрыштардың өлшемі қандай? – Үшбұрыштардың ең үлкенін қызыл қарындашпен, одан кішілеуін көкпен, ал ең кішкентайын жасыл түспен бояңдар. Қызыл түсті қандай жемістер мен көкөністерді білесіңдер? Ал жасыл түсті болады ма? Күзгі бақта өсетін жемістер жидектер көкөністер туралы не білетіндерін сұрау,сөйлем құрастыру, әңгімелеу, білетін әндер мен тақпақтарын	**орындау. Негізгі іс-қимылдарды орындайды:** Тепе-теңдік – шеңбер формасында тасталған таспа жіп бойымен жүру. Табанды жіптің үстіне қою, шеңберден шықпау қабілетін бақылау. «Өкшеге отырып» допты бір-біріне домалатады (қашықтық – 2 метр). «1-2-3 – жұбыңды тап!» командасы бойынша өз жұбын табу. Допты екі қолдың күшімен итеру қажеттігіне және доптың қозғалыс бағытын сақтауға балалардың назарын аудару. **Жіпті пайдалану арқылы: «Соқыртеке» ойынын ұйымдастыру.** **Шарты:** Соқыртеке рөлін орындайтындарға арнап шеңбер жасайды. Ең епті әрі алғыр балаларды ынталандыру. **Қорытынды кезең** Тапсырманы жақсы орындауға тырысқан епті балаларды ынталандыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған **Дидактикалық ойын: «Бағдаршам»** Балалардың ойлау,есте сақтау қабілетін және тілін дамыту.Ертегілер және ертегілер кейіпкерлері туралы түсініктерін кеңейту. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың қалауы	– Қоянның құлағы ұзын. Оның екі құлағы бар және оның екі көзі, тұмсығы, аузы, мұрттары, төрт аяғы, кішкентай құйрығы бар. **Сергіту жаттығуы: «Сұр қоян».** **– Балалар, көжек деген не?** (Қоянның баласы) **К дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату арқылы жаттығуды орындату.** Кө-кө-кө-көжек. Кө-кө-кө-көже. Кө-кө-кө-көкек. Кө-кө-кө-көрпе. Жаттығуды қайталау арқылы «К» дыбысын анық айтуға тырысады. («К» дыбысының дауыссыз дыбыс екендігін, ауыздан кедергілерге ұшырап, қысылып шығатындығын түсіндіру). – Балалар көжек қандай болады? (Көжек кішкентай, жүндері жұп-жұмсақ және сүпсүйкімді болады). **Дидактикалық ойын:«Көжекпен ойналық»** **Мақсаты:** балалардың ойлау қабілетін дамыту және жылдамдылыққа үйрету. Ойын шарты: Сөйлеуді дамыту дәптерімен орындалады, Көжектің сәбізге дейінгі жолын сызып көрсет. – Қоян жүзеді ме? Әлде ұшады ма? (Секіріп жүгіреді). – Ол қандай жабайы аңдардан қорқады? – Жабайы аңдарға нелер жатады? Мақалдың мағынасын түсіндіру. Мал жуасы – қой, Аң жуасы – қоян. (Жуас, момын, ешкімге зияны жоқ).

			айтқызу,**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,қоршаған ортамен таныстыру,қазақ тілі) Музыка** (пән жетекшісінің жоспары бойынша)	бойынша еркін тақырыпта **(сурет салу, қағаздан қиып жапсыру)**	Мақал-мәтелді «Үш дауыс» әдісімен жаттату. Әдістің қолданылуы: бірінші жоғары дауыспен; • екінші ортаңғы дауыспен; • үшінші төмен дауыспен қайталанылады. Дыбыстарды анық айтуға ұсыныс білдіру. **«Мақтаншақ қоян» ертегісін теледидардан тамашалау.** Осы тамашалаған ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету. **(көркем әдебиет)** Ертегі кейіпкерлерінің санын салыстыру. Салыстырылатын топтар: бір көп, бір және екі, екі және үш және төрт, төрт және бес. **(математика негіздері)**
Серуенге дайындық	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен	**№ 3** **Желдің соғуын бақылау** **Мақсаты:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	**№ 1** **Ауа райын бақылау** **Мақсаты:** Бірінші күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан,бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	**№ 23** **Шөптін солуын бақылау** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ шешу. Дала кілемі. Ол не? (Шөп, өсімдіктер) Мақсаты: Балаларды шөптің кескін-келбеті өзгеруі туралы түсініктерін көңейту. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** Қимылды ойын**:** **«Көгершін»** ойын	**№14** **Аула тазалаушының еңбегін бақылау** **Мақсаты:** Аула тазалаушының еңбегі туралы білімдерін молайту, және оған қажетті құралдармен танысу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** **Мақал-мәтел** Еңбексіз өмір – сөнген көмір.	**№20** **Ағаштарды бақылау** **Мақсаты*:*** Күз мезгілі туралы жалпы білімдері қалыптасады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қ/О:«Өз жұбыңдыізде!»** **Мақсаты:** Қимыл ептілігі дамиды, есте сақтау қабілеті артады. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу** **Мақсаты:** еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге баулу.

	Тәжірибе: Желге қарсы жүгіру. **Қорытынды:** Желге қарсы жүгіру қиын. **Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру»** **Мақсаты:** Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болатынын түсіндіру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмек** **Мақсаты:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақ** Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағды** ***Өз бетімен ойындар:* «Желбезекпен ойын»** Ыңғайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі, көңіл күйде болу.	**Қимылды ойын: «Соқыр теке» (Қазақтың ұлттық ойыны)** **Мақсаты:** Балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:* Гүл шоқтарынан букет жасау.** **Мақсаты:** Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақты қайталау,жаттау. **«Алтын күз»** Ғ.Қайырбеков Алтын, алтын, сары алтын, Алтын күзе нұр жатыр Біз мектепке баратын, Алақай – ау, күн жақын. **Коммуникативтік дағды**	(шешен-ингуш ұлттық ойыны) Мақсаты: Алаңда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып, айқастырып ұстау (қабылдаған қалыпты сақтап, орын ауыстыру, бір-бірін итермеу). Ойын ережесін сақтау. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Құрап қалған шөпті тырнауышпен жинау.** *Мақсаты:* Тырнауыштармен жұмыс істеуді бекіту, нақтылы орынға шөпті жинау. Еңбексүйгіштікке баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Қармақ»** **Мақсаты:** ойын арқылы ептіліктері, жылдамдықтары дамиды. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу** **Мақсаты:** үлкендердің еңбегін құрметтей алады. **(тілдік қарым-қатынас,танымдық зерттеу әрекеттері)**	**(тілдік қарым-қатынас,танымдық зерттеу әрекеттері)** **Балалармен жеке жұмыс** Көркем сөз Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса – батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса – ештене деп аталмайды ол бала.	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.	Достарымен ішке кіру. «Менің досым» Мақсаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету. **Сөйлеуді дамыту**

Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**	Ас ішер алдында қолыңды жуу керек.	Мақал-мәтел: Тату үйдің тамағы-тәтті.	Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау.
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі.	«Әлди –әлди ұйықтайғой» **Сөйлеуді дамыту**	«Бесік жырын» тыңдату.	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру. **Көркем әдебиет**	«Жақсы жатып, жайлы тұр!»
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсекте жатып жасайтын жаттығулар. (2-3 минут) Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз.	Отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстырып табандағы нүктелерге массаж жасау. (3- 4 рет)	Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды төмен қаратып арқамызды жоғары көтеру. (10 сек) Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды жоғары созу, белімізді созу . 10 сек	Демалу жаттығулары: Мяууу мяууу мяууу Фррр фррр фррр	Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз.
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. (Көркем әдебиет)	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жиналған жапырақтарды салыстыру, санау. Тең тең емес екенін анықтау. **(математика негіздері)** Топқа бөлініп,жұмыс жасау. Жапырақтарды плакатқа жапсыру арқылы күзгі бақты бейнелеу. **(жапсыру,мүсіндеу,сурет салу)**	«Түлкі мен қоян» ертегісін айтып беру дағдыларын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту)** Топтық жұмыс, плакатқа «Түлкі мен қоянға арналған жолдар» қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру, Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. **(жапсыру)** Ормандағы ағаштарды бояулармен салу. **(сурет салу)**	**В/К : «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы:** «Күзгі саябаққа саяхат» **Міндеті:** Балалардың қызығушылығын арттыру, ой-өрісін кеңейту. Табиғат сұлулығын сезіне білуге, оны аялай білуге тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** 1 Шаттық шеңбер 2 Күзгі бақ туралы слайд көрсету. 3 Поездбен бақшаға барамыз. 4 Сергіту сәті: «Күзгі жапырақ» 5 Ойын «Саяхатшы ойыншық»	Көгөністер мен жемістерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру. Балалардың көздерін байлап, жеміс немесе көкөністің дәмін тату арқылы тану, атауды үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру)** халық шеберлерінің еңбектерімен таныстыру, халық бұйымдарының желісі бойынша жемістерге арналған ыдыстарды мүсіндеуге үйрету **(мүсіндеу)** дөңгелек пішінді жемістермен көкөністерді салу; техникалық дағдылар	Ұсынылған мазмұн бойынша сахналауға үйрету. Апта бойына айтылған ертегілердің киімдерін киіп, рөлдерді сомдауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың қалауы бойынша күзгі бақ өнімдерін құрастыру материалдарынан **(құрастыру, мүсіндеу және жапсыру)**

			Мақсаты:Табиғат туралы білімдерін кеңейту. 6 Сұрақ-жауап 7 Өлең «Күз келді» 8 Қорытынды	мен біліктерді игеру. **(сурет салу)**	
Балалармен жеке жұмыс	**Алибекқызы Мединамен жеке жұмыс** Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. **(Коммуникативтік дағды)**	**Әділбек Асылыммен жеке жұмыс** Жаңаны тануға ұмтылдыру, заттарды қызығып, қуанып зерттеуге талпындыру. (**Танымдық және зияткерлік дағдылары**)	**Базарбеков Нұрасылмен жеке жұмыс** Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуды үйрету. (**Танымдық және зияткерлік дағдылары**)	**Ғанибай Саятпен жеке жұмыс** Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларын меңгерту. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Еділ Айнамкөзбен жеке жұмыс** Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруды меңгерту. **(Коммуникативтік дағды)**
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.	Балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.	Балаларды табиғатпен таныстыру.
Серуен	**№3**	**№1**	**№23**	**№14**	**№20**
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы, киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Күзгі өзгерістерді үйге қайтар жолда бақылауды ұсыну.	Түлкі мен қоян ертегісін айтып беруін балаларынан сұрау**.**	Балалардан бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы ата-аналарымен әңгімелесуін талап иету.	Күзгі бақ өнімдері туралы әңгемелесуді ұсыну.	Апта бойы жасаған әрекеттері туралы әңгімелесу,апта күндерін атау.Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы <u>«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы</u>
Тобы <u>«Гүлдер-ай» ересек тобы</u>
Балалардың жасы <u>4 жас</u>
Жоспардың құрылу кезеңі 09-13 қазан 2023 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.10.2023	Сейсенбі 10.10.2023	Сәрсенбі 11.10.2023	Бейсенбі 12.10.2023	Жұма 13.10.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. **(музыка,дене белсенділігі)**	Бір-бірімізге қол беріп Айтамыз жақсы сөз жөн көріп, Қалмаймыз тек іркіле Сыйлаймыз жылы күлкі. Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау.	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау,тақпақтар айту. **(көркем әдебиет)**	Үш түрлі смайликпен қарсы алу. Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу. **(қазақ тілі)**	Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу. Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу. **(сәйлеуді дамыту,математика негіздері)**

		(қоршаған ортамен таныстыру)			
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. «Жылдың қай мезгілі екенін тап». Міндеті: жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін әңгімелеп айтып беруге үйрету. **(көркем әдебиет)**	«Ұшады, жүзеді, жүреді» үстел үсті ойыны: Мақсаты Тәрбиеші көліктің түрлерін суреттерін көрсетеді, ал балалар қимыл-қозғалыспен оны көрсетіп – ол ұшама, жүреме, жүзе ме айтады. **(қоршаған ортамен танысу,дене шынықтыру)**	«Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойыны: Мақсаты: Берілген жыл мезгілдерінің суреттері бойынша балалар ерекшеліктерін тауып, айтады, әңгімелейді. **(сөйлеуді дамыту)**	Табиғат бұрышындағы еңбек. Мақсаты:Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер айту. Гүлдерді суарып, қопсытуға көмектеседі. **(қоршаған ортамен танысу)**	Дидактикалық ойын: «Құстар» Мақсаты: Қыстап қалатын құстардын аттарын атап, немен қоректенетінің айтады. **(қоршаған ортамен танысу)**
Таңертеңгі жаттығу	Сапқа тұру, басшыға қарай бағынып қатардан шықпай жүру. Баяу жүру одан сәл қаттырақ жүру. Жаттығулар кешені №3	Баяу қарқынмен аяқтын ұшымен өкшеге қарай ауысу, қарқынды өзгерте отырып белгі бойынша тоқтай жүгіру. Жаттығулар кешені №3	Сәл адым алып және адымдап шашырап жүгіру. Жаттығулар кешені №3	Қолды белге қойып басымызды оңға, солға 4-рет айналдыру. Қолды иыққа қойып, алдыға артқа 2-рет айналдыру 3-4 рет қайталау. Қолымызды алдыға созып, бір орныннан отырып тұру 5-6 рет қайталау. Жаттығулар кешені №3	«Шапалақ» жаттығуы. БҚ. Аяқ сәл алшақ 1-2 рет қолды шетке созу 3-4 қолды төмен түсіріп, санды екі рет соғып «шарт-шарт» деу 5-6 рет. Жаттығулар кешені №3
Таңғы ас	«Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме **Көркем әдебиет**	**«Ас адамның арқауы»** Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап	Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. **Сөйлеуді дамыту**	Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру. Ойын: «Көңілді трактор»	«Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме **Көркем әдебиет**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	№5 «Заттың санын цифрмен сәйкестендіру» Міндеті: Заттың санына қарай,цифрды дұрыс орналастыра білуге үйрету. **(сөйлеуді дам**ыту,математика негіздері)	Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру **(қоршаған ортамен танысу)**	Конструкторлармен ойнау,әртүрлі түстер мен пішіндердің бөлшектерінен қарапайым құрылыстардың дағдыларын қалыптастыру. **(құрастыру)**	№49 «Әңгімелеп бер» Міндеті: Суретке қарап,өз ойын толық айтуға ынталандыру. (сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)	Жан-жануарлар туралы әңгімелесу. Білетін тақпақтарын,мақал-мәтелдерін еске түсіру. **(қорш ортамен таныстыру,қазақ тілі,көркем әдебиет)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша	**Дене шынықтыру (таза ауада)**	**Дене шынықтыру**	**Тақырыбы: «Қанатты достар»**	**Дене шынықтыру**	**Тақырыбы: «Әдемі торғай»**

ұйымдастырылған іс-әрекет	**Тақырыбы: «Түрлі түсті кілемшелер»** **Міндеттері:** Үш дөңгелекті велосипедті тебуге үйрету. Бұлшық ет корсетін нығайту, жалпақтабанның алдын алу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дыбыстар шығару арқылы тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындау қабілетін нығайту. «Өкшеге отырып» допты бірбіріне қарай домалату қабілетін нығайту, көзбен мөлшерлеу дағдысын дамыту, доптың бағытын сақтай білуге баулу. Тізесін аздап бүгіп, ақырын жерге түсу қабілетін дамытуды жалғастыру. Епті әрі тез болуға ынталандыруды жалғастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Жалпы дамытатын жаттығу:** Массаж жасайтын төсенішпен. **Негізгі қимыл қозғалыстарды ойын түрінде орындау:** Кез келген бағытта қос аяқтап секіру. Педагог алаңның периметрі бойынша құрсауларды орналастырады. Тәрбиеленушілер белгі бойынша алаңның ортасына қарай секіреді. «Орныңды тап!» деген нұсқау бойынша тәрбиеленушілер өз құрсауларын жылдам табулары керек.	**Тақырыбы: «Қоянға сауығып кетуге көмектесейік»** **Міндеттері:** Қапталға бұрылу үшін мейлінше биікке секіруге үйрету, сапта тұрғанда бірқалыпты қозғалыс ырғағын сақтай отырып жүру және жүгіру қабілетін нығайту. Еңбектеуге жаттықтыру. 3 доғаның астынан кезекпен өткізіп,ептілік пен икемділік қабілетін дамыту. Өз денсаулығын күтуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Негізгі кезең** Бір-бірден тізбекке тұру. Бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру – аяқ пен қол шынайы, жеңіл қозғалады. Екі тізбекке тұру. **Қол шапалақтап жалпы дамытатын жаттығуларды орындайды** Тізбектегі арақашықтықты, белгіленген бастапқы қалыпты сақтау қабілетін бақылау. **Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау.** **Ойын түріндегі жаттығу: «Секір-бұрыл»** Бір орында тұрып оңға және солға бұрылып секіру. Бұрылып секіру техникасын түсіндіру: еденнен аяқтарымен екпінмен итерілу, бұрылу үшін	**Міндеттері:** Құстардың дене құрылысы туралы ұғымдарын кеңейту. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Құстарға ізгі көзқарастарын тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Өлең оқып, ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды көңіл күй қалыптастыру. «Тырналар» Қастек Баянбай Аспанда самғайды, Тырналар тізіліп. Біреуі қалмайды, Қатардан үзіліп. Сақтайды сапарда. Бірлікті кім мұндай? Бұзылмас қатары. Кәдімгі шынжырдай. Күз белгілерін айтуды ұсынады. Ауа райын күнтізбеге белгілеу. Жұмбақ жасыру. Қанаты бар талмайтын, Биіктерге самғайтын. Неше түрлі әнге сап, Жер-әлемді шарлайтын. (Құстар) – Құстар табиғаттың жанды әлде жансыз бөлігі ме? Күзде құстардың тіршілігінде қандай өзгерістер болады? Құстардың барлығы ұшып кете ме? **Негізгі кезең**	**Тақырыбы: «Мұқият болайық»** **Міндеттері:** Допты заттардың арасымен домалатқан кезде доп траекториясы бағытын өзгертуді үйрету. Допты қол саусақтарымен қатты күш салмай ақырын итеріп жіберу қабілетін дамыту. Бір орында секіруге, оң және сол жаққа бұрылуға жаттықтыру, екі аяқпен бір уақытта жерден серпіле секіріп, оңға, солға бұрылу және айналу қабілетін нығайту. Зейінін, үйлестіру қабілетін дамыту. Салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Дені сау, салауатты болу, ауырмай, күшті әрі шапшаң болу үшін не істеу керек деген тақырыпта қысқаша әңгімелесу. **Негізгі кезең** Тізбекте бір-бірден, екіден жүру және жүгіру жаттығуларын орындау. Жаттығулардың орындалу барысын қадағалау. **Ойын түріндегі жаттығу:** «Мен сияқты жаса!» – қолды әртүрлі қалыпта ұстап реттеу жаттығуларын орындау. **Шапалақтау арқылы жалпы дамытатын**	**Міндеттері:** Құстың бөлшектерін дайындап, бөлшектерді бір-бірімен біріктіре алуды үйрету; құстар туралы білімдерін дамыту; саусақ икемділіктерін арттыру; сөйлеу тілдерін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру; балаларды құстарға қамқорлық жасауға, мейірімділікке, еңбекке баулуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Педагог балаларға тақпақ оқиды:** Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап. Бөтегесі бұлтиып, Шық-шық етіп отырмақ. – Балалар, құстың дене құрылысына сипаттама беріңдерші? – Ол қалай қоректенеді? Сөздік жұмыс: шырылдайды, гуілдейді, қаңқылдайды, қарқылдайды, шықылықтайды. Сергіту сәті. Кәне, қанат жазайық, Құс боп желмен ұшайық. Ұшып-ұшып алайық, Ұямызға қонайық. **Торғай туралы мәлімет беріледі.** Оның дене құрылысына талдау жасалады. – Балалар, біз бүгін торғайды мүсіндесек қайтеді? – Торғайды мүсіндеп, суреттегі торғай қонып

	Нұсқау: жер бетінен екі аяқпен бірдей екпінді түрде итерілу, аяқты тізеден жұмсақ бүге отырып, аяқтың ұшымен түсу. **Үш дөңгелекті велосипед тебу.** **Ойын: «Орын ауыстыр»** **Шарты:** Тәрбиеленушілер спорт алаңының қарама-қарсы жақтарында тұрады. Педагог қыздарға ұлдармен орын алмастыруды, велосипедпен жүріп қайтуды ұсынады. **Тыныс алу жаттығуы:** «Ботқа пісіреміз» Б.қ.: аяқтың арасын сәл ашамыз, қолды белге қоямыз. 1-мұрынмен дем аламыз; 2-«ш-ш-ш» деген дыбыстармен демді сыртқа шығарамыз. **Ойын түріндегі жаттығу:** «Міне, біз қандаймыз!» Топқа оралу. Үй құстар мен дала құстары туралы фильм тамашалау. Суреттер қарау. Әңгімелеу. Құстар сөйлей ала ма? Олар қалай сөйлеседі? Олар қалай тамақтанады? Олар қайда өмір сүреді? Балалардың ойларын тыңдау. **(көркем әдебиет)** Біз қамқоршы баламыз, Құстарға ұя саламыз. Жемдерін беріп қыс бойы, Көмекші бала боламыз. Өлен айтып, ән шырқап, Құстарға дос боламыз. тақпақтарды жатқа айту **(сөйлеуді дамыту)** Құстардың суретін бояу,жабыстыру,құрастыру.	мүмкіндігінше жоғары секіру**.** Үш доғаның астымен еңбектеп өту. Тізбектердің арасына екі қатарға үш доғалдан қойылады. **«Кім епті?» ойыны** **Шарты:** 1-2-3 доғалдарының астымен ізбе-із өту. **Көзбен мөлшерлеу қабілетін дамытуға арналған ойын: «Кегельді құлат»** Педагог ойын тәртібін түсіндіріп, орындау әдісін көрсетіп береді. **«Қарынға массаж жасайын» ойыны** **Қазақ тілі** Ұйымдастырылған іс-әрекетті әрі қарай жалғастыру. Балалардың қалауы бойынша дәстүрден тыс әдіспен құстардың суретін салу, ермексаздан ұжымдық жұмыс арқылы бейнесін жасау және геометриялық пішіндер арқылы жапсыру**.** **(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)** Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту арқылы құстың бейнесін құрастыру **(құрастыру)** Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің	Құстар бейнеленген суреттерді қарастыру, әңгімелесу. Өздері білетін құстарды атайды: қарға, торғай, қарлығаш, бұлбұл, тырна, қараторғай, сарышымшық, суықторғай. Қандай құстарды жыл құсы деп атайды (бұлбұл, қарлығаш, тырна, қараторғай). Ал қандай құстарды қыстап қалатын құстар деп атайды? (Торғай, қарға, сарышымшық, суықторғай). Неліктен құстар жылы жаққа ұшып кетеді? Құстардың жылы жаққа ұшып кету себебі «күн суытып, құстардың жейтін қорегі қалмауы, жәндіктердің жоғалуы» деген секілді болжамдарын айтады. **Әртүрлі құстар туралы жұмбақтар жасырады.** 1.Сирағы ұзын, Тырнағы ұзын. Балықты сүзбей, Ұстайтын шоқып, Тұмсығы біздей. (Тырна) 2. Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш) 3.Тақылдатып, Мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ) 4.Жем көрсе,	**жаттығуларды орындау.** **Ойын түріндегі жаттығу: «Орын алмасыңдар»** **Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды:** Бір қатарға арасы 1 метр қашықтықпен қойылған 5 заттың арасымен доптарды домалату. Түсіндіру және көрсету: допты саусақтармен қатты итермейміз, оны кегельдерді айналып өтетіндей етіп оңға, солға бұрып отырамыз. Допты кегельдер арасымен домалатқан кезде балалардың арақашықтықтарын сақтауын қадағалау. Бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіру. Секіру жаттығуларының орындалу тәртібі мен дұрыстығын көрсету: өзін айналып бұрылған кезде бірнеше бұрылысты ізбе-із орындау қажет. **«Көгершінді қуып жет» ойын** **Шарты:** Көгершіннің макетімен залды айналып жүгіру, балаларды макеттің соңынан жүгіріп, белсенді қимылдауға ынталандыру. **Ойын: «Кім зейінді?»** Балаларды ынталандыру Құстардың үйшіктерін биіктігі және жуандығы	отырған ағаштың бір бұтағына орналастырамыз. – Торғайды жасау үшін екі домалақ дайындап аламыз, үлкені – денесі, кішісі – басы болады. Үлкен домалақты сопақша пішінге келтіріп, екі саусақпен қысып құйрығын шығарып, құйрығының ұшын жалпақтаймыз. Кішкентай домалақ бөлшек құстың басы болады, екіншісінің де құйрығын солай созамыз. Енді екеуін қосамыз. Құстың аяғын жасаймыз. Дайын құсты ағаштың бір бұтағына орналастырамыз. Ағаштың бұтағын қағаздан қиып алып жабыстырамыз. Дидактикалық ойын: «Не қалай дыбыстайды?» Әртүрлі құстардың суреті көрсетіледі. «Жапалақ» ойынын ойнайды. «Күн» дегенде балалар «ұшады», жапалақ дегенде ұйықтайды, «түн» дегенде құстар ұйықтайды, жапалақ ұшады.Ұйықтамаған «құсты» ұясына алып кетеді. **(қоршаған ортамен таныстыру,жапсыру,мүсіндеу)** Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету. Біз қамқоршы баламыз, Құстарға ұя саламыз. Жемдерін беріп қыс бойы, Көмекші бала боламыз. Өлен айтып, ән шырқап, Құстарға дос боламыз. **(көркем әдебиет)** Көп - аз ойыны.

	(Сурет салу,жапсыру,құрастыру) **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.	мінезін сипаттауға үйрету **(көркем әдебиет)** Байланыстыра сөйлеу: Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлемдермен жауап беруді үйрету (Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз, ауа, қар, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы, жылы киінеміз, жеңіл киінеміз) **(Қазақ тілі)** Тамақты ішсең күнде сен Белгілі бір мезгілде Таңертең, түсте,түстен соң Жатар алды кезінде, Балаларға уақытты бағдарлауға үйрету. (математика негіздері) Ас адамның арқауы Дені саудың жаны сау мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, сөйлеу тілдерін дамыту **(Сөйлеуді дамыту)**	Шықылықтап қалтаңдайды, Сескенсе, Жыпылықтап жалтаңдайды. (Сауысқан) 5.Қара түсті қарқылдақ, Ұшып-қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді там-тұмдап. (Қарға) **Педагог беретін ақпарат:** Қыстап қалатын құстар қандай? Қарғалар, ұзақтар, көгершіндер мен торғайлар адамдардың тұрағының маңында өмір сүріп, тағам қалдықтарын жеп үйренген. Олар қыста ешқайда ұшып кетпейді. Қанатты достарымыз адамға қандай пайда әкеледі? Қыста құстарға кім көмектесуі керек? Сонда оларды қалай ажыратады? Болжамдарымен бөліседі: қауырсындарына, сыртқы түріне, үлкендігіне қарай ажыратады. «Сөз» ойынын ұсынады. Біз тамақты немен жейміз? (Ауызбен). Ал құстар ше? (Тұмсығымен). Адамның денесі терімен жабылған, құстардың ше? (Қауырсындармен). Бізде аяқ бар, құстарда ше? (Сирақ). Біздің қолымыз бар, құстарда ше? (Қанат) Сарышымшық пен қарлығаш туралы салыстыру әңгімесін	бойынша бірдей және екі түрлі үйшіктерді салыстыру. **(математика негіздері)** Құстардың ән салғанын тыңдау. Дыбысына қарай қай құс екенін анықтау. Орманда ма әлде қалада өмір сүреді ма зерттеу. Қала мен орманның айырмашылықтарын білу **(қоршаған ортамен таныстыру)** Құстардың тіршілік ететін ортасы туралы әңгімелесу. **(Сөйлеуді дамыту)**	Құстарды топтастыру,әңгімелесу. **(математика негіздері)**

			құрастыруды ұсынады. Аудиожазбаны тыңдауға шақырады. Құстар сыртқы түрімен ғана емес, әртүрлі дыбыспен сайрауымен де ерекшеленеді. Аққу қиқулайды. Бозторғай шырылдайды. Бұлбұл сайрайды. Бүркіт шаңқылдайды. Көгершін, үкі уілдейді. Көкек көкектейді. Қаз қаңқылдайды. Қарға қарқылдайды. Қарлығаш, сауысқан шықылықтайды. Тоқылдақ тоқылдайды. Тырна тыраулайды. Үйрек барқылдайды. Торғай шиқылдайды. **Сергіту сәті:** Қарлығашқа ұқсайық, Кәне, қанат жасайық (Екі қолын қанат етіп жаяды). Қарлығаш боп ұшайық, (Қолын сермемей, қалықтаған қимыл жасайды). Орнымызға қонайық (Орындарына отырады). Орманның біз емшісіміз, Тоқ, тоқ, тоқ (Партаны үш рет ұрады). Құрт біткенді жоқ етеміз, Жоқ, жоқ, жоқ, (Қолдарын артқа ұстап, бастарын екі жаққа кезек бұрады). Тоқ, тоқ, тоқ, Жоқ, жоқ, жоқ. **Тәжірибе жасау: «Құс қауырсынының құрылысы қандай?»** Қарапайым тәжірибе жасайды: қауырсынды қарастырып, оның өзегі бар екенін, өзектен жіңішке талшықтардың		

			тарайтынын айтады. Қауырсынды суға салады, ол суланбайды деген қорытынды жасайды. Демек құстар қауырсынға бірдеңе жағады (мысалы, май). Қауырсынды бетіне тигізеді – жылы – демек, олар жылу үшін қажет. Қауырсынның ұшын кеседі – ішінде бос қуыс, демек, қауырсын жеңіл. **«Жасырынбақ»:** Суреттің артына бір құс жасырынып қалған: сирақтары мен құйрығы ғана көрінеді. Құсты ата (сауысқан). **«Торғайға жем шаш» тапсырмасын орындайды.** Сары шымшық тұзы аз майды жақсы көреді. Торғай – шемішкені, түрлі дәндерді жақсы көреді. Суықторғай – жидек жегенді ұнатады. Торғай үшін шемішкенің суретін сал. **Жұмбақтар шешеді:** 1.Талдың басында, Жемі бар қасында. Там тұр саялы, Достарға аялы. (Құс ұясы) 2.Тал басында түндіксіз отау (Ұя). Серуен кезінде құстың ұясын көрсетіп, бақылауды ұсынады. Құстар ұясын неден жасайды? Ұя салу үшін құсқа не қажет екенін анықтау. **Ойын: «Менің достарым» Шарты:**		

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Тақырыбы: «Тірі және өлі табиғат»** **Міндеттері:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету,мақал – мәтел айту өнеріне баулу. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету.Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге,желімдеуге қызығушылығын арттыру. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Табиғат бізге бай жерді, ағаштарды гүлдерді, жан-жануарларды сыйға берді. Балалар далаға қарайықшы терезеден не көріп тұрмыз? Ағашта жапырақтар бар ма? Ағаш,жер,аспан,үйлердің тасы осылардың бәрі табиғатқа жатады.	**Дене шынықтыру** **Міндеттері:** Допты жоғары лақтыруға және оны қос қолдап қағып алуға үйрету. Арқанның астынан оң және сол жақ бүйірмен еңбектеп өткен кезде дұрыс топтасу қабілетін нығайту,ептілігін дамыту. Балалардың қозғалыс тәжірибесін байытуды жалғастыру, денешынықтыру жаттығуларымен өз бетінше айналысуға құштарлығын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бір-бірден тізбекке тұру. Жүру, жүгіру, доппен түзету жаттығуларын жасау: допты қолына ұстап жүру (оң қолына), аяқтың ұшымен жүргенде – допты басынан жоғары көтеріп ұстайды, өкшемен жүргенде – допты алдында ұстайды. Екі тізбекке тұрады. **Доппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.** Жаттығулардың дұрыс орындалуына, арақашықтықтың сақталуына, бастапқы қалыпқа тұру, допты жерге түсіріп алмау қабілеттерін бақылайды. **Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды:**	**Тақырыбы: «Ыдыстар»** **Міндеттері:** Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ыдыс), байыту, олардың атқару қызметін ұғындыру. «Ы» дыбысына артикуляциялық жаттығу жасату, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруді жалғастыру. Қоршаған ортадағы заттар тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау. Тұрмыстық заттарға сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің	**Дене шынықтыру** **Міндеттері:** Допты еденге лақтыру, жерге тиіп секірген допты қос қолдың еркін қимылымен қағып алу қабілетін дамыту. Қойылған заттарға жанаспай, олардың арасымен бағытын ауыстыра отырып еңбектеу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз;ептілік, организмнің жалпы төзімділігін дамыту. Қайырымдылыққа, айналадағы тіршілік иелеріне жағымды көзқарас қалыптастыруға ықпал ету; салауатты өмір сүруге және отбасымен бірге дене тәрбиесімен айналысуға дағдыландыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын: «Белгіге құлақ сал». Қолдарына доп ұстап (оң қолға) зал ішінде «шашырап» жүреді. Бір-бірден тізбекке тұру. Жүру, жүгіру. Балалардың назарын кеңістікте бағдарлауға аударады. Екі тізбекке тұрады. **Доппен жалпы**	**Тақырыбы: «Ауа не үшін қажет?»** **Міндеттері:** Балаларға табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр туралы қарапайым түсінік беру. Маусымдық өзгерістерді дұрыс қабылдай білуге тәрбиелеу. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып салу. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Қысқа өлеңдерді жатқа айтуға, тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, ауа туралы білгілерің келе ме? Біз немен тыныс аламыз?

	Яғни бүгін сол табиғат туралы әңгімелесеміз. Табиғаттың өзі екіге бөлінеді тірі және өлі болып. Тірі табиғатқа: өсетін,көбейетін,тыныс алатын,қоректенетін нәрселерді жатқызамыз. -Қане кім айтады тірі табиғатқа нені жатқызуға болады екен? Өлі табиғатқа: өспейтін,көбеймейтін,қоректен бейтін, тыныс алмайтын заттарды жатқызамыз. Сонда өлі табиғатқа қандай заттар жатады деп ойлайсыңдар? Тиым Сөздерді бірге айтайықшы: 1.Далада от жағуға болмайды. 2.Суға түкіруге болмайды. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** Тобымызда тірі табиғатқа жататын қандай заттарды көріп тұрсыңдар? Біздің табиғат бұрышында гүлдер өсіп тұр, бірақ соның ішінде денсаулыққа пайдалы пияз жоқ, сондықтан біз бүгін сендермен ыдысқа пиязды отырғызамыз,мен сендерге пиязды егу тәсілін көрсетемін. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Ал, мына құм қандай табиғатқа жатады? Қане,бәріміз түтікшемен үріп көрейікші? Құмның бетіне пішіндердің суретін салыңдар? Кім қандай пішін салды,айтып берсін? **(сурет салу,математика негіздері)** Қорытынды.	Допты жоғары лақтыру және оны екі қолдап қағып алу. Жаттығуды түсіндіру және көрсету: допты алға-жоғары лақтырып, саусақтармен ұстау қажет. Допты өзіне жақындатып қыспайды. Биіктігі 40 см арқанның астымен бүйірімен (қапталдап) өту. Жаттығудың орындалу техникасын түсіндіру: арқанға жақындап, оң қапталымен тұрады, еңкейеді, арқанның астына алдымен оң аяғы мен оң жақ иығын, басын кіргізіп, өтеді, содан кейін сол аяғын шығарады, бойын тіктеп, тізбектің соңына барып тұрады. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** **Қим.ойын:** «Қояндар мен қасқыр» **Ойын шарты:** Балалардың жартсы қояндар,ал бір бала қасқыр болады. Алаңның бір бөлігіне қояндар өз үйлерін белгілейді. Келесі бөлігінде қасқыр өз апанында тығылып жатады. **Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі** **Міндеттері:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты	дамуын қадағалауға баулу. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға жапсыруға мүмкіндік беру. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. Қимылды ойындарда ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын: «Көңілді доп» Міндеті: Ыдыстардың атын атай білуге үйрету,жылдамдылыққа баулу. Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, педагог ортаға тұрып, балаларға допты ақырын лақтырады. Оны қағып алған бала кез келген ыдыстың атын айту керек. Жалпы асхана құралдарына не жатады? - Қазан, таба, тарелке, шәйнек, қасық, шаңышқы т. б.. Ыдыс - аяқтың түрлері өте көп. Олар өздері: 1. Тамақ жасауға арналған ыдыстар. 2. Тамақтануға арналған ыдыстар. 3. Тамақты сақтауға арналған ыдыстар болып бөлінеді. - Қалай ойлайсыңдар тамақ жасауға арналған	**дамытатын жаттығуларды орындау** **Ойын түріндегі жаттығу:** «Доппен фигура жаса» **Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау.** Допты жерге лақтыру және секіргеннен кейін қағып алу. Балаларға түсіндіру: қолды қыспай, саусақтардың арасын ашып, екі жаққа созамыз; допты жерге төмен қарай тігінен тастаймыз, жерге тиіп секіргеннен кейін, қолдың еркін қимылымен ұстап аламыз. Бір қатарға қойылған заттардың арасымен алақаны мен табанын тіреп еңбектеу (кегельдерді екі сызық бойына 6 данадан қойып шығады). Түсіндіру: қимылдарды балалардың бірі көрсетіп тұрады. Нұсқау: кегельдерді айналып, абайлап еңбектеу қажет. **«Біз көңілді балалар» ойынын ұйымдастыру** Ойын тәртібін түсіндіру. Қуғыншыдан қашып құтылу керектігін, жүгіргенде бір-бірімен соқтығыспау қажеттігін ескертеді. **Тақырыбы: «Көліктер»** **Міндеттері:** Қоршаған ортадағы заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп,	– Ауа қай жерде жүр қолмен ұстап көрейікші? – Кәне, кім ауаны ұстап алды? – Балалар, ауа бізге көрінбейді және ауаның иісі жоқ екен. Алайда ауа көрінбесе де, онсыз біз тіршілік ете алмаймыз. Ауасыз өсімдіктер де, жануарлар да тіршілік ете алмайды. Ауаның бар екендігін қалай білуге болады. – Су туралы сендер не білесіңдер? Сендер жаңбыр туралы не білесіңдер? Жаңбыр қайдан, қалай жауады екен? (Аспаннан). Жаңбырдың табиғат құбылысы екенін түсіндіру,теледидардан табиғат құбылыстарының бейнесін көрсету **(қоршаған ортамен таныстыру)** Жаңбырдың астында тұруға бола ма? Жаңбырлы күні қалай киінеміз? **(сөйлейді дамыту)** Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету,парақ бетінде бейнелеу. **(сурет салу)** Қағаз бетіне орналасқан бұлттың бейнесіне ермексаз (көк) жағу, жаңбырды

	Бүгін біз не туралы әңгімелестік? Тірі табиғатқа нелер жатады екен,ал өлі табиғатқа ше? Табиғат туралы мақал-мәтелдер: 1.Таза болса табиғат, Аман болар адамзат. 2.Туған жердің суы да тәтті, Топырағы да ыстық. **(көркем әдебиет)** **Музыка** пән жетекшісінің жоспары бойынша **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Міндеттері:** Қарды нысанаға лақтыруға, сермеуге үйрету. Бір-бірін шанамен сүйреу, шананы бірде оң, бірде сол қолымен сүйреу білігін дамыту. Тұрақты тепе-теңдік пен биікте жүрген кезде денені тік ұстап, дене сымбатын сақтау, одан аяқтың ұшымен жеңіл түсу қабілетін нығайту (сколиоздың алдын алу). Дұрыс тыныс алу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру. Қозғалыстың айқындығын, ырғаққа сәйкестігін дамыту. Қоршаған ортаның сұлулығын қабылдай білуге үйрету, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ырғақты-музыкалық қимылдар: музыканың ырғағымен тізбекте бір-бірден жүру, тапсырмаларды орындау: айналу, жеңіл әрі ырғақпен секіру. Ырғақты гимнастиканы орындау (балалардың өз қалауынша сапқа тұруына көмектеседі). **Тыныс алу гимнастикасы:** «Ха». Ауаны сыртқа шығарамыз. Ауаны	үзінділерін қайталап айтуға, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу өнеріне баулу. 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйренеді. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Күндей жарқырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жарқырап, Судай мөлдір таза көңілмен, Бүгінгі күнімізді бастайық. Балалар маған қарап күлімдейміз, Бір-бірімізге жылулық мейірімін сыйлаймыз. «Атадан қашты,ападан қашты» бұл ертегі не туралы? Балалар жауабы:«Бауырсақ» «Бауырсақ» ертегісін әңгімелеп беру.	қандай ыдыстарды білесіңдер? - Қазан, кастрөл, таба. - Қандай тамақты қазанға жасауға болады? - Ал табаға ше? - Кастрөлге ше? - Ал тамақтануға қандай ыдыстар жатады? - Тәрелке, кесе, қасық, шаңышқы, табақ т. б. **Жұмбақтар жасыру** Беті дуылдап тұр, Танауы шуылдап тұр. (Шәйнек) Аяғы жоқ, басы бар, Іліп алған асы бар. Тиген кезде қолыңа, Аузыңа тез асығар. (Қасық) Тіл ұстарту жаттығуы: Ыс-ыс-ыс Болсын мол ы-рыс, Болып қапты қыс. Аман болсын ту-ыс, Ыдыстарды жу-ыс. («Ы» дыбысының дауысты дыбыс екендігін айту.) **(сөйлеуді дамыту**, **қазақ тілі)** Балалар үстелдің үстінде әр түрлі ыдыстар тұр. -Мынау не? -Кесенің түс іқандай? -Мынау не? -Шәйнектің түсі қандай? Мынау не? Табақтың түсі қандай? Неше кесе,неше қасық көріп тұрсыңдар? Кесе көп пе,қасық көп пе? **(математика негіздері)** Ыдыстарды ұқыпты ұстау керек,өйткені ол тез сынады.	күнделікті өмірде қолдана білуге және жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға дағдыландыру. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. Қысқа өлеңдерді, тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну. Құрылыс материалдарынан құрастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ғажайып сәт. -Балалар таңертең балабақшаға келе жатқанда сиқырлы қорапша тауып алдым. - Ішінде не бар екенін көреміз бе? Бір-бірден таңдап алыңдар. -Балалар мұның ішінде тағы да жұмбақтар бар екен. Шешіп көреміз бе? Ал, мұқият тыңдайық. 1.Қанаты бар, жаны жоқ ,	мүсінін ермексаздан мүсіндеу және үй құрастыру. **(мүсіндеу, құрастыру)** Жау-жау, жаңбыр, жау, жаңбыр. Жауған жаңбыр – жауған нұр, Жердің шаңы басылсын, Гүлдің аузы ашылсын. Еккен егін көктесін Бізге нанды көп берсін Жау, жау! Гүлденсін бау! **(көркем әдебиет)** Ауа-райы туралы болжамдар. -Күзде тышқан биікке шығып шиқылдаса, ұзамай қар жауады. -Жылан мезгілінде ұйықтамаса, күз ұзақ әрі жылы болады. **(қазақ тілі)** Қимылдық ойын «Күн мен түн» Міндеті: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. керек. **(дене шынықтыру)**

	ысқырған дыбыс шығару арқылы ауыздан шығарады («с» дыбысын айтқандағы сияқты). Шығып жатқан ауаға тілімен кедергі келтіреді. **Негізгі қимылдарды орындау.** **Ойын жаттығуы:** «Кім мерген?» (8 рет) Қарды нысанаға оң және сол қолмен лақтыру. Қар үйіндісінің жоғары жағына педагог текшелерді қояды. Балалар 2 метр қашықтықтан оған қарды тигізуге тырысады. **Ойын түріндегі жаттығу:** «Лақтыр-қағып ал». Еске салу: допты алдына шығарып ұстайды және алға-жоғары лақтырады, ұстағанда саусақтарының арасын ашып тұрады. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қуыспақ» Спорттық жаттығулар – бір-бірін шанамен сырғанату. Педагог сүйреген кезде қолды ауыстыруға – шананы бірде оң, бірде сол қолмен ауыстыруға, денені алға қарай еңкейтуге баса назар аударады.	Ертеде бір ата мен әже болыпты, ата әжеге бауырсақ пісіруді тапсырады. Осы кезде әже,егерде сен маған жыл мезгілін айтсаң тәтті бауырсақ пісіремін депті. Ал ата болса есіне түсіре алмай бізге келіп көмек сұрап отыр. Балалар атаға көмектесеміз бе? - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Ай аттарын ретімен кім айтады? - Аптаның қай күні? -Аптада неше күн бар? - Қандай мерекелерді тойладық? -Балалар атаға көмектесіп,атаға әже бауырсақ пісіреді. Ыстық бауырсақты әже терезеге суытып қояды. Осы кезде ыстық бауырсақ домалап қаша жөнеледі. «Атадан қаштым, ападан қаштым» алдынан қоян шыға келеді. Қоян: Иісің қандай тәтті? Атың кім? Бауырсақ: Бауырсақпын. Қоян: Мен сені жеймін! Бауырсақ: Қоян сен мені жемеші мен саған өлең айтып берейін. **(қазақ тілі)** Қоян: Маған өлең керек емес, мына тапсырмаларды орындасаң жіберемін. Тәрбиеші: Бауырсаққа көмектесейік. 1 тапсырма: 1-ден 5-ке дейін	Сынған ыдыстың ұшы өте үшкір болады. Қолдарыңды жаралап алуларың мүмкін. Сондықтан, балалар, ыдыстарды сындырып алмау үшін,үстел үстінен алған кезде екі қолмен абайлап алу керек. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Тәрелкені ермексаздан жасау және суретін саусақ арқылы бастыру. Халық бұйымдарының желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеуге үйрету. **(мүсіндеу,сурет салу)** «Түлкі мен тырна» ертегісі. Ертегі ұнады ма? Түлкі мен тырна бір-біріне ренжісіп қалды. Оларды достастыру үшін түлкісің тәрелкісін және тырнанын құмырасын әдемілеп береміз. (к**өркем әдебиет,жапсыру)** Ыдыстарға конструктордан үстел құрастыру. **(құрастыру)** **Қимылдық ойын «Түлкі мен қаздар».** **Шарты:** Түлкі мен қаздың қимыл ын келтіру арқылы ойнау. **(дене шынықтыру)** **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.	Табаны бар, аяғы жоқ . Өзі ұшады, аспанда жүреді , Теңізден де, таудан да өтеді. (Ұшақ) -Жарайсыңдар! Қайсы кімнің қолында ұшақ бар?2. Қос күрекпен еседі, Су көлігі деседі. -Дұрыс таптыңдар! Қайсы кімнің қолында қайық бар? 3.Жүргізуші жүргізеді, Төрт аяқты батырды. Қолындағы жұмбаққа сәйкес тапқан көліктерін көрсетеді. Балалар,машина,ұшақ,зы мыранды бір сөзбен көліктер деп атаймыз.Міне балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс әрекетіміздің тақырыбы «Көліктер» деп аталады. Балалар, қазір сендермен көлік деген сөздің төңірегінде әңгіме жүргізетін боламыз. - Көлік дегеніміз не? - Ол адамға неге қажет? - Сендер балабақшаға қандай көлік түрлерімен келесіңдер? Дыбыстық жаттығулар: Кө -кө -кө-көлік. Шақ-шақ-шақ-мынау-ұшақ. Үш-үш-үш-ұшақ ұшты. Ұшақ ұзақ ұшты. Жаңылпашмен таныстыру. Ұшып кетті үш құс. Ұшып келді ұшқыш.	

		сандарды ретімен орналастыр. 2 тапсырма:1-ден 5-ке дейін тура және кері сана. 3 тапсырма: 1-ден5-ке дейін санамақ айт. **(математика негіздері)** Серіту сәті: Ал, балалар, келіңдер, Бой жазайық бәріміз- Мойнымызды бұрамыз, Қолымызды созамыз, Топ-топ басып аяқпен, Орнымызға барамыз. Қоян бауырсақты жібереді.Бауырсақ әндете жөнеледі.Алдынан қорбаңдап аю шығады. Аюдың қолындағы тапсырмасын орындау. Бауырсаққа балалар көмектеседі. 1-тапсырма:сурет бойынша әңгіме. 2-тапсырма: «Көңілді гимнастика» Қолымызды көтереміз,оң қолды төмен түсіріңдер,сол қолды жоғары, оңға бұрылу, солға бұрылу. 3-тапсырма: Екі пішінді пайдаланып үй құрастыр. **(құрастыру)** (Ұжымдық жұмыс) Бауырсақ аюдың тапсырмасын орындап домалап әрі кетеді. Осы кезде алдынан аш қасқыр шыға келеді. Тістерін ақсита сен кімсің? Исің қандай тәтті? Мен сені жеймін! Бауырсақ сен мені жеме мен саған өлең айтамын. Қасқыр: Сенің өлеңіңнің		Балалар көліктердің өзі төртке бөлінеді: Әуеде жүретін көліктер - Ұшақ, Тікұшақ,зымыран. Суда жүретін көліктер – Кеме, қайық. Темір жол көліктері – Поезд. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** Ал, жерде жүретін көліктердің өзі екіге бөлінеді екен. Олар жеңіл және ауыр көліктер. Мысалы автобус,жедел жәрдем көлігі, жүк көлігі, өрт сөндіру көлігі т.б. Ойын: «Жеңіл,ауыр» Шарты: Ойын ойыншықтармен орындалады. **(математика негіздері)** -Құрылыс бөлшектерінен көліктерге гараж құрастыру (ер балалар). **(құрастыру)** -Қима бөліктерден көлік түрлерін жапсыру. (қыз балалар) **(жапсыру)** (математика негіздері) Сергіту сәті: «Көңілді көліктер» **(музыка)** Көшедегі қимыл-қозғалысты реттеу үшін не қажет деп ойлайсыңдар? (Бағдаршам қажет) - Бағдаршам туралы кім тақпақ біледі? Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға. Сары көзін ашқанда,	

		қажеті жоқ сен оданда менің тапсырмама көмектес. 1-тапсырма: Суреттегі жабайы аңдардың тіршілік ету ортасы,азығы туралы әңгімелеп бер. **(қоршаған ортамен таныстыру)** 2-тапсырма: Онда менің жұмбақтарымды шешіп көріңдер. 1. Қыста ақ, Жазда сұр. (қоян) 2.Қорбаң- қорбаң етеді, Орманда ол жүреді (аю) 3.Орманда тұрады, өзі бір қу, Жүрген жері айқай-шу. (түлкі). **(сөйлеуді дамыту)** Бауырсақ әндете домалап кете барады. Осы кезде алдынан қуланып қу түлкі шыға келеді. Түлкі бірден, бауырсақ сенің дауысың қандай әдемі! Сен маған өзің туралы және мен туралы ән айтып берші. Дос болайық. Түлкі бауырсақ балалармен қосылып ән айтады. **(музыка)** Қорытынды: Балалар ұйымдастырылған іс-әрекет соңында бауырсақ кейіпкерлерін ақ қағаз бетіне түсіріп, көрме ұйымдастырады. **(сурет салу,жапсыру,мүсіндеу)**		Қарап қалма аспанға. Жасыл көзін ашқанда, Өте бергін жасқанба - Жолда жүру тәртібі не үшін қажет ? *(Жол апаты болмау үшін)* - Ал, машина туралы тақпақты кім айтады? Тақпақ айту: Бип-бип,бип дейді. Жолдан былай кет – дейді. Күшікті басуға, басуға, Болмайды, болмайды машина. Бип-бип-бип. **(көркем әдебиет)** Дидактикалық ойын: *«Бағдаршам» ойыны.* Ойын шарты: Бір бала - «Бағдаршам» болып тұрады. Ол қызыл түсті көтергенде, балалар бір адым артқа, сары түсі көтергенде орындарында тапжылмай тұрады. Жасыл түсі көтергенде, бір адым алға жылжиды. Көліктердің түрлерін ажырата білу. Слайд арқылы көрсетіледі. -Балалар, жедел жәрдем көлігі кімдерге қызмет етеді. (Ауырып қалғандарға) -Жол полициясы қандай қызмет атқарады? (Жол тәртібін қадағалайды) -Өрт сөндіретін машина қандай қызмет көрсетеді?	

				(Өрт болған жағдайда) -Автобус, пойыз, ұшақ не үшін керек? (Ұзақ сапарға . шыққанда керек) -Дұрыс айтасыңдар, машина жүргізетін адамды кім деп атауға болады? Пойызды жүргізетін адамды кім деп айтамыз? Ұшақты кім басқарады? Жарайсыңдар балалар. **Қорытынды:** Дидактикалық ойыны «Бұл қандай көліктер» Мақсаты: ойыншық көліктердің ішінен суда, әуеде және жерде жүретін көліктерді ажырату. Балалар көліктерді үшке бөліп көрсетеді. Балалар, үйде аға – әкеміз көлікпен жолға шығуға дайындалып жатса,біз не дейміз? Балалар: «Жолың болсын» дейміз «Бағдаршам» әдісі. Түсінсеңдер жасыл көзді, орташа түсінсеңдер сарыны, түсінбесеңдер қызыл көзді көрсетіңдер. Балаларды мадақтау. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	
Серуенге дайындық	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райының жағдайына байланысты).Ауа –райының құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу.				
Серуен	**№27** **Жапырақтардың толық түсуін бақылау** **Міндеттері*:*** Өсімдіктер дүниесінің маусымды өзгерістері туралы түсініктерін	**№ 14** **Аула сыпырушының жұмысын бақылау** **Міндеттері:** Аула сыпырушының еңбек ету	**№ 21** **Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақ**	**№ 15** **Балалармен жеке жұмыс** **Жеңіл көлікті бақылау** **Жұмбақтар шешу**	**№ 3** **Желдің соғуын бақылау** **Міндеттері:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын

	жалғастыру: жалаңаш ағаштар. Жапырақтардың қайдан түскенін, қайда түскенін, түсі қандай болғанын естеріне түсіру. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты білуді және табиғатпен қарым-қатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақ** Ағайынды бәрі, Шықса жасыл, Түссе сары. (Жапырақ) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Соқыр теке» ойыны»** **(орыс ұлттық ойыны)** **Міндеттері:** Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың ойынға қатысуын қадағалау. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Ауладағы жұмыс.** **Міндеттері:** Жапырақтарды тырмауышпен жинауды үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету. Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Құнан шабысы»** **(Қырғыз ұлттық ойыны)** **Міндеттері:** Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс** **Мақал-мәтел жаттау** Еңбексіз өмір – сөнген көмір. **Коммуникативтік дағды** **Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу** **Міндеттері:** Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Қысы-жазы бір түсте. (Шырша)** **Коммуникативтік дағды** **Міндеттері:** Балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды танып білу. Сыртқы бейнесіне қарап: шырша – инелері қысқа және ашық түсті емес. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын «Бос орын»** **Міндеттері:** Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Құстарды тамақтандыру** **Міндеттері:** Табиғат бұрышының мекендеушілерін тамақтандыруға үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	Арқасында алып жүр, ала тайым шауып жүр. (Автобус) Табаныңда жолы бар, төбесінде қолы бар. (Трамвай) **Коммуникативтік дағды** **Міндеттері:** Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөліктері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк машинасы мен жеңіл машинаның айырмашылықтарын атап көрсету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Такси»** **Міндеттері**: Қос аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен, обручпен қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермей ойын ережесін сақтауға тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** **Берілген жеке тапсырманы орындау** **Міндеттері:** Еңбекке деген түзу көзқарастарын дамытып, тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру»** **Міндеттері:** Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болатынын түсіндіру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмек** **Міндеттері:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақ** Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафқа салу, қолды жуу				
Түскі ас	Кезекшілердің жұмысы. Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою.				

	Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату **(музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсекте жатып жасайтын жаттығулар. (2-3 минут) Созылу б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтын ұшын өзімізге қарай тартамыз. (2- 4 рет) Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру. (2- 4 рет) Майтабанның алдын алу. (2 минут) Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтын ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру. Арнайы жолдармен жүру. Отырып аяғымызды оңға солға тербету. (3- 4 рет) Ауызды тұзды сумен немесе сарымсақ тұнбасымен шаю.				
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. «Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. **(Көркем әдебиет)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Топтық жұмыс: Композиция құрастыру. Қағаз бетіне ермексаздан күннің бейнесін жасап,орналастыру, ағаштың бейнесі мен құстың бейнесін құрастырып,жапсыру. **(құрастыру,жапсрыу,мүсіндеу)**	Мобильді кітапханадан ертегіні тыңдау. Үстел үсті конус театры арқылы «Бауырсақ» ертегісін сахналау. **(көркем әдебиет)**	**В/к: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы:** «Кішкентай зерттеушілер» **Міндеті:** Тәжірибе арқылы жер астында ауа бар екенін көрсету. Топырақты таптаудың нәтижесінде жер асты тұрғындарының өмір сүру жағдайлары нашарлап жатқанын көрсету. Балаларға демалыс кезінде мінез-құлық ережелерін сақтау қажет екендігін көрсетіп, өз бетімен қорытындыға келуге көмектесу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері. «Табиғат» бейнежазбасын тамашалау. Бейнежазбаны әңгімелеп, талқылау.	Еркін ойындар. Дөңгелек сызықтарды жүргізу арқылы көліктің дөңгелегін бейнелеу. **(сурет салу)** Балалардың қалауы бойынша көліктерді мүсіндеу.**(мүсіндеу)**	Жау-жау жаңбыр өлеңін тыңдату. **Музыка** Жаңбырдың тамшыларын жапсыру. **(жапсыру)**

			Тәжірибе: гүлдің топырағын қопсыту. Оған су құю. Аквариум ішіндегі тіршілікпен таныстыру. Қорытынды: Сұрақ-жауап арқылы білімдерін бекіту. Жер – Ананы,туған жердің табиғатын сақтау үшін не істей аламыз? Балалармен бірлесіп,топқа гүл отырғызу.		
Балалармен жеке жұмыс	**Есен Айзеремен жеке жұмыс** Топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Жолашева Ақтілекпен жеке жұмыс** Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізе білуге үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Амирали Айсұлтанмен жеке жұмыс** Біртекті заттарды топтастырып,олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Болатұлы Санатпен жеке жұмыс** Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерту. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Мырзағали Адиямен жеке жұмыс** Қарапайым сюжеттік композицияларды құрауды, мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игерту. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, топтық ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу.				
Серуен	№ 27	№ 14	№ 21	№ 15	№ 3
Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафқа салу, қолды жуу.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым «Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы
Тобы «Гүлдер-ай» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 04.12 - 08.12 2023 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.12.2023	Сейсенбі 05.12.2023	Сәрсенбі 06.12.2023	Бейсенбі 07.12.2023	Жұма 08.12.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау. «Демалыс күндері қайда бардың?» Міндеті: Өздігінен сөйлеуге сұранысын қалыптастыру үйрету. **Сөйлеуді дамыту**	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалармен қыс мезгілі туралы әңгімелесу. **Сөйлеуді дамыту**	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі. Көңілді доп арқылы қарсы алу **Дене шынықтыру**	Балаларды Смайликпен қарсы алу, Табиғат құбылыстарының өзгеруі туралы әңгімелесу. **Қоршаған ортамен таныстыру**	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. «Ойыншықты тап» Міндеті: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. **Математика негіздері**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Баланың тілдік дамуы жайлы әңгіме.	Ата-аналармен әңгіме: Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Үстел-үсті ойыны: №56 «Жалпы атауын ата» Шарты: Сурет қиындыларынан ыдыстың бейнесін құрастыру. **Құрастыру**	**Картотека №10** **«Ұлттық киімдерді ата»** **Шарты:** Әр түрлі ұлттық киімдер көрсетіледі, балалар киімдердің атауларын атау қажет, QR арқылы тыңдау, ажырату. **Сөйлеуді дамыту**	**Ойын:** **№43 «1 ден 5 ке дейінгі сандар»** **Шарты:** 1 ден 5 ке дейінгі сандарды ретімен орналастыру, тура және кері санау. **Математика негіздері**	**Ойын: «Достық неден басталады»** **Шарты:** мен сендерге достық туралы сөздер айтамын оған иә немесе жоқ деп шапшаң жауап бересіңдер. **Сөйлеуді дамыту**	«Қапшықтан неше ойыншық алдың?» Шарты: Тәрбиеші балаларға қолдың саусақтарымен сипалап білу арқылы қапшықтан 4 шарик алуды тапсырады. Қапшықтан шариктерді алып, стөл бетіне қояды және атайды.
Ертеңгілік жаттығу	№7 жаттығулар кешені				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті (кезекшілік)). Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру **(сөйлеуді дамыту, қимылды, коммуникативті әрекет).**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Жұмбақтар жасыру** Есігі біреу,Бөлмесі бесеу. (Қолқап) Адамның сәні,Онсыз жоқ мәні. (Киім) Ерте тұрдым да, Қос жолға түстім. (Шалбар) **Көркем әдебиет**	«Қыс күні» Жапалақтап ала қар Жауды күнде қайталап, Қырға шықты балалар, Шаңғыларын арқалап. Жұлдыз болып ағамыз Ақ мамықтың үстімен. Біз спортшы боламыз, Үлгі аламыз күштіден **Сөйлеуді дамыту**	**Санамақ жаттау** Бір дегенім – бидай, Ас атасы дейді – ай. Екі деген – емен, Сондай қатты екен. Үш дегенім – үйеңкі, Жанға жайлы көлеңке. Төрт дегенім – тарақ, Шашыңды жүрсін тарап. Бес дегенім – бұта, Шығады ол жылда. **Математика негіздері**	**Отан туралы мақал айту.** Отан оттан да ыстық, Жалыны бар шоқтан да ыстық. **Көркем әдебиет**	**Тіл ұстарту жаттығуын бірге қайталау.** Ла, -ла, -ла - ол білімді бала Ла,-ла,-ла-салынып жатыр қала Ла, -ла, -ла - жайнап тұр ғой дала ,Рет, -рет, -рет - бала салды сурет Тер, -тер, - тер - алып келдім дәптер Дар, -дар, -дар - келді біздің қыздар

					Тыр, -тыр, -тыр - біздің Қайсар батыр **(қазақ тілі)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Тақырыбы: «Қонақтарды күтеміз»** **Міндеттері:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету.Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар бәріміз суретке назар аударайық. Балалар біз бүгін қонақ туралы әңгімелейміз. Ойын: «Көңілді доп». Шарты: Тәрбиеші балаларды шеңбер бойымен тұрғызып,допты лақтырады, қағып алған бала ыдыстың атын атайды. - Балалар сендердің үйлеріңе қонақтар жиі келе ме? - Қандай тамақтар пісіреді? - Сендер үйге келген қонақпен қалай амандасасыңдар? -Балалар біз қазақ ұлты өте қонақжай халық. Сондықтан да	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: Біз саяхаттап жүрміз** **Міндеттері:** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. **Негізгі қимылдар:** Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта), допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру (2 м қашықтықтан). Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).	**Тақырыбы: «Құстар біздің досымыз»** **Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде айта алуға үйрету.Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалауға баулу. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді атай білуге үйрету. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: Кәнеки, аңдар, бізге құлақ салыңдар! Міндеттері:** Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). Қойылған заттарға жанаспай, олардың арасымен бағытын ауыстыра отырып еңбектеу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз; ептілік, организмнің жалпы төзімділігін дамыту. салауатты өмір сүруге және отбасымен бірге дене тәрбиесімен айналысуға дағдыландыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын: «Ақ қоян » Шарты Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. **Доппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау Ойын түріндегі жаттығу:** «Маған қарай еңбекте» ойынын ойнау.	**Тақырыбы: «Үй жануарлары»** **Міндеттері:** Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, Көлемі мен пішіні бойынша таңдау, Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдана білуге үйрету. Қысқа өлеңдерді жатқа айтуға, тақпақтарды, өлеңдерді жаттауды есте сақтауға баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Үй жануарлар туралы әңгімелесу. Жұмбақ жасыра отырып жануарларды шығарып, тақтаға іледі: Екі найзасы бар, Екі айнасы бар, Төрт шылдырмағы бар, Бір шыбыртқысы бар. (Сиырдың суретін іледі) -Сиыр адамға не береді? -Жылқы адамға не береді?

	үйге келген қонақ-қа ілтипатпен қарау керек екен. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** ойын: «Түріне қарай топтастыр» Шарты: Ыдыстар, қысқы киімд ер, үй жиһаздарын ажыратып жинау керек. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Ыдыстардың аттарын атайды, ыдыстар қандай пішіндерге ұқсайды екенін айтып суретін салыңдар? Қандай пішіндер екенін айтып берсін? **(сурет салу,математика негіздері)** Бүгін біз не туралы әңгімелестік? «Түріне қарай топтастыр» Мақсаты: балалардың есте сақтау қабілетін арттыру, шапшаңдыққа баулу. Шарты: Үш бала қатысады. Қысқы киімдер, ыдыстар, үй жиһаздарын ажыратып жинау керек. **(көркем әдебиет)** **Музыка** пән жетекшісінің жоспары бойынша **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: Қоянға қонаққа барайық** **Міндеттері:** Кеудеге арналған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.	**Қимыл-қозғалыс ойыны:** **Қим.ойын:** «Қояндар мен қасқыр» **Ойын шарты:** Бір бала қасқыр болады, ал қалған балалар қояндар болады. Жайлымға шыққан қояндарды қасқыр қуады. **Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Шалқан» ертегісі** **Міндеттері:** Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ айту баулу. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға үйрету. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда. Қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бас бармағым әкем, Балан үйрек анам, Ортан түйрек ағам, Шылдыр шүмек апам, Кішкене бөбек кім? Мен. Бір үйде біз нешеуміз, Бір үйде біз бесеуміз.	реттіліктері атай білу керек. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын: «Сөйлемді аяқта» Шарты: мен сендерге сөйлемнің басын бастаймын, сендер аяқтайсыңыздар. - Құстар ұша алады, өйткені ... - Оның қанаты бар. - Құстар қоректенеді ... - Құрт, құмырсқа, жәндіктер, дәндермен. - Көктемде қайтқан құстар ... - Тырна, ұзақ, аққу, қарлығаш. - Аяздан қорықпайды ... - Қарға, торғай, сауысқан. - Үй құстары ... Әтеш, тауық, үйрек, қаз. - Құстар қорғайды ... Ағаштарды. - Құстар бір–біріне ұқсайды, ... - Жүнімен, қанатымен, құйрығымен, тұмсығымен, жұмыртқасымен, аяғымен ұқсайды. **Тақпақты қайталау.** Шыр – шыр еткен торғайды Қорғамасақ болмайды. Кіп – кішкентай торғайлар Ағаштарды қорғайды. Сергіту сәті: Қарлығаш боп ұшайық. Торғай болып қонайық. Сауысқан боп секіріп Тоқылдақ боп шоқиық Қане қанат жазайық	**Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау.** «Қояндар» бір шетіне 5-6 үйшіктер сызылады. Олардың алдына орындықтар қойылады. Қарсы бетте күзетшінің үйі бар. Үй мен қояндар күркесі арасында ойнайтын алаңдар болады. Қояндар күркелерінде жүресінен отырады. Күзетші күркелерінен қояндарды жайылысқа шығарады. Қояндар секіреді, билейді, ойнайды. **«Біз көңілді балалар» ойынын ұйымдастыру** **Ойын:** «Қояным, қояным тұршы» ойынын ойнау. **Тақырыбы: «Отаным отбасынан басталады»** **Міндеттері:** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Отбасындағы сүйіспеншілігі, сыйласты ғы туралы түсінік қалыптастыру; Отбасындағы өзара сыйластық, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген	-Үй жануарларының төлдерін қалай атаймыз? **ойын: «Енесін тап»** Тақтаға үй жануарларының суреті ілінеді. Қасына төлдерін тауып қоюды ұсынады. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Төлдер туралы тақпақ айтуды Жылқы төлі-құлыншақ, Тұяғы жерге ұрыншақ. Сиыр төлі-бұзау, Сүйкімді әрі асау. Қой төлі-лақ, Тыныш тұрмайды бірақ. **(сөйлейді дамыту)** Жұмбақ жасырады: Өзі үлкен жануар, Үстінде екі тауы бар. Ол не? Балалар түйенің суретіне қарап суреттер салады. **(сурет салу)** Балалар үй жануарларды мүсіндеу,кесек ермексаздың бір бөлігін үзіп алып, денесін домалақтап мүсіндеу. екінші бөлігін алып, мойынын, басын, аяқтарын жасау және жануардың қорасын құрастыру. **(мүсіндеу, құрастыру)** Ертегі «Үй жануаларының таласы» Ертегісін балаларға оқып беру, ертегіні сомдау. **(көркем әдебиет)** **ойын: :«Не қалай дыбыстайды?»** Лақтар, марғаулар, күшіктер, бұзаулар, қозылар тобы болып бөлініп, қай төлдің аты

	Заттар арасымен доптарды, құрсауларды домалату. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта), допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру (2 м қашықтықтан). **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ырғақты-музыкалық қимылдар: музыканың ырғағымен тізбекте бір-бірден жүру, тапсырмаларды орындау: айналу, жеңіл әрі ырғақпен секіру. **Дербес қимыл белсенділігі.** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. **Негізгі қимылдарды орындау.** Спорттық жаттығулар**.** Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** **Ойын:** «Аю мен қояндар»	-Мына суретте қай ертегі бейнеленген? -Бұл ертегіде қандай кейіпкерлер бар? Ертегідегі шалқанды кім екті? -Немересі көмекке нені шақырды? -Шалқан ертегісіндегі ең соңғы көмекке келген кім? **(қазақ тілі)** 1 тапсырма: 1-ден 5-ке дейін тура және кері сана. 2 тапсырма: мына пішіндер қандай пішіндер деп аталады? Қанша бұрыштары бар? Түстері қандай? Логикалық тапсырма. Себетте үш алма бар, тәрелкеде екі алма қосқанда барлығы болады неше алма? **(математика негіздері)** Серіту сәті: 1 дегенде тұрайық, 2, 3, 4,- алақанды соғайық. Оң жаққа бұрылып, сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, біз жүгіріп алайық. 5 дегенде асықпай, Орнымызды табайық. Ал енді ойынымызды әрі қарай жалғастырайық. 1-тапсырма:сурет бойынша әңгіме. 2-тапсырма: пішінді пайдаланып ертегіні құрастыр. **(құрастыру)** **Жұмбақ шешу:** Шалқан ертегісінің бір кейіпкері екен. Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады Бойын жазып керіліп	Қарлығаш боп ұшайық Ұшып – ұшып алайық Орнымызға қонайық. Мынау қандай құс? - Қандай бөліктерден тұрады? - Құстар қайда өмір сүреді, мекендейді? **(сөйлеуді дамыту**, **қазақ тілі)** Ойын: «Қандай құс» Құстардың көлемдерін «барлығы қанша?» анықтатады. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) ойынын ойнаймыз **(математика негіздері)** – Ал енді балалар менің сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. «Тал басында тамаша үй». (ұя) – Жарайсыңдар, осы ұяны нелер мекендейді? – Құстар туралы сендер не білесіңдер? **«Құстарды топтастыру»** Мақсаты:үй құстарын, дала құстарын ажырату **(қоршаған ортамен таныстыру)** Балалар құстын суретін қарап ермексаздан жасау және құстың суретін салады . құстарды мүсіндеуге үйрету. **(мүсіндеу,сурет салу)** Құс сұлуы аққуым, Табиғат көркін сылаған Мылтығын кезеп еш мерген, Атуға көзі қимаған Сұлулықты паш етіп Жырлаған талай ақындар	сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Жұмбақ жасыру:** Маған да, саған да, Жақын туыс бес адам. Үш әріптен тұратын Оңға оқы, солға оқы Өзгермейді еш одан. Бәрі-де өз жұртың Айтады, қане кім атын? (ана, апа, аға, іні, ата) -Суретте нені көрдіңдер? (сурет бойынша әңгіме) -Отбасы деген сөзді қалай түсінесіңдер? -Өз отбасыларыңды неге жақсы көресіңдер? Дыбыстық жаттығулар: Та – та – та Ақ сақалды ата Е – е – е Ақ жаулықты әже Ке – ке – ке Асқар таудай әке На – на – на Мейірімді ана Ға – ға – ға Қамқоршы аға **(қазақ тілі)** **Тақпақтар қайталап айту.** Әжеме Әжем менің дара ай Әжем менің анамдай Әжем менің қамқоршым Әжем менің ақылшым. Әкеме Әке, әке, әкешім Үйретесің ғылымды Күлімдейсің өзің де Жетелеші әкешім. ойын. «Кім жоқ?» –	аталады сол топ дауысын келтіруді ұсынады. Сонымен, жылқы не істейді? -кісінейді, сиыр – мөңірейді, қой, ешкі - маңырайды, түйе- боздайды. мысық – мияулайды, ит — үреді **(қазақ тілі)**

		Беті қолын жуады. (мысық) Шалқандағы суреттегі аңдардың тіршілік ету ортасы,азығы туралы әңгімелеу. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Ойын: «Кім тапқыр?» (Тәрбиеші ертегі кейіпкерлерінің орнын ауыстыру және алып тастау арқылы балалардың байқампаздығын арттырады) **(сөйлеуді дамыту)** **Топқа бөлеміз** **1 топ: Жапсыру** Ертегі сюжеті бойынша кейіпкерлерді қағаз бетіне желіммен жабыстыру Балалар ертегі кейіпкерлері жабыла отырып нені суырып алды? **2 топ: Мүсіндеу** Шалқанды мүсіндеу. **3 топ: Сурет салу** Шалқан бейнесін дәстүрден тыс сурет салу арқылы бейнелеу. **Музыка** желісімен қимыл жасау.Балалар, шаршаған боларсыңдар, кәзір серігіп алайық. Орнымыздан тұрайық. **(музыка, сурет салу,жапсыру,мүсіндеу)**	Нәзік үнді, көл көркі Құс патшасы мен болам Мен қарлығашпын Адамның тұрағымын Мекен етіп тұрамын Тазалаймын үй – ішін Ел аузында мақтаулы Тазалықшымын төселген (**көркем әдебиет,жапсыру)** **«Құсты және ұясын құрастыр»** ойынын ойнаймыз. (Геометриялық пішіндерден құс бейнесін, ұясын құрастыру) **(құрастыру)** **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.	Тақтада отбасы мүшелерінің суреті ілулі тұрады. Балалар көздерін жұмады. Тәрбиеші тақтадағы бір отбасы мүшесінің суретін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, мұқият қарап шығып, кімнің суреті жоқ екенін айтады. **(сөйлеуді дамыту)** Мен сендерге отбасы жайлы санамақ айтайын сендер тыңдап отырыңдар. Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық, екеуміз. Бас бармағым – атам Балан үйрек – әжем Ортан терек – папам Шылдыр шүмек – анам Кішкентай бөбек – мен! Бәріміз бірге қайталап айтайық. **(математика негіздері)** Отбасы туралы тақпақтар: 1-Құт береке атаң қымбат, Мейірімді әжең қымбат, Асқар тауың әкең қымбат, Аймалайтын анаң қымбат. 2-Анаң деген ақылшың, Анаң барда батырсың. Ұясында кім болса да, Тек анаңа жақынсың. **(көркем әдебиет)** Мына қима суреттерді құрастырайық. Нені құрастырдық? Кім бар? Жүректен – жүрекке: Балалар бір - бірінің	

				қолдарынан ұстап, шеңбер құрып тұрады. - Аяулы анам мейірімді! - Қадірлі әкем мейірімді! - Әлпештеген әжем мейірімді! - Еркелеткен атам мейірімді! 1. Отбасы мүшелерін ата. 2. Отбасыңа қандай көмек көрсетесің? 3. Ата – анаң қайда жұмыс істейді? **(қоршаған ортамен таныстыру,құрастыру)**	
Серуенге дайындық	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райының жағдайына байланысты).Ауа –райының құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу.				
			Ә-ә-ә – әже Ә-ә-ә – әке І-і-і-ің-ің-сің-лі. **(қазақ тілі)** Қазір бәріміз топтарға бөлініп, мынадай тапсырма орындайық. 1 топ: «Отбасымның портреті» **(құрастыру,жапсыру)** 2 топ: «Суретті жалғастыр» **(сурет салу)** 3 топ: Отбасы мүшелерін мүсіндеу. **(мүсіндеу)** Қорытындылау: 1. Отбасы мүшелерін ата. 2. Өз үйіңдегі отбасы мүшелерінің міндеттері туралы айтып бер? 3. Отбасыңа қандай көмек көрсетесің? 4. Ата – анаң қайда жұмыс істейді? Отбасы - ол ең жақын адамдардың ошағы. Әрқашан отбасы мүшелерін сыйлап, құрметтеу керек екені айтылады. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	сезімін білдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Өлең оқу. Айналамда ұшып жүр, Ақ мамық қар себелеп. Қалт-құлт еткен бейне бір, Ақ қанатты көбелек. Үстіме жалп-жалп жауады, Ақ тауықтың жүніндей. Жайнатады даланы, Ақ жібектің түріндей. Ауа райында қандай өзгерістер болып жатыр? Қазір жылдың қай мезгілі? Қыстың болғанын қалай білдіңдер? Ауа райындағы өзгерістерді қалай байқадыңдар? «Қыс» мнемокестесі бойынша әңгіме құрастырту.**(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** «Қар неліктен жұмсақ?» зерттеу жұмысын жүргізу. Кішкентай шелектерге қар және құм салып, олардың қайсысы ауыр не жеңіл екенін анықтау. Қара парақ бетіне түскен қарды үлкейткіш әйнекпен қарау. Қарды үрлеу, оны жеңіл, үлпілдек және жұмсақ екенін анықтау. Ақыл-ойды дамытуға арналған жаттығу өткізу. Қыста аспаннан не жауады? Қыста немен ойнауға болады? Қай мереке тек қыста болады? Жаңа жыл мерекесін кіммен тойлайсыңдар? Жаңа жылда сендер кімді күтесіңдер? Мерекеде дастарханды кім жаяды,анаңның,әкеңнің,туыстарыңның аттарын білесіңдерме?	Жоғарыдағы орындық пен төменгі орындықта отырған аңдарды мұқият қарап шығамыз. –Жоғарыдағы орындықта неше аң отыр? –Оларды атап беріңдерші? –Ал енді, балалар, жоғарыдағы орындық пен төмендегі орындықта отырған аңдарды сан жағынан салыстырыңдар? Қайсы аң кетіп қалды? –Қанша аң кетіп қалған болса, сонша дөңгелекті бояңдар. **(математика негіздері,сурет салу)** Сергіту жаттығуы. Бірде аңдар суатқа су ішуге келе жатты: (балалар шеңбер бойымен бір-бірінің артынан жүреді), Бұғының артынан бұғышақ (аяқтарын топылдатып жүреді), Түлкінің артынан мыршай (аяқтарының ұшымен бұқпантайлап жүреді), Кірпінің артынан кірпінің баласы (отырып, баяу жүреді), Аюдың артынан қонжық (маймаңдап жүреді), Тиіннің артынан тиіннің баласы (секіріп жүреді) Қоянның артынан көжек (көжектер сияқты секіреді), Қасқырдың артынан бөлтірік (еңбектеп жүреді) келеді, Бәрі суаттан су ішті, тойды (шеңбер бойында тұрып, тілдерін шығарып,

				(қоршаған ортамен танысу) Үш топқа бөлініп тапсырмаларды орындау. 1 топ: Жауған қардың суретін салу.**(сурет салу)** 2 топ: Ермексазбен аққаланы мүсіндеу.**(мүсіндеу)** 3 топ: Аққаланы жапсыру.**(жапсыру)** Аққала неше бөліктен тұрады? Оның пішіні неге ұқсайды. Аққаланың түсі қандай? Аққаланың пішіні бірдей ме? **(математика негіздері)** **Ойын: «Аппақ қар»** **Шарты:** Ойын музыка сүйемелдеуімен ойналады. **(музыка)**	тамсанады).**(дене шынықтыру)** Ермексазбен қоянның бейнесін мүсіндейік. Ермексазды алақанымызбен уқалап, тақтайшада ысып, саусақтарымызбен қысқылау арқылы жұмсартып ұзын, сопақша жасаймыз. Осы біртұтас сопақшадан қысқылау арқылы қоянның дене мүшелерін жасаймыз. Енді басына көзін, мұрнын орналастырайық.Аяғына табанын жабыстырайық. Не шықты? **(мүсіндеу,жапсыру)** Бұл қоянды кім жасады? Сенің жасың нешеде? Кімнің қояны әдемі екен? **(қоршаған ортамен таныстыру)** Ойын: «Маймақ ау» Шарты: Ойын музыка әуенімен орындалады,музыкаға сай қимылдар жасайды. **(музыка)**
Серуенге дайындық	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары**				
Серуен			**№ 19** **Аула сыпырушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы түсініктерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс**	**№ 10** **Бұрқасынды бақылау** **Міндеті:** Бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Әткеншек»** **Міндеті:** Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа бағытта	**№ 2** **Қар басуын бақылау** **Міндеті:** Балаларға қар түсер жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы ауту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді қымтайды. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**

			Мақал-мәтелдер жаттау -Еңбек етсең ерінбей-тояды қарның тіленбей. -Ердің атын еңбек шығарады. -Ер дәулеті-еңбек. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Кім күшті?» (қазақтың ұлттық ойыны)** **Міндеті:** Жаттығу жасау барысында еңбектену,жолдасымен бірлесіп жасау; дұрыс ойын ережесін сақтауын қадағалауды үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу** **Міндеті:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	және т.б.). Жинақылық пен ұқыптлыққа тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Ауланы тазарту** **Міндеті:** Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету.Еңбексүгіштікке тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** **Мақал – мәтел жаттау** Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды. **Коммуникативтік дағды**	**Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақ жасыру** Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын*:* «Қармен ойнау »** Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу.дербестілігін және бастамашылығын көтермелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес іс - әрекеті).**				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қойуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (**мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)**				
Түскі ұйқы			Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жағымды жағдай жасау. «Құлыншағым» музыкасын тыңдату. **Музыка**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату **(музыка)**	«Ақ тиін мен қасқыр» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(Көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Ояну жаттығу: Қайырлы күн, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы күн, құлақтарым!(құлақтарын сипау) Қайырлы күн, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы күн, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы күн, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау)				

	2.Саусақ жаттығу: 1. Бас бармақ, 2.Балан үйрек 3. Ортан терек 4.Шылдыр шүмек 5.Кішкентай бөбек 3.Тыныс алу жаттығу: Қолға шарды аламыз, Қатты, қатты үрлейміз. Уф-ф-ф, Уф-ф-ф... Қатты үрленген шарым Жарылып қалды, пах. . 4. Табанды шынықтыру массажы Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз. Оң аяққа 1-2-3, Сол аяққа 1-2-3. 5.«Денсаулық» жолымен жүру. Әдемі ирек жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табаңға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)			**Вариативтік компонент** **«Таза болса табиғат,аман болар адамзат»** **Тақырыбы: «Жерді қалай сақтауға болады?»** **Мақсаты:** Жер және оның таңайғыштығын қалай сақтауға болатыны туралы түсінік беру. Жер астындағы тұрғындарды сақтау керектігін ұғындырып қызығшылығын тәрбиелеу. **Барысы:** Шаттық шеңбері. «Жер асты тұрғындары» бейнежазба тамашалау. Бейнежазбадан жер асты тұрғындарымен таныстыру, талдау. Жерді өнімді, құнарлы ету үшін не істеу керек екендігін түсіндіру.	Екі топқа бөлініп ойнау. №33 «Аққала құрастыру» Шарты: Аққала бөліктерін рет-ретімен жинап құрастыру. **(құрастыру)**	Дыбыстық жаттығулар жасау: Боран қалай ұйытқиды у - у - у - у - у - у - у - у. Күртік қар қалай сықырлайды. Қырт - қырт, қырт - қырт. Қасқыр қалай ырылдайды р(- р - р - р - р - р - р). Аю қалай ақырады. О - о - о - о - о - о - о - о -. Тиін жаңғақты қалай шағады. Шық - қық, шы - қық, шы - ық Балалар қолы тоңғанда ай - ай - ай – ай ой - ой - ой - ой - ой дейді. Жаңылтпаштар айтып үйрену. 1. Түлкі айлалы аң, айлалы аңға айла

			Тыңайтқыш ұғымымен таныстыру. Қорытынды: Ойын: «Экологиялық тізбек» Мақсаты: Қоректік тізбектің буындары туралы түсініктемелер беру: тірі табиғат, өсімдіктер, жыртқыш аңдар. Табиғат заңымен таныстыру: табиғатта жануарлар да, өсімдіктерде өз бетінше тіршілік ете алмайды.		пайдалан. 2. Қыста суық түсті, құлағым үсті, үсті. 3. Мұз – тұз, тұз - мұз, бәріде тұз бен мұз. **Қазақ тілі** **Өз еркімен ойындар. №39 «Қоянның денесіне лайықты пішіндерді тап»** Шарты: балаларға қоянның үлгісін таратып береді, алдарындағы пішіндердің ішінен лайық жамауды табу.**(құрастыру)**
Балалармен жеке жұмыс			**Болатұлы Санатпен жеке жұмыс** Бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша әңгімелер құрастыра білуге үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мырзағали Адиямен жеке жұмыс** Музыканың ырғағымен жүруді, қимылдарды музыкамен сәйкестендіруді, қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытуды үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Есен Айзеремен жеке жұмыс** Отбасындағы үлкендерді сыйлауды, құрметтеуді, кішілерге қамқорлық танытуды үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**
Серуенге дайындық			Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары**	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары**	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары**
Серуен			№ 19	№ 10	№ 2
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы, киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				
Балалардың үйге қайтуы			«Ата-аналар балалар ауырмау үшін не істеу керек?» кеңес беру.	«Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?»	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу. Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым «Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы
Тобы «Гүлдер-ай» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 08.01.-12.01.2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.01.2024	Сейсенбі 09.01.2024	Сәрсенбі 10.01.2024	Бейсенбі 11.01.2024	Жұма 12.01.2024
Балаларды қабылдау	Баладан қандай көңіл күймен келгенін,кіммен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау,әңгімеге тарту. **(қазақ тілі)**	«Мен өсіп келемін» тақырыбында әңгімеге тарту. Міндеті: Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. **(музыка,дене белсенділігі)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** «Балаңызды киіндірген кезде киімдердің түстерін айтып отырасыз ба?	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балаларды ертерек ұйқыға жатқызулары туралы әңгімелесу.	**Ата-аналармен әңгіме:** «Балаңызды сөйлеуге үйрету үшін үй жағдайында не істей аласыз?»	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын және балалармен спорттық ойындар ұйымдастыруын ата-аналардан талап ету.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	№16 «Кім зейінді?» Міндеті: Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. **(қазақ тілі)**	№39 «Қоянның денесіне лайықты пішіндерді тап» Шарты: балаларға қоянның үлгісін таратып береді, алдарындағы пішіндердің ішінен лайық жамауды табу. **(құрастыру)**	№48 «Үй жануарлары мен жабайы жануарларды» Шарты: Балалар екі топқа бөлінеді.Белгі бойынша балалар үй жануарлары мен жабайы жануарларды үлкен картадағы бос тор көздерге орналастырады.Кім бос тор көздерді толтырып,жануарларды дұрыс орналастырса,сол топ жеңіске жетеді. **(құрастыру)**	№8 «Теңдік және теңсіздік» Шарты: балаларға екі қатардағы теңдік, теңсіздік белгілету. **(математика негіздері)**	№33 «Аққала құрастыру» Шарты: Аққала бөліктерін рет-ретімен жинап құрастыру. **(құрастыру)**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №9				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті** (ас ішу құралдарын үстелге қою). **Гигиеналық шаралар** (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту).				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жаңылтпаш жаттау. Ләйлік лайға лайланды, Лайланған ләйлік, лайда отырып жайланды. (Сыбырлап, орта дауыспен, қатты дауыспен айтып,жаттықтыру) Міндеті: «Л» дыбысын анық айтуға жаттықтыру. **(сөйлеуді дамыту)**	Сергіту жаттығуы. Секіреміз топ-топ, Шапалақтап көп-көп. Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш, Иілеміз солға қарай бір,екі,үш. **(дербес қимыл белсенділігі)**	Дыбыстық жаттығуларды орындау. -қ-қ-қ-қоян -кі-кі-кі – түлкі -а-а-а- аю -ыр-ыр-ыр – қасқыр. **(қазақ тілі)**	Отбасы туралы мақал – мәтелдер айту: 1. Отан - отбасынан басталады. 2. Отбасы – шағын мемлекет. 3. Ата – бәйтерек. 4. Балалы үй – базар. **(сөйлеуді дамыту)**	Тіл ұстарту жаттығулары Ыс – ыс – ыс, Келіп жетті қыс. Ар – ар – ар, Жауады қар. Яз – яз – яз Сақылдаған сары аяз. Ран – ран – ран, Соғады боран. На – на – на, Зулайды шана. **(қазақ тілі)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Міндеттері:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау,жоғары-төмен,	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Сиқырлы гүл»** **Міндеттері:** қолдарын шынтақтың тұсынан бүгіп, екпінді тездетпей және баяулатпай қысқа-қысқа адымдармен бірқалыпты жүгіруге үйретуді жалғастыру. Қос аяқпен екпінмен итеріліп, 5 жіптен кезекпен секіру және жерге аяқтың ұшымен жеңіл түсу, бойды тіктеп, табанды тіреп тұру қабілетін нығайту. Төрт аяқтап еңбектеу және заттар арқылы еңбектеп өту (жұмсақ модульдер) қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Үйлесімділік қабілетін, организмнің жалпы төзімділігін дамыту, дұрыс тыныстауға дағдыландыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Тізбекте бір-бірден жүру; баяу ырғақпен жүгіру – бір минут; мұрын арқылы дем алу, қарқын мен адымдардың ырғағын сақтау. «Гүлдер» – ойын түріндегі гимнастика. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау: 5 сызық арқылы	**Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша. **Міндеттері:** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.	**Міндеттері:** Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға,қызығушылыққа баулу. Қысқа өлеңдерді жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.Сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру.	**Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. Балалардың түрлі әрекеттерінде әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ туралы түсініктерді бекіту. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Музыкалық-ырғақты қимылдарды орындау. Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру.

	қалың-жұқа). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру,келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жұмбақ жасыру. 1. Қарда бар Мұзда жоқ, Жарда бар, Тұзда жоқ. (Р) 2.Алыста бар, Жақында жоқ, Алтында бар Күмісте жоқ (Л) Екі дыбыстың айтылу артикуляциясын бірге жасайық. «Р» дыбысын айтқан кезде жоғарғы,төменгі тістер арасы алшақ келеді. Тілдің ұшы қызыл иекке көтеріледі. Тіл мен таңдай арасындағы ауа толқыны	(бір-бірінен 0,5 метр қашықтықта орналасқан 5 жіп) қос аяқпен секіру. Жерге түскеннен кейін табанын толық басып, бойын тіктеу қабілетіне назар аударады. Тәрбиеленушілер қозғалысты бастауға арналған сызықтардың жанында сапқа тұрады. Екі аяқпен 5 арқан арқылы ретімен секіреді және өз тізбегіне барады. Тыныстықтатпай жеңіл секіруге тырысады. Екі аяқпен екпінді түрде итеріледі. Аяғының ұшымен түседі, жерге түскеннен кейін түзеледі, бүкіл табанымен тұрады. Модульдер арқылы өрмелеп өту. Ойын түріндегі жаттығу: «Ең жылдам». Модуль арқылы өрмелеп өткенде аяқ пен қолды ізбе-із қимылдату қажеттігін балалардың есіне салады. Тәрбиеленушілер залдың бір жағына қатарға тұрады. Педагог есімдерін атаған балалар сызыққа жақындайды, төрттағандап тұрады және педагогке қарай еңбектейді, модульдерден еңбектеп өтеді. Жаттығуды орындағаннан кейін залдың қарама-қарсы жағына педагогтің қасындағы қатарға тұрады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарлығаш». Айналдыратын шеңберлерді	Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Композицияны құрастыру кезінде заттардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде, қабылдау оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жұмбақ шешу. Шанамен зырғып желдетіп, Шаңғы, коньки тебемін, Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Қыс) Аңдардың,үй жануарларының қысқы мекені туралы әңгімелесеміз.Аңдардың қысқы тіршілігін бақылау үшін орманға саяхатқа барамыз. Ол үшін біз шанамызға мініп, жолға шығамыз. **(дене шынықтыру)** -Ал балалар сендер қыста тонасындар ма? -Олай болса жануарларда қыста тонады екен. Слайд орманға саяхат: Қасқыр,қоян,түлкі қысқа азық қорын дайындамайды.Олар қысқы ұйқыға кетпейді,себебі өздеріне қорек таба алады. Қасқыр-ірі жыртқыш.Ол бұғы,қоян және басқа аңдарды аулайды. Түлкі қар астынан	Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын жаттығу: «Бұзылған қуыршақ». Шарты: Балалардың тыныс алуы мен демін сыртқа шығару. Ғажайып сәт: Қонаққа екі қуыршақты алып келу. – Балалар, ең алдымен бізге қонақ келсе не істейміз? – Балалар, амандасудың да көптеген түрлері бар? – Ендеше, біз екі қонағымызды төрге шығарайық. – Балалар, екі қыз апалы-сіңілі екен. Яғни екеуі де бір үйдің қызы екен. Енді осы екі қызға қарап отырып, шағын әңгіме құрастырайық. Әңгіме: «Айгөлек пен Айгүл» Бір үйде Айгүл деген қыз болыпты. Айгүлдің ақ түсті көйлегі, қызыл қамзолы болыпты. Айгүл қазақтың ұлттық киімін киіп алыпты,бірақ басына кимепті. Қараңдаршы қандай әдемі? Сендерде қазақтың ұлттық киімін кигенді ұнатасыңдар ма? – Біздің ұлтымыз қалай аталушы еді? – Ал біз қандай Республикада тұрамыз? – Біздің жеріміз қандай? – Біз туған жерімізді, Отанымызды жақсы көреміз бе? – Біздің жерімізде басқа ұлт өкілдері тұрады.	**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері: «Аппақ, аппақ дала» – Балалар, шаттық шеңберімізде не туралы айтылды? Қыс мезгіліне байланысты суреттер. - Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? - Қыста не жауады? - Қыста қалай киінеміз? - Суретте балалар не істеп жүр? Бүгін ақын Абдрахман Асылбековтың «Қыс» өлеңімен танысамыз. «Қыс» өлеңін мәнерлеп оқу. **(сөйлеуді дамыту)** Сөздік жұмыс: қалтырайды - тоңады. Сергіту сәті: «Ұзын құлақ сұр қоян» **(музыка)** Сұрақ-жауап арқылы оқылған өлең шумақтарын әңгімелеу: - Өлең не туралы? - Қыс қандай? - Құс не істейді? - Қандай түспен бақша-бауды, тауды бояйды? **(қазақ тілі,көркем әдебиет)** Ойын: «Сандарды салыстырру. Алыс-жақын» Шарты: тапсырмаларды орындау. **(математика негіздері)** Қағаз бен мақтаны пайдалану арқылы қар жасау.Жұмыс барысын түсіндіру.

	еркін өтеді,тілдің шет жақтары азу тістерге жабысып тұрады. Шыққан ауа ағымы қатты бағытты болып дірілдейді. «Л» дыбысын айтқан кезде ерін ашық,тілдің ұшы жоғары күрек тіске жақын орналасады.Тіл бүйірлері азу тіске тимейді,содан дем шығатын қуыс қалады. «Р, Л» дыбыстарын бірнеше рет қайталау. Р мен Л дыбыстары қандай дыбыстар? Дауысты ма,дауыссыз ба? Мысал келтіру. Жолбарыс қалай ырылдайды? Р-р-р-р-р-р-р Тіл ұстарту жаттығулары: 1.Ла,ла,ла-бұл әдепті бала, Лу,лу,лу-біздің Нұрай сұлу. 2.Ра-ра келді ара Ла-ла араның усті ала. Рррррр, Лллллл дыбыстарын бірге қайталау. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** Ойын: «Кім шапшаң?» Шарты: суреттерді құрастыру арқылы ненің суретінің шыққанын,қандай дыбыстан басталатынын айтып, қағаз бетіне суретті орналастыру. **(құрастыру,жапсыру)** Көз бұлшық еттерін қатайтуға арналған жаттығуларды бірге орындау.	залдың әр жеріне тастайды. Жүргізуші рөлін орындау. Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойынды тренинг: «Тыныштықты тыңдаймыз». Тәрбиеленушілер денелерін еркін қалыпта ұстап кілемде отырады, тыныштықта не естігендерін қиялдайды. **Қазақ тілі** **Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Қоршаған ортадағы заттар мен жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, ретті сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, үшбұрыш, көлемі	тышқан ұстап жейді.Кейде ол тауық қораға да түсіп,зиян келтіреді.Қоян,бұғы, еліктер қыста ағаш бұтағы,бұтаны және қар астында қурап қалған шөптерді қорек етеді. Жұмбақ шешу. Ырғып қозғалатын қорқақ,құйрығы бір тұтам,құлағы сала құлаш,киімі екі түрлі. Бұл қандай аң? (Қоян) Халық қу деп, Қылығы күлкі, Айласы көп Бұл қандай аң? (Түлкі) Ал мына сурет туралы не айтуға болады? Түлкі -өте иісшіл,сақ құлақ,қырағы көз аң. Қасқыр,түлкі сөздерін қайталау. Міндеті: «Р», «Л» дыбыстарына тілдерін жаттықтыру. Рррррррррр,лллллллл. Қосымша түсініктер: Түлкі -өте иісшіл,сақ құлақ,қырағы аң. Ұйқыға кететін жануарлар:аю, бақа, борсық, тышқан, кірпі. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** -Жануарлардың ұйқыда болу мерзімі бірдей емес кейбіреуі қыста мезгіл-мезгіл сыртқа шығып қайта келіп жатып жүреді. «Бұл қашан болады?» ойынын ойнаймыз. Ойын шарты: Тәулік бөлігіне байланысты әр түрлі суреттерді ажыратып қойып шығу. **(математика негіздері)**	– Біз барлық ұлт өкілдерімен бірге тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз. – Ал енді балалар, бізге келген екі қуыршақ қызға екі топқа бөлініп әдемі сәукеле жасап берейік. 1 топ: Сәукеленің суретін салу. **(сурет салу)** 2 топ: Ұлттық бас киімді қағаз бетіне орналастыру. **(құрастыру,жапсыру,мүсіндеу)** Балалар сендер халық әні: «Айгөлек» әнін білесіңдер ме? Сергіту жаттығуы: «Айгөлек» **(музыка)** – Балалар, енді сендер Айгөлек пен Айгүлдің ауылына барғыларың келеді ме? – Ендеше барлығымыз көз жұмамыз. Балалар көз жұмып, көз алдарына қысқы ауылды елестетеді. Көз жұму әдісі: Қысқы ауыл бейнесін елестету. – Балалар, елестеттіңдер ме? Қыс мезгілінде уілдеген боранның дауысын біірге қайталайық. Желдің дыбысы қалай? **(қазақ тілі)** Айгөлек пен Айгүлдің отбасында атасы, әжесі, ағасы, жеңгесі, әпкелері, інілері бар екен. Сонда олар үлкен отбасылы ма,әлде кіші отбасылы ма? «Отбасы мүшелерін сызық арқылы және ретімен орналастыр, орналастыру себебін түсіндір» тапсырмасын орындау.Логикалық есептерді орындау. **(математика негіздері)**	**(құрастыру,жапсыру)** Педагог балаларға жасаған қармен ойнауды ұсынады. Ойын: «Қар жинау» Ойынның шарты: педагог себеттегі қарды ортаға шашады, ал балалар жинайды. Кім көп жинайды, сол жеңімпаз аталады. **(дене шынықтыру)**

	Көздерін 2-3 секундтан айналдырады. Көзбен шеңбер жасайды. (бір жақтан екінші жаққа). Көздерін жоғары көтереді, төмен түсіреді. Көздерін оң жаққа, содан кейін сол жаққа бұрады. 1-2 минут ішінде тез-тез көзін ашып жұмады. Көзді 30 секундтық интервалмен ашу және жабу. Көзбен геометриялық фигуралардың суретін салу (шеңбер, шаршы, үшбұрыш). Алдымен сағат тілінің бойымен, кейін сағат тіліне қарсы. Үлестірмелі материалмен жұмыс. Таяқшалар салынған тәрелкені жақындатып,сұрау. Таяқшалардың түсі қандай? Әр түстен неше таяқша бар? Енді әр түсті өз алдарыңа бөліп алып, оларды әртүрлі пішіндер шығатындай етіп қойып шығыңдар! Ал енді таяқшаларды тағы бір рет санап шығыңдар. Әр пішінге неше таяқшадан келді? Педагог таяқшалар әртүрлі орналасқанымен олардың тең, үш-үштен екенін түсіндіреді. Олардың саны тең екенін қалай дәлелдейміз? Тапсырмаларды орындау.	бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Ермексазды қолданып, бейнелерді мүсіндеу, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар қонжық ненің баласы? Ол қайда мекендейді? Қысқы орманға саяхат жасағыларың келеді ме? Көздеріңді жұмып орманды елестетейік,ненің дауысын естіп тұрсыңдар? (Үнтаспадан жабайы жануарлардың,құстардың дауысын қою). Орманда не көрдіңдер? Жануарларға тиісуге болады ма? Қандай құстарды білесіңдер? Суретпен жұмыс. Тоқылдақ қандай құс? Дыбыстық жаттығу:	- Ал енді балалар бізге балабақшамызға қайту керек. Енді шанамызға отырып көзімізді жұмамыз да жолға аттанамыз. Топқа оралу: Үй жануарларының суретін көрсету,қысқы тіршілігі туралы түсіндіру. Сұрақтар қою: Қандай үй жануарларын білесіңдер? Түйе үй жануары ма, әлде дала жануары ма? Ал үй жануарлары қалай қыстайды? Олардың қандай пайдасы бар? Қыста үй жануарлары немен қоректенеді? Сиырдың адамға пайдасы? Жылқының адамға пайдасы? Иттің адамға қызметі? Мысықтың адамға қызметі? Үй жануарлары мен жабайы аңдардың төлін ажырата білесіңдер ме? Ойын: «Төлін тап» Шарты: Луллия сақиналарын біріктіру арқылы үй жануарлары мен жабайы аңдардың төлдерін табу. **(құрастыру)** Екі топқа бөліну,композиция құрастыру. 1 топ: «Үй жануарлары» Шарты: қағаз бетіне үй жануарларын орналастыру,азығының суретін балалардың қалауы бойынша мүсіндеу,суретін салу. 2 топ: «Жабайы жануарлар» Шарты: қағаз бетіне жабайы жануарлардың суретін орналастыру,азығының,іздерінің суреттерін балалардың	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Біз өстік»** **Міндеттері:** қозғалыс қарқынын сақтауға, аяқты өкшеден басып, ұшына түсіруге үйретуді жалғастыру. Түрегеп тұрған күйі допты бастан асырып алысқа лақтыру, қолды сілкіп түзету арқылы допты күшпен дақтыру қабілетін дамыту. Төбеге қапшық қойып, гимнастикалық орындықпен дене сымбатын бұзбай жүру, сколиоздың алдын алу. Спортпен шұғылдануға тәрбиелеу, салауатты өмір сүруге дағдыландыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Жинақылыққа үйренейік». Бір-бірден сапта жүру, баяу қарқынмен жүгіру – бір минут; мұрын арқылы тыныс алу, жүгіргенде адымдардың қарқыны мен ырғағын сақтау. Демді қалпына келтіру. Доппен жалпы дамытатын жаттығулар орындау. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау: Ойын түріндегі жаттығу: «Епті боламыз». Тәрбиеленушілер залдың бір жағына екі қатарға тұрады. Қатар бойынша допты қарсы әдіспен лақтырады. Бір орында түрегеп тұрып допты бастан асыра лақтыру. Нұсқау: бүгілген қолдарын екпінмен түзетеді, доптың соңынан тек белгі берілгеннен кейін ғана жүгіреді, залды сол және оң жақтан айналып өту.	

	1-тапсырма: Шеңбердің ішінде неше кесе бар? Шаршының ішінде неше кесе бар? Олар туралы не айтуға болады? 2-тапсырма: Төмендегі жолаққа жоғарыда қанша болса, сонша дөңгелек салыңдар? Балалар дөңгелектердің саны туралы не айтасыңдар? **(математика негіздері)** 3-тапсырма: Сол жақтағы қонжықты сары қарындашпен, оң жақтағысын қоңыр түспен бояңдар? Сол жақтағы қонжықтың шарлары қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды? Оң жақтағы қонжықтың сол жағына үлкен шардың және оң жағына кішкентай шардың суретін салыңдар.**(сурет салу)** Венгр халқының «Екі сараң қонжық» атты ертегісін оқып беру,әңгімелеу,талдау,сах налау. **(көркем әдебиет)** **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша. **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Шаңғымен сырғанап жүреміз»** **Міндеттері:** шаңғымен адымдап жүруге үйрету.	Тоқ-тоқ-тоқылдақ-то-қыл-дақ. Қысқы орманда қандай жануарлар болмайды? Аю азығын қалай дайындайды? Қоян қандай аң? Қоянның құлағы қандай? – Балалар, қоянның түсі қандай болады? Қоян,көжек сөздерін жекеше,көпше түрде айту,дыбыстық талдау жасау. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** Екі топқа бөлініп жұмыс істейміз. I топ. «Қояндар» тобы оң жаққа отырамыз. II топ. «Көжектер» тобы сол жаққа отырамыз. I топ: Ақ түсті ермексаздан үлкендеу қоянды мүсіндейді. II топ кішірек етіп қоянның көжегін мүсіндейді. **(мүсіндеу)** Ойын: «Салыстыр» Шарты: бірінші қатарға үш қоянды,екінші қатарға бес көжекті қойып салыстыру,санау,үзік сызықтарды қосу арқылы суретін салу. **(математика негіздері,сурет салу)** Ойын: «Жалғастыр» Шарты: педагог жануарларды,құстарды атаса,ол жануардың,құстардың қимылын,көлемін атайды. Мысалы: аю- (үлкен),,түлкі (кішкене),құстар (ұшады), қасқыр (жүгіреді).	қалауы бойынша мүсіндеу,суретін салу. **(сурет салу,жапсыру,мүсіндеу)** «Мысық пен қоян» ертегісін тамашалау,өз ойларымен бөлісу,қорытынды сұрақтар қою. -Үй жануарларына не жатады екен? -Жабайы аңдарға не жатады екен? **(көркем әдебиет,қоршаған ортамен таныстыру)**	Ойын түріндегі жаттығу: «Әдемі болайық». Қолын белге таянып, төбесіне қапшық қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүру. Қапшықты құлатып алмас үшін дене мен басты тік ұстауға назар аудару. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орманға аюға қонаққа бардым». Ойын тәртібін түсіндіру, санау әдісі арқылы «аюды» таңдап алу, «аю» балаларды киімінен тартпай, оларға тек қолының ұшын тигізуге тырысады. Қорытынды кезең (Рефлексия). «Мен ... » жаттығуы. Шеңберде тұрады. Еркін дем алады, демін мұрын арқылы асықпай шығарады. Өздерін әртүрлі бір жануардың немесе адамның орнында сезінеді: Мен арыстандай айбаттымын.	

	Жолмен сырғанау дағдысын бекіту. Динамикалық тепе-теңдікті және қимыл үйлесімділігін дамыту. Спортпен шұғылдануға және салауатты өмір салты машықтарын тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жүру. Алаңның шетімен баяу жүгіру 1 минут. Тыныс алуды қалпына келтіру. Жүру, шеңберге қайта тұру. Шаңғыда тұрып дайындық жаттығуларын жасау: 1. Бір орында шаңғыны қарға басып тұрып, шаңғының ұшын жоғары және төмен қозғалту. 2. Бір орында шаңғыны қарға басып тұрып шаңғыны оңға, солға қозғау. 3. Шаңғыны параллель қоя отырып, оңға, солға нық қадам жасау. Шағын топтар болып шаңғымен жүру. Шаңғы жолымен қозғалу – 30 метр: аттай отырып, 10 метр жүреді, («ат сияқты»); кеңінен сырғанай отырып 10 метр жүреді («аңшы» байқап қалмас үшін түлкі сияқты), 1- адым екпіндеп барып жүгіреді және 10 метр сырғанайды («түлкілер аңшыдан қашып барады»). «Кім алысқа барады?» –	«Ұзын құлақ сұр қоян» музыка әуенімен ойынды жалғастыру.**(музыка)**			

	тәрбиеленушілер жан-жаққа қашады, кім сызықтан алысқа сырғанайды. Қорытынды кезең (Рефлексия). Шаңғының айналасында жүру және жүгіру.				
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуге тәрбиелеу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**				
Серуен	**№ 6** **Қардың тереңдігін бақылау** **Міндеті:** Балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және әр жерде қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Жұмбақ Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын:** **«Ақшақарды ізде»** **Міндеті:**Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті	**№ 7** **Тайғанақты бақылау** **Міндеті:** Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Ауа райы тез жылынғанда,ілезде аяз болып, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналатынын түсіндіру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Ұзын жол бойында»** **Міндеті:** Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Жарыстарға қатысуға ынталандыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс:** Жұмбақ шешу. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз) **Коммуникативтік дағды** **Еңбек: Жолға құмды төгу** **Міндеті:** Жолға құм төгу-еңбектің себебін балаларға түсіндіру. Өз еңбегінің нәтижесін көруге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 12** **Ауа райына қарай қардың өзгеруін бақылау** **Міндеті:** Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайтынын атап өту. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Болжау Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. Мақал-мәтел Қыс қандай болса, жаз да осындай. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Бәйге»** **Міндеті:** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру**	**№ 13** **Күннің ұзақтығын бақылау** **Міндеті:** Күн қысқа,түн ұзақ,соған назар аудару. Балалардың сөздік құрамына көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Мақал-мәтел. Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Бермеймін»** **Шарты:** Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. **Міндеті:** Балаларды күшті болуға, шыдамдылықпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** Еңбек: Ауланы түскен бұтақтардан жинастыру. **Міндеті:** Әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 14** **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай болатынын бақылау** **Міндеті:** Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұратынын, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Мақал-мәтел. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Аю апанында»** **Міндеті:** Әртүрлі бағытта балаларды жүгіруге, жылдам қозғалуға үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту** **Міндеті:** Балаларға ағаштарды ажыратуды

	бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмектесу** **Міндеті:** Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**		**Еңбек: Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру.** **Міндеті:** Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. **Тәжірибе:** Қардың қасиеттері. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады. **Қорытынды** Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**		үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу,ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (**коммуникативтік әрекет,мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**	«Екі аяз» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(Көркем әдебиет)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**	«Ақ тиін мен қасқыр» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(Көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Жалпы жетілдіру жаттығуы: Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу. Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу. 2.Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. 3.Табанды шынықтыру массаждары: Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. 4. Жуыну жолдары.				

	Таза суды сүйемін Тап-таза болып жүремін Мұрын, ауыз қолымды Күнде жуып жүремін. 5.«Денсаулық» жолымен жүру.				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	«Мен кіммін?» әңгімесін оқу талдау. Суретпен жұмыс. Аюдың баласын қалай атаймыз? Аю қайда өмір сүреді? Ойын: «Кімнің жұмысы әдемі шықты?» Шарты: қонжықты мүсіндеу,өзара талқылау,өз ойларымен бөлісу. **(қоршаған ортамен таныстыру,мүсіндеу)**	«Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру,талқылау. Оқылған ертегіні қағаз бетіне орналастыру.жасаған жұмыстарын кімнің жасағаны туралы толық айтып беру,көрме ұйымдастыру. **(көркем әдебиет,құрастыру, жапсыру,қоршаған ортамен таныстыру)**	**Вариативтік компонент** **Тақырыбы:** «Қыс келбеті» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсінігін бекіту. Қыс ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу. Назарын аяз өрнектеріне, қырауға аудара отырып, оның қалай пайда болғанын құрамын түсінуге ынталандыру. Әсемдікті қабылдай білу қабілетін тәрбиелеу. **Барысы:** Шаттық шеңбері №27 Қуыршақ Әйгерім келеді. Мен қыс туралы ештеңе білмейді екенмін, маған қыс туралы айтып бересіңдер ме? - қазір жылдың қандай мезгілі? -қыс мезгілінде ауа - райында қандай өзгерістер болады? - Қыс мезгілінде адамдар қалай киінеді? - Қыста қандай ойындар ойнаймыз? Қыс туралы тақпақ жаттау. О, алақай қыс келді, Бізге қуаныш әкелді. Дала қарға оранды, Бала біткен қуанды. Д/о: «Жыл мезгілдерін ата» Мақсаты: Жыл мезгілін сипаттау арқылы , дұрыс жауап бере білуге үйрету. Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.	Тақпақ: «Отбасы» (М.Қуанышбеков) (Әдісі: отбасы мүшелерінің суреттерін көрсету арқылы тақпақты жаттату). **(көркем әдебиет)**	«Мен өсіп келемін» тақырыбында балалармен әңгіме жүргізу,санамақтар жаттау. Міндеті: Өзінің атын,тегін,жасын,жасаған жұмысын әңгімелеп беруге үйрету. **(қоршаған ортамен танысу)** Ойын: «Мен жасай аламын» Шарты: балалар өз қалаулары бойынша аққаланың суретін салады,мүсіндейді. **(сурет салу,мүсіндеу)**
Балалармен жеке жұмыс	**Есен Айзеремен жеке жұмыс**	**Сағидулла Нұрсезіммен жеке жұмыс**	**Серіков Амирмен жеке жұмыс**	**Есен Айзеремен жеке жұмыс**	**Сағидулла Нұрсезіммен жеке жұмыс**

	Құрылыс бөлшектерін ажыратуды және атауды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдалана білуді үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	Еңбек етуге қызығушылық танытуды қалыптастыру. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	Шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдануды үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді, өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айта білуге үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**
Серуенге дайындық	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	№ 6	№ 7	№ 12	№ 13	№ 14
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы, киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігі,бала денсаулығы мен тамағы жөнінде ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналарға үйде баламен бірге ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру.	«Ата-аналар балалар ауырмау үшін не істеу керек?» кеңес беру.	Ата-аналарға апта бойына жүргізілген жұмыстар бойынша ақпарат беру.	Ата-аналарға демалыс мезгілінде қазақ халық ертегілерін оқып берулеріне ұсыныс білдіру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым «Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы
Тобы «Гүлдер-ай» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 15.01-19.01. 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.01.2024	Сейсенбі 16.01.2024	Сәрсенбі 17.01.2024	Бейсенбі 18.01.2024	Жұма 19.01.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. **(музыка, дене белсенділігі)** Гимн айту.	Балаларды қабылдау, балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. **«Бұл қандай ертегі?» Міндеті:** Ертегілерді атауға, әр түрлі суретпен берілген ертігілердің бөлігін тауып, құрастыруға үйрету. Ұқыптылыққа,шапшаңдылыққа үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**	Түрлі –түсті шармен қарсы алу. Міндеті: Балаларға жақсы көңіл –күй сыйлау. **(Музыка)**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(сөйлеуді дамыту)**	Көңілді әуенмен қарсы алу. Міндеті: Балалардың көңілін көтеру. **(Музыка)**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Баланың киім киіп үйренуі туралы әңгіме жүргізу.	Баланың қалай бейімделіп,не үйреніп жатқаны туралы әңгіме.	Баланың үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Суретті ретімен орналастыр» Міндеті: Заттарды топтастыруға жаттықтыру,өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру,ойлау қабілетін дамыту. **(қоршаған ортамен танысу,математика негіздері)**	«Бұл қандай ертегі?» Міндеті: Ертегілерді атауға,әр түрлі суретпен берілген ертігілердің бөлігін тауып,құрастыруға үйрету.Ұқыптылыққа,шапшаңдылыққа баулу. **(сөйлеуді дамыту,құрастыру)**	«Жалпы атауын ата» Міндеті: суреттердің жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуге және әңгімелеп беруге үйрету. **(математика негіздері,қоршаған ортамен танысу)**	«Бөлігін тап» Міндеті: алдарындағы суреттің пішіндерін дұрыс орналастыруға үйрету, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту,ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **(математика негіздері,қоршаған ортамен танысу)**	«Кім жылдам?» Міндеті: Балаларды түстеріне қарай шапшаң топтастыруға үйрету.Қалаған пішіндерін ермексаздың көмегімен жасауға нұсқау беру. **(дене шынықтыру, мүсіндеу)**
Таңертеңгі жаттығу	Таңертенгі жаттығулар кешені №10				
Таңғы ас	Бата беру Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! Дендеріңе саулық берсін! Әумин!				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Не қайда өмір сүреді?»** **Міндеті:** Суреттен көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін айтқызу. Сөздік қорын молайту. **(қоршаған ортамен танысу)**	«Ұқсас суретті тап» Міндеті: Балалардың ой-өрісін дамыту,зейінділігін арттыру. **(қоршаған ортамен танысу)**	**«Қолғаптың сыңарын тап!»** Міндеті: Балаларға оң мен солды ажыратуға,түстер бойынша топтастыруға үйрету. **(математика негіздері,қоршаған ортамен танысу)**	**«Тез жауап бер»** Міндеті: Балаларды жіктеуге, салыстыруға, жалпылауға жаттықтыру. Құстар, аңдар туралы білімдерін бекіту. Сан мен сын есімді зат есіммен сәйкестендіруге жаттықтыру. **(сөйлеуді дамыту)**	**«Дәл осылай құрастыр»** Міндеті:үлгі бойынша жұмыс жасау,қол моторикасын дамыту,түстерді ажырату. Көрнекіліктер: карточкалар және санамақтар. **(математика негіздері)**
	дәлелдеуге баулу. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Дайын пішіндерден заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану.Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын: «Сұрақ – жауап» Балалар бізде неше жыл мезгілі бар? Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде біз қалай киінеміз? Қыс мезгілінде неше ай бар? Ай аттарын айтып беріңдерші? Бір аптада неше күн бар?	Пластмасса гантельдерді пайдаланып, жалпы дамытатын жаттығуларды орындайды. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау: 1.Шеңберден-шеңберге секіру (5 шеңберден құралған жол). Секіргенде ізбе-ізділікті сақтап, жерге аяқты жартылай бүгіп түсу қажеттігін ескерту. 2.Отырған күйі допты бастан асыра ұстап, қос қолмен лақтыру. Бір-бірінің артына екі қатарға тұру. Нұсқау: допты алға-жоғары лақтыру қажет, сонда ол алысқа ұшады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Құстар мен мысық». Шарты: Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың жанына келеді. Мысық оянып құстарды қуады. Нұсқау: ойын кезінде айқайлауға, бір-бірін итеруге болмайды. Санамақтың көмегімен мысықты таңдап алады. Ата-аналарымен бірге шынығуға ынталандырады. Ойын түріндегі жаттығу: «Мықтылар!». Топқа оралу. **Қазақ тілі** **Міндеті:** Ұжымдық әңгімеге қатысуға,әңгімелесушінің сөзін бөлмей,кезекпен	түсініп,кейіпкерлерге жанашырлық таныту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Өлең оқу: Үлкенмін ғой, міне, мен, Ойыншықтарды жинаймын. Машинаға мінер ем, Кабинаға сыймаймын. М. Әлімбаев - Мен не туралы өлең оқыдым? - Сендерге қандай ойыншықтар ұнайды? - Сенде қандай ойыншық бар? - Қандай көліктің түрлерін білесіңдер? Түрлі көлік түрлерін бейнелейтін заттық суреттер: -Балалар ,мына суретте нелер бейнеленген? -Дұрыс бұлардың барлығын бір сөзбен қалай атауға болады? -Көлік дегеніміз не? -Көліктер немен жүреді? - Көліктерді кім жүргізеді? - Қыс мезгілінде әкелеріңнің көліктері қайда тұрады? - Аталарыңның ауылына немен барасыңдар? - Ауыл сендерге ұнайды ма? - Ауылға апарғаны үшін әкелеріңе алғыс айтасыңдар ма? **(сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен танысу)** Тапсырма: – Гаражға кіріп бара жатқан көліктерді бояңдар. Біріншісін қызыл түспен,	- Суретте не бейнеленген? - Нені көріп тұрсыңдар? - Суреттен құлыншақтың суретін табайық. Бүгін Ә. Тәжібаевтың «Құлыншағым» өлеңімен танысып, жаттаймыз. Өлеңді мәнерлеп оқып беру. «Құлыншағым» Құлыншағым – құндызым, Құлдырайды, шабады. Жылтылдаған жұлдызым, Құстай қанат қағады. Сөздік жұмыс: құндыз – бағалы аң, құлдырайды – жүгіру. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық, Белімізді жазайық, Жоғары – төмен қарайық, Оңға, солға түзу тұр, Бойымызға күш жинап, Біз демалып қаламыз. Сұрақ-жауап. - Өлең не туралы? - Құлыншақ не істейді? - Жылтылдаған не нәрсе? - Құлыншақ қалай дыбыстайды? Құлыншақ үй жануары ма,әлде жабайы жануар ма? Құлыншақ,жылқы сөздерін жекеше-көпше түрде айтып көрейік. Өлеңді қайталап оқу, жаттату. **(сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қазақ тілі)** Топтарға бөліну,композиция құрастыру. 1 топ: «Шанышқымен сурет салудың дәстүрлі емес әдісі» арқылы шөптің суретін салу.	Мысалы: үтік – киімдерді үтіктеу, тоңазытқыш – азық-түлікті сақтау. Экранға назар аудару. Тұрмыстық техниканың суреттерін тамашалау. Үтік,тоңазытқыш,телефон т.б бір сөзбен тұрмыстық техника деп атаймыз. Сөздік жұмыс: тұрмыстық техника. Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болмайды. Балаларға ересектерсіз электр токтарын ұстауға болмайды. Ересектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды. Техника құралдарының суретінің бір бөлігін көрсетіп қандай зат екенін табу. Ұялы телефон жайлы ақпарат беру. **(қазақ тілі,қоршаған ортамен танысу)** Орталықтарға бөлініп балалардың дербес таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар жасату. *Д/О: «Телефон»* *Шарты: Қатты қағаздан жасалған телефон пішініне реттік сандарын әр түспен жапсыру*. **(жапсыру)** Телефон бейнесін салу. Түстерді дұрыс таңдау дағдысын жетілдіру. **(сурет салу)** Ойын: «Барлығы қанша?» Шарты: Берілген суреттерді топтастыру,санау. **(математика негіздері)** Ойын. «Сипаттама бер»

	Балалар сендер қай балабақшаға келесіңдер? Сендер балабақшаға қай уақытта келесіңдер? Қай уақытта қайтасыңдар? Сұрақтарға көп жауап берген топтарға жұлдызшалар беру? «Миға шабуыл» әдісі. Таң шапағы алаулап, Дала нұрға боялды, Мүлгіген бақ манаурап, Ұйқысынан оянды. (таңертең) Бір ұяда жеті жұмыртқа (Апта) Алдымен қара тұлпар озық келер, Арғымақ мойнын созып кейін келер Соңынан боз арғымақ басып озып, Айналып бірін-бірі жүре берер, (Түн, таң, күн) Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетімізде біз осы тәуілік бөліктерімен танысамыз. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** Мен сендерге өлең оқып берейін мұқият тыңдаңдар. Бақшамызға барғанда Жолыққан бар жандарға Үйге кешке келемін Кеш жарық деп кіремін. Адамдардың таңертең, күндіз, кешке, түнде не істейтінін әңімелеп беру. **(қазақ тілі,математика негіздері)**	сөйлеуге,сюжетті сурет салу кезінде айырмашылықтарына мән беруге,қарапайым бейнені мүсіндеуге,композиция құрастыру кезінде көлемі бойынша арақатынасын ескеруді үйрету,теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын қалыптастыру.Ұжымдық құрастыруға қызығушылық ояту, ырғақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Адал дос» әңгімесін оқып беру. Балалардың пікірлерін тыңдау. Жаман жолдас әңгімесімен салыстыруды жетілдіру. Ата анамен баланың арасында достық бола ма? Неге олар бізге дос? Ал табиғаттың біз досы бола аламыз ба? Қалай? Сұрақтарын қоюмен жауап беруді дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,қазақ тілі)** Балаларды орталықтарға бөліп шығармашылық жұмыстар жасату. Ертегі желісі бойынша суретті салу, иттің мүсінін жасату, суреттерден қиып ертегі желісі бойынша жапсырту. **(жапсыру,сурет салу, мүсіндеу)** «Ғажайып қоржыннан» шыққан заттардан жиын жасату. Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы	екіншісін сарымен, үшіншісін жасылмен. Сұрақ: – Гаражға барлығы неше көлік кірді? –Жасыл көлік гараждан нешінші болып шықты? –Ал қызыл ше? Машинаның пішіні қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды? Геомертиялық фигураларды санау, салыстыру. Топта соған ұқсас заттарды табу, атап көрсету дағдысын дамыту **(математика негіздері)** Топтарға бөліну. 1 топ: Лего құрастыру ойыншықтарынан көліктерді құрастырады. 2 топ: Лего құрастыру ойыншықтарынан гаражды құрастырады. **(құрастыру)** 3 топ: Ойын: «Тіктөртбұрыш, төртбұрыш, шеңбер пішіндерінен не жасауға болады?» Шарты: Геометриялық пішіндерден машина жапсырып, түстерін және пішіндерін атап беру. **(жапсыру)** 4 топ: Ойын: «Не жетіспейді?» Шарты: Бағдаршамның жетіспеген бөлігін орналастыру. **(мүсіндеу)** **«**Өз жолыңды тап» ойыны. Шарты: Топтағы ойыншық көліктерді суда,жерде,ауада жүретін көліктер бойынша топтастыру.	**(сурет салу)** 2 топ: дайын қиылған бейнелерді (жылқыны, үйді) жапсырады. **(жапсыру)** 3 топ: ермексаздан қоршаулар жасау. **(мүсіндеу)** Композиция дайын болады. Балалардың жұмысын тамашалау, мадақтау. «Тұлпарым» әнімен қорытындылау. **(музыка)** **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Бізге қонаққа маймыл келді!»** **Міндеті:** кермені дұрыс ұстауға үйрету (4 саусақ үстінен, үлкен саусақ астынан), аяғын кезекпен басып, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу, аяқ пен қолдың қимылдарын үйлестіру қабілетін нығайту. Балаларды доп көтерген қолдарын басынан асырып лақтыру, бүгілген қолдарды жазып, жоғары қарай көтергеннен кейін екпінмен лақтырылған доптың ұшу траекториясының дұрыс болуын қамтамасыз ету. Ойын түріндегі жаттығулардың көмегімен балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін байытуды, кеңістікте бағдарлау қабілетін, ырғақпен әрі айқын қимылдау қабілетін дамытуды жалғастырамыз. Балалардың бойында жануарлардың табиғаттағы	Электротехника құралдарын не үшін қолданатыны әңгімелеп беру және жекеше-көпше түрде атап беру. **(сөйлеуді дамыту)** «Бұзық телефон» әдісі арқылы қимылды ойын ұйымдастыру. Теледидардан «Тұрмыстық техника» музыкасын қосып,қимылмен жасау. **(музыка)**

	«Топтастыру» әдісі Түрлі түске боялған асықтармен «Ханталапай» ойынын ойнатып балаларды 3 топқа бөліп отырғызу. 1 топ: «Тәулік бөліктері» Шарты: Тәулік бөліктеріне сай суреттерді дұрыс табу арқылы қағаз бетіне орналастыру. **(жапсыру)** 2 топ: «Менің қолғабым» Шарты: Қолғаптың суретін салу,қыс мезгілінде қолғапты не үшін киетіні туралы әңгімелеп беру. **(сурет салу)** 3 топ: «Аққала» Шарты: Аққаланы ермексаздан жасап отырып,неше бөліктен тұратыны туралы айтып беру. **(мүсіндеу)** **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Біз аяздан қорықпаймыз»** **Міндеті:** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығуларды орындау,тепе-теңдікті сақтау. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Мұз жолымен өз бетінше сырғанау,ойнау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бір-бірден бір тізбекке тұру, қолға арналған түрлі тапсырмалармен	туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. **(математика негіздері)**	Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобиль» Шарты: Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Педагог торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады. **(дене шынықтыру)** Балаларға ойыншық жүк машинасын көрсету. Жүк көлігін көрсетіп, оның бөлшектерін талдау: -Балалар, жүк көлігі қандай бөлшектерден тұрады? -Кабина қандай пішінге ұқсайды? -Доңғалақтар қандай пішінді? -Жүк көлігі немен жүреді? Балалар біз жүк көлігінің суретін салайық. Суретті салуды көрсету. Балалар біз жүк көлігін салуды неден бастаймыз? Сосын жүк салғышын саламыз. Біздің жүк көлігімізге не жетіспейді? Ал кабинада не жоқ? Ал енді менің жүк көлігін қалай салғаныма назар аударыңдар. Қылқаламды дұрыс ұстау техникасымен таныстыру. Қылқаламды оң қолымызға ұстап, бояуға батырамыз. Бояу парақты ластамас үшін, артық бояуды ыдысқа	тіршілігі жайлы түсінік қалыптастыру. Жануарлардың тіршілігі туралы мәлімет беру; қайырымдылыққа тәрбиелеу, қоршаған ортаны позитивті тұрғыдан қабылдау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойындық сәт: алыстағы Африка елінен қонаққа келген маймылмен танысу. Балаларды маймылға осы күнге дейін үйренгендерін көрсетіп, білгендерін оған үйретуге шақырады. II. Негізгі кезең. Ойын түріндегі жаттығу: «Жүруді және жүгіруді үйретеміз». Кедергілерден секіріп өту арқылы тізені жоғары көтеріп жүру, бағытын өзгерте отырып жүгіру, аяқтың ұшымен жүру. «Билеп үйретеміз» Ырғақты гимнастика жасау: кешенді жасаған кезде денені тік ұстап, дене сымбатын сақтауға тырысу. Негізгі қимылдарды жасау: Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу (жеке-жеке – маймыл балаларды баспалдақпен өрмелеуге үйретеді). Өрмелеу, тақтайды ұстау техникасын: бас бармақпен астыңғы жағынан, қалған төрт саусақпен үстіңгі жағынан ұстаймыз; аяқ пен қолды үйлесімді қимылдату. «Доппен ойнауды үйретеміз». Бір орында отырған күйі допты бастан	

	жүру – жоғары, жанжаққа, иыққа, алға. Екі тізбекке қайта тұру. Негізгі қимыл – қозғалыстарды орындау. 1.Шайбаны тура бағытта алып жүру (6 рет). Шарты: Шайбаны доптаяқпен алаңның қарама-қарсы жағына алып жүру. 2.Ойын жаттығуы: «Кім мерген?» (6 рет) Шарты: Балалар 2 метр қашықтықтан қар үйіндісінің жоғарғы жағындағы текшелерге,қарды тигізу. Қарды нысанаға оң және сол қолмен лақтыру. Қимылды ойын: «Аязата» (4 рет). Шарты: Педагог жуан дауысымен былай дейді: – Мен – Аязатамын. Орман ішінде жүрмін. Кәне, аңдар, шығыңдар! Қояндар, қайдасыңдар? (Балалар қояндар сияқты педагогке қарай секіріп барады). – Әп-бәлем! Мен сендерді қатырып тастаймын! Қатырып тастаймын! Педагог балаларды ұстап алмақшы болады. Барлығы жан-жаққа қашады. Ойын қайталанады. Аязата әр кезде орманнан жаңа аңдарды (қонжықтарды, түлкілерді), орман құстарын шақырады.		қалдырамыз. Қылқаламды алып тік сызық жүргіземіз. Қиғашынан бір сызық саламыз. Төменге бір сызық саламыз және сызықтарды қосамыз. Кабинамыз дайын болды. Енді жүк салғышын да осылай жасаймыз. Ал енді бояймыз. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту дағдысын пысықтау. **(сурет салу)** Рөлдік ойын: «Жүргізуші» Шарты: Көлік жүргізушісінің рөлін сомдау. **(көркем әдебиет)** **Музыка –** пән жетекшісінің жоспары бойынша.	асырып алысқа лақтыру. Бір-бірінің артына екі қатарға тұру. Нұсқау: допты алға-жоғары лақтыру қажет, доптың алысқа кетуі лақтыру күшіне байланысты. «Секіруді үйретеміз». Қимыл-қозғалыс ойыны: «Сұр қоян жуынады». Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Қоян болған бала ортаға шығады. Балалар: Қоян, қоян тұршы, Беті, қолды жушы Айнаға қарашы Шашыңды тарашы Енді бізді қушы. Қоян қимылмен көрсете отырып жасап, тұрады. Енді бізді қушы дегенде, балаларды қуа жөнеледі. Ойын 4-5 рет қайталанады. Ойынды серуенде жалғастыру.	

	Тәрбиеленушілер олардың қимылдарын келтіреді, сосын Аязатадан белгіленген сызықтан асып қашады. Қорытынды кезең. Алаңда ирелеңдеп жүру. ҰІӘ –ін қорытындылау, балаларды ынталандыру. **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	**№ 17** **Қардағы іздерді бақылай білу** **Міндеті:** Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың тілдерін дамыту. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Көркем сөз Ойын ойнап, міне біз,	**№ 23** **Мұзды бақылау** **Міндеті:** Ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру.Мұз бұл –қатты су құрамы екендігін түсіндіру; мұз медицинада тағамды салқын қалпында сақтап тұруға қолданылады. Мұз құрамы- тұнық, суық, қатты екендігін атау. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Жұмбақ Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз) **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** Қимылды ойын: **«Мұзды аулаға кіргіз»**	**№ 26** **Қар тазалайтын машинаны бақылау** **Міндеті:** Адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету. Қар жауғаннан кейін қардың көп болатынына назар аудару. Қолмен қарды тазалау өте қиын және көп уақыт кетеді. Сол себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар жұмысты тез істейді, машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп келіп жатады. Қарды машинамен қала шетіндегі арнайы орынға апарады. Ол көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғалы көп болады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	**№ 27** **Көшені бақылау** **Міндеті:** Қалада көшенің көп екенін, олардың атауы әр түрлі екендігі және балабақша қай көшеде орналасқандығы туралы түсінік беру. Балабақша жанында қандай мекемелер орналасқандығын айыра білу (дүкен, дәріхана, почта, кітап баспасы және т.б.). Барлық жерде адамдар жұмыс істейді, әрқайсысы істеген жұмысы басқаларға жақсы және ыңғайлы болғанын қалайды. Есейгенде олар да жұмыс істейді, ол үшін балаларға көп оқу керектігін ескерту қажет.Адамдардың еңбектеріне сыйластықпен қарай білуге үйрету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:**	**№ 13** **Күннің ұзақтығын бақылау** **Міндеті:** Күн қысқа,түн ұзақ,соған назар аудару. Балалардың сөздік құрамына көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Мақал-мәтел. Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Бермеймін»** **Шарты:** Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. **Міндеті:** Балаларды күшті болуға, шыдамдылықпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** Еңбек: Ауланы түскен бұтақтардан жинастыру.

	Қыс қызығын көреміз. Шанаға да мінеміз, Шаңғыны да тебеміз. **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** Қимылды ойын: **«Нысанаға тигіз»** **Міндеті:** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** Еңбек: Тәрбиешіге көмектесу. **Міндеті:** Орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Міндеті:** Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** Еңбек: **Табиғат бұрышында құсты тамақтандыру** **Міндеті:** Табиғат бұрышында құсты өз беттеріншетамақтандыруға үйрету (тамақтандыру, суларын ауыстыру).Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	Қимылды ойын: **«Таяқпен сыпыру»** (қалмақ ұлттық ойыны) **Міндеті:** Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** *Еңбек:* **Түрлі түсті мұз айдынын жасау** **Міндеті:** Судың қасиетін бекіту: ыдысқа су құйып бояу араластырып аязға қатыру. Өз беттерімен берілген тапсырманы орындау (суды керек түске бояу, пішінін келтіру);бастаған істі соңына дейін жеткізу (жұмыс орнын жинау-столды сүртіп, шашылғанды жинау және т.б.) **Танымдық іс – әрекет дағдылары мен шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту** **Балалармен жеке жұмыс:** Мақал-мәтелдер: Еңбек түбі –береке. Көптің түбі –мереке. **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**	Көркем сөз Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді күзеткен, Ысқырығы күшті адам. (жол инспекторы) **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** Қимылды ойын: **«Бірінші бол»** **Міндеті:** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету (біреуі-оңға, басқасы-солға), ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** Еңбек: Алаңдағы құралдарды қардан тазарту(сырғанайтын жер,ойын алаңы т.б.). **Міндеті:** Өз беттерімен алаңдағы құралдарды қардан тазартып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Міндеті:** Әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Түскі ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақтану тәртібін сақтаудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **(Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени-гигеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату.				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Төсек үсті жаттығулары: Шаңғы жаттығуы: Екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып жинау. (3-4 рет) 2.Арқаға арналған « Ауа-райы» жаттығулары: Балалар бірінің артынан бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына массаж жасайды. 3. Нүктелі массаж: Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары-төмен уқалаймыз. 4.Түшкіріп тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз. 5. Құлағымыз ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз. Шынықтырудың түрлерін, су шараларын жүргізу,дымқыл сүлгімен сүртіну, дене белсенділігі мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. **(Сауықтыру-шынықтыру шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру)**				
Бесін ас	**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Ойын: №33 «Аққала құрастыр» Шарты: Аққала бөліктерін рет-ретімен жинап құрастыру. **(құрастыру)** Қардан аққаланың жасалатынын,қыс мезгілінде үлкендердің қарды қалай тазалайтыны,еңбектері туралы әңгімелесу. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Адамдардан басқа кімдермен дос болуға болады? Жануарлар мен құстармен дос болуға болады. Балалардың ойларын, тәжірибелерін тыңдау. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Достық қалашығын құрылыс материалдарынан құрастыру7 **(құрастыру)** «Достық жыры» Бота Бейсеновның әнін тыңдату. Бірге айту. **(музыка)**	**Вариативтік компонент: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы: «Қояндар» ертегісі** Міндеті: Жабайы қоян мен үй қояны туралы ертегі арқылы жалпы үй жануарлары мен жабайы аңдардың айырмашылығын түсіндіру. Қоршаған ортаға қамқорлық мәдениетін тәрбиелеу. Ертегі бойнша сюжетті сурет. Барысы: 1. Шаттық шеңбер. №3. 2. Жабайы қоян мен үй қояны туралы ертегі арқылы жалпы үй жануарлары мен жабайы аңдардың айырмашылығын түсіндіру. 3. Сергіту сәті. № 8. 4. Қоршаған ортаға қамқорлық мәдениетін тәрбиелеу. 5. Қорытындылау. Ертегі бойнша балаларды рөльдерге бөліп ойнату.	Балаларды үш топқа бөліп, ойын ережесін түсіндіру. «Дұрысын тап» ойыны. Шарты: араласқан суреттерді топтастыру,санау,адамдардың еңбектері туралы әңгімелеп беру. 1 топ: Жүннен тоқылған киімдерді жинау. 2 топ: Сүт тағамдарын біріктіру. 3 топ: Еттен жасалған тағамдардың суреттерін табу. 4 топ: Үй жанаурларының бөліктерін құрастыру. **(қоршаған ортамен танысу,математика негіздері,құрастыру)**	Топқа бөлу. 1 топ: «Дәрігер» сюжет желісі арқылы ойын. Шарты: телефон байланыс құралын пайдалана отырып жедел жәрдем шақырып,рөлдерге бөлініп ойнау. **(көркем әдебиет)** 2 топ: Ойын: «Кімнің телефоны шырылдайды?» Шарты: Балалардың қалауы бойынша ермексаздан телефонды мүсіндеу. **(мүсіндеу)** 3 топ: Ойын: «Бөлігін тап» Шарты: Қиылған суреттердің бөлігін дұрыс құрастыру арқылы электротехникалық тұрмыстық құралдарын атау. **(құрастыру)**

Балалармен жеке жұмыс	**Алибекқызы Мединамен жеке жұмыс** 5 көлемінде санауды, сандарды ретімен атауды, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Әділбек Асылыммен жеке жұмыс** Айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіріп айтуға үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Болатұлы Санатпен жеке жұмыс** Бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша әңгімелер құрастыра білуге үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Ғанибай Саятпен жеке жұмыс** Жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүруді үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	**Есен Айзеремен жеке жұмыс** Құрылыс бөлшектерін ажыратуды және атауды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдалана білуді үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	№ 17	№ 23	№ 26	№ 27	№ 13
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Балалардың үйге қайтуы	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Ата – аналарға алдымыздағы мерекеге берілген тақпақ – өлеңдерді үйде қадағалауына өтініш білдіру.	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Балалардың өздіктерінен киіне алу дағдыларын қалыптастыру үшін үйде де өздері киінулері туралы ата-аналарға кеңес беру.	Ата-аналарға демалыс мезгілінде балалармен бірге спорттық ойындар ойнатуға ұсыныс білдіру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым «Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы
Тобы «Гүлдер-ай» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 19.02 - 23.02.2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 19.02.2024	Сейсенбі 20.02.2024	Сәрсенбі 21.02.2024	Бейсенбі 22.02.2024	Жұма 23.02.2024
Балаларды қабылдау	«Ауа – райы болжамы» Міндеті: Қысқы ауа – райына сипаттама бере білуге үйрету,табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. **(Қазақ тілі)**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. **(Сөйлеуді дамыту)**	Баладан балабақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райының қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту. **(Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту)**	Балаларды арнайы жасалған көңілді смайликтермен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдысын пысықтау,үлкендерге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. **(Қоршаған ортамен танысу)**	Балалармен балабақшаға немен,қандай көлікпен келгендері туралы әңгімелесу. Міндеті: Көлік түрлері туралы түсініктерін кеңейту. **(Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы туралы әңгімелесу. Ата –аналармен пікірлесу.	Балалардың мінез құлқындағы өзгерістер туралы ата-аналарға кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту дағдыларын үйде де жетілдіру керектігі туралы ақпарат беру.	Демалыс күндері дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы ата-аналарға кеңес беру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	№36 «Суретті ретімен орналастыр» Міндеті: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы үйрету. Шарты: Берілген шыршаларды биіктігіне қарай өсу ретімен орналастыру. **Математика негіздері**	№37 «Сыңарын тап» Міндеті: 5-ке дейін реттік санауды үйрету. Шарты: Балаларға қолғаптың суреттері таратылады,сол суреттегі нүктелерді санау арқылы екінші қолғаптың сыңарын табу. **Математика негіздері**	№12 «Бұл қандай ертегі?» Міндеті: Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. Шарты:Қиылған ертегілердің суретін құрастырып қандай ертегі шыққанын атау,ертегіні айтып беру. **Көркем әдебиет**	№33 «Аққала құрастыру» Міндеті: Пішініне,көлеміне қарай аққаланы құрастыруды үйрету. Шарты: Аққала бөліктерін рет-ретімен жинап құрастыру. **Математика негіздері,құрастыру**	№53 «Көліктер және оның түрлері» Міндеті: Көліктердің жерде,ауада,суда журетіні туралы үйрету. Шарты: Тәрбиеші балаларға ауада,суда,жерде журетін көліктердің суреттерінің бөліктерін таратып шапшаң құрастыруын сұрайды. **Құрастыру**
Ертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені №12**				
Таңғы ас	**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Ұйымдастырылған іс-	Қыс мезгілі туралы тақпақты еске түсіру,бірге қайталау.	Тіл ұстарту жаттығулары Міндеті: артикуляциялық және дауыс аппаратын,	Жұмбақ жасыру. «Түлкі», «Бақа» сөздерін қайталау.	Қимылды ойын: «Аппақ қар»	Артикуляциялық жаттығу: «Машина»

әрекетке дайындық	Міндеті: өлең шумақтарын қайталап айтуға үйрету. **Қазақ тілі**	сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. **Сөйлеуді дамыту**	Міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстарды сөз ішінде анық айтуға баулу. **Қазақ тілі**	Міндеті: Музыка әуенімен қимылдар жасауға үйрету. **Музыка**	Міндеті: артикуляциялық аппаратты жетілдіру. **Сөйлеуді дамыту**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Тақырыбы: «Қысқы табиғат»** **Міндеттері:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Дайын пішіндерден жануарлардың, құстардың пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау,қыстайтын құстарды қоректендіру.	**Дене шынықтыру** **Міндеттері:** еденде бүйірімен тұрған сатының тепкішектерінің арасымен еңбектеуді үйрету, қол мен аяқтың жұмысын үйлестіруге дағдыландыру. Доп ұстаған қолдарымызды бастан асырып артқа қарай ұстау және бүгілген қолды жазып, доптың алға және жоғары қарай ұшу бағытын қамтамасыз ету; қимылдардың орындалу ретін сақтау қабілетін нығайту. Үйлестіру қабілетін, организмнің жалпы төзімділігін, икемділігін дамыту. Спортпен шұғылдануға дағдыландыру, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. слайдтар. **Ұйымдастырылған іс – әрекет:** Доппен жасалатын түзеу жаттығулары: қолына доп ұстап жүру (оң қолына), аяқтың ұшымен жүру – допты басынан асыра көтеріп ұстайды, өкшемен жүру – допты алдына шығарып ұстайды (музыканың ырғағымен). Шеңбер құрап тұру. Жалпы дамыту жаттығулары доппен. Негізгі қимылды іс – әрекет: 1.«Кім шапшаң?»	**Тақырыбы: «Бұл қандай ертегі?»** **Міндеттері:** Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауға, ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға және кейіпкерлерге жанашырлық танытуға, ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету. Сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру, бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. **Ұйымдастырылған іс – әрекет:**	**Тақырыбы: «Қысқы еңбек»** **Міндеттері:** Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін жаңылтпаштар айтқызу,шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету.Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету.Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану,заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.Құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану,	**Тақырыбы: «Көліктер және оның түрлері»** **Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде дұрыс қолдануға үйрету. Сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту,шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бірбіріне арақатынасын беру.Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды

	Ұйымдастырылған іс – әрекет: Жұмбақ жасыру Аяз қысып, Өрнек сызып, Терезені торлайды. Қарға омбығып, Бет домбығып, Балдырғандар ойнайды. Кейде ұлып, кейде жұлып, Үйтқып боран соғады. Айтыңдаршы бөбектерім, Бұл қай кезде болады? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілінің айларын ата? -Қыс мезгілінің ерекшеліктерін еске түсірейік - Балалардың назарын бейне экранға аудару. - Балалар суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? - Балалар қысқы орманға саяхат жасағыларың келе ме? - Ендеше, орманға қыс көлігі шанамен барамыз . (Зырлайды шанамыз әні музыкасы қойылып балалар шанамен орманға саяхатқа барады) **(музыка)** -Балалар, орманға да жеттік, бір кедергі бар сияқты. Мына жерде бізге бір тапсырма бар екен. Жұмбақ Қолы жоқ сурет салады, Тісі жоқ тістеп алады. Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады /қар/ Ышқынады өзі жоқ, Ысқырады сөзі жоқ. Тосын сәт: Орманнан қар ханшайымы шығады. Қар ханшайымы:	Шарты: Түрегеп тұрған күйі допты екі қолмен бастан асыра беру,аяқтың ортасынан кері қайтып жіберу. 2.Еденде бүйірімен тұрған сатының тепкішектерінің арасымен еңбектеу. Нұсқау: бала өзіне қарсы тұрған терезеге қарай еңбектейді, өзге балаларға кедергі келтірмеуі тиіс. Бір сапқа тұру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жапалақ». Ойын тәртібін түсіндіреді. Жапалақтың көзі нашар көретінін, бірақ кішкентай сыбдырдың өзін жақсы еститін жыртқыш құс екенін балалардың есіне салады. Санамақтың көмегімен жапалақты таңдап алу. Ойын түріндегі жаттығу: «Кім шапшаң?». Шарты: Балалар үш топқа бөлініп допты бастан асыра бір-біріне беру және соңғы бала допты алдындағы балаларға аяқтың ортасынан кері беру арқылы ойнау. Балаларды ынталандыру. Балаларға ата-аналарымен бірге дене тәрбиесімен айналысуға ұсыныс жасау. Ойын түріндегі жаттығу: «Шеңбердегі би». Шарты: Музыка ырғағымен орындау.**(музыка)** Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде таза ауада біз доппен ойнай аламыз ба? Ұйымдастырылған іс – әрекетімізді топқа барып жалғастырайық.	Үлестірмелі материалмен жұмыс. Педагог алдымен қай балада неше жолақша барын және олардың түсін анықтауға көмектеседі. Олардың ұзындығы туралы қандай пікір айтуға болатынын түсіндіреді. – Кәне, балалар, ең ұзын және ең қысқа жолақшаны көрсетіп беріңдер. – Жолақшаларды ең ұзынынан бастап ең қысқасына дейін қағаз бетіне жайып қойыңдар. Содан соң педагог 2-3 баланы шығарып, жолақты жоғарыдан төмен, төменнен жоғары жылжыта отырып, өлшемін ретімен атауды сұрайды, ал қалған балалардан сәйкес жолақтарды саусақпен санап отыруды сұрайды. Сұрақ қою: «Барлығы неше жолақша бар екен? Оларды қандай тәртіппен орналастырдық?» **(сөйлеуді дамыту,математика негіздері)** Сергіту сәті: «Аппақ, аппақ...» Аппақ, аппақ, қар аппақ, Қар жамылған дала аппақ, Қырау-қырау тал аппақ, Айналаның бәрі аппақ. «Қолғапқа жасырынған кім?» ойыны. 1-тапсырма. Сурет арқылы сұрақтар қою: – Балалар, суретші мына суретті қай ертегіге арнап салған?	командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс – әрекет:** Қызығушылықты ояту: Жұмбақ: 1. Шанамен зырғып келетін, Коньки, шаңғы тебетін Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың. 2.Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады. - Балалар қараңдаршы, менің қолымдағы не? -Қардың түсі қандай? -Қар қатты ма, жұмсақ па? Ендеше бүгінгі көңіл-күйлерің осы қардай аппақ болсын! Мультимедиялық тақтадан қыс мезгіліне байланысты көріністер көрсету. Қысқы еңбек түрлерімен таныстыру. Жаңылтпашты бірге айтайық. Қыс қатты-ақ, Қыспаққа-ап. Құс тоңып жүр, Қыстап қап. **(сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет)** Қысқы еңбекке үй жануарларына қамқорлық жатады яғни малдар	мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.Құрдастар арасында міндеттерді бөлісу,түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) қарапайым ережелері туралы білу. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс – әрекет:** «Кім қандай көлікпен келді?» ойыны. Ойын шарты: балаларды шеңбер бойына тұрғызып, допты лақтырып, балабақшаға қандай көлікпен келгендігін сұрау. Балалардан көлік түрлері: автобус, ұшақ, кеме, пойыз туралы сұрай отырып, көлік жүргізетін адамдар туралы әңгіме жүргізу. Мәшинені жүргізетін адамды кім деп атауға болады? Жүргізушінің еңбек әрекеті туралы түсіндіріп өту.

	- Кім орманның тыныштығын бұзған? - Саламатсызба, қар ханшайымы! Біз орманның тыныс тіршілігімен танысуға келіп едік Қар ханшайымы: -Сәлеметсіздерме балалар, қыс мезгілінің ерекшелігін білесіңдер ме? Олай болса, менімен ойын ойнауға қалай қарайсыңдар? Дидактикалық ойын «Қыс мезгілінің ерекшелігін тап» Ойын шарты: төрт жыл мезгілінің ерекшеліктері бейнеленген суреттер ішінен қыс мезгілі бейнеленген суреттерді табу. **(сөйлеуді дамыту)** Қар ханшайымы: - Балалар, сендер қыс мезгілі туралы тақпақтар білесіңдер ма? Балалардың тақпақтарын тыңдау. **(көркем әдебиет)** - Балалар орманда құстардың сайраған дауысы естіле ма? - Құстар жылы жаққа ұшып кеткен. Назар салыңдаршы балалар, мына жақта құстардың дыбысы естіледі. Қане зейін салып тыңдайық. (Аудио дыбыс. Құстардың дауысы: Қарға, кептер, торғай) -Бұл құстар, қыстап қалатын құстар екен. Талдағы құстарға назар салайық, қандай құстарды көріп тұрсыңдар? Серуенге шыққанда құстарды қоректендіретін боламыз.	**Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Қыс мезгілінің ерекшеліктері»** **Міндеті:** Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту.Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруді,кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен,алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру, бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. **Ұйымдастырылған іс – әрекет:** - Қыста біз не жасай аламыз?	–Бұл ертегіде бірінші болып кім келеді? –Екінші ше? –Бесінші болып келген кім? – Суретші ненің суретін салуды ұмытыпты? Берілген тапсырма бойынша балалар екінші және төртінші келген аңдарды бояуы тиіс. 2-тапсырма. Педагог: Балалар, сол қолдарыңмен оң құлақтарыңды, ал оң қолдарыңмен мұрындарыңды ұстаңдар. Педагог балалардан Асылбекке тіктөртбұрыштың ортасына шеңбер, оң жағына шаршы, сол жағына үшбұрыштың суретін жапсыруды сұрайды. – Тіктөртбұрыштағы пішіндер қалай орналасқан? **(сурет салу,жапсыру)** «Күн мен түн» ойыны.**(дене шынықтыру)** 3-тапсырма. Балалармен тәулік бөліктерін қайталау. Сұрақтар қою: –Біз күндіз не істейміз? –Біз түнде не істейміз? Бала ұйықтап жатқан суретті көк қарындашпен, ойнап отырған суретті қызыл қарындашпен қоршап сызады. Суретші «Қолғап» ертегісіне неше аңның суретін салыпты? – Түлкі нешінші келді? «Қолғап» ертегісін оқып беру,түсіндіру,қайталау,сахналау. **(көркем әдебиет,қазақ тілі)** Балалар ертегі кейіпкерлеріне баспана керек қой. Ендеше	қорада тұрады оларға жем –шөбі суын беріп жылы қорада ұстайды. - Балалар айтыңдаршы сіздің үйде осы жұмыстарды кімдер жасайды? Ойын: «Кім үлкендерге көмектеседі?». Міндеті: қысқы еңбек түрлерін айтып түсіндіре отырып, өздеріне жасату арқыл үйрету.Берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауды қалыптастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Топқа бөлу. 1 топ: Балалардың қалауы бойынша еңбек құралдарын ермексаздан жасау.**(мүсіндеу)** 2 топ: Үй жануарларына қағазды жырту тәсілі арқылы шөпті қағаз бетіне орналастыру.**(жапсыру)** 3 топ: Құрылыс бұйымдарынан сарай дайындау.**(құрастыру)** Сергіту сәті: «Аппақ қар» **(музыка)** Енді балалар алдымыздағы көк түсті қағазға қылқаламның көмегімен ақ түсті гуащқа матырып жапалақтап жауып тұрған қарды нүкте арқылы өрнектейміз.**(сурет салу)** Жылы жерге қойған қарды бақылау сонымен қардың қасиеті жылы жерде суға айналғанына балалардың көзін жеткізу.	Жүргізуші ең бастысы нені білу керек? Балаларға көлік түрлерінің суреттерін көрсете отырып, бұлардың барлығын бір сөзбен қалай айтуға болатындығын сұрау. Балалардың жауабын толықтыру. Ойыншық мәшинелерді көрсетіп, олардың атын, атқаратын қызметін сұрау. Мынау не? Автобус қандай жерлерге барады? Ал мынау не? Трамвай қандай жолмен жүреді? Темір жолмен тағы да қандай көлік түрі жүреді? Адамдар трамвайды не үшін, қандай мақсатта пайдаланады? Пойыз бен трамвайдың қандай айырмашылықтары бар? Суретке қарап көлік түрлерін жекеше-көпше түрде қайталау. **(сөйлеуді дамыту)** Сендер тағы адамдарды таситын қандай көліктерді білесіңдер? Ұшақ пен кеменің айырмашылығы неде? Қоғамдық көлік түрлерінің құрғақта жүретін, суда жүзетін, темір жол арқылы жүретін және әуеде ұшатын болып бөлінетіндігіне және пойызды жүргізетін адамның жүргізуші, ал кемені басқаратын адамның капитан деп аталатындығына тоқталу.

	Қар ханшайымы: Балалар, орманда құстардан басқа тағыда жабайы жануарлар тіршілік етеді. Мына жақта көптеген аңдар бар. Сіздер бұл аңдардың аталуын білесіңдер ме? Қасқыр, қоян, тиын. түлкі. Тәрбиеші: Тағы қандай аңдарды білесіңдер? Аюды көріп тұрсыңдар ма, балалар? Аю қайда екен? Аю қыста өз апанында ұйықтайды. Ол көктемде ұйқысынан оянады. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Балалар, мына жерде жатқан аққаланың бейнесіне ұқсайды екен,қане,бәріміз бірге құрастырайықшы? **(құрастыру)** Қар ханшайымы балалардың еңбегін мадақтап, мұз конфеттер таратады. Балалар қар ханшайымымен қоштасып, балабақшаға оралады. Балалар, сендерге саяхат ұнады ма? Ұжымдық жұмыс: «Қысқы орман» Шарты: Орманда көргендерін қағаз бетіне түсіру.(**сурет салу,жапсыру,мүсіндеу)** **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Міндеті:** мұзды жолдармен сырғанауға, тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Жүгіру, қолы мен аяғы қимылдары үйлесімділігін бекіту. Шанамен сырғанауға жаттықтыру, қырын бұрылу, алдыға және жан-жағына қарау	Балалар суреттерге назар аударайық. Мұндағы суреттерде қыс мезгілі және қыс мезгілінің үш айы бейнеленген екен. Олай болса, осы суреттегі заттармен екі тілде танысып шығайық. Қыс – зима. Қар – снег. Коньки – коньки. Мойынорағыш – шарф. Қолғап – перчатки. Шана – санки. Желтоқсан – декабрь. Қаңтар – январь. Ақпан – февраль. Жұмбақ шешу: 1.Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады. (Қар – снег) 2.Зулап түсіп төменге, Шықпас менсіз төменге. (Шана – санки) 3.Ақ қарда тек тұрмадым, Қос таяқпен зырладым. (Шаңғы – лыжа) 4.Қолы жоқ, сурет салады, Тісі жоқ, тістеп алады. (Аяз – мороз) – Дұрыс айтасыңдар балалар. Қыс мезгілі өте суық, аяз болады екен. Бірақ біз қыстан қорықпаймыз денемізді шыңдаймыз, жылы киінеміз. Сырғанап ойнап, аққала жасаймыз. Олай болса балалар қыс мезгілінің жағымды және жағымсыз тұстарын әңгімелеп өтсек. **2 топқа бөлінеді** 1.ойын «Қыс мезгілінің ерекшеліктері» 1 топ: Жағымды жақтарын өзара ақылдасып айтады.	сендер өз еңбектеріңмен үй-баспана жасап беріңдер? Осы үйді тұрғызу үшін кім қандай еңбек етті? Кімнің әкесі құрылысшы болып жұмыс жасайды? Құрылысшылардың еңбегі туралы әңгімелесу. **(мүсіндеу,қоршаған ортамен таныстыру)** Ойын: «Көріп ал да,құрастыр» Міндеті: Үлгіге қарап,пішіндерді дұрыс құрастыра білуге үйрету. **(құрастыру)** **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** қырлы тақтаймен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтау (жалпақтабанның алдын алу) қабілетін жетілдіру. Еденде бүйірімен тұрған сатының тепкішектерінің арасымен жанаспай еңбектеуді, еңбектеген кезде бағытты солға және оңға қарай жылдам өзгертуді үйрету. Шектеулі алаңда қос аяқтап секіріп жаттығу. Ептілік пен үйлестіру қабілетін дамыту; отансүйгіштікке баулу. **Ұйымдастырылған іс – әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Кім зейінді?»: тәрбиеленушілер бір-бірден тізбекке тұрады. Алдымен «шашырап» жүреді, сосын «шашырап» жүгіреді де, педагогтің жанына бірбірден тізбекке тұрады. Балалар қозғалыс кезінде бір-біріне соқтығыспауға тырысады. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау. Еденде жатқан қырлы тақтайдың үстімен жүру. Қырлы тақтайдың үстімен жүрген кезде денені түзу ұстау, аяқты өкшеден басып, аяқтың ұшына ауыстыруға назар аудару. Еденде жатқан тақтайдың үстімен қос аяқтап секіру. Қимылдарды ізбе-із орындау тәртібін түсіндіру және көрсету.	Сонымен қатар, кеме мен пойыз жолаушыларды алыс жерлерге таситын болғандықтан олардың ішінде адамдарға жағдайдың жасалғандығын (тамақтанатын, ұйықтайтын т.б жердің болуы) айтады. Сонымен қатар жүк таситын кемелер мен пойыздың бар екендігіне тоқталу. Міне, көрдіңдер ме, балалар, адамдар үшін қызмет ететін көлік түрлері көп екен. Ал осындай көліктерге отыратын адамдарды жолаушылар деп айтамыз. Енді, балалар, мына суретке қараңдаршы. Сендерге осы көлік түрлерінің ішінен қандай көлік таныс? Өрт сөндіруші мәшинесін қандай жағдайда пайдаланамыз? Өрт сөндіруші мәшинесінің түсінің неліктен қызыл болатындығы, жедел жәрдем мәшинесінің неліктен жабық түрде болатындығы және оны не үшін пайдаланатындығы, трамвай, өрт сөндіруші және жедел жәрдем мәшинесінің атқаратын қызметі, олардың ұқсастықтары мен айырмашылығы, көліктің құрылысы (кабинасы, шанағы, дөңгелектері) туралы салыстырмалы түрде сұрақтар қоя отырып, толық мағлұмат береді. Ойын: «Дауысынан таны»

Ұйымдастырылған іс-	«Менің ойыншықтарым» М.Әлімбаев	Тіл ұстарту жаттығулары. Міндеті: артикуляциялық және дауыс аппаратын,	Шаттық шеңбері: Атам менің күйші Апам менің биші.	«Жаңылтпашты жаңылмай айт»	

әрекетке дайындық	Міндеті: Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен байыту.	сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Ие-ие-ие, Маң-маң басқан түйе. Та-та-та, Жібек жүнді бота. Ой-ой-ой, Қорада тұр қой. **Қазақ тілі**	Асқан шебер жанұямда Анам бар тігінші. Әкем болса ұста Үй салады қыста. Үйде өзім жалғыз қалам Бәрі де жұмыста. **Сөйлеуді дамыту**	Міндеті: Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, – Неше кіші ішік піштім?! **(қазақ тілі)**	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша. **Тақырыбы: «Ойыншықтарды жинаймыз»** **Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді жекеше және көпше түрде дұрыс қолдануға үйрету. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Жұмбақтар шешу арқылы ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға баулу. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Жас өрт сөндірушілер»** **Міндеттері:** аздап жоғары көтерілген баспалдақтың тақтайшалары арқылы аттап өтуге, тізені жоғары көтеріп, аяқты ұшымен қоюға, денені тік ұстап, тепе-теңдікті сақтауға үйретуді әрі қарай жалғастыру. Оңға қарай қосалқы адымды тізені көп бүкпей, арқа мен басты тік ұстап орындау қабілетін дамыту. Еденде бүйірімен тұрған баспалдақ тепкішектерінің арасымен еңбектеп өтуге жаттығу, дененің күшін арттыру, ептілікке баулу. Өзгелерге көмектесуге, тапқырлыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бір-бірден сапта жүру, баяу қарқынмен жүгіру – бір минут; адымдардың қарқыны мен ырғағын сақтау. Тыныс алу гимнастикасы. Қосалқы адым жасап жүру: денесін оңға қарай бұрмай, тік ұстау қажет. Екі сапқа тұру.	**Міндеттері:** Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру. Жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу,заттарды салыстыру.Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы,пішіндегі элементтерімен безендіру,жапсыру дағдыларын қалыптастыру.Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.Жақындарының мамандықтарымен	**Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға,зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтуға үйрету. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «қошқар мүйіз»,«құс тұмсық» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттардың	

	таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Слайдқа назар аудару. Жұмбақ шешу. 1.Аяғы бар,жүрмейді, Аузы бар,сөйлемейді. Көзі бар көрмейді. -Ол не? (қуыршақ). 2. Ақ сарайын талқандап, Шықты біреу талдандап (ол жұмыртқадан жарып шығады). (балапан). 3. Шіркіннің өзіне обал-ақ, Жүреді аяқта домалап. (доп). **(қазақ тілі)** Балалардың назарын үстелдің үстінде тұрған ойыншықтарға аудару,әңгімелесу. Ойын: «Сұрақ - жауап» Қуыршақ неден жасалған? Онымен кім ойнайды? Доп неден жасалған? Допты үйде ойнауға болады ма? Ойыншықтардың атауларын жекеше-көпше түрде бірге атайықшы? **(сөйлеуді дамыту)** Ойын: «Ойыншықтарды жинаймыз» Шарты: Ойыншықтарды түстеріне,көлеміне,пішініне қарай топтастыру. **(математика негіздері)** -Балалар,ойыншықтар қайда сатылады? Олай болса біз автобусқа отырып,ойыншықтар дүкеніне барамыз ба? Көлікті кім жүргізеді?	Қамшыны (өрілген жіп бұрым) пайдаланып, жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Бастапқы қалыптың дұрыс сақталуына, мейлінше төмен еңкеюге назар аудару. Негізгі қимылдарды орындау: 1.Еденнен 20 см биікке көтерілген баспалдақтың тақтайлары арқылы аттап өту (қолды белге таянады). Балалардың тізені жоғары көтеріп, арақашықтық сақтап жүруіне назар аударады. 2.Еденде бүйірімен тұрған баспалдақ тепкішектерінің арасымен еңбектеу: аяқ пен қолдың қимылдарын үйлестіру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Таспа жіпті кім көп жинайды?» Ойын тәртібін ескерту: үш адымнан кейін серпіліп секіру қажет. Егер бала таспа жіпке қолын жеткізсе оны алып тастайды. Епті балаларды атап өтеді. Қорытынды кезең. Ойын: «Шеңбер бойымен». Қимылдарды көрсетуге қиналған балаларға көмек көрсетеді. **Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Үй жануарлары»** **Міндеттері:** Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар,	таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалардың назарын интерактивті тақтаға аудару. -Видео көрсету. («Әли мен Айя» мамандықтар туралы) -Миға шабуыл. Жұмбақ жасыру. 1.Сауықтырар сырқатты, Жылы үнмен тіл қатты. 2.Қалпағы ақ қарасаң, Дәріген емес ол бірақ. Дәм мәзірін қаласаң, Алға ұсынып тұрады ол. 3.Алатаяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді күзеткен, Ысқырығы күшті адам. 4.Білімнің дәнін береді, Балаға тәлім береді. -Мамандық иелері туралы түсінік беру. «Кір жаю» әдісін қолдана отырып, суреттер көрсету. Ойын: «Кім жоқ?» Шарты: балалар жіпте ілініп тұрған мамандық иелерінің суреттерін анықтап қарайды, содан соң көздерін жұмады. Көздерін ашқаннан кейін суреттердің ішінен жоқ маман иесін тауып айтады. **(сөйлеуді дамыту)** Ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы». Шарты: сюжеттік-рөлдік ойын ретінде балалар рөлге	дағдыларын сақтау. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Әңгіме жүргізу. Қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде неше ай бар? Көктем мезгілінде қандай мерекелерді тойлаймыз? Балалар, қараңдаршы қандай әдемі, әсем ойыншықтар. Ал,енді бүгін «Менің сүйікті ойыншығым» туралы әңгімелесетін боламыз. «Сұрақ-жауап» ойыны. Сүйікті ойыншықтарың бар ма? Қандай ойыншықтарың бар? Қандай ойыншықты жақсы көресіңдер? Ойыншықтарды қалай ұстау керек? Балалар, мына үстел үстінде жатқан заттар не? Ойыншықтармен не істейді? Балалар мынау қандай ойыншық?	

	Дүкенде кім жұмыс жасайды? **(қоршаған ортамен таныстыру)** Сюжетті рольдік ойын: «Сатушы» Шарты: Ойынды рөлдерге бөліп ойнау. **(көркем әдебиет)** **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Көктем келді, көктем!»** **Міндеттері:** самокатпен сырғанау кезінде бұрыла білуге, тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Бір орында тұрып ұзындыққа секіргенде дененің бастапқы қалпын дұрыс сақтау, қолды төмен-алға қозғалтып, оны аяқтың серпілісімен үйлестіру қабілетін жетілдіру. Қозғалыс үйлесімділігін, зейінін дамыту,ептілікке баулу; төзімді болуға, тәртіпті болуға, күшті әрі алғыр болуға деген қызығушылығын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қатарға тұру. Алаңның бір шетінен қарама-қарсы жағына қарай жүру, «шашырап» жүгіру, қатарға тұру. Тыныс алу гимнастикасы: «Демді тазартатын «ха». Ауаны жеңіл жұтуға тырысу қажет. Жаттығуды орындайды. Б.қ. – аяқтарының арасын ашып тұрады. 1 – еркін терең дем алады, қолдарын алға қарай жоғары көтереді. 2 – мүмкін болғанша демін іште ұстайды. Ауызды ашып, өңешін бос ұстайды, демді аузынан тез шығарады, алға қарай еңкейіп,	ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға баулу. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айту дағдыларын дамыту.Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру.Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.Дайын мүсінді дөңгелек, сопақша пішіндегі элементтерімен безендіру. Көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше құрастыру. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Е.Ахметтің «Қасқа құлын» өлеңін оқып беру. Балалардан өлеңде қай жануар туралы айтылғанын және тағы қандай үй жануарларын білетінін сұрау? Үй жануарларының суреттерін қарастыру арқылы сұрақтарға жауап алу.	еніп, сол маман иесі болып ойынды ойнайды. **(көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу)** Құрылысшы не тұрғызады? Үйді немен салады? «Қара және салыстыр» ойыны. Шарты: Фланелеграфтағы үйдің суреттерін салыстырады. -Үйлер бірдей ме, жоқ әртүрлі ме? -Бір-біріңе арқаларыңмен тұрыңдар, қайсысың биік, қайсысың аласа екенін көреміз. **(математика негіздері)** Топқа бөлу: Топтық тапсырма беру: 1-топ: Ойын: «Құрастыру» Шарты: Аралас суреттердің ішінен кеспе суреттерді құрастырып,оны қағаз бетіне жабыстырып,қандай маман иесі екенін айтып береді. **(құрастыру,жапсыру)** 2-топ: «Сәйкестендіру» әдісі. Шарты: Әр маман иесінің құралдарын тауып сәйкестендіріп,бояйды. **(сурет салу)** Суретпен жұмыс. Көлік жүргізетін адамды кім деп атаймыз? Көліктер немен жүреді? Көлік дөңгелектері қандай болады? Дөңгелектер не үшін керек? Ойын: «Кім шапшаң?» Шарты: Балаларды жарыстыра отырып,көліктердің бөліктерін мүсіндеу. Саусақ жаттығуы.	**(сөйлеуді дамыту)** Сөредегі ойыншықтарға назар аудару,салыстыру,топтастыру,алдымен көзбен мөлшерлеу содан кейін қатарластырып қою (жуан-жіңішке,ұзын-қысқа). Доптың пішіні,түсі қандай? Доптың қимылы қандай? **(математика негіздері)** Қане бәріміз допша секірейікші? Кім доп туралы тақпақ біледі? Қыз балалар көбіне қандай ойыншықпен ойнайды? Ал, мына қуыршақтың көйлегінің түсі қандай? Кім қуыршақтың қалай ұйықтайтынын көрсетеді? Ал, ұлдар көбінесе қандай ойыншықтармен ойнайды? Ал, машинаның түсі қандай? Кім машина туралы тақпақ біледі? Сипаттама беру. Балалар, ойыншықтар жасалуына байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Матадан жасалған . Пластмассадан . Резинадан жасалған ойыншықтар. Балалар, біз бұл ойыншықтарды қолымызбен ұстап, сипау арқылы оларды қандай екенін білеміз. Яғни,	

	қолдарын түсіреді («ха»). 3 – бойын ақырын тіктейді және демалады. Демді шығарған кезде ауаны ауыз арқылы шығрады. «С» дыбысын шығарған сияқты қатты ысқырған дыбыс шығарады. Шығып жатқан ауаға тілмен кедергі жасау қажет. Негізгі қимылдарды орындайды. Ойын түріндегі жаттығу: «Кім алысқа секіреді?» Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Екі аяқпен бір уақытта итеріліп секіруге назар аудару. Допты жоғары лақтыру және оны екі қолдап қағып алу. Нұсқау: допты алдына шығарып ұстайды, алға-жоғары лақтырады; допты саусақтарының арасын ашып ұстайды және өзіне қарай қыспайды. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қуаласпақ-қуыспақ» Нұсқау: жақын тұрған орындықтардың үстіне тұру қажет. Көзге арналған гимнастика: «Сәуле» Қорытынды кезең.	Суреттен қандай үй жануарларын көріп тұрсыңдар? Оларды неліктен үй жануарлары деп атаймыз? Үй жануарлары қайда тұрады? Олардың төлдері қалай аталады? Сендер түйе туралы не білесіңдер? Түйенің түрі қандай болады? Үй жануарларының сыртқы келбеті,адамдардың еңбегі, олардың пайдасы,немен қоректенетіні туралы түсінік беру. Өзекті сұрақ: Сиырды немен алмастыруға болады? Сүт пен ет жасап шығаратын мәшинелер бола ма? Біз осы өнімдерді сатып алатын дүкендер қалай аталады? Қой бағатын адамды кім деп атайды? Сиыр бағатын адамды кім деп атайды? Жылқы бағатын адамды кім деп атайды? Түйе бағатын адамды кім деп атайды? **(сөйлеуді дамыту)** Дыбыстық жаттығу: Қ-қ-қа-қи-қо-қой Кі-кі-келді ешкі. Ү-ү-үй-түй-түйе. Ұ-ұ-бұзау. Танымдық компьютерлік ойын: «Ненің дауысы?» Шарты: алдарындағы суреттен қай жануардың дауысы екенін көрсетеді. «Құлыншақты дұрыс қой» ойыны.	**(мүсіндеу)** Аспаптарда ойнау. Шарты: Музыкалық аспаптарда ойнау. **(музыка)** Шаштараз, жүргізуші, дәрігер сөздеріне дыбыстық талдау жасайды. «Сен өскенде кім болғың келеді?» ойының ойнау. Шарты: Доп лақтыру арқылы әр бала өз ойын айтады. **(қазақ тілі)** Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап» Шарты: Әуен ойналып балалар серуендеп жүреді. Әуен тоқтап, жауын жауған кезде, көп қатарлы үйге қыз балалар, бір қатарлы үйге ұл балалар өз орындарын табады. **(дене шынықтыру)** **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.	матадан, резинадан жасалған ойыншықтар жұмсақ, ал темір мен ағаштан, пластмассадан жасалса қатты болады. Бір ойыншықты біз ойыншық дейміз. Ал, көп ойыншықты қалай атаймыз? Жұмбақтар шешу 1.Аяғы бар, жүрмейді, Аузы бар, күлмейді. Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді . (қуыршақ) 2.Суға салсаң батпайды, Түскен жерге жатпайды. (доп) Дыбыстық жаттығулар: Шық, шық, шық, ойыншық. Шақ, шақ, шақ, қуыршақ. Дидактикалық ойын: «Жалғасын тап» Ойын шарты: Бастаушы бала сөйлемді бастап береді,балалар аяқтайды. Менің ойыншығым .... /әдемі/. Мен қуыршақпен ..../ойнаймын/. Допты жоғары ..... . / лақтырдым/. Р.Тышқанбаевтың «Қуыр шақ» өлеңін оқып беру. Ойын: «Ғажайып қорапша» (ішінде асық) Ойын шарты; көздеріңді жұмып қоржыннан кез - келген ойыншықты алас ыңдар. Алған ойыншықтарыңны ң	

		Шарты: Қысқа жолаққа бір құлыншақты, ал ұзын жолаққа көп құлыншақты қояды. – Бір құлыншақ тұрған жолақ қысқа ма, ұзын ба? - Көп құлыншақ тұрған жолақ ұзын ба, қысқа ма? Құлыншақты санау. 5- ке дейінгі сандарды тура және кері санау. **(математика негіздері)** Топпен жұмыс. 1 топ: Сиырдың суретін салу. Шарты: үзік сызықтарды қосу арқылы сиырдың бейнесін салып алып,бояйды. **(сурет салу)** 2 топ: «Үй жануарларын құрастыру» ойыны. Ойын шарты: Ортаға үш бала шығып қиындыдан үй жануарын құрастырып оның атын және төлдерін атап,дыбысын салады. **(құрастыру)** 3 топ: «Менің күшігім» ойыны. Шарты: Ермексазды жұмсартып,тұтас бөлікті созу арқылы иттің мүсінін келтіру,әңгімелеп беру. **(мүсіндеу)** «Төлдер айтысы» сахналау. **(көркем әдебиет)**		атын, түсін, қатты, жұмсақ екенін айтып, жақсы мейірімді тілек білдіресің. Мысалы; мен асықты алдым, асық ойыны ұлттық ойын, асықтың түсі – қызыл, қатты және асықпен қалай ойнау керек екенін көрсеттім. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** Мазмұнды - рольді ойын; «Ойыншықтар дүкені» Міндеті: Сөйлемді толық құрастыруға үйрету,ойлау қабілетерін дамыту. Мамандыққа баулу,яғни дүкенші болуға ынталандыру және сыпайы сөйлеуге үйрету. Ойын шарты:1- бала – сатушы, 2-бала – кассир, 3-бала –тексеріп, қарап алушы. Дүкенге барғанда тәртіп сақтауымыз керек. «рахмет!»,«қош келдіңіз!» деген сөздерді пайдалану (2 – 3 рет балалардың орындарын ауыстырып ойнату). **(көркем әдебиет)** Шығармашылық жұмыс. Саусақ жаттығуы. 3 топқа бөлу. 1 топ: Ойын: «Менің сүйікті ойыншығым» шарты: Қағаз бетіне домалақ пішіннен доптың суретін салып, ирек сызықпен әшекейлеу. **(сурет салу)**	

				2 топ: ойын: «Қоян менің сүйікті ойыншығым» Шарты: Домалату, шымшу, жалпайту тәсілдерін қолдана отырып,ермексаздан қоян мен көжектердің мүсінін жасау,салыстыру, әңгімелеу. **(мүсіндеу)** 3 топ: Ойын: «Мұнара құрастыр» Шарты: Конструкторлардан әдемі мұнара құрастыру. «Ойыншықтар» әні **(музыка)** **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Ойын лотосы»** **Міндеттері:** бір аяқты алға қарай созып, оның қасына екінші аяқты қою; екінші аяқтың ұшын ішке қарай бұрмау, адым басқанда аяқты бірқалыпты қимылдату қабілеттерін дамыту. Биікке көтерілген баспалдақ таяқшалары арқылы тізені жоғары көтеріп аттап өтуге, денені тік ұстауға жаттықтыру. Қимыл-қозғалыс жаттығуларының көмегімен қозғалу мүмкіндігін арттыру. Балаларды бір-біріне қайырымды болуға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**	

				Ойын лотосын ойнауға шақырады. Шардағы әр нөмір ойын санын білдіреді. Тәрбиеленушілер залда музыка бойынша «шашырап» жүреді. Музыка аяқталғанда шеңбер жасап тұрады және қол ұстасады, қолдарын жоғары көтереді. Екінші рет «шашырап» жүгіреді. №1 шар. Ойын: «Тез шеңберге тұр» (музыканың ырғағымен). №2 шар. Ойын: «Айтқанымды орында!» №3 шар. Ырғақты-музыкалық қимылдар: шеңберде – алға қарай қосалқы адым жасау, жайлап отырады. №4 шар. Ойын түріндегі жаттығу: «Жылдам аяқтар» 20 см бикке көтерілген баспалдақтың тақтайлары арқылы аттап өту. Залдың қарсы бетіне өту, тізені жоғары көтеру, еденге қарамай, арқаны тік ұстап жүру. №5 шар. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мысық пен тышқан». Қорытынды кезең. Ойын түріндегі жаттығу: «Фигура жаса». Шарты: бөліктерден бүтін пішін шығару. Ойынның денсаулықты нығайтуға, епті әрі шапшаң болуға көмектесетінін еске салады.	

Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	**№ 14** **Аулада тазартушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының еңбегін бақылау. Еңбек қимылын көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сыпыру). Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу,көмектесуге ынталандыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Еңбек сүйсең, жасыңнан, Бақыттысын, жас ұлан – Дейді атам ылғи да, Сипап менің басымнан. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір»** **Міндеті:** Балаларды белгі бойынша үйрету, «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтау. Балалардың кеңістікте бағыт-бағдарын тездетуге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аулада үлкендерге көмек беру.** **Міндеті:** Еңбектің маңыздылығын білу. Ойын барысында мадақтау, шапшаңдығын дамыту. Татулық қарым - қатынасқа тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 19** **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Алма ағаштың құшағы – Қанат жайған бұтағы. Жапырағы жүрегі, Бұтақтары білегі. **Коммуникативтік дағды** **Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша)** **Міндеті:** Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Жіпті көтеру»** **Міндеті:** Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәре жеріне келіп, бірінші болып жіпті тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:Табиғат бұрышындағы жұмыс** **Міндеті:** Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 3** **Күннің шұғыласын бақылау** ***Міндеті:*** Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ шешу** Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күнннің көзі) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны)** **Міндеті:** Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай,кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** **Жолдарды қардан тазарту** **Міндеті:** Берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауға үйрету. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 21** **Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау** **Міндеті:** Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Көптерді қуып жет»** **Міндеті:** Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек сүйгіштікке баулу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Құстарды тамақтандыр** **Міндеті:** Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу. **Балалармен жеке жұмыс:** **Тақпақ оқу,жаттау** Ұшып, қонып жүр торғай, Жем іздейді. Серігіне табасын жегізбейді,	

				Құттай дәнді қиядан көзі шалып, Байғұс сірә көрмейді өгіздерді. **Коммуникативтік дағды**	
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Түскі ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақтану тәртібін сақтаудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **(Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени-гигеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Жалпы жетілдіру жаттығуы: Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады.. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу. Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу. 2.Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. 3.Беті - қолымызды жылы сумен жуып, сүлгімен сүртінейік. Балалар кәне жарты шеңберді құрайық: Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық. 4. Тыныс алу жаттығулары: Арқа мен жатып бір қолы кеудеде, екінші қолын ішіне қою. Ауаны ішке тарту: іштің көмегімен қолды кері итеру, жай дем шығару: іштің тартылуы б.қ келу. 5.Тамағымызды тұзды сумен шаю. **(Сауықтыру-шынықтыру шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру)**				
Бесін ас	**Гигиеналық шараларды орындау** Ас алдында қолды сабынмен жуу,қол орамалды қолдануын пысықтау. **Мәдени-гигиеналық дағдылар** Ұқыпты тамақтану дағдыларын,ас құралдарын қолдануды жетілдіру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	Ойын: «Кімге не керек?» Шарты: Қыз қуыршақ пен ұл қуыршақты киіндіру. Топқа бөлу. 1 топ: Қыз қуыршаққа моншақты көйлектің суретін салу. **(сурет салу)**	Ойын: «Сиқырлы қоржын» Шарты: Балалар қоржынның ішінен алған ойыншықтарды атап, қайда мекендейтінін,пайдасы туралы айтып,дыбыстарын салады.	**Вариативтік компонент:** **«Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы:** «Егер орманнан.... жоқ болып кетсе, не болар еді? Дидактикалық ойын» **Міндеті:**	«Кім жылдам?» ойыны. Шарты: Балалар ойыншықтарды көрсеткен кезде, жылдам оның атын айту керек. Ал,енді мына қуыршақ қандай киім киіп алған?	

және басқалар)	2 топ: Ұл қуыршақтың шалбарын жапсыру. **(жапсыру)** 3 топ: Ермексаздан өз қалаулары бойынша ойыншытарды мүсіндеу. **(мүсіндеу)** 4 топ: Конструктордан қуыршақтарға арналған үй жасап беру. **(құрастыру)** -Балалар мына ойыншықтармен ойнауға болады ма? (Сынық ойыншықтарды көрсету) Ойыншықтар туралы білетін тақпақтарын сұрау.	**(қоршаған ортамен таныстыру)** Жаңылтпашты жаңылмай айтайық. 1. Ақ тай ақ па? Қара тай ақ па? 2. Қай тай лақтай? Қай лақ бармақтай? Ойын:«Қоржынды әшекейлейміз» Шарты: Фолгадан білезік жасап, ою - өрнектерімен әшекейлеп,қоржынға іледіі. **(жапсыру)** «Қошақаным» әнін тыңдату,жаттау. **(музыка)**	Орман бәрін бекер жиналмағандығын түсіндіру. Өсімдіктер мен жануарлардың өмірі бір-бірімен байланысты екенін үйрету. Экологиялық мәдениетін тәрбиелеу. **ҰІӘ:** Орман тұрғындары туралы жұмбақтар жасыру. «Егер орманнан ... жоқ болып кетсе, не болар еді?» экологиялық ойын. Шарты: тәрбиеші орманнан бүкіл жануарларды алып тастауды ұсынады. Мақсаты: Орманда бәрінің өз орны, бекерге жиналмағанын, бір-бірімен байланысты екенін түсіндіру. Сергіту сәті. «Үйін көрсет» ойыны. Міндеті: әр жануардың өз ерекшелігіне сай мекені болатынын түсіндіру. Қортынды. Сұрақ-жауап арқылы түсіндіру.	Ертең қандай мерекені тойлағалы жатырмыз? Қуыршақтың тақиясына әдемілеп ою-өрнек салып берейік. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен ою – өрнектерімен таныстырып өту. Ойын: «Қуыршақтың тақиясын сәндейміз» Шарты: Тақияны ою-өрнектермен жасау. Тақияның түсі қандай? Ою - өрнектердің түсі қандай,салған ою-өрнегіміз қалай аталады? Үкінің түсі ше? **(қоршаған ортамен танысу,жапсыру)**	
Балалармен жеке жұмыс	**Алибекқызы Мединамен жеке жұмыс** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуды, белгілі дыбысқа ауызша сөздерді таба білуді үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Ғанибай Саятппен жеке жұмыс** «Бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратуға үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Муханбет Ансармен жеке жұмыс** Айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіре білуді үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Мырзағали Адиямен жеке жұмыс** Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен қимылды ойындарды ойнай білуді үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	№ 14	№ 19	№ 3	№ 21	
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				

Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға: 8 наурызға арналған тақпақтарын,әндерін үйде пысықтап келуді ескерту.	«Қошақаным» әнін үйде жаттап келулеріне ұсыныс білдіру.	Ата-аналармен: Балаларды отбасында өз - өзіне қызмет етуге тәрбиелеуде не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға демалыс мезгілінде қазақ халық ертегілерін оқып берулеріне ұсыныс білдіру.	

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым «Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы
Тобы «Гүлдер-ай» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 11.03 - 15.03.2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.03.2024	Сейсенбі 12.03.2024	Сәрсенбі 13.03.2024	Бейсенбі 14.03.2024	Жұма 15.03.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалармен әңгіме жүргізу. **Қазақ тілі**	Балаларды жақсы көңіл - күймен қарсы алу. Әуенді ойын: «Көңіл күй» Міндеті: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. **Музыка**	Саусақ жаттығуы: Ағайынды аралармыз, Еңбек үшін жаралғанбыз Ззз -ззз- ззз Шыбын іздеп күні бойы Гүл бақшаны аралаймыз Ззз — ззз –ззз Қалмай ұшып соңынан Ара қуды Мұратты Ззз- ззз – ззз. **Қазақ тілі**	«Күннің сәулесі шықты» Міндеті: Күн туралы түсінігін кеңейту, «Ыстық», «Терледім», «Көлеңкеге тығылайық» сөздерінің мағынасына қарай қимыл жасауға үйрету. **Қоршаған ортамен танысу**	«Ойлан тап, қандай дыбыс?» Міндеті: Дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру. Мына суреттерге қара, олардың ат тары қандай дыбыстан баст алады? «қоян, қасқыр, қолғап, қарға » т.с.с. **Қазақ тілі**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	**Ата-аналармен жұмыс:** «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	**Ата-аналармен әңгіме**: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	№6 «Көршісін тап!» Міндеті: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға үйрету. Шарты: Әр балаға карточка таратылады сол арқылы санның көршілерін табу керек. **Математика негіздері**	№2 «Қарама-қарсы сөзді тап» Міндеті: Заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. **Сөйлеуді дамыту**	№55 «Танып ал да, атын ата» Міндеті: Заттың түр - түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру. Сөздік қорын молайту. Ойлау қабілетін дамыту. Шарты: Ортаға әртүрлі суреттерді тастау. Әр бала өзінің таңдаған суретін алып, оның түр - түсі, пішіні жайлы әңгіме айтып береді.	Сурет бойынша әңгіме құрастыру: -Жылдың қай мезгілі? Ай аттарын ата? -Қазір қай ай? -Бір аптада неше күн бар? -Аптаның қай күні? **Сөйлеуді дамыту**	№17 «Кімге не керек» Міндеті: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету. Шарты:Үстел үстінде мамандықтарға қажетті құрал жабдықтар бейнеленген кәртішкелер. М/ы: дүкеншіге-таразы, мұғалімге-кітап т.б

			Математика негіздері		**Қоршаған ортамен таныстыру**
Ертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені №13**				
Таңғы ас	**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Суреттермен жұмыс «Жануарлар» Міндеті: жануарларды танып, аттарын атап айтуды,дыбысын салуды үйрету. **Қоршаған ортамен танысу**	№ 59 «Таяқшамен жұмыс» Міндеті: үлгі суретке қарап, дұрыс құрастыра білуге үйрету. Шарты: таяқшалар таратылады,сол таяқшаны пайдаланып,үлгі суретке қарап бейнені құрастыру. **Құрастыру**	Киімдер туралы жұмбақтар М індеті: Жұмбақтар шешу арқылы сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.Жекеше-көпше түрде айту. 1.Ерте тұрдым, алып ұрдым. (Етік) 2.Ашамайды арта салдым, Айыр жібін тарта салдым. (Тымақ) **Сөйлеуді дамыту**	«Кім тез табады?» Міндеті: Естіген сөзде қазақ тілі дыбыстары бар жоғын ажырату (ә, і, ү, ұ, қ, ғ, ө, ң). Мен дыбыстарды айтып тұрамын, егер сөзде қазақ тіліне тән дыбыстар естілсе, алақаныңды соқ: О-Ұ-Ү-Ө-Ұ-У-О-Ұ. **Қазақ тілі**	Тіл ұстарту жаттығулары «Кішкентай тілдің саяхаты» Міндеті: артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. **Сөйлеуді дамыту**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша. **Міндеті:** балалардың сөздік қорларын заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздерімен байыту. Сахналық қойылымдарға қатысуға,ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру.Суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға және шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету. Пішінін ескере	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** орындықтан секірген кезде табанды белсенді түрде жазу және жерге аяқты аздап бүгіп түсу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Солға қарай қосалқы адым жасау тапсырмасын тізені қатты бүкпей, иықты бұрмай, ырғақпен орындау қабілетін қалыптастыру. «Жыланша» жүгіріп жаттығу, заттардың арасымен жүгіргенде бағытын өзгерту қабілетін жетілдіру.Ептілікке баулу, кеңістікте бағдарлау және әрекет ету жылдамдығын дамыту. Бір-біріне қайырымды болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**	**Міндеті:** түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (киім,жиһаз), ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. Суреттер бойынша әңгіме құрастыруға,заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға,ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша салыстыруға үйрету. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бұршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын»,	**Міндеті:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға,сын есімдерді зат есімдермен байланыстыра білуге үйрету.Ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға ынталандыру.Тақпақтар жаттату,мәнерлеп айтуға баулу. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Қоршаған ортаның әсемдігіне қызығушылықты дамыту.Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге	**Міндеті:** Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Таныс әдеби шығармаларды тыңдауға, шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес мәнерлеп айтуға баулу. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы және пішіні жайлы түсінік беру. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азықтүлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен

	отырып,элементтердің бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау дағдыларын,жапсыру дағдыларын дамыту. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ пішіндегі элементтерімен безендіру. Көрнекілікке сүйене отырып және жапсырылған материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар бүгін бізге хайуанаттар бағынан қонақтар келеді.Олармен серуендеп қайтайық. Балалардың назарын аңдар тұрған торға аудару. Аю,қоян,түлкі,зебра қандай жануарлар? - Зебраның түсі қандай? -Ал, қоянның түсі қандай? Қыс мезгілі мен көктем мезгілінде қоянның түсі қандай болып өзгереді? Ал,аю көктемде не істейді? Тордағы аңдар бір жерде,бір қатарда тұр ма? **(қоршаған ортамен танысу)** -Түлкі үлкен бе, қоян үлкен бе? -Қай жануарға қандай тор қажет? -Неліктен торларға жақындауға болмайды? Лентаның қайысысы ұзын? -Көзбен шамалап біле аласыңдар ма?	Екі-екіден жұптасып сапқа тұру, тізені жоғары көтеріп, кең адымдап «күртік қардан» аттап өту – «ағаш түбірлерінен аттап өт». Ойын түріндегі жаттығу: «Орман жұмбақтары». Түзде жүрер көк сері. (Қасқыр) Қырда жүрер ол жортып, Іні де жоқ бармайтын. Құйрығымен бұлтартып, Қандай аң ол алдайтын? (Түлкі) Үстінен тоны түспеген Сонда да араз қыспенен. (Аю) Нұсқау: жабайы аңдарға тән ерекшеліктерін салып көрсету. Солға қосалқы адым жасап жүру: денесін тік ұстап, алға қарау және иықтарын солға бұрмау. «Орман ішіндегі серуен» – ойын түріндегі гимнастика: денесін тік ұстау, солға-оңға бұрылу. **(Қоршаған ортамен танысу)** Негізгі қимылдарды ойын түрінде оранду: 20 см биіктен тереңге секіру. Орындықтар залдың периметрімен бойлай қойылған. Қояндарға бөренеден секіріп үйренуді ұсынады. Қатарға қойылған заттарды айналып, аяқтың ұшымен иректеп жүгіру. «Кім епті?». Бір қатарға бес модуль қойылған. Олардың арасындағы қашықтық – бір метр. Балалардың заттарды айналып өту қабілетін,	«ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Көрнекілікке сүйене отырып өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жұмбақ жасыру Демонстрациялық құралмен жұмыс (сандықтың суреті) Балалар назарын суреттегі сандыққа аударту, сандық туралы суретке қарап әңгімелеу керектігін айту. (Сандықтың пішінін, ою-өрнек түрлерін, оның ішіне не салуға болатынын). **(Сөйлеуді дамыту)** Ойын: «Сандықты әшекейлейміз» Шарты: Пішіндерді пайдалану арқылы қағаз бетіне сандықты жапсыру,оның бетіне ұлттық ою-өрнектерді орналастыру,ұзындығы,ені туралы әңгімелеп беру. **(математика негіздері,жапсыру)** Демонстрациялық құралмен жұмыс (малақай мен тымақ суреті) Балалар назарын малақай мен тымақ суретіне аудару. Суреттегі заттардың бір сөзбен қалай аталатынын және олар киімнің қай түріне жататынын, жасалуы, қай мезгілде киілетінін, олардың атауларын, қажеттілігін және олардың бір-бірінен айырмашылығы туралы әңгімелеу.	құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Өлең оқиды. Көктем келді шуақты, Балаларды қуантты. Алақай-ау, алақай! Құстар сайрап, бақтар жайнап, гүл атты. Дала гүлге толыпты, Аққу көлге қоныпты. Алақай-ау, алақай! Көктем қандай, көктем қандай көрікті! **(қазақ тілі)** Сұрақтар қояды: Өлеңде қай жыл мезгілі туралы айтылған? Оны қандай белгілері арқылы білдіндер? Балаларды терезе алдына шақырып, даладағы өзгерістер туралы әңгімелеулерін сұрайды. Педагогтің әңгімесі: Көктем – ерекше жыл мезгілі. Бұл кезде табиғат ұйқысынан оянады. Қыс бойы ұйықтап жатқан ағаштар бүршік атып, жапырақ жарады. Өсімдіктердің бәрі шығады. Қысқы ұйқыға кеткен жануарлар да ұйқыларынан оянады. Өздері де көктем мезгілі туралы білетіндерін айтады. Сурет бойынша ойларын айтады, дәлелдейді. Қардың не үшін еріп кететінін, ағаштардағы өзгерістер, шөп, гүлдер туралы,	қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Нан туралы жұмбақ жасыру. Күрең қызыл түсі бар, Тағамдардың асылы, Қуат берер күші бар. (Нан) Сұрақтар қою. – Нан, азық-түлік болмаса не болады деп ойлайсыңдар? – Нан мен басқа азық-түлікті қайдан аламыз? (Дүкеннен). – Олар дүкенге қайдан келеді деп ойлайсыңдар? **(сөйлеуді дамыту)** Балаларға нанның, азық-түліктің дастарқанға келу жолдарын бейнелейтін бейнефильм көрсету. Бейнефильм желісі бойынша сұрақтар қойып пысықтау. – Нан мен басқа да азық-түлік дастарқанға қалай келеді екен? – Оларға кімдер қандай еңбек сіңіреді? (Диқан бидайды егеді, күтіп-баптайды, суарады; комбайншылар егінді орады, жүргізушілер қырманға тасиды; қырманда кептіріп, тазалап, диірменге жібереді; диірменші бидайды ұн етіп тартады, елеп наубайханаға жібереді; наубайшы илейді, пісіреді, дүкенге жібереді; дүкенші сатады).

	Ленталардың қайысысы ұзын екенін бір-бірінің үстіне қойып салыстырамыз. Көзімізді жұмып 1 — 5 ке дейін тура және кері санап тобымызға оралайық. «Сөзді керісінше ата» сөздік ойыны. Шарты: Тәрбиеші көлемді, кеңістіктегі бағытты немесе сандық қатынасты анықтайтын сөзді атап, допты бір балаға лақтырады. Бала осы сөзге қарсы мәндес сөзді атап, допты қайтадан тәрбиешіге лақтырады (үлкен – кіші, кең – тар, ұзын – қысқа, биік – аласа, қалың – жұқа, сол жақта – оң жақта, жоғары – төмен, аз – көп, қалыңырақ – жұқарақ, ұзынырақ – қысқарақ, кеңірек – тарырақ, т.б. орталықтарда жұмыс жасаймыз. **((математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** Бүгін «Құрылыс» және «Өнер» орталықтарында жұмыс жасаймыз. Балалар екі орталыққа бөлінеді. «Құрылыс» орталығында жабайы аңдарды құрастырады. **(құрастыру)** «Өнер» орталығында қоянға арнап сәбізді мүсіндейді. **(мүсіндеу)** Қорытындылау. -Балалар, бұл аңдар ертегілерде, мультфильмдерде мейірімді, қайырымды болып келуі мүмкін. Бірақ бұл аңдар бір сөзбен айтқанда - жабайы жыртқыш аңдар. Бірақ жыртқыш аңдар екен деп	денесін оңға-солға бұру қабілетін қадағалайды. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Лақтыр-қағып ал». Шарты: допты қарсы тұрған жолдасының қолына дәлдеп лақтыру. Қорытынды кезең (Рефлексия). Орманда ойнаған көңілді! Достарыңның көп болғаны және олармен бірге шыныққан қандай жақсы! Балабақшаға оралады. «Күлкі сыйла» – басын бұрады және қасында отырған балаға қарап жымияды. **Қазақ тілі** **Міндеті:** Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ыдыс), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Сахналық қойылымдарға қатысуға,таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға ынталандыру. Тілдің грамматикалық құрылымын,салыстыру нәтижелерін жетілдіру. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар	Ойын: «Кімнің тымағы әдемі?» Шарты: Тымақтың суретін салу. **(қоршаған ортамен танысу,сурет салу)** – Балалар, баскиімді тебуге болады ма? Үйде жерде жатса не істейміз? «Қызыл малақай» өлеңін оқу. Алақай-ау, алақай, Киіп алдым малақай. Қызыл жіптен тоқылған, Өрнектері жасылдан Ұнатамын мен оны Тастамаймын басымнан. Ж.Кенжеғалиева Ойын «Не жетпейді?» Шарты: Олардың жетіспейтін бөлшегін балалар толықтырып орналастырады.Балаларға жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсетеді. **(құрастыру)** Ойын: «Қуыршақты жылы киіндір» Шарты: Ермексаздан киім түрлерін жасау. **(мүсіндеу)** Ойын: «Тақия тастамақ» Шарты: Шеңбер жасап отырады,жүргізуші шеңбердің сыртын айналып жүріп,бір баланың артына білдіртпей тақияны тастап кетеді,егер бала сезіп қойса жүргізушіні қуып жетуі керек,ал жүргізуші қуған баланың орнына үлгеріп отырып алу керек,жете алмаған бала айып төлейді. **(дене шынықтыру)**	олардың қалай су ішетіндерін,үлкендердің еңбектері туралы әңгімелейді. «Көктемнің келуімен табиғатта не өзгерді?» сұрағына жауап іздейді. Құстардың ұшып келуі, жылғалардан су ағуы т.б. көктем белгілері, өсімдіктердің тамырлары арқылы суды сіңіретінін, судың сабақ арқылы жапыраққа баратыны туралы әңгімелейді. Жылғалардың суретін бейнетаспадан көріп тамашалайды. Адамдардың көктем мезгілінде киетін киімдері де туралы әңгімелейді. **(қоршаған ортамен танысу)** Көктемгі табиғат құбылыстары жайлы айтады. «Аяқта» дидактикалық ойынын ойнатады. Педагог сын есім сөздерді айтады, балалар ойланып, зат есім сөзді тауып айтады. Көгілдір, ашық, бұлтсыз, таза ... (аға) Шуақты, сары, сәулелі, алтын … (күн) Жылы, самал, жеңіл … (жел) Жасыл, көк, балғын ... (шөп). **(сөйлеуді дамыту)** Балалармен бірге «Қар мен мұз неге ериді?» деген зерттеу жұмысын жүргізеді. Педагогтің дайындап қойған қары мен мұзына қарап, оның	**(қоршаған ортамен танысу,математика негіздері)** Асханаға барып,нанның қалай даындалатынын көру. Ойын: «Мен жасай аламын» Шарты: Аспазшының берген қамырынан күлше жасап,пісіріп берулеріне өтініш білдіру. Сергіту сәті. «Көлеңке» ойыны – Көлбең , көлбең көлеңке, Көлбеңдеген көлеңкем, Тасып піскен бидайды, Айтшы қалай жинайды? – Көлбең , көлбең көлеңке Көлбеңдеген көлеңкем. Былай, былай жинайды. /Бидай оруды қимылмен көрсетеді/. – Көлбең , көлбең көлеңке, Көлбеңдеген көлеңкем, Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? – Көлбең, көлбең көлеңке Көлбеңдеген көлеңкем. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды? /Кіш, кіш! Қолдарымен көрсетеді. Бәрі бірге айтады /. – Қорғап қалған бидайды, Қырманға әкеп жинайды. Астық орған байлығы, Қамбаға дән сыймайды. Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы, Желмен бірге жайқалған. **(дене шынықтыру)** Балалармен нан, ас атасы, диқан, азық-түлік сөздері және сөз тіркестері арқылы сөздік жұмыс жүргізу.

	бұларды көп аулауға болмайды, азайып кетеді. Балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекеттен қандай әсер алдыңдар, сендерге ұнады ма? Немен айналыстыңдар? Не үйрендіңдер? Кім әңгімелеп береді? Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз. Әлемдегі бар адамға, Тек жақсылық ойлаймыз. **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Міндеті:** велосипед тебуге үйрету. Баяу қарқында жүгіруге – 1 минут, қол мен аяқтың үйлесімді жұмысына жаттықтыру. Жерге түсу, аяқтарын тізесінен сәл бүгу біліктерін бекіту. Денешынықтыру жаттығуларымен айналысуға дұрыс көзқарастарын тәрбиелеу, епті әрі жылдам болуға ынталарын қалыптастыруға ықпал ету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез ал – тез көтер». Ойын түріндегі жаттығу: «1-2-3 – ал!» – шеңберді айналып жүреді, қалпақтарды алып қоюға тырысады. Вестибулярлық аппаратқа арналған жаттығулар. Тепе-теңдік – басына қалпақ киіп, залдың бір жағынан қарама-қарсы бетіне дейін жүру. Қатарға қойылған заттарды айналып, «жыланша» иректеп жүгіру. Шеңберден-шеңберге	аударуға деген ұмтылысты қолдау.Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Геометриялық пішіндерден жапсыру дағдыларын қалыптастыру,шығармашылық қиялды дамыту. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері. Мынау сұлу әлемде, Адам өмір сүреді. Үлкенге де, кішіге Күн сәулесін төгеді. Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?! «Ыдыстар» туралы әңгімелесу. – Бүгін не жедің, не іштің? – Ботқаны немен жедің? – Қымызды немен ішеді? – Тостаған, торсық – нелер? Демонстрациялық суретпен жұмыс. – Мынау қандай дүкен? – Дүкенде қандай ыдыстар бар? Жаңа сөздермен таныстыру. – Дүкенде қазан бар. Мынау – қазан.	**өркем әдебиет,қазақ тілі)** **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.	қасиеттерін айтады. Топта қар мен мұзға не болғанын бақылайды. Олардың неліктен еріп жатқанын айтады. Қорытынды: қар көктемде ериді. Өйткені күн жылынады. Күн шуағын қатты төгеді. Әліппе-дәптермен жұмысты жүргізеді. Даладан ағаш бұтақтарын алып келгенін хабарлайды. Балаларға мұқият қарауға ұсыныс тастайды. Бұтақтарда бүршіктер пайда болғанын және даладағы ағаштардың да бұтақтарында осындай бүршіктер тұрғанын айтады. Бұтақтарды ыдысқа салып, оған су құяды. Осы күннен бастап бұтақтарды бақылайтындарын айтады. Болжам жасатады: бөлмедегі бұтақ даладағы бұтаққа қарағанда жылдам өсе бастады.Бұтақтарды шамасына қарай қандай ыдыстарға отырғызғаны туралы айтып береді. Неліктен? Себебін анықтау. «Көктем сәні» ертегісін тамашалау. **(көркем әдебиет,математика негіздері)** **Дене шынықтыру** **Міндеті:** 2 метр жерде тұрып, допты көтерілген қолдың деңгейінде	Екі тілде ас атасы – нан – хлеб – всему голова, диқан – хлебороб, азық-түлік – продукты питания сөздері мен сөз тіркестерін қайталату. **(қазақ тілі)** Ойын: «Нан дастарқанға қалай келеді?» Шарты: Берілген суреттердің ішінен дұрыс тауып орнына қою. **(құрастыру)** Ойын: «Бидай алқабы» Шарты: Бидай масақтарының суретін салу. **(сурет салу)** Бидайдың мозайкасын жапсыру. **(жапсыру)** Қорытынды бөлім. Нанды қайда пісіреді? Нанның дастарқанға оңай келмейтін себебі неде? Қандай нан түрлерін білесіңдер? Қамыр неден жасалады? Ұн тарататын адамды қалай атаймыз? Нан қайда сақталады? Аспаазшының пісіріп әкелген күлше нанының дәмін көріп,өзара әңгімелесу. Е. Хасанғалиевтің «Ақ бидай» әнін хормен орындау. **(музыка)**

	секіру (5 құрсаудан жасалған жол). Жалпақтабанның алдын алуға арналған жаттығу: «Дауылпаз» Б.қ. – тізені бүгіп еденде отыру. Үш дөңгелекті велосипедті тебу. «Орындарыңды ауыстырыңдар» Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойын түріндегі жаттығу: «Біз күшті болдық»	– Мынау … қазан сөзін айтып жаттығады. – Дүкенде не бар? – Мынау – аққұман. Мынау – … аққұман. – Аққұман – ыдыс. Дүкенде не бар? Сюжеттік ойын: «Дүкен» Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы. Диалог үлгісі: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Кесе беріңізші. – Қандай кесе? – Оң жақ қатардағы үлкен, екі жасыл кесе. – Міне, кесе алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. – Сау болыңыз. Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды. **(көркем әдебиет)** Ән: «Дастарқан». **(Музыка)** Жаңылтпаш қайталау. Шеше, неше кесе сынды кеше? Қатты, ақырын, жай және жылдам қайталап айту. Жұмыс дәптерімен жұмыс. 1. Суретте қандай дүкен бейнеленген? Дүкенде нелер бар? Кім не сатып алды? Арманның әжесі қандай кесе сатып алды? Неше кесе? Сәуленің анасы не сатып алды? Ойын: «Үлкен және кіші тостағандар» Шарты: Балалардың алдына үлкен және кіші тостағанның		тартылған жіп арқылы лақтыруды үйрету. Орындықтан секірген кезде табанды белсенді түрде жазу және жерге аяқты аздап бүгіп түсу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Күшті болуға, ептілікке баулу, әрекет ету жылдамдығын күшейту. Балалардың ҚР аумағында тұратын халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы түсінігін кеңейту. Толерантты болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Епті саусақтар» Допты пайдаланып түзету жаттығуларын орындау: аяқтың ұшымен жүру – допты жоғары көтереді; өкшемен жүру – допты алға шығарып ұстайды. Денесін тік ұстап, алға қарап жүреді. Үш сап түзеп тұру. Допты пайдаланып жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Негізгі қимылдарды орындау: 1.«Ең күшті». Шарты: Допты жіп арқылы лақтыру (кеудесінен қос қолдап лақтыру). Жіпке дейінгі қашықтық – 2 метр. 2.«Ең жылдам». 20 см биіктен тереңге секіру. Шарты: Орындықтар залдың периметрін бойлай қойылған. Балалардың	

		суреті беріледі. Балалар үлкен тостаған бейнеленген суретті үлкен қорапқа, кішкентай тостаған бейнеленген суретті кішкентай қорапшаға салуы керек. Ойын: Оң жақтағы ыдыс пен сол жақ қатардағы ыдыстардың ортасында не тұр? Шарты: Ыдыстың неден жасалғанын әңгімелеу. **(сөйлеуді дамыту,математика негіздері)** Қорытынды. Ең қызық қай тапсырма болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайлик арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтар балалармен қоштасады.		жерге түскеннен кейін тепе-теңдік сақтауына, денесін тік ұстап, алға қарап тұруына назар аудару. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұлпар». Әр балаға сиқырлы қамшы береді. Шапқаннан кейін жақсылап тынығып алуға шақырады. Тыныс алу жаттығуы. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді. Қорытынды кезең. Атқа мініп шабу қиын, сондықтан жаттығып, спортпен шұғылдану қажеттігін ескертеді.	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	**№ 3** **Күннің шұғыласын бақылау** ***Міндеті:*** Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру** Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күнніңкөзі) **Коммуникативтік дағды**	**№ 14** **Аулада тазартушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының еңбегін бақылау. Еңбек қимылын көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сыпыру). Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу,көмектесуге ынталандыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Еңбек сүйсең, жасыңнан,	**№ 19** **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Алма ағаштың құшағы – Қанат жайған бұтағы. Жапырағы жүрегі, Бұтақтары білегі. **Коммуникативтік дағды** **Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша)** **Міндеті:** Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан	**№ 3** **Күннің шұғыласын бақылау** ***Міндеті:*** Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** **Жұмбақ шешу**	**№ 21** **Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау** **Міндеті:** Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Көптерді қуып жет»**

	Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны) **Міндеті:** Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай,кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:* Жолдарды қардан тазарту** **Міндеті:** Берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауға үйрету. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	Бақыттысын, жас ұлан – Дейді атам ылғи да, Сипап менің басымнан. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір»** **Міндеті:** Балаларды белгі бойынша үйрету, «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтау. Балалардың кеңістікте бағыт-бағдарын тездетуге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аулада үлкендерге көмек беру.** **Міндеті:** Еңбектің маңыздылығын білу. Ойын барысында мадақтау, шапшаңдығын дамыту. Татулық қарым - қатынасқа тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Жіпті көтеру»** **Міндеті:** Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәре жеріне келіп, бірінші болып жіпті тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:Табиғат бұрышындағы жұмыс** **Міндеті:** Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күнніңкөзі) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны)** **Міндеті:** Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай,кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:* Жолдарды қардан тазарту** **Міндеті:** Берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауға үйрету. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Міндеті:** Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек сүйгіштікке баулу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Құстарды тамақтандыр** **Міндеті:** Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу. **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Ұшып, қонып жүр торғай, Жем іздейді. Серігіне табасын жегізбейді, Құттай дәнді қиядан көзі шалып, Байғұс сірә көрмейді өгіздерді. **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Түскі ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақтану тәртібін сақтаудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **(Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени-гигеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Жалпы жетілдіру жаттығуы: Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады.. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу. Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу. 2.Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. 3.Беті - қолымызды жылы сумен жуып, сүлгімен сүртінейік.				

	Балалар кәне жарты шеңберді құрайық: Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық. 4. Тыныс алу жаттығулары: Арқа мен жатып бір қолы кеудеде, екінші қолын ішіне қою. Ауаны ішке тарту: іштің көмегімен қолды кері итеру, жай дем шығару: іштің тартылуы б.қ келу. 5.Тамағымызды тұзды сумен шаю. **(Сауықтыру-шынықтыру шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру)**				
Бесін ас	**Гигиеналық шараларды орындау** Ас алдында қолды сабынмен жуу,қол орамалды қолдануын пысықтау. **Мәдени-гигиеналық дағдылар** Ұқыпты тамақтану дағдыларын,ас құралдарын қолдануды жетілдіру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Жабайы аңдарға сипаттама беру. (Бейнетаспа арқылы түсіндіру). Екі топқа бөліну «Қоян» мен «Аю» 1 топ: «Айнытпай сал» ойыны. Шарты: Үлгі суретке қарап,геометриялық пішіндерді пайдалана отырып,қоянның бейнесін салу. **(сурет салу)** 2 топ: «Азығын тап» ойыны. Шарты: Аюдың жақсы көретін азығы құлпынайды жапсырады. **(жапсыру)** Аю,қоян,қасқыр қай ертегіде ойнайды. «Бауырсақ» ертегісін сахналау. **(көркем әдебиет)**	Столдың үстінде тұрған ыдыстарға назар аударып, балалардан ыдыс-аяқтың түрлері, олардың неден жасалғандығы туралы сұрау. Балаларға өздерінің тәжірибесіне сүйеніп, ыдыс-аяқ туралы білетіндерін әңгімелеу. Педагог шыны аяқ және кесенің шай ішуге арналғандығын, оның су немесе шай құйылатындай терең етіп жасалғандығын айтып және де ыдыстардың түрлері, түсі, көлемі, материалы және олардың тұрмыста қолданылуы туралы ақпарат береді. Кесе, табақ, шәйнек бір сөзбен не деп атаймыз? **(қоршаған ортамен танысу)** Топқа бөліну. 1 топ: Тостағанның суретін салып,оюлармен безендіреміз. **(сурет салу)** 2 топ: Тәрелкенің бетіне балалардың қалауы бойынша жеміс-жидектер немесе көгөністерді орналастыру. **(жапсыру)** Еркін ойын.	**Вариативтік компонент: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы: «Қараторғай қалай үй таңдады?» (ертегі)** **Міндеті:** Ертегі арқылы құстар туралы білімдерін кеңейту. Олардың табиғатқа пайдалығы туралы түсінік беру. Аяушылық сезімін тәрбиелеу. Ертегі бойынша сюжетті суреттер. Барысы: Шаттық шеңбері. Жұмбақтар шешу. Ертегіні мәнерлеп оқып беру. Мазмұнын ашатын сұрақтар қою. Балаларға қайталап айттыру. Қортынды: Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.	Топ болып жұмыс жасау. Қиынды пішіндерді,ермексазды қолдану арқылы композиция құрастыру. Шарты: Қызғалдақ гүлін құрастырып,жапсыру, себелеп тұрған жаңбыр бейнесін ермексаздан жасау,ағып жатқан судың суретін салу. **(құрастыру,сурет салу,жапсыру,мүсіндеу)** «Көктем сәні» ертегісін сахналау.	Мұхамеджан Етекбаевтың «Нан қайдан шығады?» әңгімесін оқып беру. **(көркем әдебиет)** «Бауырсақ қандай?» ойыны. Шарты: Бауырсақтың пішішін,көлемін ескере отырып ермексаздан әдемілеп жасау,кім қанша бауырсақ дайындағаны туралы әңгімелеп беру. **(математика негіздері,мүсіндеу)**

		Ермексаздан балалар өз қалаулары бойынша ыдыстарды мүсіндеп,сол ыдыстарымен ойындар ұйымдастыру. **(мүсіндеу)**			
Балалармен жеке жұмыс	**Базарбеков Нұрасыл жеке жұмыс** Өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын айуға үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Еділ Айнакмкөз жеке жұмыс** Геометриялық денелерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді, оларды ажыратуды және атауды үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Ержан Ханшаим жеке жұмыс** Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауды, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтармен бөлісуді үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Жұматай Әсет жеке жұмыс** Жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүреді үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	**Әділбек Асылыммен жеке жұмыс** Сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолдана алуға үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	№ 3	№ 14	№ 19	№ 3	№ 21
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Балалардың үйге қайтуы	Ата – аналарға наурыз мерекесіне орай қолөнер бұйымдарын жасап келулеріне өтініш білдіру.	Үйде тақпақтары мен өлеңдерін жаттап келулерін ескерту.	Ата-аналарға мерекеге сай балаларды киіндіріп келулеріне өтініш білдіру.	Ата – аналармен балалардың бүгінгі өткен ертеңгіліктен алған әсерлерімен бөлісу.	Ата-аналардан демалыс мезгілінде күн тәртібін сақтауын талап ету.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым «Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы
Тобы «Гүлдер-ай» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 18.03 - 20.03.2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.03.2024	Сейсенбі 19.03.2024	Сәрсенбі 20.03.2024	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Көңілді әуенмен қарсы алу. Міндеті: Балалардың көңілін көтеру. Гимн айту **Музыка**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. **Сөйлеуді дамыту**	Баладан балабақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райының қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту.		

			Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту		
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы туралы әңгімелесу. Ата –аналармен пікірлесу.	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балаға ұялы телефонды көп ұстатпау туралы әңгімелесу.		
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Картотека №4 «Кім солай сөйлейді?» Міндеті: Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға ынталандыру. Шарты: Ойынға барлық бала қатысады.Балалар шеңберге тұрады,ортасында доппен тәрбиеші тұрады. Балаларға доп лақтырып бір жануарды атайды. Бала допты қағып алып, сол жануардың дауысын салады. Немесе допты лақтырып: «Ит қалай үреді көрсетші» **Көркем әдебиет**	Картотека №28 «Теңге жинау» Міндеті: қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату. Шарты: Ойынға барлық бала қатысады, кім көп жинаса сол жеңімпаз атанады. **Дене шынықтыру**	Картотека №23 «Пішіндерден кандай суреттер құрастыруға болады?» Міндеті: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Шарты: Балалардың алдарына әр түрлі геометриялық пішіндер таратылады және сол суретке қарап суреттер құрастыру. **Математика негіздері**		
Ертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені №14**				
Таңғы ас	**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Математикалық жұмбақ. Жан-жаққа кетті зымырап, Мысықтан қорыққан тышқандар: Қорапқа кірді біреуі, Соңынан кетті екеуі. Тығылды сонда нешеуі? **Математика негіздері**	Тіл ұстарту жаттығулары Міндеті: артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. **Сөйлеуді дамыту**	«Ата-ананы тыңдаймыз» әнін орындау. Міндеті: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білуді үйрету. **Музыка**		

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Тақырыбы: «Үй жануарлары»** **Міндеттері:** балаларды әңгіме айтуға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде атауға үйрету. Сахналық қойылымдарға қатысуға,ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға ынталандыру. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелері туралы жұмбақтар шешкізу. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге,екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету. Дөңгелек, сопақ пішіндегі қазақ оюларының элементтерін «қошқар мүйіз» туралы түсіндіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Табиғи (мақта,жүн) заттардан құрастыру.Шығармашылық қиялды дамыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көбеюі туралы ұғымдарын кеңейту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері: «Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен» Балалар, біз үйде ұстайтын жануарларды «үй жануарлары» - деп атаймыз.	**Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Зергерлер мен қолөнершілер»** **Міндеттері:** затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастырып айтуға үйрету, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға ынталандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен қоржынмен таныстыру. Шығармашылық қиялды	**Тақырыбы: «Менің отбасым»** **Міндеттері:** сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге, тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға баулу. «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Ермексаз, сазбалшық әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру.		

	Оған: сиыр, жылқы,түйе, қой, ешкі жатады.олардың төлдері болады. Сиырдың төлі - бұзау, жылқының төлі- құлын, түйенің төлі- бота, қойдың төлі- қозы, ешкінің төлі-лақ. Осы үй жануарларын жекеше-көпше түрде бірге айтамыз. Енді балалар, жануарлардың дене мүшелерін атап шығайық: құлақ, бас, аяқ, құйрық,т.б. **(сөйлеуді дамыту)** Балалар, сендер санау білесіңдер ме ? Олай болса,біз үй жануарларының дене мүшелерін санап шығайық. Мысалы, жылқыны алайық. Жылқыда неше бас бар? Неше құлақ бар ? Неше аяқ бар? Суретпен жұмыс: қай қатарда көп,қай қатарда аз. **(математика негіздері)** Қызығушылық ояту. Балабақшаға келгенде, үстел үстінен хат тауып алып,ол хаттың Білім ханшайымынан екенін хабарлау,өтініші бойынша тапсырмаларын орындауға балаларға ұсыныс білдіру. Балалар Білім ханшайымының тапсырмаларын орындаймыз ба? 1 - тапсырма: қоржынның ішінен алған ойыншықтарды атап, қайда мекендейтінін айтып бер? **(қоршаған ортамен таныстыру)** 2 - тапсырма: үй жануарларының төлдерін атап,дауысын салып бер!	дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.Қазақтың ұлттық би өнерімен, қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері: «Шеңбер болып тұрайық...» Ашық сұрақ қою: балалар мені сұлуландырып тұрған не нәрселер деп ойлайсыңдар? Жарайсыңдар,рахмет сендерге,мен ұмытып кетіппін әже меннен өтінген еді,тойға барамын соған сандығымнан дорбаға тағатын бұйымдарым болса әзірлеп қойшы деген.Қане,не бар екен қарайықшы? Сандықшаны ашып ішінен шыққан бұйымдарды көрсету (шолпы, сырға, белбеу,сақиналар,білезік,қапсырма,алқа) **(қоршаған ортамен таныстыру)** Қандай тамаша әшекей бұйымдар,білесіңдер ме бұл бұйымдарды кім жасайтынын.Бұл бұйымдарды жасайтын шеберді зергерлер деп атаймыз.Әшекей бұйымдарды асыл тастардан,күміс металдардан жасайды.Кез-келген адам зергер бола алмайды,ол да қол өнерге жатады. Елдің жайын ел баққан, Ерлер білер деген сөз. Зердің жайын зер соққан, Зерлер білер деген сөз осыдан қалған екен.	**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері: «Көтеріліп шаңырақ» Отбасының суретіне балалардың назарын аудару. Бұл суреттерді бір сөзбен айтқанда қалай деп атай аласыңдар? Саусақ жаттығулары: «Бір үйде біз нешеуміз?» - Балалар санамақ кімдер туралы айтылған? Бір үйде барлығы қанша адам тұрады екен? Кім айтады? Отбасында аталған адамдардан басқа кімдер айтылмай қалды? **(математика негіздері)** Жұмбақ жасыру. 1.Кітапты көп оқитын, немерелерін жақсы көреді, ақ сақалды, кісіні кім дейміз? (Ата) 2.Өзі салмақты, байсалды, бос уақытын балалармен өткізгенді жақсы көреді,саябаққа апарады, отбасын қорғаушы, сақтаушы ол кім? (Әке) Ойын: «Мынау кім?» Шарты: айнаға қарап,өздерінің кімге ұқсайтындарын айтып,мақтан етіп,үлгі тұтатын отбасы мүшелері туралы айтып беру. **(сөйлеуді дамыту)** Сергіту сәті: «Жаттығу» **(дене шынықтыру)** Ойын: «Неге теңеймін». Шарты: Балаларға күннің, айдың, бұлттың, алманың,		

	3 - тапсырма: жұмбақтың жауабын тауып,төрт түлікті бағатын адамды қалай атайтыны,олардың еңбегі туралы әңгімелету. Жаңылтпашты жаңылмай айтайық! Ақ тай ақ па? Қара тай ақ па? Қай тай лақтай, **(қазақ тілі)** «Құлын,қозы,лақ» ертегісін оқып беру,талқылау,сахналау. **(көркем әдебиет)** **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша. **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Денің сау болсын»** **Міндеттері:** допты қақпаға домалатуға үйрету. 4 адымнан екі аяқтап жоғары секіру білігін, итерілу кезінде қол мен аяқтың үйлесімді жұмысын бекіту. Баяу қарқында жүгіруге жаттықтыру – 1 минут.Ептілікті, назарды, кеңістікті бағдарлауды дамыту, СӨС машығын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жүру. Қолға арналған тапсырма – қолды екі жаққа, жоғары, алға созу. Бағытты өзгерте отырып, алаңмен баяу жүгіру (1 мин), тыныс алуды қалпына келтіру. Жүру. 2 тізбекке қайта тұру. Бір-бірден тізбекке тұру. «Биік және аласа» жаттығуы. «Алыптар мен ергежейлілер» жаттығуы. Суық тиіп сырқаттануың алдын алуға арналған массаж: «Сақал». Иә, иә, иә – атамда	Қане,экранға назар аударайықшы. Слайд арқылы әңгімелеу: «Қазақтың зергерлік бұйымдары» **(сөйлеуді дамыту)** Зергерлік бұйымдарға қатысты ырымдар. Зергерлердің қолынан шыққан зергерлік бұйымдар түрлерін атау,қайталау: «Тұмарша», «Кемер белбеу», «Сырға», «Қапсырма» **(қазақ тілі)** Пайдаланылатын құралдарының атын атау. Зергердің жұмыс үстіндегі әрекетін әңгімелеу. Ойын: «Әшекей бұйымдармен сәндейміз» Шарты: топқа бөлініп, командамен тапсырмаларын орындайды. Асықтардың түстері арқылы топқа бөлу. 1-топ: «Құрастыр да, әшекейді ата» **(құрастыру)** Шарты: бөліктерден бүтін құрастырады да, атайды. 2-топ: «Зергерлерге керекті құралдар» Шарты: тәрбиешінің ұсынған суреттердің арасынан зергерлерге керекті құралдар тауып жапсырып, клач дайындайды, құралдарды атайды.**(жапсыру)** 3-топ: «Ұл мен қызды киіндір де, әңгімелеп бер» Шарты: ұл мен қыздың әшекей бұйымдарын ермексаздан жасап орналастырады.**(мүсіндеу)** «Бутерброд» тәсілі:	гүлдің суреттері таратылып беріледі. Балаларға «анаңды кімге теңейсің» деп сұрағанда қолдарындағы суреттің біреуін көтереді. Сол сияқты атасын, әкесін, ағасын т. б. айтылады. Балалар, кім бізге өзінің отбасы туралы айтқысы келеді? **(көркем әдебиет)** Дыбыстық жаттығу: Ә-ә-ә – әже Ә-ә-ә – әке І-і-і-ің-ің-сің-лі. **(қазақ тілі)** Екі топқа бөлініп, мынадай тапсырма орындайық. 1 топ: «Бөпеме арналған көйлек» Шарты:дайын көйлектің суретін қағаз бетіне орналастырып,балалардың қалауы бойынша ермексаздан пішіндер жасап,жапсыру. **(құрастыру, жапсыру,мүсіндеу)** 2 топ: «Суретті жалғастыр» **(сурет салу)** Қорытындылау: Отбасы мүшелерін ата. 1. Өз үйіңдегі отбасы мүшелерінің міндеттері туралы айтып бер? 2. Сендер үйлеріңде отабсыларыңа көмектесесіңдер ме? 3. Ата – анаң қайда жұмыс істейді? 4.Олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелеп бер?		

	бар сақал. Ын, ын, ын – сақалы оның ұзын. Ра, ра, ра – тарақпен тара. Ан-ан-ан – сақал қандай жаман. Қи-қи-қи – сақалды қи. Оқ-оқ-оқ – сақал енді жоқ. Негізгі қимылдарды орындау: 1. «Гол соқ» спорттық ойын. Жаттығуды орындау: тәрбиеленушілер қозғалыс басталатын сызыққа жақындайды, допты белгіге дейін алып барады, педагогтің белгісі бойынша оның артынан жүгіреді және допты аяғымен келесі ойыншыға домалатады, тізбектің соңына барып тұрады. 2.«Шеңберге тұр» Алаңның әр жағында педагог әр түсті бір-бір кегельден қойып шығады, балалардың бір тізбегі қызыл түсті кегельді айнала, екіншісі – жасыл түсті кегельді айнала тұрады. Педагогтің «Серуенге?» деген бегісі бойынша барлығы түрлі бағытта жүгіреді. «Өз түсіңді тап!» деген келесі белгі бойынша балалар өз орындарына барып, шеңбер жасайды. Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойын түріндегі жаттығу: «Көңіл күйің қандай?», «Көңіл күйің қалай?» деген сұрақтар қою.	Маған жасаған бұйымдарың ұнады, себебі түсініп тұрсың. Келесі жолы бұл жұмысты жетілдіруге болады деген ойдамын. Музыка әуенімен есікті қағып, әже келеді. Амансыңдар ма, балаларым?! Қызым менің өтінішімді дайындап қойдың ба? Тойға бара жатырмын. Мына қоржынымның сыртына тағы әшекейлер керек. Қайдан аламын? Тәрбиеші: - Уайымдамаңыз, әже балалармен бірге сізге көмектесеміз.**(көркем әдебиет)** Ойын: «Білезік жасау» Шарты: Фолгадан білезік жасап, ою өрнектерімен әшекелейді.**(сурет салу)** Әже ризашылығын білдіреді. Еркін ойын: Балалар жасаған бұйымдарын қолдарына тағып, әжемен бірге билейді. Сергіту сәті: «Қара жорға» **(музыка)** Тәрбиеші: әже біздің балалар сіздің сұраған қоржыныңызды әдемі білезіктермен дайындап қойды.Тойға апаруыңызға болады. Әже батасын береді. Бата Жүздерің нұрлы болсын, Жүректерің сырлы болсын. Тілдерің жырлы болсын, Өнерлі сегіз қырлы болыңдар, Өскенде зергер боыңдар. Әумин! Әже балаларға сыйлығын (құрт) беріп,қоштасып кетеді. Кері байланыс ұсыну: «Бас бармақ» әдісі арқылы балалар өз жұмысын бағалайды.	5. Отбасы дегеніміз не болды? **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.		

		Дене шынықтыр **Тақырыбы: «Асық толы қоржын»** **Міндеттері:** мұрын арқылы дем алу, аяқты шектен тыс жоғары көтермей жеңіл әрі ырғақпен жүгіру, жүгіру қарқынын өзгертпей, қолды шынайы қимылдату қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. Гимнастикалық орындық үстінде тапсырмалар орындау: орындықтың ортасына дейін барып, кері бұрылу және бастапқы орнына қайтып оралу, өз қимылдарын өзге балалармен үйлесімді етіп жасау. Асықты бір қолмен алысқа лақтыру қабілетін жетілдіру; асықты қолдың күшімен алға-жорғары лақтыру қабілетін дамыту. Организмнің жалпы төзімділігін, үйлестіру қабілетін дамыту. Толерантты болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез ал – тез көтер» – асықтарды айналып жүру, жүгіру, белгі берілген кезде өз асығын көтеріп алу. Асықтармен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Нұсқау: бойды тік ұстау, асықтарды түсіріп алмау. Негізгі қимылдарды орындау. Ойын түріндегі жаттығу: «Алысқа лақтыр» Шарты: Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Нұсқау: қимылдарды команда бойынша орындау, залды сол жақтан, оң жақтан тез айналып			

		өту, бірінші қатардың артына барып тұру. Баяу қарқынмен 1,5 минут жүгіру: жеңіл, ырғақпен жүгіру, мұрын арқылы дем алу. Жүгіріп келгеннен кейін демін қалпына келтіру. Тапсырмаларды орындап, орындық үстімен жүру: орындықтардың екі жағынан жүріп, орта шамасына жеткенде айналып, бастапқы нүктеге қайтып оралу. Балалардың айналу қабілетіне, тепе-теңдік сақтауына назар аудару. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Соқыртеке». Шарты: Санамақтың көмегімен «Соқыртекені» таңдап алынады,соқыр теке қашқан ойыншылардың кез келген біреуін ұстап,оның дәл кім екенін табу керек.. Қорытынды кезең (Рефлексия). Қимыл-қозғалыс ойындары: «Асықты әрі қарай бер». Шарты: балалар шапшаң беруі керек.			
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	**№1** **Ауа райын бақылау** **Міндеті:** Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету (күн шықты – ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел) бір бағыт бойынша бақылап отыру. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 2** **Күннің көзін бақылаймыз** **Міндеті:** Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса соғұрлым жылуды аз береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді. **Балалармен жеке жұмыс:** *Жұмбақ* Жұрттың бәрі соны сүйеді,	**№ 7** **Қарды, қар түсуін бақылау** **Міндеті:** Қарды бақылауды жалғастыру, көктемгі қардың қасиеті туралы түсініктерін нақтылау. Қыста болған қармен көктемдегі қардың түстерін салыстыру (сұр, боз, лас). Балалардың назарын үстінде мұз қабаты пайда болып, оның		

	Қимылды ойын:* «Құлыншақтар»** **Міндеті:** Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойынға қызығушылықтарын арттыру. ***Еңбек: **Міндеті:**Жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Физикалық қасиеттер** **Балалармен жеке жұмыс:** *Жұмбақ* Тырсылдап түседі Жер бетіне жетеді, Жер бетіне жеткен соң, Ғайып болып кетеді. (Бұршақты жаңбыр) *Тақпақ* «Жаз келеді» Үйін тіккен жасылдан, Үсті-басы асыл дән. Жаз келеді жайраңдап, Жарық жүзі-сайран бақ **Коммуникативтік дағды**	Бірақ қарағысы келмейді. (Күннің көзі) **Коммуникативтік дағды** ***Қимылды ойын:* «Күн мен түн»** **Міндеті:** Рөлдерде ойнау барысында өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін көрсетуге ынталандыру. **Физикалық қасиеттер** ***Еңбек:*** **Міндеті:** Серуеннің соңында балалар құмның жан-жағын жинап, құмсалғыштың шетін сыпырып, қопсыту, жоғарлатып жинау.Ойын орнын тазалықта ұстауға тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	астында боз қар болатынына; қар бірінен соң бірі еріп, суға айналады, сондықтан қардың шөгуіне назар аудару. **Танымдық,зияткерлік іс – әрекет** **Балалармен жеке жұмыс:** *Жұмбақ* Әкетей аппақ, Аспаннан ұшқан. Қыс бойы жатып, Жерге қашқан. (Қар) *Өлең* Көктен тартып күн нұрын, Жерден тартып жылылық. Әнің тындап бұлбұлдың, Қызғалдақтар тұр күліп. **Коммуникативтік дағды** ***Қимылды ойын:* «Таспаны ұстап ал»** **Міндеті:** Балаларды (белбеуге артынан байланған) таспаны сақтай отырып жүргізушіден қашуға үйрету. **Физикалық қасиеттер** ***Еңбек:*** **Міндеті:** Аулада өз беттерімен міндеттерін орындауға үйрету (ыдысына жем шашу). Табиғат мекендеушілеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**		
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				

Түскі ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақтану тәртібін сақтаудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **(Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени-гигеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар. (2-3 минут) Төсекте жатқан орнында көрпені аяғымен серпіп тастап оңға, солға домалау. Отырған жерде көзімізді ашып – жұмып көзімізге жаттығулар жасау. 2. Арқаға арналған « Ауа-райы» жаттығулары: Балалар бірінің артынан бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына массаж жасайды. 3. Нүктелі массаж: Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары-төмен уқалаймыз. 4. Түшкіріп тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз. 5. Құлағымыз ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз. **(Сауықтыру-шынықтыру шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру)**				
Бесін ас	**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Фишкалар арқылы орталықтарға бөліну. Бірінші топ: «Бөліктерден бүтін бөлік құрастыру,шыққан жануардың атын атау» **(құрастыру)** Екінші топ: Жұлмалау әдісі арқылы қойдың бейнесін толықтыру. **(жапсыру)** Үшінші топ: Ермексазды жұмсарту, тұтас бөлікті созу арқылы ит мүсінін жасауға кірісу. **(мүсіндеу)** Төртінші топ: Үлгі суретті бастырып салу,бояу арқылы ою-өрнектің атын атап беру. **(сурет салу)** Тапсырманы орындап болған соң,орындаған тапсырмаларын айтып береді.	Әжеміздің беріп кеткен сыйлығын үстел үстінен өзара бөлісіп ала қойыңдар. Бұл не? Құрттың пішіні қандай? Сенің қолыңдағы құрттың пішіні қандай пішінге ұқсайды? Кім қанша құрт алды? Кімге көп құрт түсті? Құртты неден жасайды? Сүтті қайдан аламыз? Ойын: «Затты орнымен сал» Шарты: берілген ыдысқа құрт пен ірімшік тағамдарын бөлек – бөлек салып,салыстырып,әңгімелеу. **(математика негіздері)**	**Вариативтік компонент:** **«Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы: «Жердің көк көйлегі»** **Міндеті:** Өсімдіктердің адамға, жануарларға, жер планетамызға пайдалылығы туралы түсінік беру. Ағаштан жасалатын өнімдерді көрсету және өсімдіктер арқылы біздер өттегімен дем аламыз, олардан алынатын өнімнің қажеттілігі туралы ұғым беру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жұмбақ жасыру. Слайд арқылы әңгімелесу: Шөп – көктемде ең алғашқы қылтиып шығатын өсімдік. Естеріңде болса, біз		

			былтыр серуенге шыққан кезде қардың еріп, қары еріген жерлерде көк шөп пайда бола бастағанын көріп таңғалған едік. Ал күн қарды ерітіп жібергені сол еді, біздің балабақша ауласы көкпеңбек болып, жасыл шөптен көрпе жамылды. Гүлдейтін шөптесін өсімдіктерге назар аударады. Кекіре (василек) гүлін көрсетеді. Кекіре – гүлі көгілдір түсті өсімдік. Жол бойында, шалғында өседі. Әрбір шөптесін өсімдіктің гүлі болады. Өсімдіктердің бәрі де гүлдейді. Бірақ біз оларды көре бермейміз немесе көңіл аудармаймыз. Балалардан шөпке қалай қарауымыз керектігін сұрау.. «Түс», «биіктік», «ұзындық» түсінігін нығайтады. Сергіту сәті: «Емдік шөп» түсінігін қалыптастыру. (Балабақша аумағында өспейтін шөптің суретін көрсетуге болады). Балалар жолжелкен шөбімен танысады. Жолжелкен жолдың жиегінде, үйлердің қасында, көгалдарда өседі. Сондықтан да оны жолжелкен деп атайды. Ол жараны өте жақсы жазады. Қорытынды кезең: Шөптің пайдасы туралы		

			айтып, оларды да бостан босқа жұлуға, таптауға болмайтынын айтады. Сабақ барысында қалай өскендерін, ақыл ойларының қалай толысқанын көрсетулерін сұрайды. Өз жұмыстарына баға береді. Қолдарын жоғары көтеріп созады. Өздерін шөпке теңейді. Ақылдарына ақыл қосқандарын айтады.		
Балалармен жеке жұмыс	**Есен Айзеремен жеке жұмыс** Шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдана алуға үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Ержан Ханшайыммен жеке жұмыс** Қағаз парағын түрлендіруді, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндерді құрастыра алуға үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Жұматай Асетпен жеке жұмыс** Сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолдана алуға үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**		
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	№ 1	№ 2	№ 7		
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Балалардың үйге қайтуы	«Үйдегі бала өміріне зиянды заттар» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. (балаларға ұялы телефоннан аулақ болуды үйрету)	Балаларды жыл мезгілдеріне сәйкес киінуді ескерту.	Демалыс күндері қауіпсіздік ережесін естен шығармауды түсіндіру.		

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым «Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы
Тобы «Гүлдер-ай» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 26.03 - 29.03 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі 26.03.2024	Сәрсенбі 27.03.2024	Бейсенбі 28.03.2024	Жұма 29.03.2024
Балаларды қабылдау		«Менің көңіл -күйім» ойыны Міндеті: Таныс кейіпкерді көрсетуде ым-ишара, қимыл қолданады. Шарты: кубизм әдісі бойынша түскен көңілді кейіпкерді жанындағы балаға көрсетеді. **(көркем әдебиет)**	Балаларды жақсы көңіл - күймен қарсы алу. Әуенді ойын: «Көңіл күй» Міндеті: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. **Музыка**	«Ретімен бас» ойыны Міндеті: 5 ке дейінгі санды ретінмен атайды. Шартты: жерге салынған тор көздегі санды атап, басып секіреді. **(математика негіздері)**	Жыл мезгілдері кітаптарды, суретті альбомдарды қарау. Міндеті: Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылайды. жыл мезгілдерін ажырата білу және дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. **(Қазақ тілі)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу		**Ата-аналармен жұмыс:** «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы,тәртібі жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		«Асықтарды сана» Міндеті: Асықтарды санау арқылы, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап береді. **(математика негіздері, танымдық ойын)**	«Жаңылтпашты жаңылмай айт» Міндеті: Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, – Неше кіші ішік піштім?! **(қазақ тілі)**	«Асықтарды сана» Міндеті: Асықтарды санау арқылы, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап береді. **(математика негіздері, танымдық ойын)**	Тіл ұстарту жаттығуы Ар-ар-ар Таза шалбар, Ақ-ақ-ақ Түрлі түсті қалпақ. Ік-ік-ік Әдемі етік. **(қазақ тілі)**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №14				
Таңғы ас	Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру: Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		«Даусынан таны?» ойыны. Шарты: Үнтаспадағы жануарлардың даусынан не екенін табады. **(қазақ тілі)**	«Иә,жоқ» -ойыны Ойынның шарты: берілген сұрақтарға «Иә»,немесе «жоқ»-деп жауап беру.	№10 «Ұлттық киімдерді ата» Міндеті: Балаларға ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре білуге тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын: «Бұл қандай құс?» Шарты: Құстардың дауысын үнтаспадан естірту.

			Сұрақтар: Ересектерсіз үтікті қосу? -Батерейкалы ойыншық машинамен ойнау? - Кір жуатын машинаға қолды салу? - Робот машинамен ойнау? **(сөйлеуді дамыту)**	Шарты: Әр түрлі ұлттық киімдер көрсетіледі, балалар киімдердің атауларын атау қажет. **(қоршаған ортамен танысу)**	**(сөйлеуді дамыту)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		**Дене шынықтыру** **Міндеттері:** биікте жүрген кезде тепе-теңдік сақтауды, орындықтың екі шетінен бастап жүріп, орта тұсына келгенде ажырауды үйрету. Көлбеу тақтайдың шетінен ұстау қабілетін нығайту (4 саусақ астында, үлкен саусақ үстінде), арқаны түзу ұстап, алға қарап жүру қажет. Асықты бір қолмен алысқа лақтырып жаттығу; лақтыру күшін дамыту. Балалардың ой-өрісін кеңейту, қазақтың тұрмыс-тіршілік элементтерімен, ұлттық ойындарымен таныстыру; толерантты болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалардың назарын дорбаға аудару. Асықты айналып жүру, жүгіру. Асықтармен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындайды. 1.Ойын түріндегі жаттығу: «Алысқа лақтыр» Шарты: екі қатарға тұру,қимылдарды команда бойынша орындау, асықты мүмкіндігінше алысқа	**Міндеттері:** Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау.Сөздік қорларын заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында) деген сөздермен байыту.Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Тұрмыстық заттарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту,оларды мүсіндеу баулу.Тұрмыстық заттардың жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға	**Дене шынықтыру** **Міндеттері:** мұрын арқылы дем алу, аяқты шектен тыс жоғары көтермей жеңіл әрі ырғақпен жүгіру, жүгіру қарқынын өзгертпей, қолды шынайы қимылдату қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. Гимнастикалық орындық үстінде тапсырмалар орындау: орындықтың ортасына дейін барып, кері бұрылу және бастапқы орнына қайтып оралу, өз қимылдарын өзге балалармен үйлесімді етіп жасау. Асықты бір қолмен алысқа лақтыру қабілетін жетілдіру; асықты қолдың күшімен алға-жорғары лақтыру қабілетін дамыту. Организмнің жалпы төзімділігін, үйлестіру қабілетін дамыту. Толерантты болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Тез ал – тез көтер» – асықтарды айналып жүру, жүгіру, белгі берілген кезде өз асығын көтеріп алу. Асықтармен жалпы дамытатын жаттығулар жасау.	**Міндеттері:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға,талқылауға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. Тақпақтарды,тиым сөздерді жаттап,мәнерлеп айтуға баулу. Екі-үш затты қасына қою тәсілдерін қолданып, салыстыру.Қоңыр, қызғылт сары түстерді пайдалану. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі

		лақтыру. Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. 2.Ойын түріндегі жаттығу: «Марғаулар». Шарты: Топқа бөлініп ойнау. Алақан мен тізені тіреп, көлбеу тақтай үстімен өрмелеу. Тапсырмаларды орындап, орындық үстімен жүру: орындықтардың екі жағынан жүріп, орта шамасына келгенде екі жаққа ажырайды. Балалардың екі жаққа ажырағанда тепе-теңдік сақтауына назар аудару. «Сиқырлы асық» жаттығуының көмегімен эмоционалдық фонды қалпына келтіру. Балаларға асықты көрсетеді. Тілек тілеуді ұсынады. **Қазақ тілі** **Міндеті:** Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Қазақ оюларының элементтерін: «қошқар мүйіз» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы	тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** -Сәлеметсіңдерме балалар, көңіл-күйлерің қалай? Бүгін бізде ерекше күн,себебі сендердің білімдеріңді, тапқырлықтарыңды көруге қонақтар келіпті.Ал, қане ол үшін қонақтарымызбен сәлемдесіп алайық. -Балалар біз бүгін электротехникалық тұрмыстық заттар туралы әңгіме қозғаймыз. Электротехникалық заттар туралы қызықты ойындар мен тапсырмалар орындайтын боламыз. Электротехникалық заттардың қауіпсіздік ережелерімен танысамыз. -Ол үшін барлықтарың маған назар аударыңдар. Қазір біз электротехникалық заттар жайлы жұмбақтардың шешімін табатын боламыз. Жұмбақ шешу. Үйімде бір құлтемір бар Оның тұмсығы ұзын. Ұшақ дерсің гуілдеген, Тазалыққа жаны құмар. Түшкірмей-ақ, пысқырмай, Жалықпай ол шаң сорар. (Шаңсорғыш) Қандай көлік - бұл таңқаларлық! Оның артынан бәрі таза, әдемі ...	Негізгі қимылдарды орындау. Ойын түріндегі жаттығу: «Алысқа лақтыр» Шарты: екі қатарға тұру,қимылдарды команда бойынша орындау, асықты мүмкіндігінше алысқа лақтыру. Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Тапсырмаларды орындап, орындық үстімен жүру: орындықтардың екі жағынан жүріп, орта шамасына жеткенде айналып, бастапқы нүктеге қайтып оралу. Балалардың айналу қабілетіне, тепе-теңдік сақтауына назар аударады. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Асықты әрі қарай бер». **Міндеті:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді жекеше және көпше түрде дұрыс қолдануға үйрету.Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру.Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, ұлттық киімдерімен таныстыру,оларды мүсіндеуге баулу, шығармашылық қиялды дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**	элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап,құрастыруға мүмкіндік беру Бақылау барысында көктемде құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы туралы ұғымдарын кеңейту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Сәлеметсіздер ме , қонақтар! -Балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетінде әдемі торғай туралы әңгімелесетін боламыз..Ал кәне айтыңдаршы қандай құстарды білесіңдер? -Иә,балалар құстардың түрлері өте көп. Осының ішінен балалар бүгін біз торғай туралы танысатын боламыз. Мына құс өзіміздің ауламыздағы кездесетін құстың бірі-торғай екен.Өзі дөңгелекше тәрізді.Торғай өзі кішкентай күс,тұмсығы да кішкене,аяқтары да кішкене.Өздері топтасып ұшып жүреді,дәнмен қоректенеді.Дәнді шоқып жейді,дәнді ұнатады екен.Ал адамдар құстарға

		қашықтықты сақтау.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Табиғи (мақта, жүн) қалдық заттардан құрастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар шеңбер бойына тұрып ,өлең жолдарын бәрі бірге қайталайды. Әңгімеге тарту.Қазақ халқының ата-бабаларымыздың ұлт кәсібінің бір-түрі мал бағу, оны күтіп баптап өсіру болатын. Міне содан бері кейінгі ұрпақ жалғасып тауып келе жатыр.Мал бағуға ауылдық жер өте ыңғайлы ма? Ауылымызда үй жануарлары бар ма? Үйлеріңізде бар ма? -Біз оларды неліктен үй жануарлары дейміз? Қандай жануарларды білесіңдер? Қой,ешкі,жылқы бағатын адамды қалай деп атаймыз? -Балалар, үй жануарларының төлдерін атап беріңдерші? Үй жануарлардың адамға тигізетін пайдасын түсіндіру. Қалай дыбыстайды? Қалай шақырамыз? Жұмбақ жасыру. 1.Көкке шаншып құйрығын	Дақтар мен кірді ол бәрінен тазартады. Өзі бәрін сығып алды - шайып. (Кір жуғыш машина) Оттай ыстық табаны, Мыж-мыж қыртысты, Тігістеп жазып барады (Үтік) Балаларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді: **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** Топтастыру: -Ал, енді балалар бүгін біз ұйымдастырылған іс-әрекетінде, топта танысқан электротехникалық тұрмыстық заттардың түрлері бойынша әр түрлі ойын арқылы тапсырмалар орындаймыз. 1-топ «Шаңсорғыш» тобы. Ойын:«Сиқырлы шеңбер» Шарты: Люллия шеңбері арқылы электротехникалық заттарды ажыратып, не үшін қажет екендігін атайды. **(қоршаған ортамен танысу)** 2-топ «Блендер» тобы. Ойын: «Электротехникалық тұрмыстық заттарды ажырат» Шарты: Көптеген ыдыс аяқтардың суреттері көрсетіледі.Балалар солардың ішінен электротехникалық заттарды тауып,салыстырады. **(математика негіздері)**	-Мен сендерге бір ойын ұсынғым келіп тұр. Ойынның аты «Кетті, кетті орамал» - деп аталады. Ойынның шарты: Мен өлеңдетіп орамалды тастаймын, кімнің қолына түседі, сол сұраққа жауап береді. Сұраққа дұрыс жауап берсеңдер дорбаның аузы ашылады.Дайынсыңдар ма? -Шеңберді айнала, ойынды бастадым, Орамалды бір балаға тастадым. -Қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінде неше ай бар? -Көктем мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? -Айналаны қоршап тұрған заттарды бір сөзбен не деп айтамыз? -Табиғат нешеге бөлінеді? -Тірі табиғатқа нелер жатады? Неге? -Өлі табиғатқа нелер жатады? Неге? -Сендер қай ұлт өкілісіңдер? -Қандай мемлекетте тұрасыңдар? -Отан дегеніміз не? -Өте тамаша! Кәне өзімізге шапалақ ұрып көңілімізді көтеріп қояйық. Жарайсыңдар балалар сендер сондай ақылды, тапқыр екенсіңдер. **(Сөйледі дамыту,қоршаған ортамен танысу)** Енді балалар ойын ойнайық. Ойын:«Асық ату» ұлттық ойынында сақаны қолданып ойнайды.	ағаштан жем салғыш жасап,ішіне жем салып,құстар келіп қонады екен.Біз оларға қамқор болуымыз керек. **(қоршаған ортамен танысу)** **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі,музыка)** -Балалар байқадыңдар ма, жұмыртқа қандай пішінге ұқсайды? **(математика негіздері)** Ойын: «Кім шапшаң?» Шарты: фетр материалынан жасалған құсты құрастырады(басы-көзі,тұмсығы,денесі,қанаты-құйрығы). **(құрастыру)** Ойын: «Әдемі торғай» Шарты: дайын тұзды қамырдан торғайдың мүсінін жасау.Балаларға қауіпсіздік ережесін түсіндіру. Кәне, балалар алдарыңызға үйлестірілген қамырдан,алдымен денесін жасаймыз.Ол үшін 2 домалақ дайындап аламыз.Үлкені-денесі,кішірегі –басы болады.Үлкен домалақты сопақша пішінге келтіріп,дене қыламыз. Саусақпен басу арқылы қанатын жасаймыз.Ал торғайдың аяғын жасау үшін, қамырымыздан кішкене бөлік алып,таяқша етіп алақанымызда ысқылаймыз.

		Келеді шаншып жүйрігің (құлын) 2.Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар. (Түйе- верблюд) 3.Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. (Қой-овца) 4.Өзі күшті, мүйізі мықты, Төрт бұлағы сүт, Баға білсең құт. (Сиыр-корова) Секең-секең етеді, Тау мен тасқа жетеді. (Ешкі-коза) -Міне, қызық балалар, жұмбақтардың жауабын дұрыс таптыңдар. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі,қоршаған ортамен жұмыс)** Сергіту сәті: «Қошақаным» әні. **(музыка)** Төрт-түлік мал туралы көп нәрсе біледі екенсіңдер! Таңғажайып сәт:Қойшының баласы кіреді. Асықтардан үй құрастыруға болатындығын,сырмаққа ою өрнегімізді салу арқылы,жүннен неше түрлі заттар жасауға болатындығын жұмыстарынан көрсетеді. Балалар үш топқа бөлініп, киіз үйге асықтарды жіпке тізе бастайды.екінші топ сырмаққа қошқар мүйізді оюды салады,үшінші топ қошақанның суретіне жүнін жапсырады. **(сурет салу,жапсыру,құрастыру)**	3-топ «Кір жуғыш машина» тобы. Ойын: «Қызықты теледидар» Шарты: Майшам арқылы бастырып, теледидардың бейнесін бояу. **(сурет салу)** - Енді бүгін кім қандай топта жұмыс жасады? Қандай заттармен таныстыңдар? Кім әңгімелеп береді? Еркін ойын: «Сатушы» Шарты: балалар ішінен бір сатушы,ал қалған балалар сатып алушы болады.Сатушы өзінің мінезімен басқа қырынан да көрсетеді. **(көркем әдебиет)** «От шашу» әдісі (Балалар өз-өздерін бағалайды). **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.	-«Алтын сақаны» Мыстан апа ұрлап кеткен екен. Біз тапсырмаларды дұрыс орындасақ Мыстан апамыз «Алтын сақамызды» қайтарады. Олай болса ойын шартымен таныстырайын. Жердегі сызылған ұяшықтардың біреуіне асықты түсіру керек. Сол ұяшықта жасырылған тапсырма болады.Ойынды бірінші болып алтын асықты алған топ бастайды, екінші күміс, үшінші жай асықты алған топ жалғастырады. **(қазақ тілі)** **1 – айналым:** Асық жерге тасталды, Алтын сақа басталды. **I – топ.**Кәне қандай ұяшыққа түсті екен? Қандай сан белгіленген? Кәнекей кім беске дейін тура әрі кері санап береді? **II – топ.** Кәне қандай ұяшыққа түсті екен? Қандай сан белгіленген? Кәнекей кім біледі не екіден болады? (екі көз, құлақ..) **III – топ.** Кәне қандай ұяшыққа түсті екен? Қандай сан белгіленген? Кәнекей кім үшке дейін үш тілде санап береді? **IY – топ.** Кәне қандай ұяшыққа түсті екен? Қандай сан белгіленген? 4 саны, өте дұрыс. Төрт санына байланысты не білесіңдер? (төрт түлік, төрт құбыла..). **Y – топ.** Кәне қандай ұяшыққа түсті екен? Қандай сан белгіленген? 0 саны, өте дұрыс. Ол санды неге	**(мүсіндеу)** Балалар үстел үстіне суреттер жайғасқан қараңыздаршы.Осы мүсіндеп жасаған торғайларыңды өз қиялдарыңа ,еріктеріңе қарай суреттерге орналастырыңдар.Өз торғайларыңды қайда қойғыларың келеді екен,қане көрейік. **(жапсыру)** Ойын: «Жем шашайық» Шарты: дайын бояуды саусақтың ұшымен нүктелер жасайды. **(сурет салу)** Құстарға әр кез қамқор болайық! Құстар— біздің досымыз!

		Балалар қонаққа қойдың жүнінен,асықтан көп пайда акелетіндігін шығармашылық жұмыстары арқылы көрсетеді. Қорытындылау. Үй жануарларының пайдасы бар ма? -Сонымен балалар, бұл үй жануарларының бізге тигізетін пайдасы өте көп екен. Сондықтан біз оларды күтіп, бағуымыз керек. Ал ендеше балалар: Өте жақсы қатыстыңдар! Балалар мадақталады. «Балалар жүректерің әрқашан жүгіретін жануарларға да, ұшатын құстарға да, қайырымды болсын!»		ұқсатасыңдар? (шелпек, дөңгелек..) **(математика негіздері)** **2 – айналым:** **I – топ.**Түсі қандай? Жасыл түстен не болады? (шөп, доп...). Сұрақ: «Қазақ халқының ертегілерін ата» Шарты: интерактивті тақтада өзге ұлттың және қазақ халқының ертегілерінің кейіпкерлерінің үзінді сюжетті суреттерінен қазақ халқының ертегісін тауып айтып беру. Сұрақ: «Қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерін білесіңдерме?» Шарты: интерактивті тақтада сюжетті суреттерді шатастырып көрсетеді, сол суреттерден балалар тауып атап беру. Сұрақ: «Қазақ халқының ұлттық ойындарын ата» Шарты: қазақ халқының ұлттық ойындардын атап беру. Сұрақ: «Қазақ халқының қазақ үйінің жабдықтарын ата» Шарты: суреттерден балалар тауып атап береді. **(көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу)**	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)				
Серуен		**№ 14** **Аулада тазартушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының еңбегін	**№ 19** **Балалармен жеке жұмыс:** **Тақпақ оқу,жаттау** Алма ағаштың құшағы –	**№ 3** **Күннің шұғыласын бақылау** ***Міндеті:*** Күннің шұғыласын бақылау, балалардың	**№ 21** **Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау** **Міндеті:** Құстардың көлеміне, түрі-түсіне,

		бақылау. Еңбек қимылын көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сыпыру). Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу,көмектесуге ынталандыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Еңбек сүйсең, жасыңнан, Бақыттысын, жас ұлан – Дейді атам ылғи да, Сипап менің басымнан. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір»** **Міндеті:** Балаларды белгі бойынша үйрету, «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтау. Балалардың кеңістікте бағыт-бағдарын тездетуге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аулада үлкендерге көмек беру.** **Міндеті:** Еңбектің маңыздылығын білу. Ойын барысында мадақтау, шапшаңдығын дамыту. Татулық қарым - қатынасқа тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	Қанат жайған бұтағы. Жапырағы жүрегі, Бұтақтары білегі. **Коммуникативтік дағды** **Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша)** **Міндеті:** Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Жіпті көтеру»** **Міндеті:** Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәре жеріне келіп, бірінші болып жіпті тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:Табиғат бұрышындағы жұмыс** **Міндеті:** Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ шешу** Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күнніңнің көзі) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны)** **Міндеті:** Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай,кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:* Жолдарды қардан тазарту** **Міндеті:** Берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауға үйрету. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Көптерді қуып жет»** **Міндеті:** Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек сүйгіштікке баулу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Құстарды тамақтандыр** **Міндеті:** Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу. **Балалармен жеке жұмыс:** **Тақпақ оқу,жаттау** Ұшып, қонып жүр торғай, Жем іздейді. Серігіне табасын жегізбейді, Құттай дәнді қиядан көзі шалып, Байғұс сірә көрмейді өгіздерді. **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)				

Түскі ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақтану тәртібін сақтаудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. (Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени-гигеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Жалпы жетілдіру жаттығуы: Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады.. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу. Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу. 2.Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. 3.Беті - қолымызды жылы сумен жуып, сүлгімен сүртінейік. Балалар кәне жарты шеңберді құрайық: Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық. 4. Тыныс алу жаттығулары: Арқа мен жатып бір қолы кеудеде, екінші қолын ішіне қою. Ауаны ішке тарту: іштің көмегімен қолды кері итеру, жай дем шығару: іштің тартылуы б.қ келу. 5.Тамағымызды тұзды сумен шаю. **(Сауықтыру-шынықтыру шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру)**				
Бесін ас	**Гигиеналық шараларды орындау** Ас алдында қолды сабынмен жуу,қол орамалды қолдануын пысықтау. **Мәдени-гигиеналық дағдылары** Ұқыпты тамақтану дағдыларын,ас құралдарын қолдануды жетілдіру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		Топ болып жұмыс жасау. Қиынды пішіндерді,ермексазды қолдану арқылы композиция құрастыру. Шарты: Қызғалдақ гүлін құрастырып,жапсыру, себелеп тұрған жаңбыр бейнесін ермексаздан жасау,ағып жатқан судың суретін салу. **(құрастыру,сурет салу,жапсыру,мүсіндеу)** «Көктем сәні» ертегісін сахналау.	**В/к: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» Тақырыбы: «Кішкентай саяхатшылар»** (ертегі) **Міндеті:** Өсімдіктер, гүлдер жер бетіне қалай жайылатыны туралы түсінікті бекіту. Ертегілер арқылы экология сабағына қзғушылығын арттыру. Табиғатқа сүйіспеншілігін тәрбиелеу. **Барысы:** Шаттық шеңбері №7. Өлі және тірі табиғат, маусымдық өзгерістер	Мұхамеджан Етекбаевтың «Нан қайдан шығады?» әңгімесін оқып беру. **(көркем әдебиет)** «Бауырсақ қандай?» ойыны. Шарты: Бауырсақтың пішішін,көлемін ескере отырып ермексаздан әдемілеп жасау,кім қанша бауырсақ дайындағаны туралы әңгімелеп беру. **(математика негіздері,мүсіндеу)**	Жабайы аңдарға сипаттама беру. (Бейнетаспа арқылы түсіндіру). Екі топқа бөліну «Қоян» мен «Аю» 1 топ: «Айнытпай сал» ойыны. Шарты: Үлгі суретке қарап,геометриялық пішіндерді пайдалана отырып,қоянның бейнесін салу. **(сурет салу)** 2 топ: «Азығын тап» ойыны. Шарты: Аюдың жақсы көретін азығы

			жайлы балалардан білгенін сұрау. «Қатты желден, жаңбырдан сақтану үшін не істеу керектігін айту. Бүршік жарып келе жатқан ағаштардың суретін көрсету, олардың жапырақтары, көшеті, мұртшалары, сабағы арқылы көбейетінін, жарыққа қарай жылжи алатыны, өрмелейтіні, жармаласатыны, бұрылатыны, кейбір өсімдіктердің гүлдері кешке жабылып, таңертең қайтадан ашылатыны туралы түсіндіру. Өсімдіктердің иісі болады, гүлдейді, жеміс береді, өсуі мен жағдайының жақсы болуына жарық, ылғал, ауа, қалыпты температура қажет екенін таныстыру. Адамдардың күтімінсіз бөлме және бау - бақша өсімдіктері ауырады, солады, құрайды, сарғаяды, өліп қалады. Бөлме және бау - бақша өсімдіктерін өсіруге, оларды күтіп - баптауға талпындыру. Ағаштың діңін, жапырақтарын, бұтақтарын, гүлдің сабағын, жапырақтарын, гүлдерін тауып айтуға үйрету. Өсімдіктердің суреттеріне қарап өзінің түсінгенін әңгімелеу. *Сергіту сәті* №11 Өсімдіктер қалай өседі екен? Оларға қандай күтім		құлпынайды жапсырады. **(жапсыру)** Аю,қоян,қасқыр қай ертегіде ойнайды. «Бауырсақ» ертегісін сахналау. **(көркем әдебиет)**

			жасауға болады? Жылдың қай мезгілінде отырғызу керек? Сұраққа жауап бергенде қиналған балаға жеке көмек көрсету. «Адамдардың табиғатсыз күні жоқ, Табиғаттың мұны айтуға тілі жоқ» ұғымын түсіндіру. Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.		
Балалармен жеке жұмыс		**Әділбек Асылым мен жеке жұмыс** Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданып сөйлеуді үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Есен Айзеремен жеке жұмыс** Шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдана алуға үйрету. **Танымдық және зияткерлік дағдылары**	**Муханбет Мединамен жеке жұмыс** Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеуге үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	**Жұматай Әсетпен жеке жұмыс** Сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолдана алуға үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен		№ 14	№ 19	№ 3	№ 21
Балалардың үйге қайтуы		Ата – аналармен балалардың бүгінгі өткен ертеңгіліктен алған әсерлерімен бөлісу.	Көктем мезгілігін ерекшеліктері туралы ата-аналарға балалармен әңгімелесуді ұсыну.	Балаларға үйден ата-аналарының қандай мамандықта жұмыс жасайтыны жөнінде әңгімелеп келулеріне ұсыныс білдіру.	Ата-аналарға демалыс мезгілінде қазақ халық ертегілерін оқып беруліне ұсыныс білдіру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым «Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы
Тобы «Гүлдер-ай» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 01.04 - 05.04.2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.04.2024	Сейсенбі 02.04.2024	Сәрсенбі 03.04.2024	Бейсенбі 04.04.2024	Жұма 05.04.2024
Балаларды қабылдау	Көңілді әуенмен қарсы алу. Міндеті: Балалардың көңілін көтеру. Гимн айту	Балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (**Сөйлеуді дамыту)**	Саусақ жаттығулары «Бұл атаның саусағы…» - ұсақ мотериканы дамыту **(математика негіздері,дене шынықтыру).**	Бала денсаулығы туралы сөйлесіп, ауа-райының салқындауына байланысты «тұмау» ауруының алдын-алу жөнінде кеңес бер **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу **(сөйлеуді дамыту).**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Ойын: «Ғажайып қорапша» Ойын шарты: Балалар көздерін жұмып қоржынның ішінен кез - келген ойыншықты алып,сол шыққан ойыншықтың атын, түсін,пішінін,көлемін,қатты-жұмсақ екенін айтып, жақсы мейірімді тілек білдіреді. **(сөйлеуді дамыту,математика негіздері)**	№60 «Үй жануарлары луллия сақиналарымен» Шарты: Қиынды дөңгелек пішіндерді орналастыру арқылы үй жануарларын табу. **(сөйлеуді дамыту)**	«Бұл қандай мамандық?» ойыны. Міндеті: Ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. **(көркем әдебиет)**	№55 «Танып ал да, атын ата» Міндеті: Заттың түр - түсін, пішінін, атын атауға үйрету. Шарты: Ортаға әртүрлі суреттерді тастау. Әр бала өзінің таңдаған суретін алып, оның түр - түсі, пішіні жайлы әңгіме айтып береді. **(математика негіздері)**	Табиғат бұрышындағы еңбек. Міндеті: Табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын ояту. **(қоршаған ортамен таныстыру)**
Ертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені №15**				
Таңғы ас	**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Жалпы атауын ата» **(№56 математика негіздері,қоршаған ортамен танысу)**	Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы	Конструкторлармен ойнау,әртүрлі түстер мен пішіндердің бөлшектерінен қарапайым құрылыстардың	Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту 4-5 сөзден тұратын сөйлем	«Бөлігін тап» **(№39 математика негіздері,қоршаған ортамен танысу)**

	Міндеті: суреттердің жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуге және әңгімелеп беруге үйрету.	білімдерін қалыптастыру **(қоршаған ортамен танысу)**	дағдыларын қалыптастыру. **(құрастыру)**	айту**(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)**	Міндеті: алдарындағы суреттің пішіндерін дұрыс орналастыруға үйрету, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту,ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Көктем келді, көктем!»** **Міндеттері:** Самокатпен сырғанау кезінде бұрыла білуге, тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Бір орында тұрып ұзындыққа секіргенде дененің бастапқы қалпын дұрыс сақтау, қолды төмен-алға қозғалтып, оны аяқтың серпілісімен үйлестіру қабілетін жетілдіру. Қозғалыс үйлесімділігін, зейінін дамыту,ептілікке баулу; төзімді болуға, тәртіпті болуға, күшті әрі алғыр болуға деген қызығушылығын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қатарға тұру. Алаңның бір шетінен қарама-қарсы жағына қарай жүру, «шашырап» жүгіру, қатарға тұру. Тыныс алу гимнастикасы: «Демді тазартатын «ха». Жаттығуды орындау. Б.қ. – аяқтарының арасын ашып тұрады. 1 – еркін терең дем алады, қолдарын алға қарай жоғары көтереді. 2 – мүмкін болғанша демін іште ұстайды. Ауызды ашып, өңешін бос ұстайды, демді аузынан тез шығарады, алға қарай еңкейіп, қолдарын түсіреді («ха»).	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Асық ойнаймыз»** **Міндеттері:** биікте жүрген кезде тепе-теңдік сақтауды, орындықтың екі шетінен бастап жүріп, орта тұсына келгенде ажырауды үйрету. Көлбеу тақтайдың шетінен ұстау қабілетін нығайту (4 саусақ астында, үлкен саусақ үстінде), арқаны түзу ұстап, алға қарап жүру қажет. Асықты бір қолмен алысқа лақтырып жаттығу; лақтыру күшін дамыту. Балалардың ой-өрісін кеңейту, қазақтың тұрмыс-тіршілік элементтерімен, ұлттық ойындарымен таныстыру; толерантты болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалардың назарын дорбаға аудару. Асықты айналып жүру, жүгіру. Асықтармен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындайды. 1.Ойын түріндегі жаттығу: «Алысқа лақтыр» Шарты: екі қатарға тұру,қимылдарды команда бойынша орындау, асықты мүмкіндігінше алысқа	**Тақырыбы: «Электротехникалық тұрмыстық заттарды ажырат»** **Міндеттері:** Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау.Сөздік қорларын заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында) деген сөздермен байыту.Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Тұрмыстық заттарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту,оларды мүсіндеу баулу.Тұрмыстық заттардың жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Асық толы қоржын»** **Міндеттері:** мұрын арқылы дем алу, аяқты шектен тыс жоғары көтермей жеңіл әрі ырғақпен жүгіру, жүгіру қарқынын өзгертпей, қолды шынайы қимылдату қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. Гимнастикалық орындық үстінде тапсырмалар орындау: орындықтың ортасына дейін барып, кері бұрылу және бастапқы орнына қайтып оралу, өз қимылдарын өзге балалармен үйлесімді етіп жасау. Асықты бір қолмен алысқа лақтыру қабілетін жетілдіру; асықты қолдың күшімен алға-жоғары лақтыру қабілетін дамыту. Организмнің жалпы төзімділігін, үйлестіру қабілетін дамыту. Толерантты болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Тез ал – тез көтер» – асықтарды айналып жүру, жүгіру, белгі берілген	**Тақырыбы: «Құстар—біздің досымыз!»** **Міндеттері:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға,талқылауға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Тақпақтарды,тиым сөздерді жаттап,мәнерлеп айтуға баулу. Екі-үш затты қасына қою тәсілдерін қолданып, салыстыру.Қоңыр, қызғылт сары түстерді пайдалану. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде

	3 – бойын ақырын тіктейді және демалады. Демді шығарған кезде ауаны ауыз арқылы шығрады. «С» дыбысын шығарған сияқты қатты ысқырған дыбыс шығарады. Шығып жатқан ауаға тілмен кедергі жасау қажет. Негізгі қимылдарды орындау. Ойын түріндегі жаттығу: 1.«Кім алысқа секіреді?». Шарты: Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. 2.Допты жоғары лақтыру және оны екі қолдап қағып алу. Шарты: допты алдына шығарып ұстау, алға-жоғары лақтыру; допты саусақтарының арасын ашып ұстау және өзіне қарай қыспау. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қуаласпақ-қуыспақ». Шарты: жақын тұрған орындықтардың үстіне тұру қажет. Қорытынды. Көзге арналған гимнастика: «Сәуле» **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша. **Міндеті:** Қазақ халқының ұлттық ыдыстарымен таныстыру.Балаларды әңгіме айтуға, затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы	лақтыру. Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. 2.Ойын түріндегі жаттығу: «Марғаулар». Шарты: Топқа бөлініп ойнау. Алақан мен тізені тіреп, көлбеу тақтай үстімен өрмелеу. Тапсырмаларды орындап, орындық үстімен жүру: орындықтардың екі жағынан жүріп, орта шамасына келгенде екі жаққа ажырайды. Балалардың екі жаққа ажырағанда тепе-теңдік сақтауына назар аударады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарлығаш». Шарты: Шеңберлер – қарлығаштардың ұясы. Қарлығаш өте әдемі әрі шапшаң құс. Сондықтан балалар да қимылдарын қарлығаш сияқты әдемі етіп жасауы тиіс. «Сиқырлы асық» жаттығуының көмегімен эмоционалдық фонды қалпына келтіру. Балаларға асықты көрсетеді. Тілек тілеуді ұсынады. **Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Үй жануарлары»** **Міндеті:** Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай	**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** -Сәлеметсіңдерме балалар, көңіл-күйлерің қалай? Бүгін бізде ерекше күн,себебі сендердің білімдеріңді, тапқырлықтарыңды көруге қонақтар келіпті.Ал, қане ол үшін қонақтарымызбен сәлемдесіп алайық. -Балалар біз бүгін электротехникалық тұрмыстық заттар туралы әңгіме қозғаймыз. Электротехникалық заттар туралы қызықты ойындар мен тапсырмалар орындайтын боламыз. Электротехникалық заттардың қауіпсіздік ережелерімен танысамыз. -Ол үшін барлықтарың маған назар аударыңдар. Қазір біз электротехникалық заттар жайлы жұмбақтардың шешімін табатын боламыз. Жұмбақ шешу. Үйімде бір құлтемір бар Оның тұмсығы ұзын. Ұшақ дерсің гуілдеген, Тазалыққа жаны құмар. Түшкірмей-ақ, пысқырмай, Жалықпай ол шаң сорар. (Шаңсорғыш) Қандай көлік - бұл таңқаларлық! Оның артынан бәрі таза, әдемі ... Дақтар мен кірді ол бәрінен тазартады. Өзі бәрін сығып алды - шайып. (Кір жуғыш машина) Оттай ыстық табаны, Мыж-мыж қыртысты, Тігістеп жазып барады (Үтік)	кезде өз асығын көтеріп алу. Асықтармен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Негізгі қимылдарды орындау. Ойын түріндегі жаттығу: «Алысқа лақтыр» Шарты: екі қатарға тұру,қимылдарды команда бойынша орындау, асықты мүмкіндігінше алысқа лақтыру. Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Баяу қарқынмен 1,5 минут жүгіру: жеңіл, ырғақпен жүгіру, мұрын арқылы дем алу. Жүгіріп келгеннен кейін демін қалпына келтіру. Тапсырмаларды орындап, орындық үстімен жүру: орындықтардың екі жағынан жүріп, орта шамасына жеткенде айналып, бастапқы нүктеге қайтып оралу. Балалардың айналу қабілетіне, тепе-теңдік сақтауына назар аударады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Соқыртеке». Шарты: Санамақтың көмегімен «Соқыртекені» таңдап алып,ойынды ойнау. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Асықты әрі қарай бер». **Міндеті:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді жекеше және көпше түрде дұрыс	қауіпсіздік ережелерін сақтау. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап,құрастыруға мүмкіндік беру Бақылау барысында көктемде құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы туралы ұғымдарын кеңейту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері: Жылы-жылы жүзбенен Маңдайымнан сипайын, Жылы-жылы жүзбенен Жүрегімді сыйлайын. Ыстық алақаныммен Қолыңды бер қысайын, Амандасып өзіңмен Құшақтасып алайын. Сәлеметсіздер ме , қонақтар! -Балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетінде әдемі торғай туралы әңгімелесетін боламыз..Ал кәне айтыңдаршы қандай құстарды білесіңдер? -Иә,балалар құстардың түрлері өте көп. Осының ішінен балалар бүгін біз торғай туралы танысатын боламыз. Мына құс өзіміздің ауламыздағы кездесетін құстың бірі-торғай екен.Өзі дөңгелекше тәрізді.Торғай өзі кішкентай құс,тұмсығы да кішкене,аяқтары да

	түсініктерді бекіту. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** - Мына, суретте нені көріп тұрсыңдар? - Бұл ыдысты не үшін қолданады деп ойлайсыңдар? - Балалар, бұл – торсық. - Торсық дегенің не екенін білесіңдер ме? - Торсық – түркі халықтарының қымыз, шұбат, іркіт құюға арналған ежелгі ыдысы. Әсіресе, оны қырғыз, қазақ, түрікмен, қарақалпақтар жиі пайдаланған. Торсық түйенің, бұғының, өгіздің мойын терісінен жасалады. Өңделген теріні қалыпқа салып пішеді де, таспамен тігеді. Торсықты қарағайдың бүрімен немесе арша, тобылғымен ыстайды. Торсықтың түрлері: шимайторсық, өркештorсық, жанторсық, мүйізторсық, т.б. Торсықтың бүйірі дөңгелек, мойны жіңішке әрі ұзын болып келеді. Аузына ағаштан тығын тығылады. Ол жоғалып қалмау үшін қайыстан бау өткізіп, бір ұшын торсықтың мойнына бекітіп қояды. Кейбір торсықтарға арнаулы	жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Қазақ оюларының элементтерін: «қошқар мүйіз» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Табиғи (мақта, жүн) қалдық заттардан құрастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар шеңбер бойына тұрып ,өлең жолдарын бәрі бірге қайталайды. Әңгімеге тарту.Қазақ халқының ата-бабаларымыздың ұлт кәсібінің бір-түрі мал бағу, оны күтіп баптап өсіру болатын. Міне содан бері кейінгі ұрпақ жалғасып тауып келе жатыр.Мал бағуға ауылдық жер өте ыңғайлы ма? Ауылымызда үй жануарлары бар ма? Үйлеріңізде бар ма? -Біз оларды неліктен үй жануарлары дейміз? Қандай жануарларды білесіңдер? Қой,ешкі,жылқы бағатын адамды қалай деп атаймыз? -Балалар, үй жануарларының төлдерін атап беріңдерші?	Электротехникалық тұрмыстық заттар – электр көзі арқылы жұмыс жасап, біздің өміріміздегі атқарылатын жұмыстарды жеңілдетуге, жылдамдатуға көмек береді. Электр көзі болмаған кезде ертедегі адамдар шаңсорғыштың орнына – сыпыртқыны, кір жуғыш машинаның орнына – легенді, үтіктің орынына-шоқ үтікті пайдаланған екен. Балалар бізге үлкендерсіз электр көзіне жақындауға болмайды. Ол өте қауіпті, дұрыс орындамаған жағдайда өмірімізге қауіп төніп, өрт шығуы мүмкін. Ашық сұрақтар: «Бала үні» әдісі. Суретке назар аудару, элетро техникалық заттардың қайда орналасқанын сұрау.(Мысалы: оң жақта шаңсорғыш,ал сол жақта кір жуатын машина т.с.с) -Ал, балалар, электро техникалық заттар қалай жұмыс жасайды екен? -Олардың қандай түрлері бар екен? -Оларды біз не үшін қажет етеді екенбіз? -Ертеректе электр көзі болмағанда адамдар қалай өмір сүрген екен? -Электротехникалық заттарды пайдалануда қандай ережелерді сақтау қажет? Қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді: -Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болмайды.	қолдануға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға,оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Төрт түлік туралы түсініктерін кеңейту,мақал-мәтелдер айту. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру.Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, ұлттық киімдерімен таныстыру,оларды мүсіндеуге баулу, шығармашылық қиялды дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** -Мен сендерге бір ойын ұсынғым келіп тұр. Ойынның аты «Кетті, кетті орамал» - деп аталады. Ойынның шарты: Мен өлеңдетіп орамалды тастаймын, кімнің қолына түседі, сол	кішкене.Өздері топтасып ұшып жүреді,дәнмен қоректенеді.Дәнді шоқып жейді,дәнді ұнатады екен.Ал адамдар құстарға ағаштан жем салғыш жасап,ішіне жем салып,құстар келіп қонады екен.Біз оларға қамқор болуымыз керек. **(қоршаған ортамен танысу)** Балалар мына жерден не байқадыңдар? -Иә, мына жерде жұмыртқа жатыр. Кәне,зейінімізді мына жұмыртқаға аударайықшы. 1-ші жұмыртқаның ашылуы.(Әуенмен) -Балалар ішінен не шықты? Балалар бұл ұя бізге тапсырма әкеліпті.Бұл тапсырмада бізден құстың ұясына байланысты тыйым сөздер сұрайды. -Ал ендеше 2-ші жұмыртқаны ашайық.(Әуенмен) -Ой балалар, бұл балапан ғой.Бұл балапанның да бізге тапсырмасы бар екен.Бізден құстар туралы тақпақтар сұрайды. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі,музыка)** -Балалар байқадыңдар ма, жұмыртқа қандай пішінге ұқсайды? -Ал балалар осы 3-жұмыртқаның көлемі бірдей ме? -Қане,салыстырып көріңдерші? **(математика негіздері)**

	мүйізшапқымен (ысқышпен) әртүрлі өрнек салынады. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі,қоршаған ортамен танысу)** **Сергіту сәті:** *Айналаға қарайық,* *Отырайық, тұрайық,* *Біз тынығып алайық.* *Тынығып біз болған соң,* *Әсем сурет салайық.* Үлгіні көрсету арқылы пішіндерді дұрыс орналатыру туралы түсінік беріп өту, оның пішініне,көлеміне,ою-өрнектермен әшекейленуіне,теріден жасалатынына,жеңіл болатынына назар аудару. - Біз торсықтың қандай ыдыс екенін біліп алдық, енді ата-әжемізге сыйлыққа беруге өздеріңіз торсық жасағыларыңыз келе ме? Ал, онда біздер үш топқа бөлінейік те ермексазбен және бояулармен торсық жасап көрейік. 1 топ: Торсықты оюлармен, үзік сызықтармен салу. 2 топ: Жгут әдісімен торсық бейнесін мүсіндейді. 3 топ: былғары кесінділерін қолданып ою-өрнектерді торсыққа қиып, желімдейді. **(математика негіздері,сурет салу,мүсіндеу,жапсыру)** Балалардың жұмысынан көрме ұйымдастыру.	Қандай үй жануарларының адамға пайдасы тиеді, деген әңгіме жүргізіп, сурет бойынша көрсету. Жануарлар үйде адамның көмегімен өсіреді Халқымыз үй жануарларын қастерлеген. Төрт- түліктің аты мен пір атасын айтып өту. Үй жануарлар адамға тигізетін пайдасы өте көп деп түсіндіріледі. Қалай дыбыстайды? Қалай шақырамыз? Жұмбақ жасыру. 1.Көкке шаншып құйрығын Келеді шаншып жүйрігің (құлын) 2.Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар. (Түйе- верблюд) 3.Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. (Қой-овца) 4.Өзі күшті, мүйізі мықты, Төрт бұлағы сүт, Баға білсең құт. (Сиыр-корова) Секең-секең етеді, Тау мен тасқа жетеді. (Ешкі-коза) -Міне, қызық балалар, жұмбақтардың жауабын дұрыс таптыңдар. -Балалар, мен сендерге үй жануарлары туралы кішкене мағұлмат берейін, сендер мұқият тыңдаңдар. Тәрбиеші төрт- түліктің аты мен пір атасын айтып тұрады. Ал балалар төрт –түлікті кім бағады? Қалай дыбыстайды?	-Балаларға үлкендерсіз электр токтарын ұстауға болмайды. -Ересектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды. -Пеш қызып тұрғанда балалар қасына жақындауға болмайды. -Кір жуатын машинаға қолды салуға болмайды. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** Топтастыру: -Ал, енді балалар бүгін біз ұйымдастырылған іс-әрекетінде, топта танысқан электротехникалық тұрмыстық заттардың түрлері бойынша әр түрлі ойын арқылы тапсырмалар орындаймыз. 1-топ «Шаңсорғыш» тобы. Ойын:«Сиқырлы шеңбер» Шарты: Люллия шеңбері арқылы электротехникалық заттарды ажыратып, не үшін қажет екендігін атайды. **(қоршаған ортамен танысу)** 2-топ «Блендер» тобы. Ойын: «Электротехникалық тұрмыстық заттарды ажырат» Шарты: Көптеген ыдыс аяқтардың суреттері көрсетіледі.Балалар солардың ішінен электротехникалық заттарды тауып,салыстырады. **(математика негіздері)** 3-топ «Кір жуғыш машина» тобы. Ойын: «Қызықты теледидар» Шарты: Майшам арқылы бастырып, теледидардың бейнесін бояу.	сұраққа жауап береді. Сұраққа дұрыс жауап берсеңдер дорбаның аузы ашылады.Дайынсыңдар ма? -Шеңберді айнала, ойынды бастадым, Орамалды бір балаға тастадым. -Қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінде неше ай бар? -Көктем мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? -Айналаны қоршап тұрған заттарды бір сөзбен не деп айтамыз? -Табиғат нешеге бөлінеді? -Тірі табиғатқа нелер жатады? Неге? -Өлі табиғатқа нелер жатады? Неге? -Сендер қай ұлт өкілісіңдер? -Қандай мемлекетте тұрасыңдар? -Отан дегеніміз не? -Өте тамаша! Кәне өзімізге шапалақ ұрып көңілімізді көтеріп қояйық. Жарайсыңдар балалар сендер сондай ақылды, тапқыр екенсіңдер. Мінекей дорбаның да аузы ашылды, алақай! (Тәрбиеші әр баланың жанына барып бір-бірден үш түрлі (қызыл, көк, жасыл) асықты алғызып, сол түске байланысты бес топқа бөліндіреді).	3-ші жұмыртқаның ашылуы (Әуенмен) Бұл жолы жұмыртқадан құстың өзі шықты ғой. Бұл қандай құс? -Ал балалар, бұл торғай бізден көмек сұрай келіпті. Көмектесесіңдерме? Ойын: «Кім шапшаң?» Шарты: фетр материалынан жасалған құсты құрастырады(басы-көзі,тұмсығы,денесі,қанаты -құйрығы). **(құрастыру)** Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты» **(дене шынықтыру)** Ойын: «Сипаттап бер» Шарты: Сұрақтарға жауап беру. -Торғай қайда ұшады? -Торғай қайда өмір сүреді? -Торғай дәнді қалай жейді. -Торғайға аса не қажет? -Торғайдың ең сүйікті асы не деп ойлайсыңдар? - Торғай ағашты неден қорғайды? Таңғажайып сәт: Топқа тал кейіпкері келеді, қолында 4 заты бар. Құс ұясы, алақан ,ағаш бұтағы, ұя. -Сәлеметсіздер ме,балалар! - Мені танисыздар ма? -Өте дұрыс ,мен сіздер білетін тал боламын! Бірақ менің бұтақтарыма көптен бері құстар қонбай кетті(мұңайып). -Неге екенін білмеймін? (айналасынан құстарды іздеп)

		Қалай шақырамыз? Сұрақтарына жауап беріп отырады. Жылқы атасы- Қамбар ата. Сиыр атасы- Зеңгі баба. Түйе атасы- Ойсыл қара. Қой атасы- Шопан ата. Ешкі атасы- Сексек ата. -Пұшайт-пұшайт. -Ешкіні шөре-шөре деп шақырады. -Жылқы кісінейді. Жылқыны- қырау-қырау деп шақырады. -Түйе боздайды. -Түйені көс-көс деп шақырады. -Сиыр мөңірейді. Сиырды аухау- аухау деп шақырады. Төрт түліктің белгісі. Түйе-байлық Қой-мырзалық Ешкі-жеңілдік Жылқы-сәндік Сиыр-ақтық Түйенің тобы –келе Жылқының тобы-үйір Сиырдың тобы-табан Қой, ешкі –отар. -Балалар, осы жануарлардың ішінен мен сендерге қой туралы толығырақ айтып көрсеткім келіп отыр. -Қой қалай дыбыстайды? -Қой маңырайды. -Қойларды суарарда қалай шақырады? -Пұшайт-пұшайт. Дұрыс айтасыңдар, қойдың етін жейміз,терісін, жүнінен киіз басамыз,киім кешек, тұлып тоқиды. Қойға байланысты мақал-мәтеліміз де бар. -Қойдың сүті қорғасын.	**(сурет салу)** - Енді бүгін кім қандай топта жұмыс жасады? Қандай заттармен таныстыңдар? Кім әңгімелеп береді? Еркін ойын: «Сатушы» Шарты: балалар ішінен бір сатушы,ал қалған балалар сатып алушы болады.Сатушы өзінің мінезімен басқа қырынан да көрсетеді. **(көркем әдебиет)** «От шашу» әдісі (Балалар өз-өздерін бағалайды). Ойын: «Не пайда болды?» Шарты: Сіріңке қораптарын құрастырып алып,оның сыртын түрлі түсті қағазбен жапсыру,ермексаздан антеннасын жасау, оның ішіне қиылған бейнелерді орналастыру. **(құрастыру,жапсыру,мүсіндеу)** Қимылды ойын: «Шаңсорғыш» Шарты: Ойын музыка әуенімен ойналады,түрлі қимылдар жасайды. Барысы: Күн сәулесінде шаңдар көңілді болып билейді. Шаңсорғыш жұмыс жасайды. Ақырын - ақырындап шаңдар айналып кетеді де, еденге барып шөгіледі. Шаңсорғыш шаң жинайды; кімге тисе, сол орнынан тұрып кетеді. **(дене шынықтыру,музыка)** **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.	-Ал енді «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» - демекші, біз «Алтын сақа» деген интелектуалды ойын ойнаймыз. Ойын бастамас бұрын әр топтың топ басшысы келіп дорбадығы қалған асықты алады, ішінде «Алтын сақа» болуы керек. Дорбада үш асық болады: алтын, күміс, жай. «Сақа» - деген не екенін сұрап, соған түсінік беру. Сақа деп айтыңдаршы. Гаухартас менімен бірге тіл жаттығуын қайталашы: қа-қа-қа-ойнаймыз біз сақа. Кәне енді бәріміз бірге қайталаймыз. «Ханталапай» ұлттық ойынында да осы сақаны қолданып ойнайды. -«Алтын сақаны» Мыстан апа ұрлап кеткен екен. Біз тапсырмаларды дұрыс орындасақ Мыстан апамыз «Алтын сақамызды» қайтарады. Олай болса ойын шартымен таныстырайын. Жердегі сызылған ұяшықтардың біреуіне асықты түсіру керек. Сол ұяшықта жасырылған тапсырма болады, онда Мыстан апамыздың ұяшығы және тосын ұяшық болады. Мыстанның ұяшығынан сақ болуымыз керек, ол өте қиын тапсырма беруі	-Мен оларға аялы алақанымды,ұяшығымды,ағаш бұтақтарымды,құс ұясын әзірлеп келдім,тек осыған қонатын құстар болса….(мұңайып) - Мен сендерден көмек сұрай келдім. - Қане,балалар,талға көмегімізді береміз бе? - Ал, сен тал мұңайма,балалар әрдайым көмекке әзір. Ойын: «Әдемі торғай» Шарты: дайын тұзды қамырдан торғайдың мүсінін жасау. Түсіндіріп өту. Біздің пайдаланатын құралымыз: тұзды қамыр.Оның құрамында:тұз ,су ,ұн ,лимон қышқылы , бояғыштар болады. Алдымен,балалар ермексазды болсын,қамырды болсын қолданар алдындағы қауіпсіздік ережесін еске түсірейікші. 1.Қамырымызды ауызға салмаймыз. 2.Еденге түсірмейміз, жабысып қалады. 3.Киімімізді таза ұстап, қолқап киіп аламыз. 4.Жұмыс соңында қолымызды дымқыл шүберекпен сүртеміз. Кәне, балалар алдарыңызға үйлестірілген қамырдан,алдымен денесін жасаймыз.Ол үшін 2 домалақ дайындап аламыз.Үлкені-денесі,кішірегі –басы

		Қойды ұрған оңбасын,— қойдың сүті пайдалы екен,балалар,одан құрт жасайды. Қойдың майын емге де пайдаланамыз. —Мал өсірсең,қой өсір Өнімі оның көл-көсір демекші Әжелеріміз қойдың жүнінен көрпе,жіптер жасаған.Киіз басып,текеметтер,алашалар,сырмақ тоқыған. Қойдың мүйізіне қарап ,ою өрнектерді сырмаққа салған. Қойдан асық аламыз,солай ма ,балалар,кандай асықтар туралы ойын білеміз. Балалар: «Ханталапай», «Асық ату», «шахмат» ойыны Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер көрсетеді. Балалар сол суреттер жайында айтуы керек. Балалар сендерді ата-аналарың қалай еркелетеді? Ал енді балалар, сендерге хат келіпті. Хатты ашып оқиын. Хатта: Саламатсыздар ма! Балалар ! Мен сіздердің жайлаудағы ата-аналарың сендерге өлең шумағын жазып жіберіпті. Төрт түлік малда өз төлдерін еркелетеді. Соны мен сендерге басын оқып тұрамын, ал сендер артын жалғастырыңдар. Сөйтіп атамыздың сұрағына жауап берейік. Түйе сүйеді баласын - «боташым» деп «Жаудыраған көзіңнен - тоташым деп»		мүмкін.Ойынды бірінші болып алтын асықты алған топ бастайды, екінші күміс, үшінші жай асықты алған топ жалғастырады. **(қазақ тілі)** **1 – айналым:** Асық жерге тасталды, Алтын сақа басталды. **I – топ.**Кәне қандай ұяшыққа түсті екен? Қандай сан белгіленген? Кәнекей кім беске дейін тура әрі кері санап береді? **II – топ.** Кәне қандай ұяшыққа түсті екен? Қандай сан белгіленген? Кәнекей кім біледі не екіден болады? (екі көз, құлақ..) **III – топ.** Кәне қандай ұяшыққа түсті екен? Қандай сан белгіленген? Кәнекей кім үшке дейін үш тілде санап береді? **IY – топ.** Кәне қандай ұяшыққа түсті екен? Қандай сан белгіленген? 4 саны, өте дұрыс. Төрт санына байланысты не білесіңдер? (төрт түлік, төрт құбыла..). **Y – топ.** Кәне қандай ұяшыққа түсті екен? Қандай сан белгіленген? 0 саны, өте дұрыс. Ол санды неге ұқсатасыңдар? (шелпек, дөңгелек..) **(математика негіздері)** **2 – айналым:** **I – топ.**Түсі қандай? Жасыл түстен не болады? (шөп, доп...).	болады.Үлкен домалақты сопақша пішінге келтіріп,дене қыламыз. Саусақпен басу арқылы қанатын жасаймыз.Ал торғайдың аяғын жасау үшін, қамырымыздан кішкене бөлік алып,таяқша етіп алақанымызда ысқылаймыз. **(мүсіндеу)** Балалар үстел үстіне суреттер жайғасқан қараңыздаршы.Осы мүсіндеп жасаған торғайларыңды өз қиялдарыңа ,еріктеріңе қарай суреттерге орналастырыңдар.Өз торғайларыңды қайда қойғыларың келеді екен,қане көрейік. **(жапсыру)** -Міне,тал енді көңілін көтерілді ме,біздің балалар қандай әсем әдемі торғайлар жасап берді-деп талға береді.Тал рахметін айтып: -Балалар, мен сендерге риза болдым.Менің қуанышымда шек жоқ.Сау болыңыздар!(тал кетіп қалады) -Ал балалар,құстарға ұя жасап,өз мекеніне орналастырдық. Балалар, ендеше ауладағы құстарға жем беріп қоректендірейік. Ойын: «Жем шашайық» Шарты: дайын бояуды саусақтың ұшымен нүктелер жасайды. **(сурет салу)**

		Ешкі сүйеді баласын - «лағым» деп Тастан –тасқа секірген - «шұнағым»деп Жылқы сүйеді баласын - «құлыншағым» деп Тұлпар барып жүгірер - «жұлыным» деп. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі,қоршаған ортамен жұмыс)** Сергіту сәті: «Қошақаным» әні. **(музыка)** Төрт-түлік мал туралы көп нәрсе біледі екенсіңдер! Таңғажайып сәт: Қойшының баласы кіреді. Асықтардан үй құрастыруға болатындығын,сырмаққа ою өрнегімізді салу арқылы,жүннен неше түрлі заттар жасауға болатындығын жұмыстарынан көрсетеді. Балалар үш топқа бөлініп, киіз үйге асықтарды жіпке тізе бастайды.екінші топ сырмаққа қошқар мүйізді оюды салады,үшінші топ қошақанның суретіне жүнін жапсырады. **(сурет салу,жапсыру,құрастыру)** Балалар қонаққа қойдың жүнінен,асықтан көп пайда акелетіндігін шығармашылық жұмыстары арқылы көрсетеді. Қорытындылау. Үй жануарларының пайдасы бар ма? -Сонымен балалар, бұл үй жануарларының бізге тигізетін пайдасы өте көп		Сұрақ: «Қазақ халқының ертегілерін ата» Шарты: интерактивті тақтада өзге ұлттың және қазақ халқының ертегілерінің кейіпкерлерінің үзінді сюжетті суреттерінен қазақ халқының ертегісін тауып айтып беру. **II – топ.** Түсі қандай? Ақ түстен не болады? (сүт, қар...). Сұрақ: «Қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерін білесіңдер?» Шарты: интерактивті тақтада сюжетті суреттерді шатастырып көрсетеді, сол суреттерден балалар тауып атап береді. **III – топ.** Түсі қандай? Көк түстен не болады? (ту, аспан...). Сұрақ: «Қазақ халқының ұлттық ойындарын ата» Шарты: интерактивті тақтада өзге ұлттың және қазақ халқының ойындарының суреттерінен ұлттық ойындарды тауып,атап беру. **IY – топ.** Түсі қандай? Сары түстен не болады? (күн, шар...). Сұрақ: «Төрт түлікті атап беріңдер» Шарты: интерактивті тақтадан аралас суреттердің ішінен үй жануарларының суреттерін тауып атап береді.	Құстарға әр кез қамқор болайық! Құстар— біздің досымыз!

		екен. Сондықтан біз оларды күтіп, бағуымыз керек. Ал ендеше балалар: Өте жақсы қатыстыңдар! Балалар мадақталады. «Балалар жүректерің әрқашан жүгіретін жануарларға да, ұшатын құстарға да, қайырымды болсын!»		**Y – топ.** Түсі қандай? Қоңыр түстен не болады? (қонжық, ағаш...). Сұрақ: «Қазақ халқының қазақ үйінің жабдықтарын ата» Шарты: интерактивті тақтада суреттерді шатастырып көрсетеді, сол суреттерден балалар тауып атап береді. **(көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу)** **3 – айналым:** Музыкалық үзіліс. Бой сергіту жаттығуы. **(музыка)** **4 – айналым:** Асық жерге тасталды, Алтын сақа басталды. Мыстан апаның ұяшығы. Бейнесұрақ. **I – топ.** Менің үстімдегі киім қалай аталады? Қай ұлттың киімі? (шапан) **II – топ.** Мынау не? Қай ұлттың тағамы және оны неден жасайды? (құрт) **III – топ.** Мынау не? Ол не үшін қажет? (бесік) **IY – топ.** Мынау не? Бұл қай елдің аспабы? (домбыра) **Y – топ.** Қазір жылдың қай мезгілі? **(сөйлеуді дамыту)** Ай аттарын атап беріңдер? Мыстан кемпір: Өз туған жерлеріңді, Отандарыңды құрметтеңдер. Салт-дәстүрлеріңді сақтаңдар. Табиғатын қорғап, аялаңдар. «Отан – оттан	

				да ыстық» - деп бекер айтылмаған деп Мыстан кемпір «Алтын сақаны» беріп,қоштасып кетеді.	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	**№ 23** **Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ** Шым тостаған Далаға кім тастаған? (Құстың ұясы) **Коммуникативтік дағды** **Құс үйшіктерін бақылау** **Міндеті:** Тұмсығымен тістеген шөп, жүн-жұрқаны ұясына алып келген қараторғайды бақылау. Үй алдында ән салуын, қанат қағысын, басын шұлғып тұмсығын кеңінен ашады. Құс үйшігінің жанында, балаларды өзін байсалды ұстай білуге тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Өрт сөндірушілер»** **Міндеті:** Гимнастика баспалдағынан жүру, балалардың өздерінің қимыл қозғалыстарын үйлестіре алуы. Сорғышты шайқау. Балалардың белгі бойынша қимыл әрекетін дамыту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** **Жер қазу жұмысы** (ағаштардың түптерін қопсыту, құрғақ жапырақтарды жинау). **Міндеті:** Балаларды құрғақ жапырақтарды жинауға қатыстыру, белгілі бір жерге	**№ 14** **Аулада тазартушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының еңбегін бақылау. Еңбек қимылын көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сыпыру). Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу,көмектесуге ынталандыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Еңбек сүйсең, жасыңнан, Бақыттысын, жас ұлан – Дейді атам ылғи да, Сипап менің басымнан. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір»** **Міндеті:** Балаларды белгі бойынша үйрету, «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтау. Балалардың кеңістікте бағыт-бағдарын тездетуге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аулада үлкендерге көмек беру.** **Міндеті:** Еңбектің маңыздылығын білу. Ойын барысында мадақтау, шапшаңдығын дамыту. Татулық қарым - қатынасқа тәрбиелеу.	**№ 19** **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Алма ағаштың құшағы – Қанат жайған бұтағы. Жапырағы жүрегі, Бұтақтары білегі. **Коммуникативтік дағды** **Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша)** **Міндеті:** Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Жіпті көтеру»** **Міндеті:** Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәре жеріне келіп, бірінші болып жіпті тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:Табиғат бұрышындағы жұмыс** **Міндеті:** Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу.	**№ 3** **Күннің шұғыласын бақылау** ***Міндеті:*** Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** **Жұмбақ шешу** Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күнннің көзі) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны)** **Міндеті:** Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай,кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** **Жолдарды қардан тазарту** **Міндеті:** Берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауға үйрету. Өз	**№ 21** **Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау** **Міндеті:** Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Көптерді қуып жет»** **Міндеті:** Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек сүйгіштікке баулу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Құстарды тамақтандыр** **Міндеті:** Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу. **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Ұшып, қонып жүр торғай, Жем іздейді. Серігіне табасын жегізбейді,

	апарғызу. Балаларды тазалық пен еңбек етуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Танымдық іс – әрекет дағдылары**	еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	Құттай дәнді қиядан көзі шалып, Байғұс сірә көрмейді өгіздерді. **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Түскі ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақтану тәртібін сақтаудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **(Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени-гигеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар. (2-3 минут) Төсекте жатқан орнында көрпені аяғымен серпіп тастап оңға, солға домалау. Отырған жерде көзімізді ашып – жұмып көзімізге жаттығулар жасау. 2. Арқаға арналған « Ауа-райы» жаттығулары: Балалар бірінің артынан бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына массаж жасайды. 3. Нүктелі массаж: Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары-төмен уқалаймыз. 4. Түшкіріп тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз. 5. Құлағымыз ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз. **(Сауықтыру-шынықтыру шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру)**				
Бесін ас	**Гигиеналық шараларды орындау** Ас алдында қолды сабынмен жуу,қол орамалды қолдануын пысықтау. **Мәдени-гигиеналық дағдылар** Ұқыпты тамақтану дағдыларын,ас құралдарын қолдануды жетілдіру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	-Балалар,бұл ұлттық бұйым-торсық.Торсыққа ұзақ жолға шыққан жолаушы (ержігіт) қымызды толтырып алып шығады,жолда ішкен қымыз,әрі шөл қандырады,әрі күш береді.Ұлттық ыдыстар туралы бейнеүзінді тамашалау,әңгімелесу. **(көркем әдебиет)** Ойын: «Торсықты құрастыр» Шарты: әр бала өзінің алдындағы қиылған торсық суреттерін төрт бөліктен құрастырады. **(құрастыру)**	Ал, енді мен сендерге өлең оқып берейін,мұқият тыңдап алыңыздар: «Түйе , жылқы, сиыр, қой-төрт-түлік осы біліп қой!» Ең зор түлік түйемін Тікенді шөпті сүйемін Пайдалансаң , сүтім-шұбат, Дертке дауа, жанға қуат Қу тышқанға алдандым Жыл басынан құр қалдым Арғымақ, тұлпар-жылқымын Мақтанышы-жұртымның Ерге қанат тұлпармын Қай түлік келер маған тын Сүтім-қымыз, етім ем Білесіңбе оны сен?	**Вариативтік компонент: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы:** «Бау-бақша бізді күтуде» **Міндеті:** Өз тәжірибелеріне сүйене отырып көкөніс көшетін отырғызуды үйретуді жалғастыру. Көргендерін түсіндіру қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Көкөніс көшеттері, күректер, суқұйғыштар **Барысы:** Шаттық шеңбері.	«Алтын сақаны» алу үшін біз қандай тапсырмалар орындадық,еске түсірейікші. Балалар мына суретте ненің суретін көріп тұрсыңдар? - Киіз үй туралы не білесіңдер? - Кім киіз үйдің ішіне кіріп көрді? - Киіз үйді неден жасайды? - Киіз үй жабдықтарын білесіңдер ме? - Қазақ халқының қандай дәстүрлерін білесіңдер?	Мен сендерге құстар әлемінен бір тамаша ертегі алып келдім. Қане құлақ салып тыңдаңыздар. Ертеде бір бұлбұлдың балапаны болыпты. Балапан өсе келе мінез шығарады. Бірде ол: - Неге ұяны жерге емес, басқа құстардай биікке салмайсыңдар? Неліктен алып құстадай ірі болмайсыңдар?– деп ата - анасының мазасын алады. Оны естіген ата бұлбұл: – Саңқылдап сұңқар, қарқылдап қарға, тыраулап

		Мінезім жайлы –сиырмын Байлығымын бір үйдің Етім дәмді , сүтім бал Сиырымды менің ұғып ал Қой, ешкі –бір түлікпіз Бірге өстік , еш күдіксіз Теріміз тон былғары, Жүніміз-киім, тұр әне Етім тәтті, сүтім бал Қой ешкі ең құнды мал. **(көркем әдебиет)** Сиқырлы қоржыннан барлығымыз асықты таңдап аламыз. Кімге қызыл асық түссе «Хан» тобы , кімге көк асық түссе «Уәзір» тобы болады. «Хан» оң жаққа, «Уәзір» тобы сол жаққа отрамыз. «Хан» тобы. Ойын тапсырма: Асықтарды түсіне және санына қарай санап о рналастыр,тура және кері санау. **(математика негіздері)** «Уәзір» тобы. Ойын тапсырма: Түрлі-түсті ермексаздан асық мүсінін жасау. **(мүсіндеу)**	Өз тәжірибелеріне сүйене отырып көкөніс көшетін отырғызуды үйретуді жалғастыру. Көргендерін түсіндіру қабілеттерін дамыту. Сергіту сәті. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Қорытындылау.	- Ұлттық қандай ыдыстарды білесіңдер? Торсық қандай материалдан жасалады? Топпен жұмыс жасау. 1 – топ «Шаңырақ» Шаңырақтың суретін саласыңдар. **(сурет салу)** 2 — топ «Уық» Киіз үй неше бөліктен тұрады, қағаз бетіне орналастырыңдар. **(жапсыру)** 3 – топ «Кереге» сендерге киіз үйді жабдықтары туралы әр түрлі пішіндер берілген киіз үйді құрастырыңдар. **(құрастыру)** 4 – топ «Есік» Киіз үйдің ішіндегі үй жиһаздарын жекеше-көпше түрде атаңдар. **(сөйлеуді дамыту)** 5 – топ «Торсық» Затқа қарап торсықты мүсіндеп, қазақ оюларымен әшекейлеңдер. **(мүсіндеу)**	тырна бола алмайсың, шырағым. Ақылың болса өз сәніңмен, өз әніңмен ата жолын жалға, – деп өсиет айтады. Ерке бұлбұл ата сөзіне құлақ аспайды.Өзінің қандай құс екенін білмейтін ол әсем дауысымен баурап алар серік іздеп, ұясын тастап ұшып кетеді. Ерке бұлбұл құстар әлемін ұзақ аралайды. Сөйтіп ерке бұлбұл келе жатып қарғаға кездеседі. – Қарға: мен қарғамын, қарғамын, Көп қой менің арманым. Қарқ - қарқ, келе ғой бұлбұлжан. – Бұлбұл: Өзі қап - қара, даусы қандай жаман еді. Ұнамайды маған. – Сауысқан: Кел бұлбұлым, Сауысқанмын саңқылдаған, Қонақжаймын аңқылдаған. – Бұлбұл: Қалай дауыстайды? Даусы нашар екен. – Торғай: Бұлбұлжан келе ғой. Мен торғаймын, торғаймын, Ағаштарды қорғаймын. – Бұлбұл: Қызық қой мынау өзі, шамаңа қарашы. – Бүркіт: Мен бүркітпін, бүркітпін, Құстың бәрін үркіттім, ха - ха - ха. – Бұлбұл: қорқыныштысын - ай, үлкенін - ай. – Қарлығаш: Келе ғой бұлбұл. Қарлығашпын қалықтаған,

					Ұшудан ешбір жалықпаған. – Бұлбұл: Қан дай ідемі құс еді, бірақ неге құйрығы айыр? Ұнамайды маған. Деп ұша жөнеледі. Қанша құстардың сан алуан түрлері мен тіршіліктерін көреді. Бірақ жүрегіне жақын үн, жанына жайлы ұя таба алмайды. Шаршап - шалдығып өз ұясына оралады. Балапанын көріп қуанған ана бұлбұл құбылтып ән салады. Сазды әуеніне табиғат тамсанады. Ән тербеген ерке бұлбұлдың бойы балқып, ұйқыға кетеді. Ертеңіне таңмен бірге оянып: Туған жерім – қымбат мекен, Өскен ұям ыстық екен. Бұлбұл үні – өз тіліме, Ешбір әуен жетпейді екен, – деп сан алуан ырғаққа салып сайрайды. Ерке бұлбұлдың сазды әуенін барлық құстар қызыға тыңдайды. Осы күннен бастап әнші бұлбұлдың даңқы бүкіл әлемге жайылады. Балалар ертегі сендерге ұнады ма? – Ертегі не туралы екен? – Ертегіде қандай құстар кездесті? Ертегіні сахналау. **(көркем әдебиет)**
Балалармен жеке жұмыс	**Амирали Айсұлтанмен жеке жұмыс** Зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып айта алуға үйрету.	**Әділбек Асылыммен жеке жұмыс** Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын үйрету.	**Болатұлы Санатпен жеке жұмыс** Ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым	**Амирали Айсұлтанмен жеке жұмыс** Сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық	**Ғанибай Саятпен жеке жұмыс** Қазақ оюларының бөліктерінен, өсімдік және геометриялық пішіндерден

	(Коммуникативтік дағды)	**(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	байланыстар орната білуді, қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтай білуге үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	скамейканың, бөренеңің бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	өрнектер жасауды, оларды кезектестіріп ретімен желімдей білуді үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	№ 23	№ 14	№ 19	№ 3	№ 21
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз.Шыдамды болыңыз,балаңыздың сөзін бөліп,оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз»	«Қошақаным» әнін үйде жаттап келулеріне ұсыныс білдіру.	Көктем мезгілігін ерекшеліктері туралы ата-аналарға балалармен әңгімелесуді ұсыну.	Балаларға үйден ата-аналарының қандай мамандықта жұмыс жасайтыны жөнінде әңгімелеп келулеріне ұсыныс білдіру.	Ата-аналарға демалыс мезгілінде қазақ халық ертегілерін оқып берулеріне ұсыныс білдіру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым «Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы
Тобы «Гүлдер-ай» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 08.04 - 12.04. 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.04.2024	Сейсенбі 09.04.2024	Сәрсенбі 10.04.2024	Бейсенбі 11.04.2024	Жұма 12.04.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды арнайы жасалған көңілді смайликтермен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдысын пысықтау,үлкендерге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. **(Қоршаған ортамен танысу)**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. **(Сөйлеуді дамыту)**	Балаларды жақсы көңіл - күймен қарсы алу. Әуенді ойын: «Көңіл күй» Міндеті: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. **Музыка**	«Ретімен бас» ойыны Міндеті: 5 ке дейінгі санды ретінмен атайды. Шартты: жерге салынған тор көздегі санды атап, басып секіреді. **(математика негіздері)**	«Ауа – райы болжамы» Міндеті: Қысқы ауа – райына сипаттама бере білуге үйрету,табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. **(Қазақ тілі)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	**Ата-аналармен жұмыс:** «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы,тәртібі жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.

			мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.		
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жаңылтпашты жаңылмай айт» Міндеті: Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, – Неше кіші ішік піштім?! **(қазақ тілі)**	«Асықтарды сана» Міндеті: Асықтарды санау арқылы, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап береді. **(математика негіздері, танымдық ойын)**	Тіл ұстарту жаттығуы Ар-ар-ар Таза шалбар, Ақ-ақ-ақ Түрлі түсті қалпақ. Ік-ік-ік Әдемі етік. **(қазақ тілі)**	«Асықтарды сана» Міндеті: Асықтарды санау арқылы, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап береді. **(математика негіздері, танымдық ойын)**	№37 «Сыңарын тап» Міндеті: 5-ке дейін реттік санауды үйрету. Шарты: Балаларға қолғаптың суреттері таратылады,сол суреттегі нүктелерді санау арқылы екінші қолғаптың сыңарын табу. **Математика негіздері**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №15				
Таңғы ас	Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру: Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	№10 «Ұлттық киімдерді ата» Міндеті: Балаларға ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре білуге тәрбиелеу. Шарты: Әр түрлі ұлттық киімдер көрсетіледі, балалар киімдердің атауларын атау қажет. **(қоршаған ортамен танысу**	«Даусынан таны?» ойыны. Шарты: Үнтаспадағы жануарлардың даусынан не екенін табады. **(қазақ тілі)**	Тіл ұстарту жаттығулары «Кішкентай тілдің саяхаты» Міндеті: артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. **Сөйлеуді дамыту**	Суреттермен жұмыс «Жануарлар» Міндеті: жануарларды танып, аттарын атап айтуды,дыбысын салуды үйрету. **Қоршаған ортамен танысу)**	Дидактикалық ойын: «Бұл қандай құс?» Шарты: Құстардың дауысын үнтаспадан естірту. **(сөйлеуді дамыту)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру(таза ауада)** **Міндеттері:** сызық бойынша жүру кезінде тұрақты тепе-теңдікті және бойын тік ұстауға жаттықтыру, дұрыс жүріс рефлексін қалыптастыру. Футбол добын берілген бағытта домалату білігін бекіту, кеңістікті және қимылын өзі бақылай білу дағдыларын дамыту. Вестибулярлық аппаратты, қимыл үйлесімділігін, дамыту, аяқ бұлшық еттерін күшейту. Батырлыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**	**Дене шынықтыру** **Міндеттері:** секіру мен өрмелеу дағдыларын қалыптастыру. Аяқты ұшымен қою, тізені бүкпей өкшемен жүру жаттығуларын орындау, табандағы бұлшық еттерді нығайту (жалпақтабанның алдын алу). Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу, алға қарай қосалқы адым жасап, бір кермеден екіншісіне өту (3 керме) жаттығуларын орындауды жалғастырамыз. Күшті, епті болуға үйрету,	**Міндеттері**: Көктем туралы білімдерін толықтыра түсу,көктем ерекшеліктерін мерекелерді естеріне түсіре отырып әңгімелету.Ғарыш,ғарышкер туралы түсініктерін жетілдіру;ғарыш әлемі және құпия сырларына деген қызығушылықтарын арттыру;сөздік қорларын, молайту;еске сақтау,ой-өрістерін,зейіндерін дамыту.Балаларды батылдыққа адамгершілікке,ұжыммен	**Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға,зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтуға үйрету. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру.Ойыншықтармен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, заттар шамасы бойынша	**Міндеттері:** Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру. Жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу,заттарды салыстыру.Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.

	Біз бүгін сендермен «Ғарышкерлер даярлау орталығына» барамыз. Ғарышқа ұшпас бұрын ғарышкерлер Жерде көп дайындалады, жаттығады. Тізбекке тұрыңдар. 1-2-3 – орталыққа қарай бұрылыңдар! Ғарышқа ұшуға дайындалыңдар! Негізгі кезең. Доп ұстап жүру: аяқтың ұшымен жүру, допты жоғары көтеріп ұстайды; өкшемен жүру, допты алға қарай созып ұстайды; кәдімгідей адымдап, тізені жоғары көтеріп жүру; жүгіру, допты бастың артына ұстайды; кәдімгі жүріс. Хоп-доптарды пайдаланып, жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Негізгі қимылдарды орындау. 1.Допты алаңның бір жағынан қарама-қарсы жағына аяқпен домалату. Шарты: Ғарышкерлердің бір-бірімен соқтығыспауы керек,өзінің маңайындағы кеңістікті және доптың қозғалысын бақылай білудің маңыздылығына назарларын аударту. 2. Тепе-теңдік: иректеп тасталған жіптің үстімен жүру. Шарты: қолды қапталға созу, бас пен денені тік ұстау, алға қарау, табанды жіптің үстіне қойып жүру. Тыныс алу жаттығулары. Ғарышкерлер қолдарынан ұшып кеткен затты қағып алу. Қозғалыс кезінде допты лақтыру және қағып алу. Допты кез келген бағытта домалату. Вестибулярлық аппаратты жаттықтыру.	зейінін, әрекет ету жылдамдығын дамыту; жинақылыққа, батылдыққа, өз-өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ғарышкер болып ойнау туралы ұсыныс жасау. «Байқоңыр» ғарыш айлағына саяхаттауға шақыру. Бір-бірден сап түзеп жүру. Аяқтың ұшымен жүру және өкшемен жүру жаттығуларын кезекпен орындау – жүгіргенде аяқтың ұшын басады, жүргенде тізесін бүкпей, өкшемен жүреді. Ойын түріндегі жаттығу: «Тоқта!». Жүру, «шашырап» жүгіру. «Тоқта!» деген бұйрық берілгенде – бір орында қозғалмай тұра қалады. Негізгі қимылдарды командалық жарыстар түрінде орындау. 1.Заттардың үстінен қос аяқтап секіру (биіктігі – 10 см). Шарты: қолды алға шығарып, екі аяқпен екпінмен итеріле секіру. 2. Оңға қарай қосалқы адым жасап (3 кермеден) гимнастикалық қабырғаның бір аралығынан екіншісіне өте отырып өрмелейді – «бұлтқа қолын тигізеді». Шарты: гимнастикалық қабырғамен өрмелеген кезде аяқ пен қолды үйлесімді қимылдату (аралықтан-	бірлесіп әрекет жасауға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Көктем айларын білеміз ба? - Осы көктем мезгілінің бірінші айы қалай аталатын еді? - Ал осы наурыз айында қандай мерекелерді тойладық? -Балалар,кәне бәріміз осы көктем ерекшеліктерін есімізге түсіре отырып, әуен арқылы көрсетсек қалай болады? Бұлттар: Жер анаға көмегім Жаңбыр болып төгемін, Төмендеймін,көлбеймін Бөгелмеймін,өрлеймін. Тамшылар: Бұлттар,бұлттар ойнашы Күркіреп,дүркіреп Бұлттар,бұлттар ойнашы Сіркіреп,дүркіреп. Бұлттар: Нөсер,нөсер төк-төк Болсын егін көп-көп Сулар: Сылдыр-сылдыр сылдырлап Су ағады сыңғырлап. Бау-бақшаны аралап Су ағады жағалап. (Тамшылар кетіп,бұлттың арасынан күн шығады). Күн: Құшағын ашып шуақты Күнмін алтын сияқты Кемпірқосақ: Мөлдіреп моншақ шашылды, Аспан шайдай ашылды Көкте,қызыл,жасылды	әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «қошқар мүйіз»,«құс тұмсық» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттардың дағдыларын сақтау. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Әңгіме жүргізу. Балалар,қыс мезгілі аяқталды. Қыс мезгілінен кейін жылдың қай мезгілі болады? Көктем мезгілінде неше ай бар? Көктем мезгілінде қандай мерекелерді тойлаймыз? Балалар, қараңдаршы қандай әдемі, әсем ойыншықтар.	Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы,пішіндегі элементтерімен безендіру,жапсыру дағдыларын қалыптастыру.Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жұмбақ жасыру. 1.Сауықтырар сырқатты, Жылы үнмен тіл қатты. 2.Қалпағы ақ қарасаң, Дәріген емес ол бірақ. Дәм мәзірін қаласаң, Алға ұсынып тұрады ол. 3.Алатаяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді күзеткен, Ысқырығы күшті адам.

	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ғарышкерлер». Бізді зымырандар күтіп тұр. Ғарышқа саяхатқа шығамыз. Ойын шарты мынадай: кешіккендерге орын жоқ. Қорытынды. Жаттығулардың қай түрі ең қиын болғанын және неліктен екенін айтып берулеріне ұсыныс жасау. Релаксация: «Ғарыш» музыкасын тыңдатады. **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша. **Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтуға үйрету.Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге,сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың	аралыққа өту, тепкішектерді ұстау). Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім шапшаң?». Шарты: төрт жетекшіні таңдап алады. Түрлі түсті жұлдызшаларды таратып беріп ойынды бастау. **Қазақ тілі** - Балалар біз бүгін қызықты саяхатқа шығамыз. Айтыңдаршы біз қайда өмір сүреміз? - Біз нені басып жүрміз? - Ал жоғарыда біздің үстімізде не бар? - Балалар, сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме? Сендерге ұнай ма? Маған да ұнайды. Қалай ойлайсыңдар жұлдыз деген не? Олар неменеге ұқсайды? Ал енді солардың арасында ең үлкен жұлдыз бар, ол қалай аталады? Ал ғарышта біз қандай заттарды кездестіруіміз мүмкін? Спутниктер , кометалар, астероидтар мен метеориттер (суреттер көрсетіледі). **(қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** Ал ғарышқа кімдер ұшады? Ең бірінші болып ғарышқа зерттеуге ұшқан ресейлік ғарышкер екен. Ол Ю. Гагарин ,ал әйел адамдардан В. Терешкова, кейін Қазақстаннан да ғарышкерлер ұшты. Олар: Т. Әубәкіров, Т. Мұсабаев.)	Кемпірқосақ асылды. Құстар: Көкке қанат қағамыз, Көктем әнін саламыз. Гүлдер: Бәйшешекпіз құлпырған Көрік берер далаға. Жарайсындар,балалар,міне көктем мезгілі өзінің керемет ерекшеліктерімен қуантады екен.Ал көктемнің осы айы нешінші айы? -Осы ай қалай деп аталады? -Иә,бұл сәуір айында да,бір үлкен мереке бар.Ол-ғарышкерлер мерекесі. **(сөйлеуді дамыту)** Жұмбақ шешу: 1.Ұшады қанатсыз Зырлайды аяқсыз. 2.Ұшқыш емес,бірақ ол Аспанда қалықтап ұшады Оны кім деп ойлайсыңдар? Ғарышкер дегеніміз олар ғарышқа,аспан әлеміне ұшатын адамдар.Аспан әлемінде де, көптеген ғалам бар.Ал біздер жер ғаламында өмір сүреміз. -Балалар,сендер қандай әуе көліктерін білесіңдер? -Иә,ғарышкер ағаларымыз ғарышқа зымыранмен ұшады екен.Оны ғарыш кемесі деп атаймыз.Олар ғарышқа ұшып барып,аспан әлемін зерттейді.Біз бүгін ғарышкер ағалармен,аспан әлемімен танысамыз.Бәріміз тақтаға мұқият қарайық.Мына суреттегі алғаш ғарышқа ұшқан адам,ол Ю.Гагарин деген кісі.Мынау ғарышқа ұшуға дайындалып жатқан	Ал,енді бүгін «Менің сүйікті ойыншығым» туралы әңгімелесетін боламыз. «Сұрақ-жауап» ойыны. Сүйікті ойыншықтарың бар ма? Қандай ойыншықтарың бар? Қандай ойыншықты жақсы көресіңдер? Ойыншықтарды қалай ұстау керек? Балалар, мына үстел үстінде жатқан заттар не? Ойыншықтармен не істейді? Балалар мынау қандай ойыншық? Сөредегі ойыншықтарға назар аудару,салыстыру. Доптың пішіні,түсі қандай? Доптың қимылы қандай? **(математика негіздері)** Қане бәріміз допша секірейікші? Кім доп туралы тақпақ біледі? Қыз балалар көбіне қандай ойыншықпен ойнайды? Ал, мына қуыршақтың көйлегінің түсі қандай? Кім қуыршақтың қалай ұйықтайтынын көрсетеді? Ал, ұлдар көбінесе қандай ойыншықтармен ойнайды? Ал, машинаның түсі қандай? Кім машина туралы тақпақ біледі? Сипаттама беру.	4.Білімнің дәнін береді, Балаға тәлім береді. -Мамандық иелері туралы түсінік беру. «Кір жаю» әдісін қолдана отырып, суреттер көрсету. Ойын: «Кім жоқ?» Шарты: балалар жіпте ілініп тұрған мамандық иелерінің суреттерін анықтап қарайды, содан соң көздерін жұмады. Көздерін ашқаннан кейін суреттердің ішінен жоқ маман иесін тауып айтады. **(сөйлеуді дамыту)** Ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы». Шарты: сюжеттік-рөлдік ойын ретінде балалар рөлге еніп, сол маман иесі болып ойынды ойнайды. **(көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу)** Құрылысшы не тұрғызады? Үйді немен салады? «Қара және салыстыр» ойыны. Шарты: Фланелеграфтағы үйдің суреттерін салыстырады. -Үйлер бірдей ме, жоқ әртүрлі ме? -Бір-біріңе арқаларыңмен тұрыңдар, қайсысың биік, қайсысың аласа екенін көреміз. **(математика негіздері)** Топқа бөлу: Топтық тапсырма беру: 1-топ: Ойын: «Құрастыру»

	көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу,құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Осы көктем мезгілінің 12-сәуірі ғарышкерлер күні деп аталады. -Балалар біздің мына төбемізде әртүрлі планеталар ілулі тұр. Біз оларды ғаламшарлар дейміз.Ғаламшарлар шар, доп сияқты домалақ болады екен. -Балалар, аспан әлемін бақылайтын құрылғыны – телескоп деп атайды. Не деп атаймыз қайталайықшы? Ал сендер қолдарыңа телескопты алып, осы ғаламшарларға қараңдар. Тағы нені көріп тұрсыңдар? -Біз осы ғаламшарлардың ішіндегі мына «Жер» деп аталатын ғаламшарда тұрамыз. -Қайда тұрады екенбіз? -Жерде басқа ғаламшарда жоқ нәрселер бар екен: су топырақ, ауа. -Нелер бар екен? -Сондықтан мұнда адамдар,жан-жануарлар тіршілік етеді. Адамдар басқа ғаламшарда өмір сүруге болама екен деп тексеріп көргісі келді. Ол үшін басқа	Біздің алдымызда аспан әлемі және ғаламшарлар. Оларға жеке тоқталып таныстыру. /Сурет көрсету арқылы/ Меркурий Күнге ең жақын планета - Меркурий (қазақша аты - Болпан немесе Кіші Шолпан). Сондықтан да оны бақылау киын. **(көркем әдебиет)** Ғаламшарлардың біздерге даярлаған құпия тапсырмалары бар. Балалар мына планеталарда тапсырмалар берілген екен. 1-тапсырма: «Қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер?» Шарты: Ақ қағаз бетінің ортасына сопақша, сол жақ бұрышының жоғарғысына үш бұрыш, төменгі бұрышына төртбұрышты орналастыр. Оң жағының жоғарғысына шаршыны, төменгі бұрышына шеңберді орналастыр. **(математика негіздері)** 2- тапсырма: «Жол картасын бейнеле» Шарты: Ағаш, күн,, тас, гүлдер, жол, мектеп, үйлер) т. б. суреттерді үстел үстіндегі жасыл матаға өздерінің орналасу реті бойынша балалар жапсырады. **(жапсыру)** 3-тапсырма: Ғарышкерлер туралы қандай тақпақ білесіңдер? (ауызша тапсырма) 4-тапсырма: «Аспан әлемі»	кезі.Ғарышқа қазақ ғарышкерлері де ұшқан.Мына суретте өзіміздің қазақ ғарышкерлері-Т.Әубәкіров және Т.Мусабаев деген ағаларымыз.Бұл кісілер еліміздің мақтанышгары.Олар ержүрек,батыр,халық қаһармандары.Осы кісілер сияқты білімді,тәртіпті үлкен азамат болуымыз керек.Ал мынау аспан әлемі. Аспан әлемінде көптеген жұлдыздар бар. - Аспанда тағы нелер болады,балалар? Ал мынау ұшуға дайындалып жатқан ғарыш кемесі.Онымен адамдар аспанға ұшып,аспан кеңістігін зерттейді.Мынау Байқоңыр ғарыш айлағы. Ғарышкерлердің бәрі осы жерден ғарышқа ұшады екен.Байқоңыр ғарыш айлағы ол біздің Қазақстанда,оның ішінде Қызылорда облысында орналасқан.Мына суретте ғарыштағы адам,ол үстіне арнайы скафандр киген.Ғарышта ауа жоқ,сондықтан ол жақта тек осындай арнайы киіммен ғана жүруге болады. **(қазақ тілі,қоршаған ортамен танысу)** Балалар,біз ғарышкерлер туралы тақпақ жаттаған едік қой.Кане есімізге түсірейік,кім айтады? Балалардың тақпақтарын тыңдау.	Балалар, ойыншықтар жасалуына байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Жұмбақтар шешу 1.Аяғы бар, жүрмейді, Аузы бар, күлмейді. Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді . (қуыршақ) Дыбыстық жаттығулар: Шық, шық, шық, ойыншық. Шақ, шақ, шақ, қуыршақ. Дидактикалық ойын: «Жалғасын тап» Ойын шарты: Бастаушы бала сөйлемді бастап береді,балалар аяқтайды. Р.Тышқанбаевтың «Қуырш ақ» өлеңін оқып беру. Ойын: «Ғажайып қорапша» (ішінде асық) Ойын шарты; көздеріңді ж ұмып қоржыннан кез - келген ойыншықты аласы ңдар. Алған ойыншықтарыңның атын, түсін, қатты, жұмсақ екенін айтып, жақсы мейірімді тілек білдіресің. Мысалы; мен асықты алдым, асық ойыны ұлттық ойын, асықтың түсі – қызыл, қатты және асықпен қалай ойнау керек екенін көрсеттім. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** Мазмұнды - рольді ойын; «Ойыншықтар дүкен і».Міндеті: Сөйлемді толық құрастыру	Шарты: Аралас суреттердің ішінен кеспе суреттерді құрастырып,оны қағаз бетіне жабыстырып,қандай маман иесі екенін айтып береді. **(құрастыру,жапсыру)** 2-топ: «Сәйкестендіру» әдісі. Шарты: Әр маман иесінің құралдарын тауып сәйкестендіріп,бояйды. **(сурет салу)** -Тақтамен жұмыс. Шаштараз, жүргізуші, дәрігер сөздеріне дыбыстық талдау жасайды. -Жеке жұмыс. Кеспе әріптерден сөз құрайды. (аспаз, ұстаз, тәрбиеші) «Сен өскенде кім болғың келеді?» ойының ойнау. Шарты: Доп лақтыру арқылы әр бала өз ойын айтады. **(қазақ тілі)** Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап» Шарты: Әуен ойналып балалар серуендеп жүреді. Әуен тоқтап, жауын жауған кезде, көп қатарлы үйге қыз балалар, бір қатарлы үйге ұл балалар өз орындарын табады. **(дене шынықтыру)**

	ғаламшарларға ұшып бару керек екен. -Біз аспанға немен ұшамыз? -Балалар біз ұшақпен жете алмаймыз. Сондықтан ғалымдар одан биікке ұшатын ауа көлігі зымыранды ойлап тапты. -Не деп атаймыз? -Балалар, сендер де ғарышқа ұшқыларың келе ме? **(қоршаған ортамен танысу)** Алдымен ғарышқа ұшпас бұрын біз өз-өзімізді ретке келтіріп алайық.Біз жуынайық («Тәтті тосап»), шашымызды тарайық («Тарақ»), шай ішейік («Кесе»), тілімізге жаттығу жасайық («Сағат»). Артикуляциялық жаттығуларды айнамен орындайды.**(** **қазақ тілі)** -Ендеше, біздің тобымызды «Байқоңыр» ғарыш айлағы деп есептеп, ғарышқа ұшайық. Ұшар алдында қауіпсіздік ережелерін сақтайық: Белдеріңді байлаңдар, ғарыш тәртібін сақтаңдар, шуламаңдар. Бірге кері санайық 5,4,3,2,1- ұштық! **(математика негіздері)** -Мінекей келдік. -Балалар, зымырандар жер шарындағы ең үлкен ғарыш айлағы. Біздің Қазақстанда Байқоңыр қаласында орналасқан. Ал,зымыранмен айға ұшқан адамдарды ғарышкерлер дейміз. -Қалай атаймыз? -Ғарышкерлер туралы кім тақпақ біледі? **(көркем әдебиет)** (Буклет көрсету) -Балалар, ғарышқа ең алдымен, адамнан бұрын Лайка, Белка және Стрелка деген 3 ит ұшқан екен. Одан соң ең алғаш Юрий Гагарин	Шарты: Қағаз бетіне аспан әлемін ермексаздан жасап,орналастыру. **(мүсіндеу)** Ойын: «Дыбыстарды тап» Ойын барысы: құлақпен естілетін дыбыстарды анықтау қажет: дабыл, балға, оятқыш, ратчет, қасықтар (ағаш және металл), барабан, ысқырық, металлофон, кесе және қасық, үшбұрыш. Мүмкін болса, аспапты металл ноталарымен атаңыз. **(музыка)**	Жаңылтпаш айту. Ғарышкер ұшты ғарышқа, Ғарышқа ұшты ғарышкер, Айтшы, ғарыш алыс па? **(көркем әдебиет)** Орталықпен жұмыстану: Пішіндерді таңдау арқылы үш топқа бөлінеді. 1. Үшбұрышты таңдаған балалар: Конструкторды пайдалана отырып, зымыранға гегометриялық пішіндерді жапсыра отырып зымыранды құрастырып, әңгімелеп береді. **(математика негіздері,құрастыру,жапсыру)** 2. Төртбұрышты таңдаған балалар: Ойын: «Ғажайып ұшақ» Шарты: Геометриялық пішіндермен ұшақтың суретін салу. **(сурет салу)** 3. Дөңгелекті таңдаған балалар: Ойын: «Ұшақ қандай көлік?» Шарты: Ұшақтың қандай көлікке жататынын әңгімелеп беру,ермексаздан мүсіндеу. **(мүсіндеу)** «Ұшақ» ойыны. «Балалар ұшаққа отырып, ұшып көрейікші. (Бөлмеде баяу әуен ойналады). Алдымен, жылдамдықты алу үшін моторды қосайық! (балалар жұдырықтарын жұмып, екі қолын айналдырады). «Ұштық!» - дегенде екі қолдарын артқа-төмен жіберіп жүгіреді.	ға үйрету,ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын шарты:1- бала – сатушы, 2-бала – кассир, 3-бала –тексеріп, қарап алушы. Дүкенге барғанда тәртіп сақтауымыз керек. «рахмет!»,«қош келдіңіз!» деген сөздерді пайдалану (2 – 3 рет балалардың орындарын ауыстырып ойнату). **(көркем әдебиет)** Шығармашылық жұмыс. Саусақ жаттығуы. 3 топқа бөлу. 1 топ: Ойын: «Менің сүйікті ойыншығым» шарты: Қағаз бетіне домалақ пішіннен доптың суретін салып, ирек сызықпен әшекейлеу. **(сурет салу)** 2 топ: ойын: «Қоян менің сүйікті ойыншығым» Шарты: Домалату,шымшу, жалпайту тәсілдерін қолдана отырып,ермексаздан қоян мен көжектердің мүсінін жасау,салыстыру,әңгімелеу. **(мүсіндеу)** 3 топ: Ойын: «Мұнара құрастыр» Шарты: Конструкторлардан әдемі мұнара құрастыру. **(құрастыру)** «Ойыншықтар» әні **(музыка)** **Дене шынықтыру** **Міндеттері:** допты қос қолдап еденге ұру, допты саусақтарын жазып ұру	

	деген Ресей азаматы ұшты. Ал, Қазақстаннан ғарышқа ең алғаш ұшқан адамдар Тоқтар Әубәкіров және Талғат Мұсабаев. Ал одан кейін ұшқан азаматымыз Айдын Айымбетов ағаларың екен. Ойын: **«Зымыран-Ұшақ»** Міндеті*:* Балалардың есте сақтау, зейіндерін дамыту. Зымыран- қолымызды жоғару көтеріп, ш-ш-ш-ш-ш-ш дыбысын дыбыстаймыз; Ұшақ- қолымызды созамыз, с-с-с-с-с дыбысын дыбыстаймыз. -Балалар, мынау аспан әлемі. Ол қазір бос тұр. Біз оны толықтыруымыз керек. -Біз айға немен ұшқан едік? Топтарға бөлініп,тапсырмаларды орындау. 1 топ: **«Зымыран»** атты ұсақ саусақ моториканы дамытуға арналған ойын. Шарты: Зымыранды таяқшалар арқылы құрастыру.**(құрастыру)** 2 топ: «Кім ұқыпты?» Шарты: Геометриялық бөлшектерден зымыранды құрастырып жапсыру. **(математика негіздері,жапсыру)** 3 топ: «Зымыран» Шарты: Ермексаздан ұшақтың денесін, қанаттарын жасау. **(мүсіндеу)** Сұрақ - жауап әдісі.		Әуен тоқтағанда балалар орындарына келіп жайғасады. **(дене шынықтыру)** **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.	және допты үстіңгі жағынан аздап басуды үйрету. 3 зат арқылы кезекпен секіру қабілетін нығайту, жерден күшпен итеріліп, жерге жартылай бүгілген аяқпен жеңіл түсу қабілетін жетілдіру. Балалардың ой-қиялы мен зейінін; үйлестіру қабілетін, организмнің жалпы төзімділігін, икемділігін дамыту. Қоршаған ортаны аялай білуге тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ескертеді: Балалар, сендер бәрің «Байқоңыр» ғарыш айлағында арнайы дайындықтан өттіңдер. Енді зымырандарға мініп, ғарышқа саяхат жасайық. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім зейінді?». Балалардың зейін қою қабілетін тексеру. «Ғарышкерлер» зымырандағы орындарын есте сақтап қалуы керек. Ойын түріндегі жаттығу: «Зымырандардың ұшуы». Зымырандарды басқару пультін қосу: «1-2-3 – кеттік!» деген белгі береді. Нұсқау: пелагогтің соңынан ұшу қажет. «Музыкалық ғаламшар». Ырғақты гимнастиканы орындау. Ескерту: демді іште ұстауға болмайды. Негізгі қимылдарды орындау. «Секіргіштер» ғаламшары: бұл ғарышта бәрі секіріп жүреді.	

				«Түрлі түсті ғаламшарлар» Бұл ғаламшардың тұрғындары түрлі түсті доптарды өте жақсы көреді. Допты екі қолмен еденге ұру. Қозғалыс техникасын түсіндіру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Алыптар мен ергежейлілер». Қорытынды кезең (Рефлексия). ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды ынталандырады.	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)				
Серуен	**№ 7** **Бұлтты бақылау** Жұмбақтар Ақ мақта, Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар) Көзі жасты –жылжып, келе жатыр бір алып, Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт) Міндеті: Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Балаларға түсінік беру: бұлт өлі табиғатқа жатады, бұл аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** Қимылды ойын: **«Кең қадам»** Міндеті: Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).	**№ 14** **Аулада тазартушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының еңбегін бақылау. Еңбек қимылын көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сыпыру). Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу,көмектесуге ынталандыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Еңбек сүйсең, жасыңнан, Бақыттысын, жас ұлан – Дейді атам ылғи да, Сипап менің басымнан. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір»** **Міндеті:** Балаларды белгі бойынша үйрету, «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтау.	**№ 13** **Шалшық суды бақылау** Көркем сөз Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға бетіңді жу. Тазалықтың досы, Су дегенім осы. **Міндеті:** Балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың тез сіңіп, ал күзде, салқын түскенде ақырын сіңіп кететініне мән бергізу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Тәжірибе.** Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру. **Міндеті: К**ейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбірулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау.	**№ 3** **Күннің шұғыласын бақылау** ***Міндеті:*** Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ шешу** Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күнніңкөзі) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны)** **Міндеті:** Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай,кедергі келтірмей жүгіруге үйрету.	**№ 19** **Құстарды бақылау. (торғайларды,көгершіндерді, сары шымшықтарды)** Жұмбақ Көктемде ұшып келеді, Жаздай концерт береді. (Бұлбұл) **Міндеті:** Қыстайтын құстарды ажыратуға (үлкендігі, түсі, дауысы бойынша); суық күндері және жылы күндері олар өзін-өзі қалай ұстайтынын, бақылауға үйрету. Құстар ағаштардың және бұталардың тұқымдары мен жемістерімен, жәндіктердің дернәсілдерімен қоректенетіні туралы түсінігін кенейту; құстарға қыс мезгілінде адам көмегі қажет екенін

	бояуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар күтім жасауға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жұмбақ жасыру: Жолбарысқа ұқсайды, Тек тышқанды ұстайды. Балаларға бүгін ертегі тыңдайтынын, ертегі аң патшасы арыстанның күшігі мен өздері жақсы білетін мысық туралы екенін айтып, арыстан күшігі мен мысықтың қандай жануарлар екендігі жайлы әңгімелесу. Ертегі оқылады: «Арыстан күшігін асыраған Мысық» Көрнекі сурет арқылы дамытушы сұрақтар: – Мысық ненің күшігін кездестірді? – Арыстан күшігінің анасы жоқ болғандықтан, Мысық оған қандай көмек көрсетеді? – Арыстан күшігі үлкен болып өскеннен кейін қандай іс-әрекетін, мінезін көрсетеді.	– қолды әртүрлі қалыпта ұстайды – жоғары көтереді, алға созады. Ойын түріндегі жаттығу: «Шабандоздар» – қолдың қалпын өзгерту, шынтағын жазу. Негізгі қимылдарды шағын топтарға бөлініп, қыздар бөлек, ұлдар бөлек орындайды. Көлденең нысанаға көздеп лақтыру (шеңберлер лақтыру сызығынан 2,5 метр қашықтықта орналасқан). Затты лақтыратын оң (сол) қол мен оң (сол) аяқты алға қойып, лақтыру күшін әртараптандыру қабілетіне назар аударады. Секіртпемен секіру. Секіртпені айналдыру және секіртпенің үстімен ақырын секіру қимылдарын үйлестіре орындау қабілетіне назар аударады. Қорытынды. Қозғалды ойын: «Кетті, кетті орамал». Ойын тәртібін естеріне салу. Жетекші рөлін атқару. **Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Көліктер»** **Міндеттері:** Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. Геометриялық пішіндерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау	Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту,қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) ұғымдарын кеңейту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Бақшамызда күні бойы қызыққа батамыз да қаламыз» деген өлең жолын бірге айтайықшы. Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамызда қаламыз! **(көркем әдебиет)** Ендеше сендерге балабақша ұнайды ма? «Сұрақ – жауап» ойыны. Балабақша несімен ұнайды? Балабақшамыз қалай аталады? Кім қабырғадағы суреттер ішінен балабақшамыздың суретін тауып бере алады. Тобымыз қалай аталады? Қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде неше ай бар? Көктемде табиғат қалай өзгереді? Балалар, көктемде күн жылынып, табиғат әдемі, әсем болып өзгереді екен. Қыс бойы ұйқыда жатқан жануарлар да ұйқысынан	ойдан құрастыруға баулу. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шығармашылық қиялды дамыту.Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту,суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Тосын сәт: Гүлдер Ханшайымы: Сәлеметсіндер ме, балалар! Мен «Гүлдер әлемінен» келдім. Бізде қиын жағдай болып жатыр: бөлме гүлдері ауырып қалды, оларға көмек керек. Мен білем сендер жасыл елдің достарысыңдар, гүлдерді емдей аласыңдар. «Гүлдер еліне» тез бару үшін менде сиқырлы ұшатын кілем бар. Балалар келіңдер ұшатын кілемге отырамыз.Ұшпас бұрын тілімізге жаттығу	үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуді бекіту. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.оршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Сурет арқылы табиғат аясында өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру. 1. Орман, тоғай ішінде қатты айғайлауға, шулауға болмайды. Аңдар мен құстарды үркітіп аламыз. 2. Бұта мен ағаш бұтақтарын сындыруға болмайды. 3. Гүлдерді жұлуға болмайды. Қызыл, жасыл гүлдерге сүйсіне қарау керек. 4. Алау жағуға болмайды. Өрт шығу қаупі бар. 5. Балық аулап, оны үйге алып қайтуға болмайды, сонымен қатар, көбелек, құс олардың балапандарын аулауға болмайды. Жануарлардың балаларына тиісуге болмайды. Олар қорғансыз екенін естен шығармауға болмайды. 6. Орман, тоғай ішінде қоқыстарды тастама.

	– Оны біліп қойған Мысық не істейді? – Сол кезде Арыстан Мысыққа не дейді? – Сонда Мысық не деп жауап береді? Жақсылықты жақсылықпен қайтару керектігін балалар санасына құю. – Арыстанның жасаған іс-әрекеті дұрыс деп ойлайсыңдар ма? Сендер Арыстан күшігінің орнына болғанда не істеуші едіңдер? Арыстан мен мысықтың қандай дауыс шығаратынын сұрай отырып, мысық туралы сергіту жаттығуын жасату. **(сөйлеуді дамыту)** Арыстан өзінің жақсылық жасамай,мысыққа қиянат жасағысы келгені үшін қысылып,мысықтан кешірім сұрайды.Ал,енді балалар арыстан орманға оралғысы келіп,сендерден көмек сұрап тұр,көмектесеміз бе? Ол сендерден жолдың оң жағы мен сол жағында кездесетін заттардың атын атап шығуға көмектесулеріңді сұрайды. Педагог балаларға Арыстанның оң жағындағы заттарды бояуды тапсырады. Содан кейін олардан нені боғандарын сұрайды. Нақтылайды: -Оң жақта қандай аңдардың суреттері бар екен,ал сол жағында ше? – Қоянды қандай түспен боядыңдар? Неліктен?	(ұзындау-қысқалау, жоғары-төмен,ұзындығы, ені, биіктігі). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Аспаптарда ойнауға баулу.Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Сұрақ-жауап әдісі. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде неше ай бар? Балалар маған сол үш айдың аттарын кім айтып береді? Көктем мезгілінде ауа- райы қандай болады? Балалар бір аптада неше күн бар? Апта күндерін кім айтып береді? Мен сендерге жұмбақ жасырамын. Кеудесінде жаны жоқ, Тамырында қаны жоқ, Май жейді, Су ішеді.	оянады. Көктем мезгілі керемет мезгіл екен. Балалар бұл ненің дыбысы болды екен? Ендеше араға көмек керек шығар. Қанекей мына едендегі көңілді суреттер арқылы секіріп барайықшы. (балалар еден суреттері арқылы бір аяқпен, қос аяқпен секіріп, топқа кіреді) **(сөйлеуді дамыту)** Қуыршақ театры. Ара. Ара: Сәлеметсіздерме балалар! (көңілсіз күйде сөйлейді) Ара сен неге көңілсізсің? Ара: Көңілсіз болмай қайтейін. Көктем болса келді. Күн жылынды. Ал менің достарым әлі ұйықтап жатыр. Достарым ұйқыдан ояну үшін бірнеше тапсырмаларды орындауым керек екен.**(көркем әдебиет)** Балалар көмек береміз бе араға? Балалар бірінші тапсырма алаңқайда өсіп тұрған гүлдерді дұрыстап құрастыру керек екен. Алдымен қандай гүлдер өседі екен, анықтап алайықшы балалар. Бәйшешек - ақ түсті, қызғалдақ - қызыл түсті, бақбақ - сары түсті. Балалар бұл гүлдер қай мезгілде өседі? Сендер тапсырманы өте жақсы орындадыңдар. **(құрастыру)** Араның қай досы ұйқыдан оянар екен, көрейікші. Тосын сый.	жасап алайық,ал енді қолымызды ішімізге қойып,көзімізді жұмамыз,кеттік. **(сөйлеуді дамыту)** Біз мұхиттың, таулардан, ормандардың,өзендердің үстінен ұшып келе жатырмыз. Міне, балалар гүлдер еліне де жеттік. Көзімізді ашамыз.Міне, менің «Гүлдер елім» Гүлдер тірі табиғатқа жататынын естеріне салу. Балалар қарандаршы, гүлдер көңілсіз, түстері солып, мұнайып тұр. Гүлдер ауырып қалыпты, оларға тек біз ғана көмек бере аламыз. Балалар,гүлдер маған сыбырлап тұр. -Мен аспидистра. Әр өсімдіктің медициналық карточкасы бар. Онда гүлге қандай күтім керек екені көрсетілген. Балалар мына карточкада не көріп тұрсыңдар. Гүлге не керек? -Құлбырдың ішіндегі жерін байқап көрейік. -Топырақ қандай? -Балалар, ал мына гүл маған не деп сыбырлап жатыр,тыңдайыншы. -Мен драценамын. Кәне бәріміз қайталайық Даниал карточканы алып ,бұл гүлге қандай көмек керек екенін айтып берші? Драценаның жапырағын сүрту керек,себебі өсімдіктер жапырақ арқылы	Жануарлар темір банкі, сынған құмыраларды басып, аяқтарын жарақаттайды. 7. Жәндіктерді аяғыңмен басып жаншыма, таптама. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Педагог жұмсақ ойыншық мысықты алып келеді. - Балалар, қараңдаршы, Айарудың мысығы бізге қонаққа келді. Мысық бүгін көңілсіз. Мысықты сипап, еркелетіп, мейірімді сөздер айтайық. 1-тапсырма. «Мияу-мияу!» дегенді түрлі екпінде айт (ақырын, қатты, сыбырлап). Мысық сияқты еркелеп, оның қимыл-әрекеттерін жаса. Ойын: «Мысықтар ұйқыдан оянды». Балалар көздерін жұмып, қолдарын тізесіне қойып отырады. - Енді мысық сияқты ақырын керілеміз, одан кейін көзімізді уқалап, сілкінеміз. Осы қимылды бірнеше рет қайталайды. **(сөйлеуді дамыту)** Ойын: «Мысықтар ойнайды». Ойын шарты: Балалар шеңбер бойымен тұрады. Бір бала мысық болып, шеңбердің сыртында тышқан аңдып жүреді. Тышқандар шеңбер бойымен жүріп әндетеді. **(дене шынықтыру,музыка)** 2-тапсырма. Артикуляциялық

	(математика негіздері,сурет салу) Топқа бөлу. 1 топ: Жабайы аңдар мен үй жануарларының суретін қағаз бетіне орналастыру. **(жапсыру)** 2 топ: Жабайы аңдар мен үй жануарларының азығын мүсіндеу арқылы үй жануарларының күтімі туралы әңгімелеп беру. **(мүсіндеу)** Ойын: «Бұл қандай ертегі?» Шарты: құрастыру арқылы қандай ертегі кейіпкерінің шыққанын атау. **(құрастыру)** **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Сиқырлы қалпақтар»** **Міндеттері:** қолды екпінмен жазып, допты тік нысанаға көздеп лақтыру қабілетін жетілдіру, тоқтамай көздеуге және лақтыруға үйрету. Арқаға жүк салып төрт аяқтап еңбектегенде үйлесімді қозғалу қабілетін жетілдіру жалғастырамыз. Құбылмалы жағдайларда өзінің қозғалыс тәжірибесін дұрыс пайдалана білу қабілетін нығайтуды, батылдыққа, табандылыққа тәрбиелеуді жалғастырамыз. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Шеңбердегі би». – Балалар, музыка біткен кезде таңғажайып сиқырлы оқиға болады және сендер соның көмегімен сиқыршыға	- Иә, балалар жауабы көлік, балалар кімнің үйінде көлік бар, ол көлікті кім айдайды? Машина жүргізетін адамды кім деп атауға болады? Пойызды жүргізетін адамды кім деп айтамыз? Ұшақты кім басқарады? Алыс жолға,саяхатқа шыққанда қандай көліктермен жүреміз? Балабақшаға трамваймен келуге бола ма? Ал ұшақпен ше? **(сөйлеуді дамыту)** Тыныштық сәті: баяу музыка әуенімен балалар көз дерін жұмып, көз алдарына саяхатқа қалай шығатындарын елестетеді. Қоғамдық көлікке отырғанда мінез-құлық туралы ережені ескерту. Жеңіл көлікпен аялдамаға жетеді. Аялдамадан автобусқа мінеді.Вокзалдан пойызға міниып, портқа жетеді. Кememен жүзіп отырып, әуежайға,әуежайда ұшаққа отырып демалатын жерге де жетеміз. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Көзімізді ашамыз. Қандай сезімде болдыңдар? М.Әлімбаевтің «Троллейбус» өлеңімен таныстыру. Троллейбусқа міниып көрдіңдер ме? **(қазақ тілі)** Белгі бойынша балалар орталықтарға бөлініп отырады.	Ой балалар. Мына әдемі қорапты қараңдаршы. Ішінде не бар екен, байқап көрейікші. Балалар бұл не? Көбелек жәндік пе, әлде жануар ма? Бұл, жәндіктердің қанаттары нешеу? Көздері, мұртшалары нешеу? Балалар, мен сіздерге неше санын көрсетсем, сіздер алдарыңыздағы сонша көбелектерді жинайсыңдар. Жәндіктерді санына қарай топтастыру. Балалар, қане бәріміз бірге санамақ айтайық. Санамақ. Жіңішке жалғыз таяқша «1» саны – ол, айырықша Міне, «2» саны тұр, Қараңдаршы, неткен түр! Мойнын алға иеді, Құйрығы еріп жүреді. Екіліктен кейін, қараңдар, «3»саны шықты, жарандар Үшінші орын - тұрағы, Үш ілмекті қосып тұрады. **(математика негіздері)** Көбелектерді түсіне сәйкес гүлге орналастырайық. Енді аранның қай досының ұйқысынан оянуына көмектестік екен,тағы да достарын іздеп көрейік? Балалар қараңдаршы үстелдің үстіндегі ыдыста не бар екен? Ендеше құм арасынан іздеп көрейікші аранның қай досы бар екен? Балалар құм арасынан нелерді таптық? Құмырсқа ол не? Балалар құмырсқалар құмнан илеу жасап, илеулерінде	дем алады. Тамаша,жарайсыңдар! Ал,мына гүл қалай аталады? Қазтамақ гүлінің карточкасында ненің суреті салынған? Қазтамаққа қандай көмек керек? Қазтамақ гүлінің жапырағы түкті болады,сондықтанда оны сүртуге болмайды. -Мынау гүлге қандай көмек пен күтім керек екендігін көрейік?(карточкада қопсытқыш суреті салынған) Бұл фикус гүлі деп аталады. Не үшін жерін қопсытамыз? Балалар, еңбек туралы кім мақал- мәтел біледі? Қараңдаршы, менің гүлдерім құлпырып,жайнап кетті.сендерге менің гүлдерім көп-көп рахмет айтып жатыр. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Тәрбиеші: балалар көңіл күйімізді көтерейік музыка әуенімен гүлдермен бірге «Гүл жатгығуын» жасайық. **(музыка)** Гүлдерге өсу үшін не қажет? Гүл неден тұрады? Жеке-жеке әңгімеге тарту. Балалар сендер нағыз жасыл елдің достары екенсіңдер. **(қазақ тілі)** «Гүлдер елінен» өздеріңмен бірге естелік алып кетуді ұсынамын.Ол үшін бәріміз	жаттығуды жаса. Мысық сүт ішеді. Мысықтың сүтті тілімен қалай жалап ішетінін көрсет. Тілін шығарып, астыңғы және үстіңгі ернін жалайды. Мысық ренжулі. Екі ұртты да томпитып, алдымен біреуін, кейін екіншісін саусақпен басып, ауыздағы желді шығару. **(қазақ тілі)** 3-тапсырма: «Геометриялық пішіндер және денелер» Пішіндерден жануарлардың бейнесін құрастыру. **(математика негіздері,құрастыру)** - Балалар, бүгін біз «Мысық неге тамақ ішкен соң жуынады?» ертегісін сахналайық. - Ертегі сендерге ұнады ма? - Торғай мысықты қалай алдады? **(көркем әдебиет)**

	айналасыңдар. Қақпақшаларға тиіп кетпей шеңбермен жүру. «Тез ал – тез көтер!» нұсқауы бойынша қалпақшалардың жанына тоқтайды, жоғары көтереді. Қалпақшаларды еденге қояды. «1, 2, 3 – ал!» ойын жаттығуы. Тәрбиеленушілер шеңбер жасап тұрады, артқы жақтарына қалпақшаларды қояды. «1, 2, 3 – ал!» нұсқауы бойынша – қалпақшаны тез алады және жоғары көтереді. Негізгі іс-қимылдарды орындайды. Педагог жарыс үшін қалпақшаларды бір қатарға қоюды ұсынады. Балалар қозғалыстың басына – белгіленген сызыққа жақындайды. Жеке-дара тәртіппен қалпақшаларды айналып өтеді және өз тізбегінің соңына барып тұрады. Жеңіл, ырғақпен, қалпақшаларға тиіп кетпей жүгіруге тырысады. Қолға арналған массаж Массаж жасайды. • Басбармақпен және сұқ саусақпен уқалайды: әр саусақты тырнақтан бастап уқалайды. • Алақанның сыртқы жағын уқалайды. Қолды жуып жатқандай қимылдар жасайды. • Екі қолдың саусақтарын созып, оларды бір-біріне үйкелейді. Алақандарын бір-біріне қарсы бағытқа қаратып ұстайды. • Қосылған саусақтарын «құлыптайды», кеуде тұсына	1.Үлгі суретке қарап,көлік түрлерін жинақтайды.**(құрастыру)** 2.Өнер орталығында-балалар түрлі-түсті бояулармен безендіріп өздеріне ұнаған көліктеріні ң суреттерін салады. **(сурет салу)** 3.Геометриялық пішіндерден машина жапсырып, түстерін және пішіндерін атайды. **(математика негіздері,жапсыру)** Еркін ойын: «Мамандықтар» Шарты: Өз қалааулары бойынша жүргізушілердің рөліне еніп ойнау. **(көркем әдебиет)**	мекендейді. Қане құмды үйіп, құмырсқаларға илеу жасайықшы. Балаларға «илеу» сөзін қайталату. **(қоршаған ортамен таныстыру,қазақ тілі)** Ойын «Құмырсқалар достығы». Ойын шарты: ортаға 4-5 шығыршықтар қойылады. Балалар құмырсқалар болып, музыка ырғағымен билейді. Музыка тоқтағанда шығыршыққа сыйғандарынша кіреді. Қай шығыршыққа жиналған балалар, бір – бірін итермей, достықпен сыйысып тұра алады, сол топ «жақсы достар» екендігі анықталады**.(дене шынықтыру)** -Балалар бүгін сендер тапсырмаларды жақсы орындап, араға достарының ұйқыларынан оянуына көмектестіңдер, ендеше осы жәндіктерге тағы бір көмек керек екен. Ол үшін, өздерің мына жерден жәндіктер суретін таңдап алып, таңдаған жәндіктеріңе сәйкес келетін орындарға отырыңдар. Топпен жұмыс. Шығармашылық тапсырмаларды орындау. Саусақ жаттығуы. 1 – топ. Араның досы көбелекке көмектесейік. Шарты: Гүлдердің суретінің түстеріне сәйкес ермексаздан дөңгелектер жасау. **(мүсіндеу)**	топқа бөлініп жұмыстанатын боламыз. 1 топ: «Гүлді жауабы бойынша боя» Шарты: Мысалдарды шығару арқылы түстеріне сәйкес бояу.**(математика негіздері,сурет салу)** 2 топ: «Гүл құрастыру» Шарты: Гүлдің күлтешелерін құрастырып,жапсыру. **(құрастыру,жапсыру)** 3 топ: «Түрлі-түсті гүлдерді мүсіндеу» Шарты: Ермексаздан өздеріне ұнаған гүлдерін мүсіндеу.**(мүсіндеу)** Гүлдерің,қандай,тамаша! Гүлімізді қалай атаймыз? Балалар балабақшаға қайтатын уақыт келді. Гүлдер Ханшайымымен қоштасайық. Гүлдер Ханшайымы:Балалар, гүлдеріме көмек берген үшін сендерге көп рахмет.Сау болыңыздар. Тәрбиеші:иқырлы кілемімізге отырайық. Балалар біз балабақшаға келдік,гүлімізден көрме жасайық. -Біз бүгін қайда бардық? -Қандай гүлдермен таныстық? -Оларға қандай көмек көрсеттік? **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Түрлі түсті секіртпелер»** **Міндеттері:** секіртпені қолдың басымен және білекпен айналдыруға,	

	апарады. Саусақтарын жоғары қарай созады және қимылдатады. Қорытынды кезең. («Қысқыр», «Кірпі») Жаттығу: «Ым-ишарамен көрсет»		2-топ. Құмырсқаларға илеу жасауға көмектес. Шарты: қарақұмық дәндерінен илеу жасау. Пва желімімен дәндерді жапсыру. **(жапсыру)** 3- топ. Араны әсемдейік. Шарты: Араның суретін бояу.**(сурет салу)** Ара: Балалар сендерге көп алғыс айтамыз. Достарым да қуанып қалды. Сау болыңдар! Қорытынды. Балаларға сұрақтар беру. -Балалар бүгін біз қандай жәндікке көмектестік? -Араның қандай достары ұйқыларынан оянды? -Қандай тапсырмалар орындадық? Балалар сендер қайырымды іс жасап, жәндіктерге көмектестіңдер. Жәндіктерде табиғаттың бір бөлшегі. Жәндіктерді қорғау керек. Көбелектерді аулауға, құмырсқаларды өлтіруге, илеулерін бұзуға болмайды. Араға тиісуге болмайды. Жәндіктер – біздің досымыз! **Музыка** - пән жетекшісінің жоспары бойынша.	денені тік ұстап, аяқтың ұшымен секіруге, айналып тұрған секіртпемен үйлесімді секіруге үйрету. Жұптасып жүргенде адым қарқыны мен ырғағының үйлесімді болуын қамтамасыз етуге, қозғалыс бағытын сақтауға, жүру мен жүгіруді кезектестіре білуге баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Өз түсіңді тап!», екі-екіден жұптасып сапқа тұру. Жұптасып сапта жүру және жүгіру: өз адымдарын қасындағы құрбысымен үйлесімді етіп жасау. Оңға және солға қарай қосалқы адым жасап, сапты тарқату. Екі-екіден сапқа тұрып, орамалдармен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Балалардың денені тік ұстауына назар аударады. Негізгі қимылдарды орындау: 2 бөренені залдың бір жақ шетіне қояды. Көлденең бөрене бойымен жүру (қосалқы адым жасап қапталмен жүру). Нұсқаулар: денені және басты тік ұстау қажет. Секіртпемен секіру. Жаттығулардың орындалу тәртібін түсіндіру. Секіртпені қолдың басымен және білекпен айналдыруына назар аударады.	

				Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тоннельге еңбектеп кір» Ойынның тәртібін түсіндіру. ҰОҚ-ны қорытындылайды, балаларды ынталандырады. Ойын түріндегі жаттығу: «Көпіршіктер». Сабынды көпіршіктерді үрлегендей қимылдар жасайды.	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)				
Серуен	**№ 3** **Күннің шұғыласын бақылау** ***Міндеті:*** Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру** Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күнннің көзі) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны)** **Міндеті:** Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай,кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** **Жолдарды қардан тазарту** **Міндеті:** Берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауға үйрету. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға баулу.	**№ 14** **Аулада тазартушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының еңбегін бақылау. Еңбек қимылын көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сыпыру). Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу,көмектесуге ынталандыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Еңбек сүйсең, жасыңнан, Бақыттысын, жас ұлан – Дейді атам ылғи да, Сипап менің басымнан. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір»** **Міндеті:** Балаларды белгі бойынша үйрету, «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтау. Балалардың кеңістікте бағыт-бағдарын тездетуге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру**	**№ 19** **Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша)** **Тақпақ оқу,жаттау** Алма ағаштың құшағы – Қанат жайған бұтағы. Жапырағы жүрегі, Бұтақтары білегі. **Коммуникативтік дағды** **Міндеті:** Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Жіпті көтеру»** **Міндеті:** Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып	**№ 3** **Күннің шұғыласын бақылау** ***Міндеті:*** Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ шешу** Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күнннің көзі) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны)** **Міндеті:** Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай,кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** **Жолдарды қардан тазарту**	**№ 21** **Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау** **Міндеті:** Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Көптерді қуып жет»** **Міндеті:** Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек сүйгіштікке баулу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Құстарды тамақтандыр** **Міндеті:** Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі

	Танымдық іс – әрекет дағдылары	**Еңбек: Аулада үлкендерге көмек беру.** **Міндеті:** Еңбектің маңыздылығын білу. Ойын барысында мадақтау, шапшаңдығын дамыту. Татулық қарым - қатынасқа тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	мәре жеріне келіп, бірінші болып жіпті тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы менептілігін дамыту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:Табиғат бұрышындағы жұмыс** **Міндеті:** Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Міндеті:** Берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауға үйрету. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу. **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Ұшып, қонып жүр торғай, Жем іздейді. Серігіне табасын жегізбейді, Құттай дәнді қиядан көзі шалып, Байғұс сірә көрмейді өгіздерді. **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)				
Түскі ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақтану тәртібін сақтаудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. (Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени-гигеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар. (2-3 минут) Төсекте жатқан орнында көрпені аяғымен серпіп тастап оңға, солға домалау. Отырған жерде көзімізді ашып – жұмып көзімізге жаттығулар жасау. 2. Арқаға арналған « Ауа-райы» жаттығулары: Балалар бірінің артынан бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына массаж жасайды. 3. Нүктелі массаж: Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары-төмен уқалаймыз. 4. Түшкіріп тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз. 5. Құлағымыз ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз. **(Сауықтыру-шынықтыру шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру)**				
Бесін ас	**Гигиеналық шараларды орындау** Ас алдында қолды сабынмен жуу,қол орамалды қолдануын пысықтау. **Мәдени-гигиеналық дағдылары** Ұқыпты тамақтану дағдыларын,ас құралдарын қолдануды жетілдіру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Арыстан күшігін асыраған Мысық» ертегісін сахналау. **(көркем әдебиет)**	Суретпен жұмыс. Көлік жүргізетін адамды кім деп атаймыз? Көліктер немен жүреді? Көлік дөңгелектері қандай болады? Дөңгелектер не үшін керек? Ойын: «Кім шапшаң?»	**В/к: «Таза болса табиғат аман болар адамзат»** **Тақырыбы: «Дәу мен көгілдір көл»** **Міндеті:** Ертегі сюжеті арқылы жақсы мен жаман әдетті түсіндіру. Көл мен көл жанындағы тіршілік туралы үйрету.	«Өсімдіктер мен кемпірқосақ» ертегісін оқу,талдау. **(көркем әдебиет)**	«Табиғат аясында» тақырыбында композиция құрастыру. **(сурет салу,жапсыру,мүсіндеу)**

		Шарты: Балаларды жарыстыра отырып,көліктердің бөліктерін мүсіндеу. Саусақ жаттығуы. **(мүсіндеу)** Аспаптарда ойнау. Шарты: Музыкалық аспаптарда ойнау. **(музыка)**	Жаңашырлық сезімін тәрбиелеу. **Барысы:** Табиғат дегеніміз не? Табиғатқа нелер жатады? «Табиғат тіршілігі» дегеніміз не? «Жер, су, ауа» ойыны. Шарты: Допты ұстаған бала «ауа» сөзін атайды, құстың атын айту керек. «Жер» сөзіне - жерде тіршілі сөзіне - өзендердің, теңіздердің, көлдердің және мұхиттардың тұрғыны. «Күн мен түн» ойыны. Шарты: Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма - кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді. «Дәу мен көгілдір көл» ертегісін қуыршақтар арқылы сахналап көрсету. Ертегі жайлы сұрақтар қою. **Суретпен жұмыс:** **«Тыйым сөздер»** **Қорытынды.** **Ойын: «Үшты-ұшты»**		

			Шарты: Ұшатын зат немесе құс, жәндік айтылса қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтвн құс немесе зат,жәндік айтылса тырт етпей отырады. Қателескен бала айып тартып,тақпақ айтады, не ән салады.		
Балалармен жеке жұмыс	**Әділбек Асылыммен жеке жұмыс** Жеке заттарды және сюжеттік композицияларды сала алады. **Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы**	**Амирали Айсұлтанмен жеке жұмыс** Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап береді.**Коммуникативтік дағды**	**Алибекқызы Мединамен жеке жұмыс** Геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді көру және сипап сезу арқылы зерттейді, оларды ажыратады және атай алады. **Танымдық және зияткерлік дағдылары**	**Есен Айзеремен жеке жұмыс** қимылды ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетеді:және спорттық ойындардың ережелерін сақтай алады. **Физикалық қасиеттері**	**Өтеубай Аққүміспен жеке жұмыс** Ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната алады, қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтайды.**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	**№ 3**	**№ 14**	**№ 19**	**№ 3**	**№ 21**
Балалардың үйге қайтуы	Ата – аналармен балалардың бүгінгі өткен ұйымдастырылған іс әрекетінен алған әсерлерімен бөлісу.	«Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?» тақырыбында әңгімелесу.	Ата-аналарға қазақ халық ертегілерін оқып берулеріне ұсыныс білдіру.	Көктем мезгілігің ерекшеліктері туралы ата-аналарға балалармен әңгімелесуді ұсыну.	Ата-аналардан демалыс мезгілінде күн тәртібін сақтауын талап ету..

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мектепке дейінгі ұйым «Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы
Тобы «Гүлдер-ай» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 20.05- 24.05. 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 20.05.2024	Сейсенбі 21.05.2024	Сәрсенбі 22.05.2024	Бейсенбі 23.05.2024	Жұма 24.05.2024
Балаларды қабылдау	«Күннің сәулесі шықты» Міндеті: Күн туралы түсінігін кеңейту, «Ыстық», «Терледім», «Көлеңкеге тығылайық» сөздерінің мағынасына қарай қимыл жасауға үйрету. **Қоршаған ортамен танысу**	Балаларды жақсы көңіл - күймен қарсы алу. Әуенді ойын: «Көңіл күй» Міндеті: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. **Музыка**	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалармен әңгіме жүргізу. **Қазақ тілі**	Смайлик арқылы қарсы алу. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Топқа лабиринт жолымен жүріп, дұрыс жолды тауып, өтуін тапсыру. **(сөйлеуді дамыту)**	Достық тілегімен қарсы алу. «Достық туралы не біледі? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың мінезі құлқындағы өзгерістер туралы анықтамалық ақпарат беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** «Балаңыздың қандай ерекше қасиеті барын білесіз бе?»	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың мінезі құлқындағы өзгерістер туралы анықтамалық ақпарат беру.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сурет бойынша әңгіме құрастыру: -Жылдың қай мезгілі? Ай аттарын ата? -Қазір қай ай? -Бір аптада неше күн бар? -Аптаның қай күні? **Сөйлеуді дамыту**	«Не жетіспейді?» ойыны Міндеті: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері (таңертең күннің ызғары, күндіз жылынуы т.б.) мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын үйрету. **(математика негіздері-танымдық дағдысы)**	Ойын жаттығуы: «Дұрыс - бұрыс» Шарты: Тәрбиеші сөйлемдер айтады.Балалар дұрыс болса «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді. **Сөйлеуді дамыту**	Ойын: «Сиқырлы қапшық» Шарты: қапшықтан шыққан құстың атын атау,дауысын салу. **(қоршаған ортамен танысу)**	Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару. **(қоршаған ортамен танысу)**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №18				
Таңғы ас	Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру: Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар гүлге өздерінің тілектерін айтады: -Гүл, сен әдмісің. -Гүліміз жайқала берсін. -Гүлдерді баптап өсірейік.	№17 «Кімге не керек» Міндеті: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Жақсы -жаман» Көліктің болғаны жақсы ма? Неге жақсы деп	Сергіту сәті. Шыр,шыр еткен торғайды, Қорғамасақ болмайды. Кіп кішкентай торғайлар, Бақшамызды қорғайды.	«Саусақ ойыны» Тырс –тырс тамады, Жаңбыр көп жауады. Тамшылар тамады, Тырс тырс тырс тырс,

	-Гүл бізге әсемдік сыйлайды, т.с.с. **Қазақ тілі**	Шарты: Мамандық иелерінің құралын табу. **Сөйлеуді дамыту**	ойлайсыңдар? Жаман жағы бар ма? **Қоршаған ортамен танысу**	Тас пен атып торғайды, Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. **(физикалық қасиетін жетілдіру)**	Терезе қағады. Жылғалар ағады, Тырс – тырс, тырс, Жаңартып ауаны, Жаңбыр көп жауады. **(қазақ тілі)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру т/а** **Тақырыбы: «Қазақтың қимыл-қозғалыс ойындары»** **Міндеттері:** оңға, солға бұрылу, өз төңірегінде айналу кезінде бір уақытта қос аяқпен жерден екпінмен итерілу қабілетін нығайтуды жалғастырамыз. Жүрген кезде қолды әртүрлі қалыпта ұстауға үйрету, зейіні мен үйлестіру қабілетін дамыту. Жүгіру бағытын өзгерту қабілетін жетілдіруді әрі қарай жалғастырамыз. **Ұйымдастырылған іс-әрекеті:** Ойын түріндегі жаттығу: «Мен сияқты жаса!» – қолды әртүрлі қалыпта ұстап түзету жаттығуларын орындау. Бір орында оңға, солға қарай бұрылып, өзін айналып секіру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Арқан тартыс» «Үршық» Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойын түріндегі жаттығу: «Дұрыс көрсет», жүргізуші рөлін орындау: «Көңіл күйің қандай?», «Көңіл күйлерің қалай?» Бір-біріне қайырымды, тату болу керектігін балалардың есіне салады. **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Көңілді доп» **Міндеттері:** қолды екпінмен жазып, допты көлденең нысанаға көздеп лақтыруға үйрету, допты лақтыратын қол жанындағы аяқты ақырын алға қою қабілетін жетілдіру. Алақан мен тізені тіреп еңбектеу, өз қимылдарын қадағалау, арқаны тік ұстау қабілетін нығайту. Құбылмалы жағдайларда өзінің қозғалыс тәжірибесін дұрыс пайдалана білу қабілетін нығайтуды, батылдыққа, табандылыққа тәрбиелеуді жалғастырамыз. **Ұйымдастырылған іс-әрекеті:** «Теңіз жағасында» – ойын түріндегі гимнастика: тиісті қалыпқа тұру. Негізгі қимылдарды орындау. «Аңшылар». Көлденең нысанаға дәлдеп лақтыру (шеңбер). Сиқырлы таяқшаның көмегімен балалар аңшыға айналады. Затты лақтыратын оң (сол) қол мен оң (сол) аяқты алға қойып, лақтыру күшін әртараптандыру қабілетіне назар аударады. Арқаға қапшық қойып еңбектеу (жолдың ұзындығы – 4 метр). «Жауынгерлер»: сиқырлы таяқшаның көмегімен балалар жауынгерге айналады	**Тақырыбы:** «Ойыншықтар» **Міндеттері:** Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар айтқызу. Бұрыннан таныс шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекеті:** Ғажайып қорапшадан құмда ойнайтын ойын құралдарын шығару. Балаларға оларды ату, содан соң санату салыстырту. Қандай қызмет атқаратынын айтып беруді үйрету. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Біз шыныққан баламыз» **Міндеттері:** жұптасып жүрген кезде үйлесімді қимылдау қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Аумағы шектелген аймақта қысқа-қысқа адымдар жасап аяқтың ұшымен жүру, денені тік ұстау қабілетін нығайту. Жалпақтабанның алдын алу. Допты жоғарыға лақтыру және оны қос қолдап қағып алуға жаттықтыру. Балалардың зейінін, үйлестіру қабілетін, кеңістікте бағдарлау қабілетін дамыту; жинақылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекеті:** Қимылдарды орындайтын алаңды дайындау – кегельдерді екі қатарға қойып шығады. Ойын түріндегі жаттығу: «Өз кегеліңді тап». Екі сап түзеп тұру. Кегельдерді пайдаланып, жалпы дамытатын жаттығуларды орындайды (Жаттығулардың орындалу техникасын көрсету, бірге орындау). Негізгі іс-қимылдарды ойын түрінде орындау.	**Тақырыбы:** «Табиғат әлемі» **Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде байланыстыра білуге үйрету. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге, мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақша көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, бұршақ, кемпірқосақ) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау.Ауа райы мен климаттық жағдайлардың

	Міндеттері: Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту. Шығармашылық қиялды дамыту.Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекеті:** «Гүлдер таласы» ертегісін оқып беру. Балаларға өз бетінше ертегі мазмұнын айтуды дағдыландыру. **(көркем әдебиет)** Дидактикалық ойын: « Гүлді ретімен орналастыр!» Ойынның шарты бойынша гүлді өсу ретімен орналастырады.	(қатарлардың арасындағы қашықтық – 4 метр). Нұсқау: арқадағы қапшық түсіп қалмас үшін арқаны бүкпей, түзу ұстау қажет. «Көзге көрінбейтін адамдар» (музыканың ырғағымен). Сиқырлы таяқша балаларды көзге көрінбейтін адамдарға айналдырады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Түсіріп алмай өткіз». Қорытынды кезең (Рефлексия). Ым-ишарамен кейіпкерлерді сомдайды («Буратино», «Чебурашка»). **Қазақ тілі** **Міндеттері:** Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.	Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша қорапшадан шығарылған заттарды салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша айырмашылығын табуға машықтандыру. **(математика негіздері)** Балаларды екі топқа бөлу. Бірінші топтағылар «Ойын» орталықта ойыншықтарды жуып күтім жасайды, ал екінші «Өнер» орталығында қағаздан кеме құрастырады. **(құрастыру, қоршаған ортамен танысу)** Кеме туралы өлең оқып беріп, түсінік беру. Суреттер көрсету арқылы кеме құрылысымен таныстыру. Балалардан кеме қайда тұрады, олардың адамдарға қандай пайдасы бар екенін сұрау арқылы кеме туралы білімдерін анықтау. Кемені көлік ретінде пайдаланатынымызды, оның пайдасы көп екенін айтып, білімдерін молайту. Кеменің пішіні қандай геометриялық фигураға ұқсайтынын сұрау. Кемені түрлі-түсті қағаздан әртүрлі геометриялық пішіндер қиып алып, жапсыру. Негізгі бетке толқынның бөліктерін - ашық және қанық көк түсті	Ойын «Жұбыңды тап»: сапта қарсы қарап тұрған баламен жұп құрау (өз қалауынша емес). Жұптасып жүру, адым қарқындарының бірдей болуын қадағалау. Ойын: «Сиқырлы жолмен жүр». Тепе-теңдік: еденде жатқан тақтай үстімен жүру. Тақтайлар залдың периметрін бойлай орналастырылған. Ойын: «Түрлі түсті моншақтар». Допты жоғары лақтыру және оны екі қолмен қағып алу. Нұсқау: допты саусақтардың арасын азырақ ашып ұстау және алға-жоғары лақтыру. Допты қағып алғаннан кейін сәл бүгілген қолдарын азырақ төмен түсіреді. Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойын: «Тыныштық». Балалардың қимылдарын қадағалау. **Сөйлеуді дамыту** **Міндеттері:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға,бейнелеген суреттер бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету, образды бейнелеу үшін мәнерлілік	өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ой қозғау: -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінен кейін жылдың қай мезгілі келеді? -Біз қай мемлекетте тұрамыз? ҚР Президенті кім? -Ауылымыз қалай аталады? -Қай балабақшаға келеміз? -Тобымыз қалай аталады? -Жәрайсыңдар,балалар бүгін ауа-райы тамаша екен ауыл маңындағы тоғайға серуенге барамыз ба? Топ серуенге шығу. (Тоғай ережесін түсіндіру) Серуенге барайық, Әсем әнге салайық, Оңға,солға көз салып, Табиғаттқа қарайық. 1 аялдама: «Тоғай» -Ой балалар айналаға қараңдаршы нелерді көріп тұрсыңдар? -Өзенде нелер жүр? -Қандай балықтар? -Балалар гүлдер солып қалыпты,қалай ойлайсыңдар оларға не керек? Балық,гүл сөздерін жекеше-көпше түрде айту. Ғажайып сәт: Гулдерге су бүрку арқылы олардың ашылғанын тамашалау. -Балалар гүлдер су ішіп жайқалып,көңілденіп

	(қоршаған ортамен танысу,математика негіздері) Топтағы гүлдерге күтім жасату, олардағы өзгерістерді байқату. Гүлдерге қарап сурет салуды немесе ермексаздан мүсінін жасауды ұсыну. **(мүсіндеу, сурет салу)** Гүлдерді адамдар басып кетпес үшін, оларға қоршау жасату **(құрастыру)** Қағаздарды симетриялы етіп қию арқылы гүлді қиып алуға жағдай жасап, жапсырту. **(жапсыру)**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеті:** Шаттық шеңберіне дөңгелене тұру. Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық достарым, Жарқыраған күнге! Интерактивті тақтада балабақша суреті көрсетіледі. -Жылдың төрт мезгілін ата? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Бір жылда неше ай бар? -Бір аптада неше күн бар? -Бүгін аптаның нешінші күні? -Қазір тәуліктің қай мезгілі? - Балалар қайда келді? -Тәуліктің қай мезгілінде балабақшаға келеміз? **(математика негіздері)** Тақтадағы суретке көңіл аударады. - Балалар қайда? - Топта не бар? Суреттер арқылы әңгіме жүргізу. - Мынау - есік. І - і - і - ік - ік - міне, есік. Мынау - еeік. - Мынау не? - Мынау - терезе, те - ре - зе. - Мынау - кілем, кі - лем. І - і - кі - кі - кі - лем. Әдемі кілем. Үлкен кілем. - Мынау - төсек. Ө - ө - өс - өс - төс - төс - төсек. Сергіту сәті өткізу. Отырамыз! Тұрамыз! Бір, екі, үш. Біз жинаймыз күш! (2 - 3 рет қайталату). «Дұрыс қайтала, көрсет» дидактикалық ойыны.	жолақтарды кезектестіре отырып суретін салу. **(жапсыру,сурет салу)** Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау. Ермексаздан «кеме» жасату. **(мүсіндеу)** **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.	құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, құрастыруға мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекеті:** Балалар, егер сендердің қолдарына құс ұшып келіп қонса, не істер едіңдер? -Балалар, кім біледі бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетінде не туралы әңгмелесетінімізді? -Бүгін біз құстар жайлы әңгімелесетін боламыз. Балаларды теледидар арқылы құстардың түрлерімен таныстырады. Балаларға үй құстары және дала құстары жайлы айтып түсіндіреді. **(қоршаған ортамен танысу)** 1-тапсырма: құстардың суреттері берілген. Үй құстарын үйдің суретінің қасына жапсырады, ал дала құстарының суреттерін	қалды,бізге рахмет айтып жатыр. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** Ойын: «Түрлі түсті көбелектер» Шарты: Гүлдердің түсіне сәйкес келетін көбелектерді орналастыру. **(жапсыру)** Тосын сый: Ағаштың түбінен кішкентай көжекті тауып алу. -Бұл не екен балалар? — Көжек қандай? (көжекке сипаттама жасау) 1 топ: Ойын: «Көжекке сәбіз берейік» Шарты: Үлкен-кіші сәбіздің суретін салу.**(сурет салу)** 2топ: Ойын: «Көжекке сәбіз берейік» Шарты: Ермексаздан сәбізді мүсіндеу. **(мүсіндеу)** Көжек: балалар сендер қандай ақылдысыңдар менде сендермен балабақшаға барғым келеді. -Балалар көжекті өзімізбен бақшаға алып кетеміз бе? Серуенге барайық, Әсем әнге салайық, Оңға,солға көз салып, Табиғатқа қарайық. 2 аялдама: «Балабақша» Жеке-жеке балаларға тапсырма. 1 топ: Пазл құрастыру қандай бейне шықты әңгімелеу ұсынылады.**(құрастыру)** 2-топ: «Пішіндердің үйін тап» геометриялық пішіндерді өз ұяшығына

		Шарты: Үлестірмелі қима суреттерді үлгіге қарап құрастыру. **(құрастыру)** «Біздің балабақшамыз» өлеңін оқып, мазмұнын түсіндіреді. Кейбір сөздерді балаларға бірнеше рет қайталатады. **(сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет)** Жұмыс дәптеріндегі кілемді (түскиізді) бояту.**(сурет салу)** Ойын: «Ою - өрнектің атын атап бер!» Шарты: Кілемшенің бетіне ою – өрнекті орналастыру. **(жапсыру)** Ойын: «Әдемі түскиіз» Шарты: Ермексаздан түскиізді мүсіндеу.**(мүсіндеу)**		ағаштар мен көлдің маңына жапсыру.**(жапсыру)** 2-тапсырма: орталықтармен жұмыс. 1- ші «Көркем әдебиет» орталығы- құс туралы өлең жаттау.**(көркем әдебиет)** 2-ші «Өнер» орталығы-геометриялық пішіндер арқылы құстарға ұя салу. **(математика негіздері,.сурет салу)** 3-ші «Танымдық» орталығы-қиылған бөлшектерден белгілі бір құстың суретін құрастыру.**(құрастыру)** Тіл ұстарту жаттығуларын біргше қайталау. «Ғай-ғай мынау отырған торғай», «Қарға қарға қарғалар,қар үстінде жорғалар» «Шұбар тауық» ертегісін сахналандырып көрсетейік.**(қазақ тілі)** Үй құстарының түрлерін ата? Дала құстарының түрлерін ата? Құстардың адамға қандай пайдасы бар?	орналастырады,атайды,неге ұқсайтынын табады.**(математика негіздері)** Сергіту сәті: «Ақ қоянмен көңілді» **(дене шынықтыру,музыка)**
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)				
